

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіпкерлік қызметті реттеуді жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2018 жылғы 24 мамырдағы № 156-VI ҚРЗ.

РҚАО-ның ескертпесі!

Осы Заңның қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз.

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (Жалпы бөлім) (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994 ж., № 23-24 (қосымша); 1995 ж., № 15-16, 109-құжат; № 20, 121-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., № 2, 187-құжат; № 14, 274-құжат; № 19, 370-құжат; 1997 ж., № 1-2, 8-құжат; № 5, 55-құжат; № 12, 183, 184-құжаттар; № 13-14, 195, 205-құжаттар; 1998 ж., № 2-3, 23-құжат; № 5-6, 50-құжат; № 11-12, 178-құжат; № 17-18, 224, 225-құжаттар; № 23, 429-құжат; 1999 ж., № 20, 727, 731-құжаттар; № 23, 916-құжат; 2000 ж., № 18, 336-құжат; № 22, 408-құжат; 2001 ж., № 1, 7-құжат; № 8, 52-құжат; № 17-18, 240-құжат; № 24, 338-құжат; 2002 ж., № 2, 17-құжат; № 10, 102-құжат; 2003 ж., № 1-2, 3-құжат; № 11, 56, 57, 66-құжаттар; № 15, 139-құжат; № 19-20, 146-құжат; 2004 ж., № 6, 42-құжат; № 10, 56-құжат; № 16, 91-құжат; № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 10, 31-құжат; № 14, 58-құжат; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 1, 4-құжат; № 3, 22-құжат; № 4, 24-құжат; № 8, 45-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 55-құжат; № 13, 85-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 3, 20, 21-құжаттар; № 4, 28-құжат; № 16, 131-құжат; № 18, 143-құжат; № 20, 153-құжат; 2008 ж., № 12, 52-құжат; № 13-14, 58-құжат; № 21, 97-құжат; № 23, 114, 115-құжаттар; 2009 ж., № 2-3, 7, 16, 18-құжаттар; № 8, 44-құжат; № 17, 81-құжат; № 19, 88-құжат; № 24, 125, 134-құжаттар; 2010 ж., № 1-2, 2-құжат; № 7, 28-құжат; № 15, 71-құжат; № 17-18, 112-құжат; 2011 ж., № 2, 21, 28-құжаттар; № 3, 32-құжат; № 4, 37-құжат; № 5, 43-құжат; № 6, 50-құжат; № 16, 129-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 13, 15-құжаттар; № 6, 43-құжат; № 8, 64-құжат; № 10, 77-құжат; № 11, 80-құжат; № 20, 121-құжат; № 21-22, 124-құжат; № 23-24, 125-құжат; 2013 ж., № 7, 36-құжат; № 10-11, 56-құжат; № 14, 72-құжат; № 15, 76-құжат; 2014 ж., № 4-5, 24-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 61, 63-құжаттар; № 14, 84-құжат; № 21, 122-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 7, 34-құжат; № 8, 42, 45-құжаттар; № 13, 68-құжат; № 15, 78-құжат; № 16, 79-құжат; № 20-I, 110-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 20-VII, 115-құжат; № 21-I, 128-құжат; № 22-I, 140, 143-құжаттар; № 22-V, 156-құжат; № 22-VI, 159-құжат; 2016 ж., № 7-II, 55-құжат; № 8-II, 70-құжат; № 12, 87-құжат; 2017 ж., № 4, 7-құжат; № 15, 55-құжат; № 22-III, 109-құжат; 2018 ж., № 1, 4-құжат):

1) 152-баптың 3-тармағының үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының заңдарында және (немесе) тараптардың бірінің талап етуі бойынша қосымша талаптар белгіленуі мүмкін, оларға мәміле нысаны, атап айтқанда белгілі бір нысандағы бланкіде жасау, егер заңды тұлғаның Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мөрі болуға тиіс болса, аталған тұлғаның мөрімен бекемдеу сәйкес келуге тиіс.";

2) 303-баптың 2-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Кепіл ұстаушының келісімімен кепіл нысанасы кепіл ұстаушының құлпы салынып, кепіл берушіде қалдырылуы мүмкін. Кепіл нысанасы кепіл туралы куәландырылатын белгілер салынып (анық кепіл), кепіл берушінің иелігінде қалдырылуы мүмкін.";

3) 307-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Кепіл туралы шартта кепіл нысанасы, кепілмен қамтамасыз етілетін міндеттеменің мәні, мөлшері немесе ең жоғары сомасы және орындалу мерзімі көрсетілуге тиіс. Егер кепіл нысанасы жылжымайтын мүлік болған жағдайда, кепіл туралы шартта оның бағасы көрсетілуге тиіс.

Кепілмен қамтамасыз етудің нақты сипаттамасы талап етілместен және кепіл нысанасы бағаланбастан, кепіл нысанасы болып табылатын жылжымалы мүліктің және (немесе) жылжымалы мүліктің жекелеген санаттарының (машина жабдығын және материалдық айналым құралдарының қорларын қоса алғанда) кепіл нысанасының жалпы сипаттамасы болуы мүмкін.

Кепіл туралы шартта кепілге салынған мүлік тараптардың қайсысында екендігі және оны пайдалануға болатындығы да көрсетілуге тиіс.

Кепіл нысанасын бағалау теңгемен көрсетіледі және егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, тараптардың келісімімен айқындалуы мүмкін. Шетелдік валютада міндеттемені қамтамасыз ететін кепіл нысанасын бағалау теңгемен және кепіл туралы шарт жасасылған күнгі валютаны айырбастаудың нарықтық бағамы бойынша міндеттеме валютасымен көрсетіледі.";

4) 309-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы үшінші және төртінші бөліктермен толықтырылсын:

"Егер кепіл нысанасы жылжымалы мүлік болған жағдайда, кепіл құқығы, егер шартта өзгеше көзделмесе, оны пайдалану нәтижесінде алынған бөлінетін жемістерге, өнімге және кірістерге (оның ішінде кейіннен сатып алынған активтер мен ауыстырылған активтерге) қолданылады.

Бұл ретте кепіл құқығы бөлінетін жемістерге, өнімге және кірістерге (оның ішінде кейіннен сатып алынған активтер мен ауыстырылған активтерге) талаптың нақты қанағаттандырылған кезіне кепілге салынған жылжымалы мүлікпен қамтамасыз етілмейтін көлемінде ғана қолданылады.";

5) 327-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Кепіл беруші айналымдағы тауарларды кепілге салу шарттарын бұзған кезде кепіл ұстаушы өзінің белгілерін кепілге салынған тауарларға қою арқылы шарттың бұзылуы жойылғанға дейін олармен операцияларды тоқтата тұруға құқылы."

2. 2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасының Жер кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 13, 99-құжат; 2005 ж., № 9, 26-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 22-құжат; № 11, 55-құжат; № 12, 79, 83-құжаттар; № 16, 97-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 18-құжат; № 14, 105-құжат; № 15, 106, 109-құжаттар; № 16, 129-құжат; № 17, 139-құжат; № 18, 143-құжат; № 20, 152-құжат; № 24, 180-құжат; 2008 ж., № 6-7, 27-құжат; № 15-16, 64-құжат; № 21, 95-құжат; № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 2-3, 18-құжат; № 13-14, 62-құжат; № 15-16, 76-құжат; № 17, 79-құжат; № 18, 84, 86-құжаттар; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 5, 43-құжат; № 6, 49, 50-құжаттар; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 13, 114-құжат; № 15, 120-құжат; 2012 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 9, 11-құжаттар; № 3, 27-құжат; № 4, 32-құжат; № 5, 35-құжат; № 8, 64-құжат; № 11, 80-құжат; № 14, 95-құжат; № 15, 97-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 1, 3-құжат; № 9, 51-құжат; № 14, 72, 75-құжаттар; № 15, 77, 79, 81-құжаттар; 2014 ж., № 2, 10-құжат; № 8, 44-құжат; № 11, 63, 64-құжаттар; № 12, 82-құжат; № 14, 84-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 118, 122-құжаттар; № 23, 143-құжат; № 24, 145-құжат; 2015 ж., № 8, 42-құжат; № 11, 57-құжат; № 19-I, 99, 101-құжаттар; № 19-II, 103-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 20-VII, 115, 117-құжаттар; № 21-I, 124, 126-құжаттар; № 22-II, 145-құжат; № 22-VI, 159-құжат; 2016 ж., № 6, 45-құжат; № 7-II, 53, 56-құжаттар; № 8-II, 72-құжат; № 10, 79-құжат; 2017 ж., № 3, 6-құжат; № 4, 7-құжат; № 12, 34-құжат; № 14, 51, 54-құжаттар; № 23-V, 113-құжат):

1) 9-баптың 8-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Жер учаскесі әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялардың жарғылық капиталының (меншігінің) төлеміне жер учаскесінің кадастрлық (бағалау) құны бойынша есептелетін бағамен берілуі мүмкін.

Бұл ретте жер учаскесін әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялардың меншігіне ресімдеу жарияланған акциялар шығарылымы мемлекеттік тіркелгеннен кейін жүзеге асырылады."

2) 12-бапта:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтерді, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға арналған техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерді және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтерін көрсету, "бір терезе" қағидаты бойынша мемлекеттік қызметтерді, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға арналған техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерді, квазимемлекеттік сектор

субъектілерінің қызметтерін көрсетуге өтініштер қабылдау және көрсетілетін қызметті алушыға олардың нәтижелерін беру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру, сондай-ақ электрондық нысанда мемлекеттік қызметтер көрсетуді қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған, орналасқан жері бойынша жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын заңды тұлға ;";

мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

"1-1) алып қою – жеке меншік иесінің немесе жер пайдаланушының жер учаскесіне меншік құқығын немесе жер пайдалану құқығын осы Кодексте және Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен және жағдайларда тоқтатуға бағытталған, мемлекеттік органдардың әрекеті;";

43-1) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 46) тармақшамен толықтырылсын:

"46) функционалдық аймақ – жер учаскелерін пайдаланудың бірыңғай режимі бар елді мекендердегі олардың нысаналы мақсатының тобын қамтитын шартты аймақ.";

3) 14-1 бапта:

1-тармақтың 16) тармақшасындағы "ақпарат ұсыну;" деген сөздер "ақпарат ұсыну жатады." деген сөздермен ауыстырылып, 17) тармақшасы алып тасталсын және 2-тармақтың 26) тармақшасындағы "ақпарат ұсыну;" деген сөздер "ақпарат ұсыну жатады ." деген сөздермен ауыстырылып, 27) тармақшасы алып тасталсын;

4-тармақ мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

"2-1) Мемлекеттік корпорацияға осы Кодекстің 94-бабы 2-тармағының үшінші бөлігіне сәйкес жер учаскесіне құқық ауыртпалығын белгілеуге және тоқтатуға нұсқама жіберу;";

4) 17-бап мынадай мазмұндағы 8-3) тармақшамен толықтырылсын:

"8-3) Мемлекеттік корпорацияға осы Кодекстің 94-бабы 2-тармағының үшінші бөлігіне сәйкес жер учаскесіне құқық ауыртпалығын белгілеуге және тоқтатуға нұсқама жіберу;";

5) 18-бап мынадай мазмұндағы 8-3) тармақшамен толықтырылсын:

"8-3) Мемлекеттік корпорацияға осы Кодекстің 94-бабы 2-тармағының үшінші бөлігіне сәйкес жер учаскесіне құқық ауыртпалығын белгілеуге және тоқтатуға нұсқама жіберу;";

6) 19-бап мынадай мазмұндағы 4-1) тармақшамен толықтырылсын:

"4-1) Мемлекеттік корпорацияға осы Кодекстің 94-бабы 2-тармағының үшінші бөлігіне сәйкес жер учаскесіне құқық ауыртпалығын белгілеуге және тоқтатуға нұсқама жіберу;";

7) 27-баптың 1-1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1-1) әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялардың жарғылық капиталының (меншігінің) төлеміне берілуі;";

8) 43-бапта:

мынадай мазмұндағы 6-1-тармақпен толықтырылсын:

"6-1. Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізуге арналған жер учаскелерін қоспағанда, жер учаскесіне құқық беруді сауда-саттықта (конкурстарда, аукциондарда) жүзеге асыру қажеттігі себебіне байланысты осындай құқық беруден бас тартылған жағдайда, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органы, аудандық маңызы бар қаланың, кенттің, ауылдың, ауылдық округтің әкімі сұралып отырған жер учаскесі бойынша сауда-саттықты (конкурсты, аукционды) жер учаскесіне құқық беруден бас тарту туралы шешім қабылданған күннен бастап күнтізбелік тоқсан күннен кешіктірмей өткізуге тиіс.";

9-тармақта:

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Жер учаскесіне құқықтар ауысқан кезде сәйкестендіру құжаты сатып алушыға немесе өзге де құқық иеленушіге беріледі. Жер учаскесінің сәйкестендіру сипаттамаларында өзгерістер болмаған жағдайда, мемлекеттік жер кадастрын жүргізетін Мемлекеттік корпорация жаңа сәйкестендіру құжатын бермейді, ал жер-кадастр кітабына және жердің бірыңғай мемлекеттік тізіліміне жер учаскесіне құқықтардың ауысуы туралы мәліметтер "Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген құқықтық кадастрдың мәліметтері негізінде енгізіледі.";

үшінші бөлік алып тасталсын;

9) 44-бап мынадай мазмұндағы 6-1-тармақпен толықтырылсын:

"6-1. Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізуге арналған жер учаскелерін қоспағанда, жер учаскесіне құқық беруді сауда-саттықта (конкурстарда, аукциондарда) жүзеге асыру қажеттігі себебіне байланысты осындай құқық беруден бас тартылған жағдайда, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органы, аудандық маңызы бар қаланың, кенттің, ауылдың, ауылдық округтің әкімі сұралып отырған жер учаскесі бойынша сауда-саттықты (конкурсты, аукционды) жер учаскесіне құқық беруден бас тарту туралы шешім қабылданған күннен бастап күнтізбелік тоқсан күннен кешіктірмей өткізуге тиіс.";

10) 44-1-бапта:

1-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Елді мекен шегінде объект салу үшін мемлекеттік меншіктегі жер учаскесі сұралған кезде жер учаскесін беру осы Кодекстің 48-бабында белгіленген ережелер ескеріле отырып, мынадай ретпен жүргізіледі:";

мынадай мазмұндағы 4-1-тармақпен толықтырылсын:

"4-1. Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізуге арналған жер учаскелерін қоспағанда, жер учаскесіне құқық беруді сауда-саттықта (конкурстарда, аукциондарда) жүзеге асыру қажеттігі себебіне байланысты осындай құқық беруден бас тартылған жағдайда, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органы, аудандық маңызы бар қаланың, кенттің, ауылдың, ауылдық округтің әкімі сұралып отырған жер учаскесі бойынша сауда-саттықты (конкурсты, аукционды) жер учаскесіне құқық беруден бас тарту туралы шешім қабылданған күннен бастап күнтізбелік тоқсан күннен кешіктірмей өткізуге тиіс.";

8-тармақта:

төртінші бөліктің екінші сөйлемі "мәліметтер" деген сөзден кейін "Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген құқықтық кадастрдың мәліметтері негізінде" деген сөздермен толықтырылсын;

сегізінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Өтініш беруші жер учаскесіне құқықты растайтын құжаттарды алғаннан кейін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеуге өтініш береді.";

11) 45-бап мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізуге арналған жер учаскелерін қоспағанда, жер учаскесіне құқық беруді сауда-саттықта (конкурстарда, аукциондарда) жүзеге асыру қажеттігі себебіне байланысты осындай құқық беруден бас тартылған жағдайда, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органы, аудандық маңызы бар қаланың, кенттің, ауылдың, ауылдық округтің әкімі сұралып отырған жер учаскесі бойынша сауда-саттықты (конкурсты, аукционды) жер учаскесіне құқық беруден бас тарту туралы шешім қабылданған күннен бастап күнтізбелік тоқсан күннен кешіктірмей өткізуге тиіс.";

12) 48-бапта:

1-тармақтың бірінші бөлігінің 18) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"18) инвестициялық және инновациялық жобаларды іске асыру үшін әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияларға;"

мынадай мазмұндағы 6-1-тармақпен толықтырылсын:

"6-1. Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізуге арналған жер учаскелерін қоспағанда, жер учаскесіне құқық беруді сауда-саттықта (конкурстарда, аукциондарда) жүзеге асыру қажеттігі себебіне байланысты осындай құқық беруден бас тартылған жағдайда, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органы, аудандық маңызы бар қаланың, кенттің, ауылдың, ауылдық округтің әкімі

сұралып отырған жер учаскесі бойынша сауда-саттықты (конкурсты, аукционды) жер учаскесіне құқық беруден бас тарту туралы шешім қабылданған күннен бастап күнтізбелік тоқсан күннен кешіктірмей өткізуге тиіс.";

13) 53-баптың 6-тармағының үшінші сөйлеміндегі "жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын органда тіркелуге тиіс" деген сөздер "Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркелуге жатады" деген сөздермен ауыстырылсын;

14) 63-баптың 2-тармағындағы "жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын органда тіркеледі" деген сөздер "Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркелуге жатады" деген сөздермен ауыстырылсын;

15) 65-баптың 1-тармағының 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) жерді оның нысаналы мақсатына немесе елді мекендердегі жерлерде функционалдық аймаққа сәйкес, уақытша жер пайдалану кезінде – оның ішінде, жалдау шартына (уақытша өтеусіз жер пайдалану шартына) сәйкес пайдалануға;"

16) 79-баптың 11-тармағындағы "жылжымайтын мүлікке құқықты тіркейтін органдарда" деген сөздер "Мемлекеттік корпорацияда" деген сөздермен ауыстырылсын ;

17) 84-баптың 5-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Коммерциялық мақсаттарды және мемлекеттік емес мүдделерді қанағаттандыру мақсаттарын көздейтін кез келген иеліктен шығару не мемлекеттік функцияларды жүзеге асыру мақсаттарынан туындамайтын және қоғамдық маңызы бар мақсаттарды көздемейтін өзге де иеліктен шығару жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару болып танылмауға тиіс.";

18) 85-баптың 3-тармағындағы "жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын органда" деген сөздер алып тасталсын;

19) 109-баптың 1-тармағында:

үшінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Елді мекендерде орналасқан жер учаскелерінің нысаналы мақсаты осы Кодекстің 107-бабының 3-тармағында көзделген функционалдық аймақтарға сәйкес белгіленеді және жергілікті атқарушы органдардың жер учаскесіне құқық беру туралы шешімдерінде және сәйкестендіру құжаттарында көрсетіледі.";

мынадай мазмұндағы бесінші және алтыншы бөліктермен толықтырылсын:

"Жергілікті атқарушы органдардың жер учаскесіне құқық беру туралы шешімдерінің және функционалдық аймақтар көрсетілмеген, жер учаскелеріне берілетін сәйкестендіру құжаттарының заңдық күші болады.

Сәйкестендіру құжатын функционалдық аймақ көрсетілген құжатқа ауыстыру құқық иеленушінің өтініші бойынша жүзеге асырылады.";

20) 145-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Жердің пайдаланылуы мен қорғалуын мемлекеттік бақылау Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес тексеру және профилактикалық бақылау нысанында жүзеге асырылады.

Мемлекеттік бақылау жерге түгендеу жүргізу, зерттеп-қарау, жерді пайдалануға байланысты схемалар мен жобаларды әзірлеу, жердің мемлекеттік кадастрларын және мониторингін жүргізу кезінде де жүзеге асырылады.";

21) 147-бапта:

1-тармақтың 2) тармақшасындағы "жүргізілуіне мемлекеттік бақылауды ұйымдастырады және жүргізеді." деген сөздер "жүргізілуіне;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 3) және 4) тармақшалармен толықтырылсын:

"3) жер учаскесін алған адамдардың тізімі бар ақпараттың уақтылы орналастырылуына;

4) сауда-саттықтың (конкурстардың, аукциондардың) уақтылы өткізілуіне мемлекеттік бақылауды ұйымдастырады және жүргізеді.";

2-тармақтың 13) тармақшасындағы "жүзеге асырылуына мемлекеттік бақылауды ұйымдастырады және жүргізеді." деген сөздер "жүзеге асырылуына;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 14) және 15) тармақшалармен толықтырылсын:

"14) жер учаскесін алған адамдардың тізімі бар ақпараттың уақтылы орналастырылуына;

15) сауда-саттықтың (конкурстардың, аукциондардың) уақтылы өткізілуіне мемлекеттік бақылауды ұйымдастырады және жүргізеді.";

22) 164-1-баптың 2-тармағының бесінші бөлігіндегі "жылжымайтын мүлікке құқықты мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын органға" деген сөздер "Мемлекеттік корпорацияға" деген сөздермен ауыстырылсын.

3. 2003 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасының Орман кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 16, 140-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 16, 97-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 18-құжат; № 3, 20-құжат; 2008 ж., № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 2, 14-құжат; № 3, 27-құжат; № 14, 92, 95-құжаттар; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; № 14, 75-құжат; 2014 ж., № 7, 37-құжат; № 10, 52-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; 2015 ж., № 20-IV, 113-құжат; 2016 ж., № 6, 45-құжат; № 7-II, 56-құжат; 2017 ж., № 3, 6-құжат; № 12, 34-құжат):

1) мазмұнында:

2-бөлімнің, 4-тараудың және 19-баптың тақырыптары мынадай редакцияда жазылсын:

"2-бөлім. Орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру мен орман өсіру саласындағы мемлекеттік басқару, бақылау";

"4-тарау. Орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру мен орман өсіру саласындағы мемлекеттік бақылау

19-бап. Орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру мен орман өсіру саласындағы мемлекеттік бақылау";

2) 3-баптың 6) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"6) орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру мен орман өсіру саласындағы мемлекеттік реттеу, бақылау";

3) 4-бапта:

41) тармақша алып тасталсын;

58) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"58) орман шаруашылығы саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру мен орман өсіру саласында басқару, бақылау функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік орган";

4) 2-бөлімнің тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"2-бөлім. Орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру мен орман өсіру саласындағы мемлекеттік басқару, бақылау";

5) 13-бапта:

1-тармақта:

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"5) орман қорының жай-күйіне, күзетілуіне, қорғалуына, пайдаланылуына, ормандардың молықтырылуы мен орман өсіруге мемлекеттік бақылауды тексерулер арқылы жүзеге асырады";

18-37) тармақша алып тасталсын;

2-тармақта:

6) тармақша алып тасталсын;

9) тармақшаның он бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"құрылыс жұмыстары, пайдалы қазбалар өндіру, коммуникациялар тарту және орман шаруашылығын жүргізумен және орман пайдаланумен байланысты емес өзге де жұмыстарды орындау кезінде мемлекеттік орман қорын пайдалану тәртібінің сақталуына мемлекеттік бақылауды тексерулер арқылы жүзеге асырады";

11) тармақша алып тасталсын;

6) 15-баптың 15-1) тармақшасы алып тасталсын;

7) 4-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"4-тарау. Орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру мен орман өсіру саласындағы мемлекеттік бақылау";

8) 19-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"19-бап. Орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру мен орман өсіру саласындағы мемлекеттік бақылау

1. Орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру мен орман өсіру саласындағы мемлекеттік бақылау барлық жеке және заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген орман қорын пайдалану тәртібін, орман шаруашылығын жүргізу, оның ішінде ормандарды күзету, қорғау, молықтыру және орман өсіру, оларды есепке алу қағидаларын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының орман заңнамасында, Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы заңнамасында көзделген өзге де қағидалар мен нормаларды сақтауы мақсатында жүзеге асырылады.

2. Орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру және орман өсіру саласындағы мемлекеттік бақылауды уәкілетті органның ведомствосы мен оның аумақтық бөлімшелері, өзге де мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өздерінің құзыреті шегінде жүзеге асырады.

3. Орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру мен орман өсіру саласындағы мемлекеттік бақылау тексерулер және байқаулар арқылы жүзеге асырылады.

Тексеру және бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес жүзеге асырылады. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау осы Кодекске сәйкес жүзеге асырылады.";

9) 20-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік орман инспекциясы орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру мен орман өсіру, жануарлар дүниесі және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласында мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті органның ведомствосы мен оның аумақтық бөлімшелерінің лауазымды адамдарынан тұрады.";

10) 21-баптың 2-тармағының 10) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"10) Қазақстан Республикасының орман заңнамасының, Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы заңнамасының өзге де талаптарының орындалуын бақылауды жүзеге асыруға міндетті.".

4. 2003 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Су кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 17, 141-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 22-құжат; № 15, 95-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 18-құжат; № 19, 147-құжат; № 24, 180-құжат; 2008 ж., № 6-7, 27-құжат; № 23, 114-құжат; № 24, 129-құжат; 2009 ж., № 2-3, 15-құжат; № 15-16, 76-құжат; № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 1-2, 5-құжат; № 5, 23-құжат; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 7-құжаттар; № 5, 43-құжат; № 6, 50-құжат; № 11, 102-құжат; № 16, 129-құжат; 2012 ж., № 3, 27-құжат; № 14, 92-құжат; № 15, 97-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; №

14, 72, 75-құжаттар; № 15, 79, 82-құжаттар; № 16, 83-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 10-құжат; № 7, 37-құжат; № 10, 52-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 122-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 11, 57-құжат; № 19-II, 103-құжат; № 20-IV, 113-құжат; 2016 ж., № 6, 45-құжат; № 7-II, 56-құжат; № 8-II, 72-құжат; 2017 ж., № 3, 6-құжат; № 12, 34-құжат; № 14, 51, 54-құжаттар; № 23-V, 113-құжат):

1) 48-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы мемлекеттік бақылау Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес тексеру және профилактикалық бақылау нысанында жүзеге асырылады.";

2) 49-баптың 3-тармағының бірінші бөлігінде:

3) және 5) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"3) су тұтыну және су бұру лимиттерінің сақталуын;"

"5) су объектілерінен алынатын және оларға ағызылатын су мөлшерінің бастапқы есебін жүргізудің дұрыстығын, суды тұтыну мен ағызуды есепке алуға арналған жабдықтар мен аппаратуралардың болуын, жарамды жай-күйін және мемлекеттік аттестаттау мерзімдерінің сақталуын, су пайдаланушылардың белгіленген есептілік мерзімдерін сақтауын;"

8) тармақша алып тасталсын;

10) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"10) су объектілерін өз бетімен пайдалануға жол берілмеуін бақылауды жүзеге асырады.";

11) тармақша алып тасталсын.

5. 2007 жылғы 9 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 1, 1-құжат; № 20, 152-құжат; 2008 ж., № 21, 97-құжат; № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 11-12, 55-құжат; № 18, 84-құжат; № 23, 100-құжат; 2010 ж., № 1-2, 5-құжат; № 5, 23-құжат; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 3, 7-құжаттар; № 5, 43-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 16, 129-құжат; № 21, 161-құжат; 2012 ж., № 3, 27-құжат; № 8, 64-құжат; № 14, 92, 95-құжаттар; № 15, 97-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; № 12, 57-құжат; № 14, 72, 75-құжаттар; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 10-құжат; № 7, 37-құжат; № 10, 52-құжат; № 12, 82-құжат; № 14, 84-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 122-құжат; № 23, 143-құжат; № 24, 145-құжат; 2015 ж., № 8, 42-құжат; № 11, 57-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 20-VII, 115-құжат; № 22-I, 141-құжат; № 22-II, 144-құжат; № 22-V, 156-құжат; 2016 ж., № 1, 2-құжат; № 6, 45-құжат; № 7-II, 56, 57-құжаттар; № 8-II, 71, 72-құжаттар; № 24, 124-құжат; 2017 ж., № 4, 7-құжат; № 7, 14-құжат; № 9, 17-құжат; № 12, 34-құжат; № 23-III, 111-құжат; № 23-V, 113-құжат):

1) мазмұнында:

мынадай мазмұндағы 49-1-баптың тақырыбымен толықтырылсын:

"49-1-бап. II, III және IV санаттардағы объектілер үшін жобалардың ведомстводан тыс кешенді сараптамасы құрамында құрылыс жобаларының экологиялық сараптамасын жүргізу тәртібі";

74-баптың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"74-бап. Қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсатты қарау және беру мерзімдері";

13-тараудың, 119 және 125-баптардың тақырыптары мынадай редакцияда жазылсын

:

"13-тарау. Мемлекеттік экологиялық бақылау нысандары

119-бап. Мемлекеттік экологиялық бақылау нысандары";

"125-бап. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау жүргізу тәртібі";

мынадай мазмұндағы 126-1 және 126-2-баптардың тақырыптарымен толықтырылсын:

"126-1-бап. Апелляциялық комиссияның шағымды қарау тәртібі

126-2-бап. Апелляциялық комиссияның шағымды қарауы кезінде ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз ету";

127-баптың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"127-бап. Мемлекеттік экологиялық бақылауды жүргізу кезінде ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз ету";

2) 1-бап мынадай мазмұндағы 45-1) тармақшамен толықтырылсын:

"45-1) қоршаған ортаға эмиссиялар мониторингінің автоматтандырылған жүйесі – нақты уақыт режимінде деректерді беру үшін қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның ақпараттық жүйесімен онлайн-байланысы бар, ластану көздерінде қоршаған ортаға эмиссияларды өндірістік экологиялық бақылау жүйесі";

3) 17-бапта:

12) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"12) осы бапта және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасында белгіленген өз құзыреті шегінде мемлекеттік экологиялық сараптаманы жүргізеді, сондай-ақ Қазақстан Республикасында экологиялық сараптама жүргізу жөніндегі қызметті үйлестіреді және оған әдістемелік басшылықты жүзеге асырады";

мынадай мазмұндағы 12-1) тармақшамен толықтырылсын:

"12-1) Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен құрылыс жобаларының ведомстводан тыс кешенді сараптамасы немесе қала құрылысы жобаларының кешенді қала құрылысы сараптамасы құрамында I санаттағы объектілер бойынша жобаларға мемлекеттік экологиялық сараптаманы жүргізеді";

30) тармақшаның төртінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"өндірістік экологиялық бақылау жүргізу кезінде қоршаған ортаға эмиссиялардың автоматтандырылған мониторингін жүргізу тәртібін және өндірістік экологиялық бақылау нәтижелері бойынша есептілікке қойылатын талаптарды";

мынадай мазмұндағы 38-9) және 38-10) тармақшалармен толықтырылсын:

"38-9) апелляциялық комиссияны құрады;

38-10) апелляциялық комиссияның регламентін, ережесін және құрамын бекітеді";

4) 34-баптың 1-тармағының 2) тармақшасындағы "инспекторлық тексеру жүргізу" деген сөздер "мемлекеттік экологиялық бақылау" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 35-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"35-бап. Қоршаған ортаға әсерді бағалау

Қоршаған ортаға әсерді бағалау көзделіп отырған шаруашылық және өзге де қызметтің қоршаған орта мен адам денсаулығына ықтимал салдары бағаланатын, Қазақстан Республикасы экологиялық заңнамасының талаптары ескеріле отырып, қолайсыз зардаптарды (табиғи экологиялық жүйелер мен табиғи ресурстардың жойылуын, жұтаңдануын, бүлінуін және сарқылуын) болғызбау, қоршаған ортаны сауықтыру жөніндегі шаралар әзірленетін рәсім болып табылады.";

6) 47-баптың 2-тармағы алып тасталсын;

7) 48-бапта:

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Шаруашылық қызметтің I санаттағы объектілерін салу мен пайдалану жобалары (техникалық-экономикалық негіздемелер және жобалау-сметалық құжаттама) бойынша мемлекеттік экологиялық сараптаманы қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган жүзеге асырады.";

мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

"5. Осы баптың 4-тармағының талаптары құрылысы жұмыс істеп тұрған I санаттағы объектілердің аумағында жоспарланып отырған II, III және IV санаттардағы объектілерді салу мен пайдалану жобаларына (техникалық-экономикалық негіздемелерге және жобалау-сметалық құжаттамаға) қолданылмайды.";

8) 49-бапта:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Осы баптың 3-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, осы Кодекстің 47-бабының 1-тармағында көрсетілген объектілер бойынша мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізу тәртібін қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган айқындайды.

Осы Кодекстің 47-бабы 1-тармағының 1), 3) және 10) тармақшаларында көрсетілген объектілерге мемлекеттік экологиялық сараптама қорытындысы қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсатпен бір мезгілде беріледі.";

мынадай мазмұндағы 3 және 4-тармақтармен толықтырылсын:

"3. Шаруашылық қызметтің I санаттағы объектілерін салу мен пайдалану жобалары (техникалық-экономикалық негіздемелер және жобалау-сметалық құжаттама) бойынша мемлекеттік экологиялық сараптама Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен құрылыс жобаларының ведомстводан тыс кешенді сараптамасы құрамында жүргізіледі. Мемлекеттік экологиялық сараптама қорытындысы қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсатпен бір мезгілде беріледі.

4. Құрылыс жобаларының ведомстводан тыс кешенді сараптамасының теріс қорытындысы берілген жағдайда қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсат берілмейді.";

9) мынадай мазмұндағы 49-1-баппен толықтырылсын:

"49-1-бап. II, III және IV санаттардағы объектілер үшін жобалардың ведомстводан тыс кешенді сараптамасы құрамында құрылыс жобаларының экологиялық сараптамасын жүргізу тәртібі

1. II, III және IV санаттардағы объектілерді салу жобалары (техникалық-экономикалық негіздемелер және жобалау-сметалық құжаттама) бойынша жобалардың экологиялық сараптамасын Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен аттестатталған сарапшылар жүргізеді.

Жобалардың экологиялық сараптамасы құрылыс жобаларының ведомстводан тыс кешенді сараптамасының бір бөлігі болып табылады.

2. Құрылыс жобаларының ведомстводан тыс кешенді сараптамасының қорытындысында табиғат пайдаланушылардың құрылыс, шаруашылық қызметі кезеңіне арналған эмиссиялардың нормативтері қамтылады.

3. II, III және IV санаттардағы объектілерді салу жобаларының (техникалық-экономикалық негіздемелердің және жобалау-сметалық құжаттаманың) ведомстводан тыс кешенді сараптамасын жүргізу кезеңінде эмиссиялардың нормативтерін қамтитын ведомстводан тыс кешенді сараптама бөлімі табиғат пайдаланушылардың және қоршаған ортаны ластау көздерінің мемлекеттік тізілімінде есепке алу үшін қоршаған ортаны қорғау саласындағы жергілікті атқарушы органдарға жіберіледі.

4. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы жергілікті атқарушы органдар Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамасында белгіленген мерзімдерде және тәртіппен қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсатты ведомстводан тыс кешенді сараптама органдарына жібереді.

5. Жобалардың ведомстводан тыс кешенді сараптамасының теріс қорытындысы берілген жағдайда қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсат берілмейді. Қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсаттарды қайтадан алу ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізуге қайтадан ұсынылған жобалар үшін белгіленген тәртіппен жүргізіледі.";

10) 50-бапта:

1 және 3-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Мемлекеттік экологиялық сараптама осы Кодекстің 49-бабының 1-тармағында көрсетілген тұлғалар мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізу тәртібінде айқындалған құжаттар топтамасын ұсынған кезден бастап:

I санаттағы объектілер үшін қырық бес жұмыс күні;

II санаттағы объектілер үшін отыз жұмыс күні;

III және IV санаттардағы объектілер үшін он бес жұмыс күні ішінде жүргізіледі.";

"3. Мемлекеттік экологиялық сараптамаға ұсынылатын жобалар мен оларға қоса берілетін материалдар бойынша ескертулер болған кезде сарапшылар оларды ұсынған тұлғаға мұндай ескертулерді:

I санаттағы объектілер бойынша – жиырма бес жұмыс күні ішінде жібереді, оларды тапсырыс беруші ескертулер берілген күннен бастап он жұмыс күні ішінде жояды;

II санаттағы объектілер бойынша – он бес жұмыс күні ішінде жібереді, оларды тапсырыс беруші ескертулер берілген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде жояды;

III және IV санаттардағы объектілер бойынша – жеті жұмыс күні ішінде жібереді, оларды тапсырыс беруші ескертулер берілген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде жояды.

Ескертулер жойылмаған жағдайда, осы баптың 1-тармағында айқындалған мерзімдерде мемлекеттік экологиялық сараптаманың теріс қорытындысы беріледі.

Бұрын жіберілген ескертулер жойылған жағдайда мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысы беріледі.";

мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

"4. Құрылыс жобаларының ведомстводан тыс кешенді сараптамасы немесе қала құрылысы жобаларының кешенді қала құрылысы сараптамасы құрамындағы жобалар бойынша жүргізілетін мемлекеттік экологиялық сараптама Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамасында айқындалатын тәртіппен және мерзімдерде жүргізіледі.";

11) 51-баптың 3-тармағы алып тасталсын;

12) 69-бапта:

1-тармақ мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсат табиғат пайдаланушыға осы баптың 2-1-тармағында айқындалған тәртіппен не мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысымен бір мезгілде беріледі.";

мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. Мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысы немесе ведомстводан тыс кешенді сараптаманың қорытындысы болған кезде қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсат осы Кодекстің 72, 74, 75-баптарында және 77-бабының 1-тармағында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде беріледі.";

13) 71-бап мынадай мазмұндағы 3-1-тармақпен толықтырылсын:

"3-1. I санаттағы объектілердің аумағында орналасқан II, III және IV санаттардағы объектілерге қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсатты қоршаған ортаны қорғау саласындағы жергілікті атқарушы орган береді.";

14) 73-бапта:

1-тармақтағы "арнаулы" деген сөз алып тасталсын;

2-тармақтағы "пайдаланудың белгілі бір" деген сөздер "пайдалану;" деген сөзбен ауыстырылсын;

15) 74-бапта:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"74-бап. Қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсатты қарау және беру мерзімдері";

1-тармақ алып тасталсын;

4-тармақ "рұқсат" деген сөзден кейін "немесе уәжді бас тарту" деген сөздермен толықтырылсын;

16) 75-баптың 1-тармағының 2) тармақшасы "сәйкес келген және" деген сөздерден кейін "I санаттағы объектілер үшін" деген сөздермен толықтырылсын;

17) 78-баптың 1-тармағындағы "бір ай мерзімде" деген сөздер "бес жұмыс күні ішінде" деген сөздермен ауыстырылсын;

18) 99-баптың 2-тармағы алып тасталсын;

19) 101-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"II, III және IV санаттардағы объектілерді салу мен пайдалану жобаларын (техникалық-экономикалық негіздемелерді және жобалау-сметалық құжаттаманы) іске асырудан қоршаған ортаға эмиссияларға төлемақы қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсаттың негізінде, табиғат пайдаланушы жобаларының ведомстводан тыс кешенді сараптамасының қорытындысында айқындалған эмиссиялар нормативтерінің шегінде жүзеге асырылады және Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген тәртіппен алынады.";

20) 114-бапта:

5), 6), 7), 8), 17), 22) және 24) тармақшалар алып тасталсын;

27) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"27) ластаушы заттар шығарындыларының, төгінділерінің стационарлық көздері бар және өндіріс пен тұтыну қалдықтарын орналастыратын объектілерге қойылатын экологиялық талаптардың сақталуына;"

28), 35) және 37) тармақшалар алып тасталсын;

21) 115-бапта:

1-тармақ мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

"2-1) Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне және осы Кодекске сәйкес профилактикалық бақылауды ұйымдастыру және жүргізу;"

2-тармақта:

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"4) тексерулер мен профилактикалық бақылау жүргізуді;"

5) тармақша алып тасталсын;

22) 118-баптың 5) тармақшасындағы "инспекторлық ақпарат" деген сөздер " мемлекеттік экологиялық бақылау нәтижелері бойынша алынған ақпарат" деген сөздермен ауыстырылсын;

23) 13-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"13-тарау. Мемлекеттік экологиялық бақылау нысандары";

24) 119 және 125-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"119-бап. Мемлекеттік экологиялық бақылау нысандары

1. Мемлекеттік экологиялық бақылау Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес тексеру және бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау нысанында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне және осы Кодекске сәйкес бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нысанында жүзеге асырылады.

2. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау қоршаған ортаға эмиссиялар мониторингінің автоматтандырылған жүйесін ендірген табиғат пайдаланушылардың объектілерінде жүргізілмейді.";

"125-бап. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау жүргізу тәртібі

1. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылауды қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган қоршаған ортаға эмиссиялар мониторингінің автоматтандырылған жүйесін ендірген табиғат пайдаланушыларға қатысты қоршаған ортаға эмиссиялар мониторингінің автоматтандырылған жүйесінен алынған деректерді талдау жолымен жүргізеді.

2. Бұзушылықтардың уақтылы жолын кесу және оларға жол бермеу, бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылаудың нәтижелері бойынша қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган анықтаған бұзушылықтарды өз бетінше жою құқығын бақылау субъектілеріне беру және оларға әкімшілік жүктемені азайту бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылаудың мақсаттары болып табылады.

3. Бақылау субъектісінің әрекеттерінде (әрекетсіздігінде) оған бармай профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша бұзушылықтар анықталған жағдайда, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның мемлекеттік экологиялық бақылауды жүзеге асыратын лауазымды адамдары бұзушылықтар анықталған күннен бастап он жұмыс күні ішінде ақпараттық хатты ресімдейді және бақылау субъектісіне жібереді.

4. Ақпараттық хат жөнелту және алу фактілерін растайтын тәсілмен бақылау субъектісіне табыс етілуге тиіс.

Төменде санамаланған тәсілдердің бірімен жіберілген ақпараттық хат мынадай жағдайларда:

- 1) қолма-қол – ақпараттық хатта алғаны туралы белгі қойылған күннен бастап;
- 2) курьерлік не пошта қызметімен;
- 3) электрондық тәсілмен – қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган сұрау салған кезде бақылау субъектісінің хатта көрсетілген электрондық мекенжайына жөнелтілген күннен бастап табыс етілген болып саналады.

5. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы ақпараттық хатты алған бақылау субъектісі, ол табыс етілген күннен кейінгі күннен бастап он жұмыс күні ішінде қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға анықталған бұзушылықтарды жою жөніндегі іс-шаралар жоспарын оларды жоюдың нақты мерзімдерін көрсете отырып ұсынуға міндетті.

Ақпараттық хатта көрсетілген бұзушылықтармен келіспеген жағдайда, бақылау субъектісі ақпараттық хатты жіберген қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға ақпараттық хат табыс етілген күннен кейінгі күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қарсылық жіберуге құқылы.

6. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды белгіленген мерзімде жоймау, сол сияқты бұзушылықтарды жою жөніндегі іс-шаралар жоспарын мерзімінде ұсынбау бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізудің жарты жылдық тізіміне енгізу жолымен бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау тағайындауға алып келеді.

7. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау тоқсанына бір реттен жиілетпей жүргізіледі.";

25) мынадай мазмұндағы 126-1 және 126-2-баптармен толықтырылсын:

"126-1-бап. Апелляциялық комиссияның шағымды қарау тәртібі

1. Табиғат пайдаланушы апелляциялық комиссияға тексеру нәтижелері туралы актіге шағымды қарауы туралы өтінішхатты мәлімдеуге құқылы.

Апелляциялық комиссияның құрамына қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның, Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының өкілдері міндетті түрде кіреді.

2. Шағымды апелляциялық комиссия қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның тексерулер нәтижелері туралы актісіне шағым жасалатын мәселелер шегінде қарайды.

3. Тексеру нәтижелері туралы актіге шағым Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен және мерзімдерде жазбаша нысанда беріледі.

4. Апелляциялық комиссияның шешімі ұсынымдық сипатта болады.

5. Апелляциялық комиссия жыл сайын тексерулер нәтижелері туралы актілерге шағымдарды қарау нәтижелерін қорытуды жүргізеді және Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіру жөніндегі ұсынымдарды тұжырымдайды.

6. Табиғат пайдаланушының Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен сотқа жүгінуі сот шешім шығарғанға дейін апелляциялық комиссияның тексеру нәтижелері туралы актіге шағымды қарауын тоқтата тұрады.

126-2-бап. Апелляциялық комиссияның шағымды қарауы кезінде ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз ету

Коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтер, сондай-ақ құпия ақпарат апелляциялық комиссияның мүшелеріне қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган жүргізген тексерулер нәтижелері туралы актілерге шағымды қарау кезінде шағым берген адамның жазбаша рұқсатын алмастан, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган айқындаған тәртіппен ұсынылады.

Жоғарыда көрсетілген мәліметтер апелляциялық комиссия мүшелерінің жария етуіне жатпайды.";

26) 127-бапта:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"127-бап. Мемлекеттік экологиялық бақылауды жүргізу кезінде ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз ету";

2-тармақтағы "экологиялық тексеру барысында" деген сөздер "мемлекеттік экологиялық бақылау нәтижелері бойынша" деген сөздермен ауыстырылсын;

27) 130-баптың 1-тармағының 4) тармақшасындағы "жүргізуге құқығы бар." деген сөздер "жүргізуге;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын:

"5) өндірістік экологиялық бақылау жүргізу кезінде қоршаған ортаға эмиссиялардың автоматтандырылған мониторингін жүргізу тәртібіне және өндірістік экологиялық бақылау нәтижелері жөніндегі есептілікке қойылатын талаптарға сәйкес ластану көздерінде қоршаған ортаға эмиссиялар мониторингінің автоматтандырылған жүйесін орнатуға құқығы бар.";

28) 132-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Эмиссиялардың санын, сапасын және олардағы өзгерістерді байқау не қоршаған ортаға эмиссиялар мониторингінің автоматтандырылған жүйесі арқылы байқау қоршаған ортаға эмиссиялар мониторингі болып табылады.";

29) 159-баптың 1-тармағының 6) тармақшасындағы "ол бойынша шешім қабылдау процесі және инспекторлық экологиялық тексерулер нәтижелері," деген сөздер алып тасталсын;

30) 161-баптың 4-тармағының 12) тармақшасындағы "бақылау-инспекциялық" деген сөздер "бақылау" деген сөзбен ауыстырылсын;

31) 197-баптың 3-тармағы алып тасталсын;

32) 199-баптың 3-тармағының 2) тармақшасындағы "есептілікті беру;" деген сөздер "есептілікті беру үшін жауаптылықта болады." деген сөздермен ауыстырылып, 3) тармақшасы алып тасталсын;

33) 222-баптың 7-тармағы алып тасталсын;

34) 257-баптың 2-тармағы 1) тармақшасының екінші сөйлеміндегі "және бақылау-инспекциялық қызметке" деген сөздер алып тасталсын;

35) 285-2-бапта:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері операторы осы Кодекстің талаптарына сәйкес өндірушілерден және импорттаушылардан өзінің банктік шотына кәдеге жарату төлемі түрінде келіп түскен ақшаны:";

8) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"8) қалдықтарды жинаудың және қайталама шикізат ретінде пайдаланудың жаңа технологияларын ендіруге, тұрмыстық қатты қалдықтар мен қайталама ресурстарды сұрыптау және (немесе) пайдалану бойынша зауыттар (өндірістер) салуға, қайталама ресурстарды жинауды және (немесе) пайдалануды, тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауды, сұрыптауды және (немесе) пайдалануды жүзеге асыратын ұйымдардың материалдық-техникалық базасын жетілдіруге, электрлік қуаттау станцияларының желісін құруға және дамытуға;"

36) 287-бапта:

4, 5 және 6-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Қалдықтардың қауіптілік деңгейін айқындау және оларға код белгілеу осы баптың 5-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган бекітетін қалдықтар сыныптауышы негізінде жүргізіледі.

5. Осы баптың 4-тармағында көрсетілген қалдықтар сыныптауышында тиісті қалдық болмаған, сондай-ақ өндіріс технологиялары өзгерген немесе өзге шикізаттық ресурстарға көшкен не қалдықтардың қауіпті қасиеттері өзгеруі мүмкін жағдайларда, қалдықтардың қауіптілік деңгейін және оған код белгілеуді табиғат пайдаланушы қалдықтардың қауіптілік деңгейін айқындау және оларға код белгілеу әдістемесіне сәйкес айқындайды.

6. Осы бапқа сәйкес қалдықтарды қауіптіліктің белгілі бір деңгейіне және белгілі бір код белгілеуге жатқызуды табиғат пайдаланушы өз бетінше немесе қоршаған ортаны қорғау саласында жұмыстар орындауға және қызметтер көрсетуге лицензиясы бар жеке және (немесе) заңды тұлғаларды тарта отырып жүргізеді.";

мынадай мазмұндағы 7-тармақпен толықтырылсын:

"7. Табиғат пайдаланушы осы баптың 5-тармағына сәйкес қалдықтардың қауіптілік деңгейін және оларға код белгілеуді айқындаған кезде қоршаған ортаны қорғау

саласындағы уәкілетті орган табиғат пайдаланушының өтініші бойынша қалдықтардың қауіптілік деңгейін айқындау және оларға код белгілеу әдістемесіне сәйкес қалдықтар сыныптауышына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізеді.";

37) 293-1-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органды хабардар етпей, жойылуы қиын органикалық ластауыштары бар қалдықтардың меншік иесін ауыстыруға тыйым салынады.";

38) 324-баптың 12-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Мыналардың:

осы Кодекстің 301-бабы 1-тармағының 9), 10) және 12) тармақшаларының қолданысы 2018 жылғы 31 желтоқсанға дейін;

осы Кодекстің 301-бабы 1-тармағының 18) және 19) тармақшаларының қолданысы 2020 жылғы 31 желтоқсанға дейін тоқтатыла тұрсын."

6. 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2008 ж., № 21, 93-құжат; 2009 ж., № 23, 112-құжат; № 24, 129-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 29, 32-құжаттар; № 15, 71-құжат; № 24, 146, 149, 150-құжаттар; 2011 ж., № 2, 21, 25-құжаттар; № 4, 37-құжат; № 6, 50-құжат; № 7, 54-құжат; № 11, 102-құжат; № 13, 115-құжат; № 15, 125-құжат; № 16, 129-құжат; № 20, 151-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 16-құжат; № 3, 21-құжат; № 4, 30, 32-құжаттар; № 5, 36, 41-құжаттар; № 8, 64-құжат; № 13, 91-құжат; № 14, 94-құжат; № 18-19, 119-құжат; № 23-24, 125-құжат; 2013 ж., № 2, 13-құжат; № 5-6, 30-құжат; № 8, 50-құжат; № 9, 51-құжат; № 10-11, 56-құжат; № 13, 63-құжат; № 14, 72-құжат; № 15, 81, 82-құжаттар; № 16, 83-құжат; № 20, 113-құжат; № 21-22, 114-құжат; 2014 ж., № 1, 6-құжат; № 2, 10, 12-құжаттар; № 4-5, 24-құжат; № 7, 37-құжат; № 8, 44-құжат; № 11, 63, 69-құжаттар; № 12, 82-құжат; № 14, 84, 86-құжаттар; № 16, 90-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 122-құжат; № 22, 128, 131-құжаттар; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 2, 3-құжат; № 11, 57-құжат; № 14, 72-құжат; № 15, 78-құжат; № 19-I, 100-құжат; № 19-II, 106-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 20-VII, 117-құжат; № 21-I, 121, 124-құжаттар; № 21-II, 130, 132-құжаттар; № 22-I, 140, 143-құжаттар; № 22-II, 144-құжат; № 22-V, 156-құжат; № 22-VI, 159-құжат; № 23-II, 172-құжат; 2016 ж., № 7-II, 53-құжат; № 8-I, 62-құжат; № 12, 87-құжат; № 22, 116-құжат; № 23, 119-құжат; № 24, 126-құжат; 2017 ж., № 4, 7-құжат; № 6, 11-құжат; № 9, 18-құжат; № 10, 23-құжат; № 13, 45-құжат; № 14, 51-құжат; № 15, 55-құжат; № 20, 96-құжат; № 22-III, 109-құжат; № 23-III, 111-құжат; № 23-V, 113-құжат; № 24, 115-құжат; 2018 ж., № 1, 2-құжат; 2018 жылғы 18 сәуірде "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне халықтың жұмыспен қамтылуы және көші-қон мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2018 жылғы 16 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 51-баптың 1-тармағының 20) тармақшасы алып тасталсын;

2) 52-баптың 1-тармағының 15) тармақшасы алып тасталсын;

3) 54-баптың 1-тармағының 7) тармақшасы мынадай мазмұндағы он бесінші абзацпен толықтырылсын:

"республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда олардың жұмыс істеуіне байланысты инфрақұрылымды дамыту объектілерін (жолдарды, көпірлерді, электр беру желілерін және басқа да коммуникацияларды) салу;"

7. 2009 жылғы 18 қыркүйектегі "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2009 ж., № 20-21, 89-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 32-құжат; № 15, 71-құжат; № 24, 149, 152-құжаттар; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 2, 21-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 17, 136-құжат; № 21, 161-құжат; 2012 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 26-құжат; № 4, 32-құжат; № 8, 64-құжат; № 12, 83-құжат; № 14, 92, 95-құжаттар; № 15, 97-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 1, 3-құжат; № 5-6, 30-құжат; № 7, 36-құжат; № 9, 51-құжат; № 12, 57-құжат; № 13, 62-құжат; № 14, 72, 75-құжаттар; № 16, 83-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 7, 37-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 65-құжат; № 14, 84, 86-құжаттар; № 16, 90-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 122-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 1, 2-құжат; № 7, 33-құжат; № 10, 50-құжат; № 19-II, 102-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 20-VII, 115-құжат; № 22-I, 143-құжат; № 22-V, 156-құжат; № 23-II, 170-құжат; 2016 ж., № 6, 45-құжат; № 8-II, 67, 70-құжаттар; № 23, 119-құжат; 2017 ж., № 1-2, 3-құжат; № 4, 7-құжат; № 9, 22-құжат; № 13, 45-құжат; № 22-III, 109-құжат; № 23-III, 111-құжат; № 24, 115-құжат):

1) мазмұны мынадай мазмұндағы 21-2 және 21-3-баптардың тақырыптарымен толықтырылсын:

"21-2-бап. Апелляциялық комиссияның шағымды қарау тәртібі

21-3-бап. Апелляциялық комиссияның шағымды қарауы кезінде ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз ету";

2) 7-баптың 1-тармағының 50-1), 52), 53) және 67) тармақшалары алып тасталсын;

3) 7-1-баптың 1-тармағының 22-1) және 23) тармақшалары алып тасталсын;

4) 19-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалау тексеру және профилактикалық бақылау мен қадағалау нысанында жүзеге асырылады.

Тексеру және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалау Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес жүзеге асырылады.

Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау мен қадағалау осы Кодекске сәйкес жүзеге асырылады.";

5) 20-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Медициналық қызметтер көрсету саласындағы мемлекеттік бақылау Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес тексеру және профилактикалық бақылау нысанында жүзеге асырылады.";

б) 21-бапта:

3-тармақта:

үшінші бөлік алып тасталсын;

төртінші бөліктегі "осы тармақтың екінші бөлігінде көрсетілген топтар бойынша бөле отырып," деген сөздер алып тасталсын;

4 және 5-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық бақылау және қадағалау тексеру және профилактикалық бақылау мен қадағалау нысанында жүзеге асырылады.

Тексеру және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалау Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес жүзеге асырылады.

Эпидемиялық маңыздылығы жоғары объектілерге қатысты тексерулер Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес, тәуекелдерді бағалау жүйесіне негізделген мерзімділікпен ерекше тәртіппен жүзеге асырылады.

Эпидемиялық маңыздылығы жоғары объектілер халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган айқындайтын тәуекелдерді басқаруды бағалау жүйесіне сәйкес ерекше тәртіппен жүргізілетін тексерулерден босатылады.

Эпидемиялық маңыздылығы болмашы объектілерге қатысты тек жоспардан тыс тексерулер ғана жүргізіледі.

5. Өнім қауіпсіздігінің мониторингі профилактикалық бақылау мен қадағалау болып табылады және:

1) камералдық бақылау жүргізу;

2) өнімді іріктеп алу және оған санитариялық-эпидемиологиялық сараптама жүргізу арқылы жүзеге асырылады.";

12-тармақтың 16) және 19) тармақшалары алып тасталсын;

7) мынадай мазмұндағы 21-2 және 21-3-баптармен толықтырылсын:

"21-2-бап. Апелляциялық комиссияның шағымды қарау тәртібі

1. Мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық бақылау мен қадағалауды жүзеге асыратын лауазымды адамдар шығарған тексерулер нәтижелері туралы актілерге жоғары тұрған органға шағым жасалуы мүмкін.

2. Тексеру нәтижелері туралы актіге шағымды қарау үшін жоғары тұрған мемлекеттік орган апелляциялық комиссияны құрады, оның құрамына халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органның және Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының өкілдері міндетті түрде кіреді.

Апелляциялық комиссияның регламентін, ережесін және құрамын халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган айқындайды.

3. Шағымды апелляциялық комиссия халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органның тексеру нәтижелері туралы актісіне шағым жасалатын мәселелер шегінде қарайды.

4. Тексеру нәтижелері туралы актіге шағым Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен және мерзімдерде жазбаша нысанда беріледі.

5. Апелляциялық комиссияның шешімі ұсынымдық сипатта болады.

6. Апелляциялық комиссия жыл сайын тексеру нәтижелері туралы актіге шағымдарды қарау нәтижелерін қорытуды жүргізеді және Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіру жөніндегі ұсынымдарды тұжырымдайды.

7. Апелляциялық комиссияның тексеру нәтижелері туралы актіге шағымды қарау нәтижелері шағымды сотқа жіберуге кедергі болмайды.

8. Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен сотқа жүгіну сот шешім шығарғанға дейін апелляциялық комиссияның тексеру нәтижелері туралы актіге шағымды қарауын тоқтата тұрады.

21-3-бап. Апелляциялық комиссияның шағымды қарауы кезінде ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз ету

Коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтер, сондай-ақ құпия ақпарат апелляциялық комиссияның мүшелеріне тексеру нәтижелері туралы актіге шағымды қарау кезінде шағым берген адамның жазбаша рұқсатын алмастан, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган айқындаған тәртіппен ұсынылады.

Жоғарыда көрсетілген мәліметтер апелляциялық комиссия мүшелерінің жария етуіне жатпайды.";

8) 22-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың айналысы саласындағы мемлекеттік бақылау Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес тексеру және профилактикалық бақылау нысанында жүзеге асырылады.";

9) 62-баптың 8-тармағында:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қызмет органдары тексеру және (немесе) профилактикалық бақылау және (немесе) санитариялық-эпидемиологиялық сараптама нәтижелерінің негізінде:";

2) тармақша алып тасталсын.

8. 2014 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2014 ж., № 15-І, 15-ІІ, 88

-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 122-құжат; 2015 ж., № 20-VII, 115-құжат; № 21-III, 137-құжат; № 22-V, 156-құжат; № 22-VI, 159-құжат; 2016 ж., № 7-II, 55-құжат; № 8-II, 67-құжат; № 12, 87-құжат; № 23, 118-құжат; № 24, 126, 129-құжаттар; 2017 ж., № 1-2, 3-құжат; № 8, 16-құжат; № 14, 50, 53-құжаттар; № 16, 56-құжат; № 21, 98, 102-құжаттар; № 24, 115-құжат; 2018 ж., № 1, 2-құжат):

1) 347-бап мынадай мазмұндағы тоғызыншы бөлікпен толықтырылсын:

"9. Соттарға құжаттарды электрондық құжат нысанында беру құралдарын техникалық қолдану, оларды тіркеу, өңдеу, олармен танысу қағидаларын соттардың қызметін ұйымдастырушылық және материалдық-техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асыратын орган бекітеді.";

2) 370-бапта:

сегізінші бөліктегі "бейнебайланыс режимінде (қашықтықтан жауап алу) ғылыми-техникалық құралдарды" деген сөздер "бейнеконференция байланысының құралдарын" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы тоғызыншы бөлікпен толықтырылсын:

"9. Бейнеконференция байланысының құралдарын техникалық қолдану тәртібін соттардың қызметін ұйымдастырушылық және материалдық-техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асыратын орган осы Кодекстің талаптарын ескере отырып бекітеді.";

3) 591-баптың төртінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Адамды ұстап беру (экстрадициялау) туралы қаулы оған шағым жасау мерзімі өткеннен кейін орындауға енгізіледі. Қаулыға шағым жасалған жағдайда Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты судьясының қаулысы заңды күшіне енгізілгенге дейін адамды ұстап беру (экстрадициялау) жүргізілмейді.

Өзіне қатысты ұстап беру (экстрадициялау) туралы шешім қабылданған адамның және оның қорғаушысының қатысуы бейнеконференция байланысының техникалық құралдары арқылы қамтамасыз етілуі мүмкін."

9. 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2014 ж., № 18-I, 18-II, 92-құжат; № 21, 122-құжат; № 23, 143-құжат; № 24, 145, 146-құжаттар; 2015 ж., № 1, 2-құжат; № 2, 6-құжат; № 7, 33-құжат; № 8, 44, 45-құжаттар; № 9, 46-құжат; № 10, 50-құжат; № 11, 52-құжат; № 14, 71-құжат; № 15, 78-құжат; № 16, 79-құжат; № 19-I, 101-құжат; № 19-II, 102, 103, 105-құжаттар; № 20-IV, 113-құжат; № 20-VII, 115-құжат; № 21-I, 124, 125-құжаттар; № 21-II, 130-құжат; № 21-III, 137-құжат; № 22-I, 140, 141, 143-құжаттар; № 22-II, 144, 145, 148-құжаттар; № 22-III, 149-құжат; № 22-V, 152, 156, 158-құжаттар; № 22-VI, 159-құжат; № 22-VII, 161-құжат; № 23-I, 166, 169-құжаттар; № 23-II, 172-құжат; 2016 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 9-құжат; № 6, 45-құжат; № 7-I, 49, 50-құжаттар; № 7-II, 53, 57-құжаттар; № 8-I, 62, 65-құжаттар; № 8-II, 66, 67, 68, 70, 72-құжаттар; № 12, 87-құжат; № 22, 116-құжат; № 23, 118-құжат; № 24, 124, 126, 131-құжаттар; 2017 ж., № 1-2, 3-құжат; № 9, 17, 18, 21, 22-құжаттар; № 12, 34-құжат; №

14, 49, 50, 54-құжаттар; № 15, 55-құжат; № 16, 56-құжат; № 22-III, 109-құжат; № 23-III, 111-құжат; № 23-V, 113-құжат; № 24, 114, 115-құжаттар; 2018 ж., № 1, 4-құжат; 2018 жылғы 18 сәуірде "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне халықтың жұмыспен қамтылуы және көші-қон мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2018 жылғы 16 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы):

1) мазмұнында:

мынадай мазмұндағы 163-1-баптың тақырыбымен толықтырылсын:

"163-1-бап. Тауарларды сатып алуды ұйымдастырушылардың, сатып алу мен сауда-саттық операторларының сатып алудың өнім берушілерінің, сауда-саттыққа қатысушылардың қызметін үйлестіруі";

290 және 291-баптардың тақырыптары алып тасталсын;

293 және 296-баптардың тақырыптары мынадай редакцияда жазылсын:

"293-бап. Мемлекеттік энергетикалық тізілім субъектісінде міндетті энергия аудиті қорытындысының болмауы";

"296-бап. Қазақстан Республикасының энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы заңнамасында белгіленген энергия аудитін жүргізу тәртібін сақтамау";

мынадай мазмұндағы 413-1-баптың тақырыбымен толықтырылсын:

"413-1-бап. Заңды тұлғалардың атом энергиясын пайдалану саласындағы техникалық регламенттердің талаптарын бұзуы";

520, 576, 624, 636 және 696-баптардың тақырыптары алып тасталсын;

2) 159-бапта:

үшінші бөлік "монополиялық жағдайын" деген сөздерден кейін "монополиялық жоғары (төмен) немесе монополициялық төмен бағаларды белгілеу, ұстап тұру арқылы" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 3-1-бөлікпен толықтырылсын:

"3-1. Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінде тыйым салынған, монополиялық жоғары (төмен) немесе монополициялық төмен бағаларды белгілеуді, ұстап тұруды қоспағанда, нарық субъектілерінің өзінің үстем немесе монополиялық жағдайын теріс пайдалануы, егер бұл әрекеттерде қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілері болмаса, –

шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға монополистік қызметті жүзеге асыру нәтижесінде алынған кірістің (түсімнің) – үш, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне бес пайызы мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.";

төртінші бөліктегі "және үшінші" деген сөздер ", үшінші және 3-1-" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) мынадай мазмұндағы 163-1-баппен толықтырылсын:

"163-1-бап. Тауарларды сатып алуды ұйымдастырушылардың, сатып алу мен сауда-саттық операторларының сатып алудың өнім берушілерінің, сауда-саттыққа қатысушылардың қызметін үйлестіруі

1. Тауарларды сатып алуды ұйымдастырушылардың, сатып алу мен сауда-саттық операторларының сатып алудың өнім берушілерінің және сауда-саттыққа қатысушылардың қызметін үйлестіруі, егер мұндай әрекет бәсекелестікке жол бермеуге, оны шектеуге немесе жоюға алып келсе немесе алып келуі мүмкін болса және оларда қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілері болмаса, –

лауазымды адамдарға бір жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекет –

лауазымды адамдарға бір жүз елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.";

4) 164-бапта:

бірінші бөліктің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Табиғи монополия субъектісінің табиғи монополиялар салаларында, ақпараттандыру және байланыс саласында, азаматтық авиация саласында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органдарға белгіленген нысандардағы ақпаратты, есепті және хабарламаны бермеуі, сол сияқты белгіленген нысандардағы ақпаратты, есепті және хабарламаны белгіленген мерзімдерін бұза отырып беруі –";

төртінші бөліктің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Табиғи монополия субъектісінің шектеулерді сақтамауы, сол сияқты табиғи монополиялар салаларында, ақпараттандыру және байланыс саласында, азаматтық авиация саласында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органдарға белгіленген нысандардағы ақпарат, есеп және хабарлама беру міндетін қоспағанда, табиғи монополия субъектісінің Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңнамасында белгіленген міндеттерді орындамауы немесе тиісінше орындамауы –";

5) 175-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Жеке кәсіпкерлік субъектілеріне тексеру жүргізу тәртібін бұзу, оның ішінде:

1) тексеру жүргізу негіздерінің болмауы;

2) тексеруді және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды тағайындау туралы актінің болмауы;

3) Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 147-бабының 1-тармағында көзделген, тексеруді және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды жүргізу туралы хабарламаның болмауы, сол сияқты хабардар ету мерзімдерінің сақталмауы;

4) осы бақылау мен қағдалау органының тексеру парақтарында белгіленбеген талаптардың, сондай-ақ егер мұндай талаптар солардың атынан осы лауазымды адамдар әрекет ететін мемлекеттік органның құзыретіне жатпаса, орындалуын тексеру;

5) егер құжаттар, ақпарат, өнім үлгілері, қоршаған орта объектілерін және өндірістік орта объектілерін зерттеп-қарау сынамалары тексеру объектілері болып табылмаса немесе тексеру нысанасына жатпаса, оларды ұсынуды талап ету;

6) өнім үлгілеріне, қоршаған орта объектілерін және өндірістік орта объектілерін зерттеп-қарау сынамаларына зерттеу, сынау, өлшеу жүргізу үшін көрсетілген үлгілерді, сынамаларды белгіленген нысан бойынша және (немесе) ұлттық стандарттарда, үлгілерді, сынамаларды іріктеп алу қағидаларында және оларды зерттеу, сынау, өлшеу әдістерінде, техникалық регламенттерде немесе олар қолданысқа енетін күнге дейін қолданыста болатын өзге де нормативтік техникалық құжаттарда, зерттеу, сынау, өлшеу қағидаларында және әдістерінде белгіленген нормадан асатын мөлшерде іріктеп алу туралы хаттамаларды ресімдемей, оларды іріктеп алу;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, тексеруді және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды жүргізу нәтижесінде алынған, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты жария ету және (немесе) тарату;

8) тексеруді және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы тексеруді профилактикалық бақылауды жүргізудің Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 148-бабында көзделген белгіленген мерзімдерін асыру;

9) Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 144-бабы 3-тармағының 3), 4), 8) , 9) және 10) тармақшаларында көзделген жағдайларды қоспағанда, нақ сол мәселе бойынша, нақ сол кезең ішінде оның жоғары тұрған (төмен тұрған) органы не өзге де мемлекеттік орган өзіне қатысты бұрын тексеру немесе бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалау жүргізілген кезде тексеруді немесе бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды жүргізу;

10) мемлекеттік бақылау мақсатында жеке кәсіпкерлік субъектілерінің есебінен шығынды сипаттағы іс-шараларды жүргізу;

11) Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 141-бабында көзделген, тексерулер жүргізудің ерекше тәртібі бойынша тексерулерді және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды жүргізудің мерзімділігін бұзу;

12) тексерілетін субъектіге тексеру актісін ұсынбау – лауазымдық адамға жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.";

б) 290 және 291-баптар алып тасталсын;

7) 293-бапта:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"293-бап. Мемлекеттік энергетикалық тізілім субъектісінде міндетті энергия аудиті қорытындысының болмауы";

бірінші бөліктің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Мемлекеттік энергетикалық тізілім субъектісінде міндетті энергия аудиті қорытындысының болмауы –";

8) 294-баптың бірінші бөлігінің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Жарық беру мақсатында ауыспалы тоқ тізбектерінде пайдаланылуы мүмкін, қуаты 25 Вт және одан да жоғары электр қыздыру шамдарын пайдалану –";

9) 296-бапта:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"296-бап. Қазақстан Республикасының энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы заңнамасында белгіленген энергия аудитін жүргізу тәртібін сақтамау"; бірінші бөліктің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қазақстан Республикасының энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы заңнамасында белгіленген энергия аудитін жүргізу тәртібін сақтамау –";

10) 339-баптың бірінші бөлігінің 1) тармақшасы "мақсатта" деген сөзден кейін ", ал елді мекендердің жерлерінде – функционалдық аймаққа сәйкес" деген сөздермен толықтырылсын;

11) 392-бапта:

екінші бөлік алып тасталсын;

үшінші бөліктің бірінші абзацындағы "бірінші немесе екінші бөліктерінде" деген сөздер "бірінші бөлігінде" деген сөздермен ауыстырылсын;

12) мынадай мазмұндағы 413-1-баппен толықтырылсын:

"413-1-бап. Заңды тұлғалардың атом энергиясын пайдалану саласындағы техникалық регламенттердің талаптарын бұзуы

1. Заңды тұлғалардың атом энергиясын пайдалану саласындағы техникалық регламенттердің талаптарын бұзуы –

қызметтің жекелеген түрлерін тоқтата тұрып не онсыз, алпыс айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекет –

қызметтің жекелеген түрлеріне тыйым салына отырып не онсыз, бір жүз елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.

Ескертпе.

Осы бапта заңды тұлғалар деп атом энергиясын пайдалану саласында қызметін ядролық қондырғылармен және ықтимал радиациялық қауіптілігі I және II санаттардағы объектілермен жүзеге асыратын субъектілер түсініледі.";

13) 417-баптың бірінші, екінші, үшінші және төртінші бөліктері мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Тауар туралы деректері бұрмаланған және (немесе) анық емес, сарапшы-аудиторлардың ішкі айналымға арналған тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетелдік тауардың мәртебесін айқындау жөнінде қорытынды жасауы және сараптама ұйымының ішкі айналымға арналған тауардың шығарылған жері туралы, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетелдік тауардың мәртебесін айқындау туралы сараптама актілерін беруі –

ішкі айналымға арналған тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетелдік тауардың мәртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудиторлардың аттестаттарын алты ай мерзімге тоқтата тұрып, ішкі айналымға арналған тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетелдік тауардың мәртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудиторларға – он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, қызметті үш айға дейінгі мерзімге тоқтата тұрып, сараптама ұйымдарына отыз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.

2. Ішкі айналымға арналған тауардың шығарылған жері туралы тиісінше ресімделген сараптама актісі, техникалық реттеу саласындағы уәкілетті орган бекітетін тізбе бойынша ішкі айналымға арналған тауардың шығарылған жерін растайтын құжаттар ұсынылған жағдайда, тауардың шығарылған жері туралы сертификатты беруден бас тарту немесе Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетелдік тауардың мәртебесін айқындау туралы тиісінше ресімделген сараптама актісі, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетелдік тауардың мәртебесін растайтын мәліметтер, құжаттар ұсынылған жағдайда, Еуразиялық экономикалық одақтың тауары немесе шетелдік тауар нысандарының қорытындысын беруден бас тарту –

тауардың шығарылған жері туралы сертификат беруге уәкілеттік берілген ұйымға, ішкі айналымға арналған тауардың шығарылған жері туралы сертификатты, Еуразиялық экономикалық одақтың тауары немесе шетелдік тауар нысандарының қорытындысын беруге уәкілеттік берілген органдарға (ұйымдарға) елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.

3. Тауар туралы деректері бұрмаланған және (немесе) анық емес, уәкілетті ұйымның тауардың шығарылған жері туралы сертификатты, ішкі айналымға арналған тауардың шығарылған жері туралы сертификатты, Еуразиялық экономикалық одақтың тауары немесе шетелдік тауар нысандарының қорытындысын беруге уәкілеттік берілген органдардың (ұйымдардың) ішкі айналымға арналған тауардың шығарылған жері туралы сертификатты, Еуразиялық экономикалық одақтың тауары немесе шетелдік тауар нысандарының қорытындысын беруі –

тауардың шығарылған жері туралы сертификатты беруге уәкілеттік берілген ұйымға, ішкі айналымға арналған тауардың шығарылған жері туралы сертификатты, Еуразиялық экономикалық одақтың тауары немесе шетелдік тауар нысандарының қорытындысын беруге уәкілеттік берілген органдарға (ұйымдарға) отыз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.

4. Уәкілетті ұйымның, тауардың шығарылған жері туралы сертификатты, ішкі айналымға арналған тауардың шығарылған жері туралы сертификатты, Еуразиялық экономикалық одақтың тауары немесе шетелдік тауар нысандарының қорытындысын беруге уәкілеттік берілген органдардың (ұйымдардың) тауардың шығарылған жері туралы сертификатты, ішкі айналымға арналған тауардың шығарылған жері туралы сертификатты, Еуразиялық экономикалық одақтың тауары немесе шетелдік тауар нысандарының қорытындысын, сондай-ақ оларды беруден бас тарту туралы жазбаша уәжді шешімді беру мерзімін бұзуы –

тауардың шығарылған жері туралы сертификат беруге уәкілеттік берілген ұйымға, ішкі айналымға арналған тауардың шығарылған жері туралы сертификатты, Еуразиялық экономикалық одақтың тауары немесе шетелдік тауар нысандарының қорытындысын беруге уәкілеттік берілген органдарға (ұйымдарға) отыз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.";

14) 520, 576, 624 және 636-баптар алып тасталсын;

15) 684-баптың бірінші бөлігінде:

"413," деген цифрлардан кейін "413-1," деген цифрлармен толықтырылсын;

"636 (екінші бөлігінде)," деген сөздер алып тасталсын;

16) 685-бапта:

бірінші бөліктегі "576," деген цифрлар алып тасталсын;

екінші бөліктің 4) тармақшасындағы "576," деген цифрлар алып тасталсын;

17) 687-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Жер қойнауын зерттеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті орган осы Кодекстің 140 (бірінші бөлігінде), 345, 346, 348, 349, 350, 352, 353, 354, 355, 356 (бірінші бөлігінде), 391-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарайды.";

18) 689-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын орган осы Кодекстің 289, 292, 293, 296-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарайды.";

19) 691-бапта:

бірінші бөліктің бірінші абзацындағы "589, 625 (теңіз және әуе көлігі кемелеріндегі бұзушылықтар бөлігінде)," деген сөздер алып тасталсын;

екінші бөліктің бірінші абзацында:

"441 (бірінші және екінші бөліктерінде)," деген сөздер алып тасталсын;

"559" деген цифрлар "559 (екінші, үшінші, төртінші, алтыншы, жетінші, сегізінші және тоғызыншы бөліктерінде)" деген сөздермен ауыстырылсын;

"560," , "562," , "576," деген цифрлар алып тасталсын;

"589 (әуе көлігі кемелеріндегі бұзушылықтардан басқа)," деген сөздер алып тасталсын;

"624," деген цифрлар алып тасталсын;

"625 (әуе көлігі кемелеріндегі бұзушылықтардан басқа)" деген сөздер "625 (автомобиль көлігіндегі бұзушылықтар бөлігінде)" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші абзацтың 2) тармақшасында:

"441 (бірінші бөлігінде)," деген сөздер алып тасталсын;

"560," , "562," , "576," деген цифрлар алып тасталсын;

"589 (әуе көлігі кемелеріндегі бұзушылықтардан басқа)," деген сөздер алып тасталсын;

"625 (әуе көлігі кемелеріндегі бұзушылықтардан басқа)" деген сөздер "625 (автомобиль көлігіндегі бұзушылықтар бөлігінде)" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші бөліктің бірінші абзацында:

"осы Кодекстің" деген сөздерден кейін "164, 166, 167," деген цифрлармен толықтырылсын;

"(әуе көлігімен тасымалдаушылар жасаған құқық бұзушылықтар бөлігінде)," деген сөздерден кейін "250," деген цифрлармен толықтырылсын;

"571 (бірінші бөлігінде)," деген сөздерден кейін "589 (әуе көлігіндегі бұзушылықтар бөлігінде)," деген сөздермен толықтырылсын;

екінші абзацтың 2) тармақшасында:

"589" деген цифрлар "589 (әуе көлігіндегі бұзушылықтар бөлігінде)" деген сөздермен ауыстырылсын;

20) 692-баптың бірінші бөлігінде

"осы Кодекстің" деген сөздерден кейін "164, 250," деген цифрлармен толықтырылсын;

"636 (бірінші бөлігінде)," деген сөздер алып тасталсын;

21) 693-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Мемлекеттік еңбек инспекциясы органдары осы Кодекстің 83 (жұмыс берушілер жасаған құқық бұзушылықтар бөлігінде), 86 (бірінші, екінші және үшінші бөліктерінде) , 87, 88, 89, 90, 93 (бірінші, үшінші, төртінші, бесінші, алтыншы және жетінші бөліктерінде), 94, 95, 96, 97, 98, 230 (жұмыс берушілер жасаған құқық бұзушылықтар бойынша екінші бөлігінде), 519 (бірінші, екінші, үшінші, бесінші және алтыншы бөліктерінде)-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарайды.";

22) 696-бап алып тасталсын;

23) 701-баптың бірінші абзацындағы "324, 327, 344, 351, 358," деген цифрлар алып тасталсын;

24) 713-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Монополияға қарсы орган осы Кодекстің 160 (бірінші бөлігінде), 161, 162, 163, 163-1, 201-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарайды.";

25) 720-баптың екінші бөлігіндегі "324 (бірінші бөлігінде)," деген сөздер алып тасталсын;

26) 802-баптың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінде белгіленген тәртіппен жүргізілген тексерудің нәтижесі, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 137-бабы 3-тармағының үшінші бөлігінде көзделген жағдайларда бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалау нәтижесі бақылау және қадағалау субъектісіне қатысты осы баптың бірінші бөлігінің 1) тармақшасына сәйкес әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғауға негіздер болып табылады.

Осы бөліктің күші Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 129-бабының 4 және 5-тармақтарында және 140-бабының 3 және 5-тармақтарында көзделген салаларда бақылау мен қадағалау жүзеге асырылған кезде, сондай-ақ мемлекеттік статистика саласында респонденттерге бармай профилактикалық бақылау жүзеге асырылған кезде әкімшілік құқық бұзушылық белгілері анықталған жағдайларға қолданылмайды.";

27) 804-бапта:

бірінші бөлікте:

10) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"10) қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның (139 (екінші бөлігі), 326 (үшінші және төртінші бөліктері), 333 (екінші бөлігі), 397 (төртінші бөлігі), 399 (екінші және үшінші бөліктері), 416 (химиялық өнімге қойылатын қауіпсіздік талаптарын бұзушылықтар бойынша), 462-баптар);";

23) тармақшадағы "636 (екінші бөлігі)," деген сөздер алып тасталсын;

37) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"37) техникалық реттеу және өлшем бірлігін қамтамасыз ету саласындағы органдар мен олардың аумақтық органдарының (415 (екінші бөлігі), 417 (бірінші және алтыншы бөліктері), 419 (екінші бөлігі), 462, 463-баптар);";

42) тармақша "356 (он төртінші бөлігі)," деген сөздерден кейін "462," деген цифрлармен толықтырылсын;

43) тармақшада:

"413," деген цифрлардан кейін "413-1," деген цифрлармен толықтырылсын;

"416 (машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігіне қойылатын, техникалық регламенттердің радиациялық қауіпсіздігі туралы талаптарды бұзу бойынша)" деген

сөздер "416 (машиналар мен жабдықтың қауіпсіздігіне қойылатын, техникалық регламенттердің радиациялық қауіпсіздігі туралы талаптарды бұзушылық бойынша), 462, 463" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші бөліктің 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) орман, балық және аңшылық шаруашылығы саласындағы уәкілетті органдардың мамандандырылған ұйымдарының лауазымды адамдарының (138, 142, 143, 337, 339, 366, 367, 368, 369, 370, 371, 372, 373, 374, 375, 376, 377, 378, 379, 380, 381, 382, 383, 385 (бірінші бөлігі), 394 (бірінші және екінші бөліктері), 395 (бірінші бөлігі), 396 (бірінші бөлігі)-баптар);";

28) 806-баптың алтыншы бөлігіндегі "576," деген цифрлар алып тасталсын;

29) 812-баптың екінші бөлігіндегі "624," деген цифрлар алып тасталсын;

30) 829-1-баптың екінші бөлігіндегі "624," деген цифрлар алып тасталсын.

10. 2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2015 ж., № 20-II, 20-III, 112-құжат; 2016 ж., № 1, 4-құжат; № 6, 45-құжат; № 7-II, 55-құжат; № 8-I, 62, 65-құжаттар; № 8-II, 72-құжат; № 12, 87-құжат; № 23, 118-құжат; № 24, 124, 126-құжаттар; 2017 ж., № 9, 21-құжат; № 14, 50, 51-құжаттар; № 22-III, 109-құжат; № 23-III, 111-құжат; № 23-V, 113-құжат; № 24, 115-құжат):

1) мазмұнында:

63-баптың тақырыбы алып тасталсын;

64-баптың тақырыбындағы "Жеке кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі сараптама" деген сөздер "Сараптама" деген сөзбен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 9-1-тараудың, 112-1, 112-2 және 112-3-баптардың тақырыптарымен толықтырылсын:

"9-1-тарау. Ақпараттық құралдар

112-1-бап. Ақпараттық құралдар

112-2-бап. Ақпараттық құралдардың түрлері

112-3-бап. Ақпараттық құралдарды енгізу ерекшеліктері";

132-баптың, 2-параграфтың, 140 және 141-баптардың тақырыптары мынадай редакцияда жазылсын:

"132-бап. Мемлекеттік бақылау және қадағалау субъектілері және объектілері. Мемлекеттік бақылау және қадағалау субъектілерінің (объектілерінің) қызметіне қойылатын талаптар";

"2-параграф. Тексерулерді және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды ұйымдастыру және жүргізу тәртібі

140-бап. Тексерудің және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалаудың жалпы мәселелері

141-бап. Бақылау және қадағалау субъектілерін (объектілерін) топтарға бөлу";

142-баптың тақырыбы алып тасталсын;

145, 146, 147, 148, 151 және 152-баптардың тақырыптары мынадай редакцияда жазылсын:

"145-бап. Тексеруді және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды тағайындау туралы акт

146-бап. Тексеруді және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды тағайындау туралы актіні, олардың мерзімдерін ұзарту туралы қосымша актіні тіркеу

147-бап. Тексеруді және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды жүргізу тәртібі

148-бап. Тексеруді және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды жүргізу мерзімдері";

"151-бап. Тексеруді және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды жүргізу кезіндегі шектеулер

152-бап. Тексеру нәтижелерін ресімдеу тәртібі";

мынадай мазмұндағы 152-1-баптың тақырыбымен толықтырылсын:

"152-1-бап. Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалау нәтижелерін ресімдеу тәртібі";

155 және 156-баптардың тақырыптары мынадай редакцияда жазылсын:

"155-бап. Бақылау және қадағалау субъектісінің не оның уәкілетті өкілінің бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру кезіндегі құқықтары мен міндеттері

156-бап. Осы Кодекстің талаптарын өрескел бұза отырып жүргізілген тексерудің және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалаудың жарамсыздығы";

мынадай мазмұндағы 163-1 және 169-1-баптардың тақырыптарымен толықтырылсын:

"163-1-бап. Табиғи монополиялар және квазимемлекеттік сектор субъектілері көрсететін міндетті қызметтер";

"169-1-бап. Тауарлар сатып алуды және сауда-саттықты ұйымдастыру мен өткізу кезінде бәсекелестікті қорғау туралы талаптар";

199, 200 және 201-баптардың тақырыптары мынадай редакцияда жазылсын:

"199-бап. Нарық субъектісінің, мемлекеттік, жергілікті атқарушы органдардың, мемлекет нарық субъектілерінің қызметін реттеу функцияларын берген ұйымның әрекеттерінде (әрекетсіздігінде) Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасын бұзушылық белгілерінің бар екені туралы хабарлама

200-бап. Экономикалық шоғырлану

201-бап. Экономикалық шоғырлануды реттеу";

2) 10-бап мынадай мазмұндағы 3-1-тармақпен толықтырылсын:

"3-1. Жеке кәсіпкерлік субъектілері өз атауы бар мөрді иелене алады.

Мемлекеттік органдарға және қаржы ұйымдарына жеке кәсіпкерлік субъектілеріне жататын заңды тұлғалардан құжаттарында мөр қоюды талап етуге тыйым салынады.";

3) 19-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"19-бап. Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің норма шығарушылыққа қатысуы

Жеке кәсіпкерлік субъектілері Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы және жеке кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі сараптама кеңестері (бұдан әрі – сараптама кеңестері) арқылы, кәсіпкерлік субъектілерінің мүдделерін қозғайтын нормативтік құқықтық актілердің жобаларын, Қазақстан Республикасы халықаралық шарттарының жобаларын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы қатысушысы болуға ниеттенетін халықаралық шарттарды әзірлеуге және оларға сараптама жасауға қатысады.";

4) 62-баптың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Өзін-өзі реттеу ұйымына міндетті мүше болуға (қатысуға) негізделген өзін-өзі реттеуді енгізу үшін нақты саладағы реттеуші мемлекеттік орган және мүдделі тұлғалар осы Кодекстің 83-бабына сәйкес реттеушілік әсерді талдау рәсімін алдын ала жүргізуге тиіс.";

5) 63-бап алып тасталсын;

6) 64, 65, 66 және 67-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"64-бап. Сараптама кеңестері

1. Сараптама кеңесі орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар жанынан:

кәсіпкерлікті қолдау мен қорғау, оның ішінде әкімшілік кедергілерді жою мақсатында мемлекеттік органдардың қызметін жетілдіру бойынша ұсыныстарды тұжырымдау;

кәсіпкерлік мүдделерін қозғайтын Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіру бойынша ұсыныстарды тұжырымдау;

сараптама кеңестерінің мүшелерінен кәсіпкерлік мүдделерін қозғайтын нормативтік құқықтық актілердің жобаларына, Қазақстан Республикасы халықаралық шарттарының жобаларына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы қатысушысы болуға ниеттенетін халықаралық шарттарға сараптама қорытындыларын алу жөніндегі жұмысты ұйымдастыру үшін құрылатын консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

2. Сараптама кеңестерінің құрамына Ұлттық палатаның, міндетті мүше болуға (қатысуға) негізделген өзін-өзі реттеу ұйымдарының, жеке кәсіпкерлік субъектілерінің бірлестіктері мен өзге де коммерциялық емес ұйымдардың, мемлекеттік органдардың өкілдері кіреді.

Сараптама кеңестерінің отырыстары қажеттілігіне қарай өткізіледі.

3. Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің бірлестіктері мен өзге де коммерциялық емес ұйымдар сараптама кеңесінің мүшелері мәртебесіне өздері орталық мемлекеттік немесе жергілікті атқарушы органда аккредиттелген кезден бастап қана ие болады.

4. Аккредиттеу туралы куәліктің нысанын, жеке кәсіпкерлік субъектілерінің бірлестіктері мен өзге де коммерциялық емес ұйымдарды аккредиттеуді өткізу тәртібін, аккредиттеудің күшін жою негіздері мен тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

Аккредиттеу туралы куәлік үш жыл мерзімге беріледі.

Орталық мемлекеттік және (немесе) жергілікті атқарушы органдарда қатарынан екі реттен көп аккредиттелген жеке кәсіпкерлік субъектілерінің бірлестіктері аккредиттеу туралы куәлікті мерзімсіз негізде алады.

5. Сараптама кеңесінің отырыстарына сараптама кеңесі мүшелерінің өкілдері қатысады, олардың өкілеттіктері сенімхатпен расталады.

Орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың жанындағы сараптама кеңестерінің құрамдары осы органдар басшыларының шешімдерімен бекітіледі.

6. Мемлекеттік құпияларды қамтитын нормативтік құқықтық актілердің жобалары сараптама кеңесінің қарауына жатпайды.

7. Сараптама кеңесінің мүшелері нормативтік құқықтық актінің жобасын, Қазақстан Республикасы халықаралық шартының жобасын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы қатысушысы болуға ниеттенетін халықаралық шартты қарауды сараптама кеңесінің мүшелеріне тиісті жобаны ашық нормативтік құқықтық актілердің интернет-порталында орналастыру туралы хабарламаны сараптама кеңесінің дереу жіберуі арқылы отырыс өткізбей жүзеге асырады.

Сараптама кеңесінің отырысы сараптама кеңесі мүшелерінің бастамасы бойынша өткізіледі. Күн тәртібі оның мүшелерінің кемінде үштен екісі болған кезде қаралады.

Бұл ретте сараптама кеңесінің отырыстары сараптама кеңесінің мүшелерін тікелей шақыру не нақты уақыт режимінде бейнеконференция байланысын немесе интернет-конференция өткізу арқылы өткізілуі мүмкін.

8. Егер жеке кәсіпкерлік субъектілерінің мүдделерін қозғайтын мәселе тиісті орталық мемлекеттік немесе жергілікті атқарушы органның құзыретіне жататын болса, осындай кез келген мәселе сараптама кеңесінің қарауына шығарылуы мүмкін.

9. Сараптама кеңестері туралы үлгілік ережені Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

65-бап. Кәсіпкерлік субъектілерінің мүдделерін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу және қабылдау ерекшеліктері

1. Орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар кәсіпкерлік субъектілерінің мүдделерін қозғайтын нормативтік құқықтық актінің тиісті жобасын ашық нормативтік құқықтық актілердің интернет-порталында сараптама қорытындысын алу үшін, оның ішінде осы жобаны мүдделі мемлекеттік органдармен келесі әрбір келісу кезінде орналастырғаны туралы хабарламаны сараптама кеңестеріне және Ұлттық палатаға жібереді.

Кәсіпкерлік субъектілерінің мүдделерін қозғайтын нормативтік құқықтық актінің жобасына сараптама қорытындысын беру үшін орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар белгілейтін мерзім сараптама кеңесінің мүшелеріне және Ұлттық палатаға хабарлама келіп түскен кезден бастап он жұмыс күнінен кем болмауға тиіс.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген, сараптама қорытындысын алуға арналған хабарлама, егер кәсіпкерлік субъектілерінің мүдделерін қозғайтын нормативтік құқықтық актілердің жобалары тиісті аумақта карантиндік режимді енгізе отырып, карантиндік аймақты белгілеу туралы, сондай-ақ жануарлардың жұқпалы аурулары пайда болған жағдайда карантинді немесе шектеу іс-шараларын белгілеу туралы шешімдер қабылдауды көздесе, жіберілмейді.

Осы тармақтың ережелері кәсіпкерлік субъектілерінің мүдделерін қозғайтын заң жобаларының тұжырымдамаларына қолданылады.

2. Кәсіпкерлік субъектілерінің мүдделерін қозғайтын нормативтік құқықтық актінің жобасына түсіндірме жазбада нормативтік құқықтық актінің қолданысқа енгізілуіне байланысты кәсіпкерлік субъектілері шығындарының азайғанын және (немесе) ұлғайғанын растайтын есеп-қисаптардың нәтижелері қамтылуға тиіс.

3. Осы бапта және осы Кодекстің 66 – 68-баптарында көзделген талаптар кәсіпкерлік субъектілерінің мүдделерін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерді қабылдаудың міндетті шарттары болып табылады.

66-бап. Кәсіпкерлік субъектілерінің мүдделерін қозғайтын заң жобаларының тұжырымдамалары, нормативтік құқықтық актілердің жобалары бойынша сараптама қорытындылары

1. Сараптама қорытындысы сараптама кеңесі мүшесінің және Ұлттық палатаның жазбаша ұстанымын білдіреді, ұсынымдық сипатта болады және заң жобасының тұжырымдамасына, нормативтік құқықтық акт қабылданғанға дейін оның жобасына, оның ішінде осы жобаны мүдделі мемлекеттік органдармен келесі әрбір келісу кезінде міндетті қосымша болып табылады.

Сараптама қорытындылары қазақ және орыс тілдерінде беріледі.

2. Сараптама қорытындыларын сараптама кеңесінің мүшелері және Ұлттық палата әзірлеуші мемлекеттік органдарға осындай мемлекеттік органдар айқындаған мерзімдерде, бірақ сараптама кеңесінің мүшесі және Ұлттық палата хабарламаны алған кезден бастап кемінде он жұмыс күнінен кешіктірмей ұсынады.

Сараптама қорытындысын белгіленген мерзімдерде ұсынбау заң жобасының тұжырымдамасы, нормативтік құқықтық актінің жобасы сараптама кеңесінің мүшесімен және Ұлттық палатамен ескертусіз келісілді деп есептеледі дегенді білдіреді

Бұл ретте мемлекеттік органдарға әзірлеуші мемлекеттік органдардан сараптама қорытындысын осы тармақта белгіленген мерзімдерде ұсынбаған сараптама кеңесі

мүшелерінен және Ұлттық палатадан сараптама қорытындыларын алуды талап етуге тыйым салынады.

3. Әзірлеуші мемлекеттік орган сараптама қорытындысымен келіскен кезде заң жобасының тұжырымдамасына, нормативтік құқықтық актінің жобасына тиісті өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізеді.

Сараптама қорытындысымен келіспеген жағдайда әзірлеуші мемлекеттік орган сараптама қорытындысын алған күннен бастап он жұмыс күні ішінде осы қорытындыны берген сараптама кеңесі мүшесіне және Ұлттық палатаға келіспеу себептерінің негіздемесі бар жауапты жібереді. Мұндай жауап заң жобасының тұжырымдамасына, нормативтік құқықтық акт қабылданғанға дейін оның жобасына міндетті қосымша болып табылады.

67-бап. Кәсіпкерлік субъектілерінің мүдделерін қозғайтын нормативтік құқықтық актінің жобасын бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау (тарату)

Кәсіпкерлік субъектілерінің мүдделерін қозғайтын нормативтік құқықтық актінің жобасы тиісті органда, сараптама кеңесінде және Ұлттық палатада ол қаралғанға дейін, интернет-ресурстарды қоса алғанда, бұқаралық ақпарат құралдарында міндетті түрде жариялануға (таратылуға) жатады.";

7) 80-бапта:

2-тармақта:

бірінші бөлікте:

4) тармақша "мемлекеттік органдар" деген сөздерден кейін "мен олардың ведомстволары" деген сөздермен толықтырылсын;

б) тармақша "шешімдері" деген сөзден кейін ", әкімдердің нормативтік құқықтық шешімдері, әкімдіктердің нормативтік құқықтық қаулылары" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші бөлік алып тасталсын;

үшінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Реттегіш құралдар кәсіпкерлік субъектілеріне қатысты ықпал ету тәсілдерін, оның ішінде осы Кодекстің 81-бабында көзделген, кәсіпкерлікті мемлекеттік реттеу нысандары мен құралдарын білдіреді.";

төртінші бөлік алып тасталсын;

3-тармақ алып тасталсын;

8) 81-бап мынадай мазмұндағы 10-1) және 10-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"10-1) ақпараттық құралдарды енгізу;

10-2) өзін-өзі реттеу ұйымына міндетті мүше болуға (қатысуға) негізделген өзін-өзі реттеуді енгізу;"

9) 82 және 83-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"82-бап. Кәсіпкерлік субъектілеріне қатысты реттегіш құралдар енгізуді немесе реттеуді қатаңдатуды көздейтін нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу және қабылдау ерекшеліктері

1. Егер мемлекеттік органдар кәсіпкерлік субъектілеріне қатысты жаңа реттегіш құрал енгізуді немесе реттеуді қатаңдатуды жоспарлаған жағдайда, мемлекеттік органдар кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен реттеушілік әсерді талдау рәсімін алдын ала жүргізуге тиіс.

Реттегіш құралдардың енгізілуіне немесе пайдаланылуына байланысты кәсіпкерлік субъектілеріне қосымша талаптар, міндеттер белгілеу немесе жүктемені өзге де ұлғайту реттеуді қатаңдату болып табылады.

2. Реттеушілік әсерді талдауға реттегіш құралды және онымен байланысты талаптарды енгізу немесе реттеуді қатаңдату көзделетін, Мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжаттарының жобалары, Қазақстан Республикасы заңдары жобаларының тұжырымдамалары, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің жобалары, Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенттерінің жобалары жатады.

Бұл ретте кәсіпкерлік субъектілеріне қатысты реттегіш құрал енгізілгенге немесе реттеу қатаңдатылғанға дейін және одан кейін реттеушілік әсерге талдау жүргізу туралы талап мыналарға:

1) авариялардың, дүлей зілзалалардың және өзге де төтенше жағдайлардың салдарын еңсеру жөніндегі мәселелерді реттеуге;

2) есірткі, психотроптық заттардың, сол тектестер мен прекурсорлардың айналымын, азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының айналымын реттеуге;

3) қаржы ұйымдарының және сақтандыру топтары мен банк конгломераттарының құрамына кіретін тұлғалардың қызметін реттеуге, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілерінің жобаларына;

4) Қазақстан Республикасының экономикалық қауіпсіздігіне және оның қаржы жүйесінің тұрақтылығына қатер төнген жағдайда арнайы валюталық режимді енгізуге;

5) мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді қамтитын нормативтік құқықтық актілердің жобаларына;

6) тиісті аумақта карантиндік режимді енгізе отырып, карантиндік аймақты белгілеу туралы, сондай-ақ жануарлардың жұқпалы аурулары пайда болған жағдайда карантинді немесе шектеу іс-шараларын белгілеу туралы шешімдер қабылдауға;

7) заңды жауаптылықты енгізуге;

8) экстремизмге және терроризмге қарсы іс-қимыл бойынша мәселелерді реттеуге қолданылмайды.

3. Жаңа реттегіш құралды енгізу немесе реттеуді қатандату кәсіпкерлік қызметті реттеу мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияның отырысында мақұлдағаннан кейін ғана жүзеге асырылады.

Кәсіпкерлік қызметті реттеу мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия Қазақстан Республикасының кәсіпкерлік саласындағы заңнамасын жетілдіру мәселелері бойынша ұсыныстар мен ұсынымдарды әзірлеу мақсатында құрылатын, Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы консультативтік-кеңесші орган болып табылады, оның негізгі функциялары:

- 1) реттеушілік әсерді талдау нәтижелерін қарау;
- 2) Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік қызметті реттеудің жай-күйі туралы жылдық есепті қарау және мақұлдау;
- 3) сараптама топтарының ұсынымдарын қарау және олар бойынша шешімдер қабылдау;
- 4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де функцияларды жүзеге асыру болып табылады.

Кәсіпкерлік қызметті реттеу мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияның:

- 1) орталық атқарушы және басқа да мемлекеттік органдармен және ұйымдармен өзара іс-қимыл жасауға;
- 2) Қазақстан Республикасының кәсіпкерлік саласындағы заңнамасын жетілдіру мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар мен ұсынымдар енгізуге;
- 3) Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары мен ұйымдарының өкілдерін кәсіпкерлік қызметті реттеу мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияның отырыстарына шақыруға және оларды кәсіпкерлік қызметті реттеу мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияның құзыретіне кіретін мәселелер бойынша тыңдауға;
- 4) мемлекеттік органдардан және басқа да ұйымдардан қажетті материалдарды сұратуға және алуға;
- 5) уақытша және тұрақты жұмыс істейтін сараптама топтарын құруға және олардың ережесін бекітуге құқығы бар.

Осы тармақтың талаптары Қазақстан Республикасы заңдары жобаларының тұжырымдамаларында және Қазақстан Республикасы заңдарының жобаларында реттегіш құралды енгізу немесе реттеуді қатандату жағдайларын қоспағанда, өңірлік маңызы бар актілердің жобаларына, сондай-ақ осы баптың 2-тармағының 3) және 4) тармақшаларында көзделген жағдайларға қолданылмайды.

Өңірлік маңызы бар актілер деп Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттары және жергілікті өкілді және атқарушы органдар, оның ішінде тиісті аумақтың әкімі қабылдаған нормативтік құқықтық актілер түсініледі.

83-бап. Реттеушілік әсерді талдау

1. Кейіннен мемлекеттік реттеу мақсаттарына қол жеткізуді бағалауға мүмкіндік беретін, енгізілетін реттегіш құралдың және онымен байланысты талаптардың пайдасы мен шығындарын салыстырудың талдамалық рәсімі реттеушілік әсерді талдау болып табылады.

Белгілі бір мақсаттарға қол жеткізу немесе анық айқындалған проблемаларды шешу үшін реттеудің баламалы тәсілдерін бағалау арқылы нақты реттегіш құралдарды пайдалану бөлігінде мемлекеттік саясаттың пәрменділігі мен тиімділігін арттыру реттеушілік әсерді талдаудың мақсаты болып табылады.

2. Реттеушілік әсерді талдау реттегіш құрал енгізілгенге дейін және енгізілгеннен кейін, оның ішінде өздеріне қатысты бұрын реттеушілік әсерді талдау жүргізілмеген қолданыстағы реттегіш құралдар бойынша жүргізіледі.

Енгізілген реттегіш құралдардың, сондай-ақ қолданыстағы реттегіш құралдардың реттеушілік әсерін талдау реттеуші мемлекеттік органдар жыл сайын бекітетін қайта қарау жоспарларына сәйкес, оның ішінде кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті органның, Ұлттық палатаның негізделген ұсыныстары ескеріліп жүзеге асырылады.

Осы Кодекстің 80-бабы 2-тармағының б) тармақшасында көрсетілген құжаттарға қатысты қайта қарау жоспарын облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы жыл сайын, оның ішінде өңірлік кәсіпкерлер палатасының негізделген ұсыныстарын ескеріп бекітеді.

Қолданыстағы реттегіш құралдарды қайта қарау бойынша жоспарларды мемлекеттік органдардың орындамауы туралы ақпарат кәсіпкерлік қызметті реттеу мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияның қарауына шығарылады.

3. Реттеушілік әсерді талдаудың нәтижелері бойынша реттегіш құралды қолдану тиімділігіне қарай реттегіш құралдың күші жойылуы немесе өзгеше түрде қайта қаралуы мүмкін.

Реттегіш құралды енгізу кезінде мәлімделген, кәсіпкерлік қызметті мемлекеттік реттеу мақсаттарына қол жеткізілмеген жағдайда, оның күші жойылуға жатады.

4. Реттеушілік әсерді талдауды мемлекеттік органдар осы Кодекстің 80-бабының 2-тармағында көзделген құжаттардың жобаларына қатысты, сондай-ақ кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті орган, Ұлттық палата және басқа да мүдделі тұлғалар кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен жүргізеді.

Бұл ретте соларға қатысты реттеушілік әсерді талдауды олардың әзірлеушілері жүргізетін өңірлік маңызы бар актілерді қоспағанда, реттеушілік әсерді талдауды реттеуші мемлекеттік органдар жүргізеді.

5. Реттеушілік әсерге талдау жүргізу жаңа реттегіш құралды енгізудің немесе реттеуді қатандатудың міндетті шарты болып табылады.

6. Кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті орган:

1) реттеушілік әсерді талдау нәтижелерін қарайды және өңірлік маңызы бар актілердің жобаларын қоспағанда, реттеуші мемлекеттік органдардың, Ұлттық

палатаның және басқа да мүдделі тұлғалардың белгіленген рәсімдерді сақтауы туралы қорытынды береді;

2) реттеушілік әсерді талдаудың түйіндерімен келіспеген жағдайда, реттеушілік әсерге баламалы талдау жүргізеді.

7. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың кәсіпкерлік саласындағы басшылықты жүзеге асыратын жергілікті атқарушы органы:

1) реттеушілік әсерді талдау нәтижелерін қарайды және өңірлік маңызы бар актілердің жобаларын әзірлеушілердің, өңірлік палатаның және басқа да мүдделі тұлғалардың белгіленген рәсімдерді сақтауы туралы қорытынды береді;

2) реттеушілік әсерді талдаудың түйіндерімен келіспеген жағдайда, реттеушілік әсерге баламалы талдау жүргізеді.

Реттеушілік әсерді талдау нәтижелері "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес құрылатын, ведомствоаралық сипаттағы мәселелер бойынша облыс, республикалық маңызы бар қала, астана әкімдігінің жанындағы консультативтік-кеңесші органның қарауына шығарылады, олардың мақұлдануы жаңа реттегіш құралды енгізудің немесе реттеуді қатаңдатудың міндетті шарты болып табылады.

8. Реттеушілік әсерді талдаудың және реттеушілік әсерге баламалы талдаудың нәтижелері жалпыға қолжетімді интернет-ресурстарда орналастырылады.";

10) 84-бапта:

1-тармақта:

бірінші бөлік мынадай мазмұндағы 1-1) және 4) тармақшалармен толықтырылсын:

"1-1) кәсіпкерлікті мемлекеттік реттеу саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын әзірлеу;"

"4) бәсекелестікті қорғау және монополистік қызметті шектеу шеңберінде табиғи монополиялар және квазимемлекеттік сектор субъектілері көрсететін міндетті қызметтердің тізбесін бекіту.";

екінші бөліктің 4) тармақшасы алып тасталсын;

төртінші бөлік алып тасталсын;

11) 85-баптың 2-тармағында:

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) тексеру парақтарының нысандарын әзірлейді және бекітеді;"

мынадай мазмұндағы 3-1) тармақшамен толықтырылсын:

"3-1) құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы уәкілетті органмен бақылау және қадағалау органдарының тексерулерді және профилактикалық бақылау мен қадағалауды есепке алу жөніндегі ақпаратымен алмасу бойынша өзара іс-қимыл жасайды;"

10) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"10) Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың кәсіпкерлік саласындағы басшылықты жүзеге асыратын жергілікті атқарушы органдарының реттеушілік әсерді талдау жөніндегі жұмыстың жай-күйі туралы есептерін қарайды;"

мынадай мазмұндағы 10-1), 13-1), 13-2) және 13-3) тармақшалармен толықтырылсын:

"10-1) кәсіпкерлік қызметті реттеу мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияның қызметін қамтамасыз етеді;"

"13-1) ақпараттық құралдардың тізбесін әзірлейді және бекітеді;

13-2) бизнес жүргізудің жеңілдігі бойынша өңірлер мен қалалар рейтингін жүргізеді ;

13-3) бизнес жүргізудің жеңілдігі бойынша өңірлер мен қалалар рейтингін жүргізу әдістемесін әзірлейді және бекітеді;"

12) 86-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы 4-1) тармақшамен толықтырылсын:

"4-1) құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы уәкілетті органның мемлекеттік бақылау мен қадағалау жүргізуді жетілдіру жөніндегі ұсыныстарын қарау және шешімдерді, оның ішінде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу жолымен қабылдау;"

13) 90-бапта:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) өз құзыреті шегінде әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына рұқсат етілетін шекті бөлшек сауда бағаларын бекітуді және әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына рұқсат етілетін шекті бөлшек сауда бағалары мөлшерінің сақталуына мемлекеттік бақылауды;"

мынадай мазмұндағы 2-1) және 2-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"2-1) реттеушілік әсерге баламалы талдау жүргізуді;

2-2) кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті органға реттеушілік әсерді талдау жөніндегі жұмыстың жай-күйі туралы есептер ұсынуды;"

14) 90-2-баптың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) экономикалық шоғырлануды реттеу;"

15) 90-6-бапта:

б) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 6-1) және 7-1) тармақшалармен толықтырылсын:

"6-1) экономикалық шоғырлануға келісім алу туралы өтінішхатты қарайды;"

"7-1) бәсекелестікті қорғау және монополистік қызметті шектеу шеңберінде табиғи монополиялар және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің міндетті қызметтерді көрсету қағидаларын әзірлейді және бекітеді;"

22) тармақшаның бесінші абзацындағы "экономикалық шоғырлануға мемлекеттік бақылауды жүзеге асырған кезде" деген сөздер "экономикалық шоғырлануды реттеу кезінде" деген сөздермен ауыстырылсын;

33) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"33) нарық субъектісінің, мемлекеттік, жергілікті атқарушы органның, мемлекет нарық субъектілерінің қызметін реттеу функцияларын берген ұйымның әрекеттерінде (әрекетсіздігінде) Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасын бұзушылық белгілерінің болуы туралы хабарламаны нарық субъектілеріне, мемлекеттік, жергілікті атқарушы органдарға, мемлекет нарық субъектілерінің қызметін реттеу функцияларын берген ұйымдарға жібереді;"

мынадай мазмұндағы 39-1) тармақшамен толықтырылсын:

"39-1) мемлекеттік монополия субъектілерінің мемлекеттік тізілімін қалыптастырады және жүргізеді;"

16) 90-7-баптың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Монополияға қарсы орган қызметкерлерінің қызметтік міндеттерін атқару, оның ішінде Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасының бұзылуы туралы өтініштерді қарау, Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасын бұзушылық туралы істерді тергеп-тексеру, экономикалық шоғырлануды реттеу және бәсекелестік деңгейінің жай-күйін айқындау кезінде, өздеріне жүктелген өкілеттіктерге сәйкес қызметтік куәліктерін және монополияға қарсы органның Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасын бұзушылықтарға тергеп-тексеру жүргізу туралы шешімін көрсеткен кезде:"

;

17) 94-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 6-1) тармақшамен толықтырылсын:

"6-1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жеке кәсіпкерлік субъектілері шығарған және қызметін Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асыратын қор биржасының тізіміне енгізілген облигациялар бойынша купондық сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау;"

18) 95-баптың 1-тармағының үшінші бөлігі мынадай мазмұндағы 7-1) тармақшамен толықтырылсын:

"7-1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жеке кәсіпкерлік субъектілері шығарған және қызметін Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асыратын қор биржасының тізіміне енгізілген облигациялар бойынша купондық сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау;"

19) 98-баптың 1-тармағы екінші бөлігінің 4) және 5) тармақшалары алып тасталсын;

20) 100-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Индустрия және индустриялық-инновациялық даму мен шикізаттық емес экспортты ілгерілету саласындағы басшылықты, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шектерде салааралық үйлестіруді және индустриялық-инновациялық қызметті және шикізаттық емес экспортты ілгерілету саласындағы мемлекеттік қолдауды іске асыруға қатысуды жүзеге асыратын орталық

атқарушы орган индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті орган болып табылады.";

2-тармақта:

5) тармақша "әзірлейді" деген сөзден кейін "және бекітеді" деген сөздермен толықтырылсын;

11) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"11) дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалардың, олармен үлестес заңды тұлғалардың, ұлттық басқарушы холдингтердің (Ұлттық әл-ауқат қорын қоспағанда), ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың (Ұлттық әл-ауқат қорының тобына кіретін ұлттық компанияларды қоспағанда) және олармен үлестес заңды тұлғалардың технологиялар мен инновацияларды дамыту бөлігінде даму стратегиялары мен жоспарларын келіседі;"

мынадай мазмұндағы 24-2), 24-3), 24-4), 24-5), 24-6), 24-7) және 24-8) тармақшалармен толықтырылсын:

"24-2) құзыреті шегінде шикізаттық емес экспортты дамытуды және ілгерілетуді жүзеге асырады;

24-3) Қазақстан Республикасы салалық мемлекеттік органдарының шикізаттық емес экспортты дамыту және ілгерілету мәселелері жөніндегі жұмысын үйлестіреді;

24-4) Қазақстан Республикасының салалық мемлекеттік органдарымен шикізаттық емес экспортты дамыту және ілгерілету мәселелері бойынша өзара іс-қимыл жасайды;

24-5) шикізаттық емес экспортты ілгерілету мәселелері жөніндегі нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді және бекітеді;

24-6) Қазақстан Республикасының халықаралық міндеттемелерін ескере отырып, экспортты ілгерілету жөніндегі шараларды әзірлейді және бекітеді;

24-7) шикізаттық емес экспорт саласындағы салалық бағдарламаларды келіседі;

24-8) құзыреті шеңберінде мемлекеттік бағдарламалардың іске асырылуы мен орындалуын қамтамасыз етеді және оған жауапты болады;"

21) 101-баптың 2-тармағының 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"5) дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалардың, олармен үлестес заңды тұлғалардың, ұлттық басқарушы холдингтердің (Ұлттық әл-ауқат қорын қоспағанда), ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың (Ұлттық әл-ауқат қорының тобына кіретін ұлттық компанияларды қоспағанда) және олармен үлестес заңды тұлғалардың даму стратегиялары мен жоспарларын индустриялық-инновациялық даму мақсаттарына сәйкестігі тұрғысынан келіседі;"

22) 103-бап мынадай мазмұндағы 1-1), 3-1), 3-2) және 3-3) тармақшалармен толықтырылсын:

"1-1) құзыреті шегінде шикізаттық емес экспортты ілгерілетуді жүзеге асырады;"

"3-1) индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті органға шикізаттық емес экспортты ілгерілету жөнінде ақпарат береді;

3-2) Қазақстан Республикасының халықаралық міндеттемелерін ескере отырып, өз құзыреті шегінде шикізаттық емес экспортты ілгерілету жөніндегі шараларды әзірлейді ;

3-3) өз құзыреті шеңберінде мемлекеттік бағдарламалардың іске асырылуы мен орындалуын қамтамасыз етеді және оған жауапты болады;"

23) 105-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 8-1) және 8-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"8-1) құзыреті шегінде шикізаттық емес экспортты ілгерілетуді жүзеге асырады;

8-2) құзыреті шегінде шикізаттық емес экспортты дамыту үшін жағдайлар жасайды;"

24) 107-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қызметтің немесе әрекеттердің (операциялардың) қауіптілік деңгейлері осы Кодекстің 83-бабына сәйкес жүргізілетін реттеушілік әсерді талдау негізінде белгіленеді.";

25) 109-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Рұқсат беру немесе хабарлама жасау тәртібін енгізу үшін реттеуші мемлекеттік органдар осы Кодекстің 83-бабына сәйкес реттеушілік әсерді талдау рәсімін алдын ала жүргізуге тиіс.";

26) мынадай мазмұндағы 9-1-тараумен толықтырылсын:

"9-1-тарау. Ақпараттық құралдар

112-1-бап. Ақпараттық құралдар

1. Ақпараттық құралдар деп мемлекеттік органдарға немесе өзге де тұлғаларға нормативтік құқықтық актілерде белгіленген, бір мезгілде төмендегі барлық өлшемшарттарға сәйкес келетін ақпаратты беру талаптары түсініледі:

1) ақпарат беру міндетті болып табылады және оны бермеу Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауаптылыққа алып келеді;

2) ақпаратты жеке кәсіпкерлік субъектілері береді.

2. Осы тараудың ережелері салықтық, кедендік, қаржылық саясат саласында бар, сондай-ақ бір реттеу субъектісіне қолданылатын ақпараттық құралдарға қолданылмайды.

Осы тараудың мақсаттары үшін қаржылық саясат деп қаржы ұйымдарының, қаржы ұйымдары болып табылмайтын сақтандыру нарығына қатысушылардың, микроқаржы ұйымдарының, коллекторлық агенттіктердің, қаржы ұйымдарына ірі қатысушылардың, эмиссиялық бағалы қағаздар эмитенттерінің, кредиттік бюролардың, сақтандыру топтарының және банк конгломераттарының құрамына кіретін тұлғалардың, төлем қызметтерін көрсететін нарық субъектілерінің қызметімен, валюталық құқық қатынастарын реттеумен, қаржылық қызметтер көрсетумен, сондай-ақ қаржы

құралдарын шығарумен, олардың айналысымен, өтеумен және күшін жоюмен байланысты қатынастар жиынтығы түсініледі.

112-2-бап. Ақпараттық құралдардың түрлері

Ақпараттық құралдардың мынадай түрлері болады:

1) мемлекеттік органдарға тұрақты негізде ұсынылатын мерзімді есептілік;

2) мемлекеттік органдардың мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асыруы кезінде ғана берілетін ақпаратты қоспағанда, мемлекеттік органның бастамасы бойынша ақпаратты біржолғы беру;

3) рұқсат беру рәсімдерінің немесе өзге де бастамашылық өтініштердің шеңберінде жеке кәсіпкерлік субъектісінің бастамасы бойынша берілетін ақпаратты қоспағанда, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда мемлекеттік органдарға ақпаратты біржолғы беру;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасында тікелей көзделген жағдайларда, үшінші тұлғаларға берілетін ақпарат.

112-3-бап. Ақпараттық құралдарды енгізу ерекшеліктері

1. Ақпараттық құралдар нормативтік құқықтық актілерде тікелей көзделген жағдайларда ғана енгізіледі.

2. Ақпараттық құралдарды енгізуді көздейтін нормативтік-құқықтық актілер қолданысқа енгізілгеннен кейін реттеуші мемлекеттік орган ақпараттық құралдардың тізбесіне толықтырулар енгізуге бастамашылық жасауға тиіс.";

27) 117-бапта:

1-тармақтың екінші және төртінші бөліктеріндегі "сауда қызметін реттеу саласындағы уәкілетті орган" деген сөздер "жергілікті атқарушы органдар" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақтағы "сауда қызметін реттеу саласындағы уәкілетті орган" деген сөздер "жергілікті атқарушы орган сауда қызметі субъектілерімен консультациялар өткізгеннен кейін" деген сөздермен ауыстырылсын;

28) 120-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Уәкілетті мемлекеттік органдар мемлекеттік монополия субъектісі өндіретін және өткізетін тауарларға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге баға белгілеу қағидаларына сәйкес мемлекеттік монополия субъектілерінің өтінімдерін қарау кезінде жария тыңдаулар өткізеді.";

29) 124-5-баптың 1-тармағы 5) тармақшасының үшінші абзацындағы "көрсетілетін қызметтерді қоспағанда, жүктерді теміржол көлігімен тасымалдау және локомотивтік тартқыш жөніндегі қызметтерді көрсету салаларында қоғамдық маңызы бар нарықтар субъектілерінің тауарларына (жұмыстарына, көрсетілетін қызметтеріне) қолданылады." деген сөздер "көрсетілетін қызметтерді;" деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы төртінші абзацпен толықтырылсын:

"контейнерлерде, контрейлерлік жөнелтілімдермен жүктерді, бос контейнерлерді және бос фитингілік платформаларды теміржол көлігімен тасымалдау жөніндегі көрсетілетін қызметтерді қоспағанда, жүктерді теміржол көлігімен тасымалдау және локомотивтік тартқыш жөніндегі қызметтерді көрсету салаларында қоғамдық маңызы бар нарықтар субъектілерінің тауарларына (жұмыстарына, көрсетілетін қызметтеріне) қолданылады.";

30) 129-бапта:

2 және 4-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Осы баптың 5-тармағында және осы Кодекстің 140-бабының 3 және 5-тармақтарында көзделген жағдайларды қоспағанда, бақылау және қадағалау субъектілеріне мемлекеттік бақылау мен қадағалау жүргізуді ұйымдастыру саласындағы қатынастарды мемлекеттік реттеу құқықтық мәртебесіне және қызмет түрлеріне қарамастан, осы Кодекске сәйкес жүзеге асырылады.";

"4. Осы Кодекстің 130 және 131-баптарын қоспағанда, осы тараудың күші:

1) кеден ісі саласындағы мемлекеттік бақылауға;

2) жер қойнауын пайдаланушылардың жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар және (немесе) лицензиялар талаптарын орындауын бақылауға байланысты қатынастарға қолданылмайды.";

6-тармақ алып тасталсын;

7 және 8-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Осы баптың 4 және 5-тармақтарында санамаланған қатынастарға ішкі бақылау бөлігінде "Әкімшілік рәсімдер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабының күші қолданылады.

8. Осы баптың 4 және 5-тармақтарында көрсетілген, бақылау және қадағалау жүргізу кезінде туындайтын қатынастар Қазақстан Республикасының көрсетілген салалардағы қатынастарды реттейтін заңдарында белгіленеді.";

11-тармақ алып тасталсын;

31) 130-баптың 2-тармағындағы "142-бабының 1-тармағында," деген сөздер алып тасталсын;

32) 132-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"132-бап. Мемлекеттік бақылау және қадағалау субъектілері мен объектілері. Мемлекеттік бақылау және қадағалау субъектілерінің (объектілерінің) қызметіне қойылатын талаптар

1. Қызметіне мемлекеттік бақылау мен қадағалау жүзеге асырылатын жеке тұлғалар, заңды тұлғалар, оның ішінде мемлекеттік органдар, заңды тұлғалардың филиалдары мен өкілдіктері мемлекеттік бақылау және қадағалау субъектілері болып табылады.

Мемлекеттік бақылау және қадағалау субъектісінде меншік құқығымен немесе өзге де заңды негізде болатын, мемлекеттік бақылауға және қадағалауға жататын мүлік мемлекеттік бақылау және қадағалау объектісі болып табылады.

2. Мемлекеттік бақылау және қадағалау субъектілерінің (объектілерінің) қызметіне қойылатын талаптар нормативтік құқықтық актілерде, ал Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтарында және Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулыларында ғана белгіленеді.";

33) 135-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Бақылау және қадағалау органының өз қызметін жүзеге асыру барысында жеделден қою шараларын қолдану құқығымен Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарын қадағалау субъектілерінің сақтауын тексеру, профилактика жүргізу және байқау жөніндегі қызметі мемлекеттік қадағалау (бұдан әрі – қадағалау) болып табылады, оның нәтижелері бойынша әкімшілік жазалар қолданылуы мүмкін.";

34) 137-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"137-бап. Бақылау және қадағалау нысандары

1. Бақылау және қадағалау субъектілерінің (объектілерінің) қызметін бақылау және қадағалау:

1) ұйымдастыру және жүргізу тәртібі – осы Кодексте, ал осы Кодексте көзделген жағдайларда Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында айқындалатын тексеру;

2) егер "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінде (Салық кодексі) өзгеше көзделмесе, ұйымдастыру және жүргізу тәртібі осы Кодексте және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында айқындалатын, алдын алу-профилактикалық сипаттағы профилактикалық бақылау мен қадағалау нысанында жүзеге асырылады.

2. Профилактикалық бақылау мен қадағалау:

1) бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауға;

2) бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау мен қадағалауға бөлінеді.

3. Бақылау және қадағалау органы осы Кодекстің 141-бабының 3-тармағына сәйкес бақылаудың және қадағалаудың нақты субъектісіне (объектісіне) қатысты жүзеге асыратын, құқық бұзушылықтардың профилактикасына, адамның өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға, жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің заңды мүдделеріне олардан төнетін қатердің профилактикасы мен алдын алу мақсатында олардың жасалу себептері мен жағдайларын жою үшін ұсынымдар беруге бағытталған бақылау мен қадағалау бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалау болып табылады.

Осы тармақтың үшінші бөлігінде белгіленген жағдайларды қоспағанда, бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалау нәтижелері бойынша әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қозғамай, бұзушылықтарды жою туралы нұсқама жасалады.

Бақылау және қадағалау органы кәсіпкерлік субъектілерін қолдау және қорғау саласындағы бақылауды жүзеге асырған кезде әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қозғайды.

4. Рұқсатты және (немесе) рұқсатқа қосымшаны бергенге дейін өтініш берушінің біліктілік немесе рұқсат беру талаптарына сәйкестігін рұқсаттық бақылауды қоспағанда, тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарына сәйкес өрескел бұзушылықтар анықталған жағдайда, бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалау нәтижелері бойынша тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарына сәйкес бақылау және қадағалау органы осы Кодекстің 144-бабы 3-тармағының 1) тармақшасына сәйкес жоспардан тыс тексеруді тағайындайды.

Егер бару "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларда рұқсатты және (немесе) рұқсатқа қосымшаны бергенге дейін өтініш берушінің біліктілік немесе рұқсат беру талаптарына сәйкестігін бақылаумен байланысты болса, осы Кодекстің 147-бабы 2-тармағының бірінші бөлігін қоспағанда, осы Кодекстің 141 – 147-баптарының күші бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауға қолданылмайды.

5. Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау мен қадағалау мынадай шарттар сақтала отырып, осы Кодекске және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарына сәйкес жүзеге асырылады:

1) бақылау және қадағалау органдарына бақылау және қадағалау субъектілеріне (объектілеріне) баруға тыйым салынады;

2) құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы уәкілетті органда тіркелу және бақылау және қадағалау субъектісін алдын ала хабардар ету талап етілмейді;

3) бұзушылықтар болған жағдайда әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қозғамай, бірақ бақылау және қадағалау субъектісіне оны жоюдың тәртібі міндетті түрде түсіндіріле отырып, бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау мен қадағалау қорытындысы бойынша олардың түріне қарай қорытынды құжаттар (анықтама, қорытынды, ұсынымдар және басқалары) жасалады.

Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау мен қадағалау жүргізу үшін Қазақстан Республикасының заңдарында бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау мен қадағалаудың мақсаттарын, құралдарын, оларды жүргізу тәсілдерін, субъектілерінің тізбесін, жүргізу жиілігін, есепке алу тәсілін міндетті түрде көрсете отырып, бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау мен қадағалауды жүргізу тәртібі айқындалады.

Осы тармақтың бірінші бөлігі 3) тармақшасының күші бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау мен қадағалау қорытындысы бойынша әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қозғаудың мүмкін болмауы бөлігінде мемлекеттік статистика саласындағы мемлекеттік бақылауды респонденттерге қатысты жүзеге асыру кезінде қолданылмайды.

6. Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау мен қадағалауды талдау нәтижелері бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды жүргізу үшін бақылау және қадағалау субъектілерін (объектілерін) іріктеуге негіз бола алады.";

35) 138-бапта:

9) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"9) қызметін ядролық қондырғыларды қоспағанда, ықтимал радиациялық қауіптілігі III және IV санаттардағы объектілермен жүзеге асыратын субъектілер үшін – атом энергиясын пайдалану саласында;"

10), 11), 14), 15), 33), 34), 37) және 40) тармақшалар алып тасталсын;

44) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"44) Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасының және Қазақстан Республикасының халықты жұмыспен қамту туралы заңнамасының сақталуына;"

45) және 46) тармақшалар алып тасталсын;

61) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"61) Қазақстан Республикасының төлемдер және төлем жүйелері туралы заңнамасының және Қазақстан Республикасының валюта заңнамасының сақталуына;"

62) тармақша алып тасталсын;

64) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"64) тауар белгісін, қызмет көрсету белгісін, тауар шығарылған жердің атауын немесе фирмалық атауын пайдалануға;"

65), 72), 73), 79), 84), 85), 88), 108) және 112) тармақшалар алып тасталсын;

36) 139-бапта:

15), 16) және 17) тармақшалар алып тасталсын;

18) тармақшадағы "саласында жүзеге асырылады." деген сөздер "саласында," деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 19) тармақшамен толықтырылсын:

"19) қызметін ядролық қондырғылармен және ықтимал радиациялық қауіптілігі I және II санаттардағы объектілермен жүзеге асыратын субъектілер үшін – атом энергиясын пайдалану саласында жүзеге асырылады.";

37) 2-параграфтың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"2-параграф. Тексерулерді және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды ұйымдастыру және жүргізу тәртібі";

38) 140-бапта:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"140-бап. Тексерудің және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалаудың жалпы мәселелері";

1 және 2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Бақылау және қадағалау органдары мынадай:

1) мемлекеттік органның лауазымды адамының бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару;

2) профилактикалық бақылау мен қадағалауды жүргізу кезінде қажетті ақпаратты талап етіп алдыруды қоспағанда, тексеру нысанына қатысы бар қажетті ақпаратты сұрату;

3) бақылау және қадағалау субъектісінің осы Кодекстің 132-бабының 2-тармағына сәйкес белгіленген талаптарды сақтауы туралы ақпарат алу мақсатында оны шақырту әрекеттерінің бірін жасау жолымен тексеруді және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды жүргізеді.

2. Бақылау және қадағалау субъектілерінің осы Кодекстің 132-бабының 2-тармағына сәйкес белгіленген талаптарды сақтауы тексерудің және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалаудың нысанасы болып табылады.";

3-тармақта:

бірінші бөлікте:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Осы Кодекстің 154-бабының 2 және 3-тармақтарын, 157-бабын қоспағанда, осы Кодекстің 137-бабының және осы параграфтың күші:";

7), 9) 10), 14) және 16) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"7) тірі малды, жануарлардан және (немесе) өсімдіктерден алынатын өнім мен шикізатты өткізетін сауда базарларында, жануарлардан және (немесе) өсімдіктерден алынатын өнімдер мен шикізатты бірыңғай технологиялық циклде өндіруді, дайындауды (мал союды), сақтауды, өңдеуді жүзеге асыратын ұйымдарда ветеринария және өсімдіктер карантині бойынша мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асыруға;";

"9) жануарлар дүниесі объектілерінің санкциясыз алып қойылуын бақылауды жүзеге асыру мақсатында:

балық шаруашылығының су айдындарында – балықтардың белгіленген кәсіпшілік өлшемі, балық аулау мөлшерлері, құрал түрлері мен тәсілдері, жануарлар дүниесін пайдалануға шектеулер мен тыйым салулар, кейдейсоқ аулау бөлігінде, сондай-ақ балық ресурстарын және басқа да су жануарларын аулауды есепке алу журналының (кәсіпшілік журналы) жүргізілуіне;

аңшылық шаруашылығы аумағында – жануарларды аулау құралдарын алып қою, аулау тәсілі және түрі, олардың жыныстық-жастық құрамы, жануарлар дүниесін пайдалануға шектеулер мен тыйым салулар бөлігінде жануарлар дүниесін пайдалану талаптарының сақталуына;

10) карантинді аймақтарда және жануарлардың аса қауіпті аурулары бойынша қолайсыз пункттерде, карантинді объектілердің, аса қауіпті зиянды организмдердің таралу ошақтарында іс-шараларды бақылауға және қадағалауға;"

"14) Қазақстан Республикасының қаржы заңнамасы талаптарының сақталуына, сондай-ақ қаржы нарығын, қаржы ұйымдарын, төлем жүйелерінің операторлары мен операциялық орталықтарын, төлем ұйымдарын, сондай-ақ коллекторлық агенттіктерді бақылауға және қадағалауға;"

"16) жиырма бір жасқа дейінгі адамдарға алкоголь өнімдерін, он сегіз жасқа дейінгі адамдарға темекі бұйымдарын сатуды, сондай-ақ кәмелетке толмағандардың ойын-сауық орындарында болу тәртібін регламенттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарының сақталуына;"

17), 20), 23), 24) және 25) тармақшалар алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 26) тармақшамен толықтырылсын:

"26) қызметін ядролық қондырғылармен және ықтимал радиациялық қауіптілігі I және II санаттардағы объектілермен жүзеге асыратын субъектілер үшін – атом энергиясын пайдалану саласына байланысты бақылауды және қадағалауды жүзеге асыруға қолданылмайды.";

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Бұл ретте құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы уәкілетті органда міндетті тіркелуге осы тармақтың бірінші бөлігінің 13), 15) (ішкі аудит қызметтерінің тексерулерін қоспағанда), 22) және 26) тармақшаларында, сондай-ақ осы баптың 5-тармағында көрсетілген негіздер бойынша жүзеге асырылатын тексерулер жатады.";

мынадай мазмұндағы үшінші және төртінші бөліктермен толықтырылсын:

"Бұл ретте осы тармақтың бірінші бөлігінің 12) (есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар саласында), 13), 21) және 22) тармақшаларында көрсетілген тексерулерді тағайындау туралы актілер тексеру басталғаннан кейінгі келесі жұмыс күні ішінде құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы уәкілетті органда тіркелуге жатады.

Бақылау және қадағалау органдары тоқсан сайын есепті тоқсаннан кейінгі айдың бесінші күнінен кешіктірмей, құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы уәкілетті органға осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген жеке кәсіпкерлік субъектілеріне қатысты жүргізілген тексерулер туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы айқындаған нысан бойынша ұсынады."

4 және 8-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Осы баптың 3-тармағында көрсетілген тексерулерді жүргізу тәртібі және бұл ретте туындайтын қатынастар Қазақстан Республикасының заңдарымен реттеледі.";

"8. Шағын кәсіпкерлік, оның ішінде микрокәсіпкерлік субъектілеріне қатысты (қайта ұйымдастыру тәртібімен құрылған заңды тұлғалардан және қайта ұйымдастырылған заңды тұлғалардың құқық мирасқорларынан басқа) мемлекеттік тіркелген күнінен бастап үш жыл бойы тексерулер жүргізудің ерекше тәртібі бойынша тексерулерді және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды жүргізуге тыйым салынады.";

39) 141-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"141-бап. Бақылау және қадағалау субъектілерін (объектілерін) топтарға бөлу

1. Мемлекеттік бақылау және қадағалау бақылау және қадағалау субъектілерін (объектілерін) төрт топқа бөлу ескеріле отырып жүргізіледі.

2. Бірінші топқа өздеріне қатысты тәуекел дәрежесін бағалау негізінде тексерулер жүргізудің ерекше тәртібі, жоспардан тыс тексерулер, осы баптың 3-тармағы он бірінші бөлігінің 1), 2) және 4) тармақшаларына сәйкес бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалау және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау мен қадағалау қолданылатын бақылау және қадағалау субъектілері (объектілері) жатады.

Бақылау және қадағалау субъектісінің қызметі нәтижесінде салдарының ауырлық дәрежесі ескеріліп, адамның өміріне немесе денсаулығына, қоршаған ортаға, жеке және заңды тұлғалардың заңды мүдделеріне, мемлекеттің мүліктік мүдделеріне зиян келтіру ықтималдығы тәуекел болып табылады.

Тексерулерді және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды тағайындау мақсатында бақылау және қадағалау органы жүргізетін іс-шаралар кешені тәуекелдерді бағалау жүйесі болып табылады.

Тексерулер жүргізудің ерекше тәртібі мынадай мемлекеттік бақылау және қадағалау салаларында:

1) қызметін ядролық қондырғыларды қоспағанда, ықтимал радиациялық қауіптілігі III және IV санаттағы объектілермен жүзеге асыратын субъектілерге қатысты – атом энергиясын пайдалану саласында;

2) өрт қауіпсіздігі саласында;

3) салықтардың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түсуін, әлеуметтік төлемдерді аударудың толықтығын және уақтылығын қамтамасыз ету саласында;

4) улардың, қару-жарақтың, әскери техниканың және жекелеген қару түрлерінің, жарылғыш және пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдардың айналымы саласында;

5) эпидемиялық маңыздылығы жоғары объектілерге қатысты – халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласында;

6) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында жоғары тәуекел дәрежесіне жатқызылған субъектілерге қатысты бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру кезінде қолданылады.

Санитариялық-эпидемиологиялық бақылауға және қадағалауға жататын объектілерді жоғары тәуекел дәрежесіне жатқызу "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінде көзделген ережелер ескеріле отырып жүзеге асырылады.

Осы тармақтың төртінші бөлігінің 1), 2), 3), 4) және 6) тармақшаларында көрсетілген қызмет салалары үшін тексерулер жүргізудің мерзімділігі тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарымен, бірақ жылына бір реттен жиілетпей айқындалады.

Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласында эпидемиялық маңыздылығы жоғары объектілерге қатысты тексерулер жүргізудің ерекше тәртібін жүргізу мерзімділігі жарты жылда бір реттен жиілетпей айқындалады.

Бақылау және қадағалау субъектісінің тікелей қызметіне, салалық даму ерекшеліктеріне және осы дамуға әсер ететін факторларға байланысты, бақылау және қадағалау субъектілерін (объектілерін) әртүрлі тәуекел дәрежесіне жатқызуға мүмкіндік беретін сандық және сапалық көрсеткіштердің жиынтығы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары болып табылады.

Тексеру жүргізудің ерекше тәртібі үшін қолданылатын тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары және тексеру парақтары "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінде (Салық кодексі) көзделген жағдайларды қоспағанда, реттеуші мемлекеттік органдардың және кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті органның бірлескен актісімен бекітіледі және реттеуші мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарында орналастырылады.

Реттеуші мемлекеттік орган немесе жергілікті атқарушы орган бекіткен жартыжылдық график тексерулер жүргізудің ерекше тәртібін тағайындау үшін негіз болып табылады.

Жартыжылдық графиктер өздеріне қатысты тексерулер жүргізудің ерекше тәртібі тағайындалған объектілер міндетті түрде көрсетіле отырып, бақылау және қадағалау субъектілеріне қатысты қалыптастырылады.

Тексерулер жүргізілетін жылдың алдындағы жылдың 15 қарашасына дейінгі және ағымдағы күнтізбелік жылдың 15 сәуіріне дейінгі мерзімде реттеуші мемлекеттік органдар және жергілікті атқарушы органдар тексерулер жүргізудің жартыжылдық графиктерінің жобаларын құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы уәкілетті органға келісу үшін жібереді.

Тексерулердің жартыжылдық графиктерінің жобаларында нақ сол бақылау және қадағалау субъектілері белгіленген кезде құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы уәкілетті орган графиктердің жобаларын реттеуші мемлекеттік органдарға және жергілікті атқарушы органдарға мұндай субъектілерді тексерулер жүргізу графиктерінен алып тастау үшін не осы баптың талаптарын ескере отырып, оларды жүргізу мерзімдерін түзету үшін қайтарады.

Тексерулер жүргізілетін жылдың алдындағы жылдың 10 желтоқсанына дейінгі және ағымдағы күнтізбелік жылдың 10 мамырына дейінгі мерзімде реттеуші мемлекеттік органдар және жергілікті атқарушы органдар тексерулер жүргізудің реттеуші мемлекеттік органның бірінші басшысы бекіткен жартыжылдық графиктерін Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының тексерулер жүргізудің жартыжылдық жиынтық графигін қалыптастыруы үшін құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы уәкілетті органға жібереді.

Тексерулер жүргізудің жартыжылдық графиктерінің нысанын Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы айқындайды.

Тексерулер жүргізудің жартыжылдық графиктеріне өзгерістер енгізуге жол берілмейді.

Құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы уәкілетті орган тексерулер жүргізудің жартыжылдық жиынтық графигін ағымдағы күнтізбелік жылдың 25 желтоқсанына дейінгі және ағымдағы күнтізбелік жылдың 25 мамырына дейінгі мерзімде Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының интернет-ресурсында орналастырады.

3. Екінші топқа өздеріне қатысты жоспардан тыс тексерулер, бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы және бармай профилактикалық бақылау мен қадағалау жүргізілетін бақылау және қадағалау субъектілері (объектілері) жатады.

Жоспардан тыс тексерулер осы Кодекстің 144-бабының 3-тармағында көзделген негіздер бойынша жүргізіледі.

Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды жүргізу үшін реттеуші мемлекеттік органдар бақылау және қадағалау субъектілерін (объектілерін) іріктеу үшін тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарына, тексеру парақтарына қатысты актілерді әзірлейді және кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті органмен бірлесіп бекітеді, олар реттеуші мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарында орналастырылады.

Реттеуші мемлекеттік органның немесе жергілікті атқарушы органның бірінші басшысы бекіткен, бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды жүргізудің жартыжылдық тізімі бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды тағайындауға негіз болып табылады.

Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды жүргізудің жартыжылдық тізімдері өздеріне қатысты бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалау тағайындалған объектілер міндетті түрде көрсетіле отырып, бақылау және қадағалау субъектілеріне қатысты қалыптастырылады.

Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалау жүргізілетін жылдың алдындағы жылдың 10 желтоқсанына дейінгі және ағымдағы күнтізбелік жылдың 10 мамырына дейінгі мерзімде реттеуші мемлекеттік органдар және жергілікті атқарушы органдар бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды жүргізудің бекітілген жартыжылдық тізімдерін бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды жүргізудің жартыжылдық жиынтық тізімін қалыптастыру үшін құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы уәкілетті органға жібереді.

Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды жүргізудің жартыжылдық тізімдерінің нысанын Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы айқындайды.

Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды жүргізудің жартыжылдық тізімдеріне өзгерістер енгізуге жол берілмейді.

Құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы уәкілетті орган бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды жүргізудің жартыжылдық тізімін Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының интернет-ресурсында бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалау жүргізілетін жылдың алдындағы жылдың 25 желтоқсанына дейінгі және ағымдағы күнтізбелік жылдың 25 мамырына дейінгі мерзімде орналастырады.

Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды жүргізу жиілігі тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарымен, бірақ жылына бір реттен жиілетпей айқындалады.

Осы тармақтың үшінші – оныншы бөліктері мынадай жағдайларда:

1) егер бару "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларда рұқсатты және (немесе) рұқсатқа қосымшаны бергенге дейін өтініш берушінің біліктілік немесе рұқсат беру талаптарына сәйкестігін бақылаумен байланысты болса;

2) егер бару "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес жүргізілетін өнім қауіпсіздігінің мониторингін жүзеге асыру үшін өнімді іріктеумен байланысты болса;

3) егер бару Қазақстан Республикасының астық туралы заңнамасының талаптарына сәйкес астықтың сапасын айқындау үшін оны қабылдау, тиеп-жөнелту және сандық-сапалық есепке алу кезінде сынамаларды іріктеумен байланысты болса;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзушылықтар халықтың өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға және Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігіне ықтимал түрде жаппай қатер төндіруі мүмкін болған жағдайларда, осы бұзушылықтардың профилактикасы мен алдын алу мақсатында бақылау және қадағалау жүзеге асырылған;

5) электр станцияларында, қазандықтарда, электр және жылу желілерінде негізгі жабдықтың тоқтап қалуына, өртке, жарылыстарға, Қазақстан Республикасының біртұтас электр энергетикалық жүйесінің бірнеше бөлікке бөлінуіне, электр энергиясын тұтынушыларды жаппай шектеуге алып келген технологиялық бұзушылықтардың туындағаны туралы хабарламалар келіп түскен;

6) әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына рұқсат етілетін шекті бөлшек сауда бағалары мөлшерінің сақталуына бақылау жүзеге асырылған жағдайларда, бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды жүргізуге қолданылмайды.

Осы тармақтың он бірінші бөлігінің 4) тармақшасына сәйкес бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды жүргізу осы Кодекстің 132-бабының 2-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарды бұзушылық фактілері туындауының себептерін анықтау үшін осы Кодекстің 114-бабы 3-тармағының 7) тармақшасына сәйкес нақты бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) қатысты нақты факт бойынша жоспардан тыс тексеруді жүргізу жеткіліксіз болған және осы нақты фактіге байланысты өзге де субъектілерге қатысты бақылау мен қадағалау талап етілетін жағдайларда ғана жүзеге асырылады.

Осы тармақтың он бірінші бөлігінің 4) тармақшасына сәйкес бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды жүргізу үшін:

1) бақылау және қадағалау органдары нақты фактіге байланысты және ықтимал тәуекелдері бар бақылау және қадағалау субъектілері (объектілері) аясын айқындау мақсатында қолда бар барлық ақпаратқа, оның ішінде "электрондық үкімет" веб-порталын пайдалана отырып және басқа мемлекеттік органдарға сұрау салу арқылы талдау жүргізеді;

2) бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды жүргізудің бақылау және қадағалау органының бірінші басшысы бекіткен қосымша тізімі қалыптастырылады;

3) осы Кодекстің 144-бабы 3-тармағының 7) тармақшасына сәйкес жүргізілген жоспардан тыс тексеру нәтижесінде анықталған фактілер ғана бақылау және қадағалау

субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды жүргізу нысанасы болып табылады.

Осы тармақтың он бірінші бөлігінің 4) тармақшасына сәйкес бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды жүргізу туралы шешімді негізсіз қабылдағаны үшін бақылау және қадағалау органының бірінші басшысы Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады.

4. Бақылау және қадағалау субъектілерін (объектілерін) іріктеу үшін тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары, тексеру парақтары кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті орган бекіткен, мемлекеттік органдардың тәуекелдерді бағалау жүйесін қалыптастыруы тәртібінің негізінде әзірленеді.

Ақпараттық жүйелерді пайдалана отырып, мемлекеттік органдардың тәуекелдерді бағалау жүйесін қалыптастыру тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарының ерекшелігі мен құпиялылығы ескеріле отырып, мемлекеттік органдардың тәуекелдерді бағалау жүйесін қалыптастыруы қағидаларында айқындалған тәртіппен жүзеге асырылады.

5. Үшінші топқа өздеріне қатысты осы Кодекстің 144-бабының 3-тармағында көзделген негіздер бойынша жоспардан тыс тексерулер және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау мен қадағалау жүргізілетін бақылау және қадағалау субъектілері (объектілері) жатады.

Жоспардан тыс тексерулер жүргізу үшін реттеуші мемлекеттік органдар тексеру парақтарына қатысты актілерді әзірлейді және кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті органмен бірлесіп бекітеді, олар реттеуші мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарында орналастырылады.

Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау мен қадағалау осы Кодекстің 137-бабына және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

6. Төртінші топқа өздеріне қатысты бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау мен қадағалау ғана жүргізілетін бақылау және қадағалау субъектілері (объектілері) жатады.

Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау мен қадағалау осы Кодекстің 137-бабына және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

7. Кәсіпкерлік субъектілерінің мемлекеттік бақылау және қадағалау жүзеге асырылатын қызметінің салаларын осы баптың 3, 5 және 6-тармақтарында көрсетілген топтарға жатқызуды, сондай-ақ жоғары тәуекел дәрежесіне жатқызылған және жоғары тәуекел дәрежесіне жатқызылмаған бақылау және қадағалау субъектілерін (объектілерін) бөлуді әрбір бақылау және қадағалау саласы үшін реттеуші мемлекеттік органдар жүзеге асырады.

8. Бірінші және екінші топтарға жатқызылған бақылау және қадағалау субъектілері (объектілері) мынадай жағдайларда:

1) егер мұндай субъектілер Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларда және тәртіппен үшінші тұлғалар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру шарттарын жасасқан болса;

2) егер Қазақстан Республикасының заңдарында және реттеуші мемлекеттік органдардың тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарында тексерулер жүргізудің ерекше тәртібі бойынша тексерулерден және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалаудан босату жағдайлары айқындалған болса;

3) егер субъектілер "Өзін-өзі реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ерікті мүше болуға (қатысуға) негізделген өзін-өзі реттеу ұйымының мүшелері болып табылса, кәсіпкерлік субъектілерінің тиісті қызмет салаларындағы үшінші топқа ауыстырылуы мүмкін.";

40) 142-бап алып тасталсын;

41) 143-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"143-бап. Тексеру парақтары

1. Реттеуші мемлекеттік орган және кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті орган бақылау және қадағалау субъектілерінің (объектілерінің) біртекті топтары үшін бірлескен актімен тексеру парақтарын бекітеді.

Бекітілген тексеру парақтары реттеуші мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарында орналастырылады.

2. Тексеру парағы бақылау және қадағалау субъектілерінің (объектілерінің) қызметіне қойылатын, олардың сақталмауы адамның өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға, жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің заңды мүдделеріне қатер төндіруге алып келетін талаптардың тізбесін қамтиды.

Тексеру парағы бақылау және қадағалау субъектілерінің (объектілерінің) біртекті топтары үшін бөліп жасалады.

Біртекті топтар деп нақ сол талаптар қойылатын бақылау және қадағалау субъектілері (объектілері) түсініледі.

Тексеру парағы мынадай шарттар ескеріле отырып қалыптастырылады:

1) талаптар осы Кодекстің 132-бабының 2-тармағына сәйкес белгіленуге тиіс;

2) олардың сақталмауы адамның өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға, жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің заңды мүдделеріне қатер төндіруге алып келетін талаптар енгізіледі;

3) талаптар жалпы сипатта бола алмайды және басқа нормативтік құқықтық актілерге сілтемені қамти алмайды;

4) талаптардың тұжырымдары мейлінше қысқаша болуға, нақты мағынаны және әртүрлі түсіндірілуге жатпайтын мағынаны қамтуға тиіс.

3. Тексеру парақтарында белгіленген талаптар ғана тексерілуге және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауға жатады.";

42) 144-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Тексерулер мынадай түрлерге бөлінеді:

1) тәуекел дәрежесін бағалау негізінде ерекше тәртіп бойынша жүргізілетін тексерулер;

2) жоспардан тыс тексерулер.

Адамның өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға, жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің заңды мүдделеріне төнетін тікелей қатердің алдын алу және (немесе) оны жою мақсатында бақылау және қадағалау органы осы Кодекстің 141-бабы 2-тармағының төртінші бөлігінде айқындалған мемлекеттік бақылау және қадағалау салаларында тәуекел дәрежесін бағалау негізінде нақты бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) қатысты тағайындайтын тексеру ерекше тәртіп бойынша жүргізілетін тексеру болып табылады.

Адамның өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға, жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің заңды мүдделеріне төнетін тікелей қатердің алдын алу және (немесе) оны жою мақсатында бақылау және қадағалау органы нақты бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) қатысты жоспардан тыс тексеруді тағайындауға негіз болған нақты фактілер мен мән-жайлар бойынша тағайындайтын тексеру жоспардан тыс тексеру болып табылады.";

2-тармақ алып тасталсын;

3-тармақта:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Бақылау және қадағалау субъектілерін жоспардан тыс тексеруге:";

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) тексерудің және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалаудың нәтижесінде тәуекелдер дәрежесін бағалау өлшемшарттарында айқындалған, анықталған өрескел бұзушылықтарды жою туралы нұсқамалардың (қаулылардың, ұсынулардың, хабарламалардың) орындалуын бақылау;"

мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

"1-1) субъект анықталған бұзушылықтарды жою туралы ақпаратты бір реттен көп бермеген және (немесе) бұзушылықтарды жоймаған жағдайларда, тексерудің және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалаудың нәтижесінде тәуекелдер дәрежесін бағалау

өлшемшаттарында айқындалған, анықталған елеулі және елеусіз бұзушылықтарды жою туралы нұсқамалардың (қаулылардың, ұсынулардың, хабарламалардың) орындалуын бақылау;"

2), 6), 7) және 8) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"2) оларды жоймау адамның өмірі мен денсаулығына зиян келтіруге алып келетін, Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын бұзушылықтардың нақты фактілері бойынша жеке және заңды тұлғалардың жүгінімдері;"

"6) адамның өміріне, денсаулығына, қоршаған ортаға және жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің заңды мүдделеріне зиян келтірудің нақты фактілері бойынша , сондай-ақ оларды жоймау адамның өмірі мен денсаулығына зиян келтіруге алып келетін, Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын бұзушылықтардың нақты фактілері бойынша мемлекеттік органдардың жүгінімдері;

7) тексеруді жүзеге асыру үшін қажетті ақпаратты алу мақсатында бақылау және қадағалау субъектісі азаматтық-құқықтық қатынастарда болған үшінші тұлғаларға қатысты қарсы тексеру;

8) бақылау және қадағалау субъектісінің бастапқы тексерумен келіспейтіні туралы жүгініміне байланысты қайта тексеру;"

11) тармақша алып тасталсын;

43) 145-бапта:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"145-бап. Тексеруді және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды тағайындау туралы акт";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Тексеруді мемлекеттік орган тексеруді тағайындау туралы актінің негізінде жүргізеді.

Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды мемлекеттік орган бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды тағайындау туралы актінің негізінде жүргізеді.";

2-тармақта:

5) және 10) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"5) бақылау және қадағалау субъектісінің атауы немесе өзіне қатысты тексеруді жүргізу тағайындалған жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе), оның тұрған жері, сәйкестендіру нөмірі, бақылау және қадағалау объектілерінің тізбесі, аумақтың учаскесі көрсетіледі.

Заңды тұлғаның филиалын және (немесе) өкілдігін тексерген жағдайда тексеруді тағайындау туралы актіде оның атауы және тұрған жері көрсетіледі;"

"10) бақылау және қадағалау субъектісінің осы Кодекстің 155-бабында көзделген құқықтары мен міндеттері;"

11) тармақшадағы "мөрі көрсетіледі." деген сөздер "мөрі;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 12) тармақшамен толықтырылсын:

"12) заңды тұлға басшысының не оның уәкілетті адамының, жеке тұлғаның тексеруді тағайындау туралы актіні алғаны немесе алудан бас тартқаны туралы қолтаңбасы көрсетіледі.";

мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды тағайындау туралы актіде:

1) актінің нөмірі мен күні;

2) мемлекеттік органның атауы;

3) бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды жүргізуге уәкілеттік берілген адамның (адамдардың) тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе) және лауазымы;

4) бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды жүргізуге тартылатын мамандар, консультанттар және сарапшылар туралы мәліметтер;

5) бақылау және қадағалау субъектісінің атауы немесе өзіне қатысты бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды жүргізу тағайындалған жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (егер жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе), оның тұрған жері, сәйкестендіру нөмірі, бақылау және қадағалау объектілерінің тізбесі, аумақтың учаскесі көрсетіледі.

Заңды тұлғаның филиалын және (немесе) өкілдігін бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалау жағдайында, бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды тағайындау туралы актіде оның атауы және тұрған жері көрсетіледі;

6) тағайындалған бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалаудың нысанасы;

7) бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды жүргізу мерзімі;

8) бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды жүргізудің құқықтық негіздері, оның ішінде тексеру парақтарының талаптары;

9) бақылау және қадағалау субъектісінің осы Кодекстің 155-бабында көзделген құқықтары мен міндеттері;

10) актіге қол қоюға уәкілеттік берілген адамның қолтаңбасы және мемлекеттік органның мөрі;

11) заңды тұлға басшысының не оның уәкілетті адамының, жеке тұлғаның бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды тағайындау туралы актіні алғаны немесе алудан бас тартқаны туралы қолтаңбасы көрсетіледі.";

44) 146, 147 және 148-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"146-бап. Тексеруді және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды тағайындау туралы актіні, олардың мерзімдерін ұзарту туралы қосымша актіні тіркеу

1. Мемлекеттік кіріс органдары "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес жүзеге асыратын қарсы тексерулерді қоспағанда, бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы тексеруді және профилактикалық бақылау мен қадағалауды тағайындау туралы акт, олардың мерзімдерін ұзарту туралы қосымша акт құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы уәкілетті органда міндетті түрде тіркеледі.

Тексеруді және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды тағайындау туралы акт, олардың мерзімдерін ұзарту туралы қосымша акт объектілер міндетті түрде көрсетіле отырып, бақылау және қадағалау субъектісіне қатысты тіркеледі.

Мемлекеттік кіріс органдары "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінде (Салық кодексі) көзделген салықтық қарсы тексерулерді жүргізу кезінде тексерілетін бақылау және қадағалау субъектісінің (объектісінің) тұрған жеріндегі құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы органдарды хабардар етеді.

Тексеруді және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды тағайындау туралы актіні, олардың мерзімдерін ұзарту туралы қосымша актіні тіркеу есепке алу сипатында болады және тәуекелдерді басқарудың ведомстволық жүйелерін қалыптастыру мен жетілдіру үшін пайдаланылады.

2. Бақылау және қадағалау органы тексеруді және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды тағайындау туралы актіні, олардың мерзімдерін ұзарту туралы қосымша актіні тексеру және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалау басталғанға дейін құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы уәкілетті органда бақылау және қадағалау субъектісінің (объектісінің) тұрған жеріндегі құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы уәкілетті органның аумақтық органына оларды ұсыну, оның ішінде электрондық нысанда ұсыну жолымен тіркейді.

Осы Кодекстің 141-бабының 3-тармағы он бірінші бөлігінің 1) және 3) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды тағайындау туралы акт құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы уәкілетті органда бақылау және қадағалау субъектісінің (объектісінің) тұрған жеріндегі құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы уәкілетті органның аумақтық органына оны ұсыну, оның ішінде электрондық нысанда ұсыну жолымен бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалау басталған күннен кейінгі келесі жұмыс күні ішінде тіркеледі.

Тексеруді және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды тағайындау туралы актіні тіркеу кезінде бақылау және қадағалау органы тексеруге жататын талаптардың тармақтарын көрсете отырып, тексеру парақтарын (олар болған кезде) ұсынады.

Тексеруді және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды тағайындау туралы актілерді, олардың мерзімдерін ұзарту және күшін жою туралы қосымша актілерді, тексеру және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалау мерзімдерін тоқтата тұру, қайта бастау, ұзарту, қатысушылар құрамын өзгерту және тексеру және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалау туралы ақпараттық есепке алу құжаттарын ұсыну және олардың нәтижелері туралы хабарламаларды тіркеу тәртібін Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы айқындайды.

3. Тексерудің немесе бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалаудың қажеттілігі қоғамдық тәртіпке, халықтың денсаулығына және Қазақстан Республикасының ұлттық мүдделеріне төнген қатерді дереу жоюды талап ететін қалыптасқан әлеуметтік-экономикалық ахуалға байланысты туындаған жағдайда, сондай-ақ бұзушылықтар жасалған кезде тікелей олардың жолын кесу және дәлелдемелерді бекіту үшін кезек күттірмейтін іс-қимылдар жүргізу қажеттілігіне қарай тексеру және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалау жұмыстан тыс уақытта (түнгі уақытта, демалыс немесе мереке күндері) жүргізілген кезде тексеруді және профилактикалық бақылау мен қадағалауды тағайындау туралы актілерді тіркеу құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы уәкілетті органда тексеру және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалау басталғаннан кейінгі келесі жұмыс күні ішінде жүргізіледі.

147-бап. Тексеруді және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды жүргізу тәртібі

1. Бақылау және қадағалау органы тексеру басталатын күн мен тексеруді жүргізу нысанасын көрсете отырып, тексерулер жүргізудің ерекше тәртібі бойынша тексеру

жүргізудің басталатыны туралы ол басталғанға дейін кемінде күнтізбелік отыз күн бұрын бақылау және қадағалау субъектісіне (занды тұлғаның басшысына не оның уәкілетті адамына, жеке тұлғаға) жазбаша түрде хабарлауға міндетті.

Осы Кодекстің 141-бабының 3-тармағы он бірінші бөлігінің 1), 3) және 6) тармақшаларында, 144-бабы 3-тармағының 3), 4), 9) және 10) тармақшаларында, 6, 7 және 8-тармақтарында көзделген жағдайларды қоспағанда, жоспардан тыс тексеруді және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды жүргізу кезінде бақылау және қадағалау органы тексеруді және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды жүргізу нысанасын көрсете отырып, жоспардан тыс тексеруді және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды жүргізудің басталатыны туралы олар басталғанға дейін кемінде бір тәулік бұрын бақылау және қадағалау субъектісіне хабарлауға міндетті.

Бақылау және қадағалау органы тексеруді және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды жүргізудің басталатыны туралы хабарламаны қолма-қол табыс етеді, табыс ету туралы хабарламасы бар тапсырысты пошта жөнелтілімі нысанында не электрондық цифрлық қолтаңба қойылған электрондық құжат арқылы, егер субъект бұрын электрондық пошта мекенжайын бақылау және қадағалау органына ұсынған болса, бақылау және қадағалау субъектісінің осындай мекенжайына немесе өзге қолжетімді тәсілмен жібереді.

2. Тексерулер жүргізудің ерекше тәртібі бойынша тексерулер, жоспардан тыс тексерулер, сондай-ақ бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалау, егер осы тармақтың екінші бөлігінде өзгеше белгіленбесе, бақылау және қадағалау субъектісінің (объектісінің) ішкі еңбек тәртіптемесі қағидаларында белгіленген жұмыс уақытында жүзеге асырылады.

Жоспардан тыс тексеру бұзушылықтарды тікелей жасау кезінде олардың жолын кесу қажеттілігіне қарай жұмыстан тыс уақытта (түнгі уақытта, демалыс немесе мереке күндері) жүргізілуі мүмкін.

3. Бақылау және қадағалау органының объектіге тексеру немесе бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалау үшін келген лауазымды адамдары бақылау және қадағалау субъектісіне:

1) құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы уәкілетті органда тіркелгені туралы белгі қойылған тексеруді немесе бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды тағайындау туралы актіні;

2) қызметтік куәлігін;

3) қажет болған кезде – құзыретті органның режимді объектілерге баруға арналған рұқсатын;

4) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган айқындаған тәртіппен берілген, объектілерге бару үшін қажет болатын медициналық рұқсаттаманы көрсетуге міндетті.

Бақылау және қадағалау субъектісіне (заңды тұлғаның басшысына не оның уәкілетті адамына, жеке тұлғаға) тексеруді немесе бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды тағайындау туралы актіні табыс ету, сондай-ақ бақылау және қадағалау субъектісін тексеруге және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауға жататын талаптардың тармақтары көрсетілген тексеру парағымен таныстыру күні тексеруді немесе бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды жүргізудің басталуы деп есептеледі.

4. Тексеруді немесе бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды тағайындау туралы актіні қабылдаудан, тексеру парағымен танысудан бас тартылған, сондай-ақ бақылау және қадағалау органының тексеруді немесе бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды жүзеге асыратын лауазымды адамының тексеруді немесе бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды жүргізу үшін қажетті материалдарға қол жеткізуіне кедергі келтірілген жағдайларда хаттама жасалады. Хаттамаға бақылау және қадағалау органының тексеруді немесе бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды жүзеге асыратын лауазымды адамы және заңды тұлғаның басшысы не оның уәкілетті адамы, жеке тұлға қол қояды.

Заңды тұлғаның басшысы не оның уәкілетті адамы, жеке тұлға бас тарту себебіне жазбаша түсініктеме беріп, хаттамаға қол қоюдан бас тартуға құқылы. Тексеруді немесе бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды тағайындау туралы актіні алудан бас тарту тексеруді немесе бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды жүргізбеуге негіз болып табылмайды.

5. Тексеруді немесе бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды тағайындау туралы актіде көрсетілген лауазымды адам (адамдар) ғана тексеруді және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды жүргізе алады. Бұл ретте тексеруді немесе бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды жүргізетін лауазымды адамдардың құрамы бақылау және қадағалау органының шешімі бойынша өзгеруі мүмкін, бұл туралы бақылау және қадағалау субъектісі және құқықтық статистика және арнайы

есепке алу саласындағы уәкілетті орган тексеруді немесе бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды тағайындау туралы актіде көрсетілмеген адамдардың тексеруге қатысуы басталғанға дейін ауыстыру себебі көрсетіле отырып хабардар етіледі.

6. Тексеруді және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды бір мезгілде бірнеше бақылау және қадағалау органдарының жүргізуі қажет болған кезде осы органдардың әрқайсысы бақылау және қадағалау субъектісіне қатысты тексеруді және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды тағайындау туралы актіні ресімдеуге және оны құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы уәкілетті органда тіркеуге міндетті.

Нақ сол мәселелер шеңбері бойынша бірнеше бақылау және қадағалау субъектісіне бір мезгілде бір бақылау және қадағалау органының тексеруді және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды жүргізуі қажет болған кезде мынадай:

- 1) салық органдарында тіркеу есебіне қою;
- 2) бақылау-касса машиналарының болуы;
- 3) акциздік және есептік-бақылау маркаларының болуы және олардың төлнұсқалылығы;
- 4) алкоголь өніміне, мұнай өнімдеріне және биоотынға ілеспе жүкқұжаттардың болуы және олардың төлнұсқалылығы;
- 5) лицензияның болуы;
- 6) төлем карточкаларын пайдалана отырып, төлемдерді жүзеге асыруға арналған жабдықтың (құрылғының) болуы;
- 7) көліктік бақылау немесе ішкі істер органдарының бекеттерінде автокөлік құралдарын тексеру кезінде импортталатын тауарларға тауар-көлік жүкқұжаттарының болуы және тауарлар атауының тауар-көлік жүкқұжаттарында көрсетілген мәліметтерге сәйкестігі;
- 8) Қазақстан Республикасының аумағынан Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумағына тауарларды әкеткен кезде Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарды іске асыру үшін қабылданған, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде көзделген құжаттардың болуы және тауарлардың құжаттарда көрсетілген мәліметтерге сәйкестігі мәселелері бойынша жүргізілетін салықтық тексеруді қоспағанда, осы орган әрбір бақылау және қадағалау субъектісіне тексеруді немесе бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды тағайындау туралы актіні ресімдеуге және оны құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы уәкілетті органда тіркеуге міндетті.

148-бап. Тексеруді және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды жүргізу мерзімдері

1. Тексеруді және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды жүргізу мерзімдері алдағы жұмыстардың көлемі, сондай-ақ алға қойылған міндеттер ескеріле отырып белгіленеді және олар:

1) микрокәсіпкерлік субъектілері үшін – бес жұмыс күнінен аспайтын және бес жұмыс күніне дейін ұзартылатын;

2) шағын, орта және ірі кәсіпкерлік субъектілері, сондай-ақ жеке кәсіпкерлік субъектілері болып табылмайтын бақылау және қадағалау субъектілері үшін:

жоспардан тыс тексерулерді жүргізу кезінде – он жұмыс күнінен аспайтын және он жұмыс күніне дейін ұзартылатын;

ерекше тәртіп бойынша жүргізілетін тексерулерді және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды жүргізу кезінде – он бес жұмыс күнінен аспайтын және он бес жұмыс күніне дейін ұзартылатын;

3) ветеринария, өсімдіктер карантині және оларды қорғау, тұқым шаруашылығы, астық және мақта нарығы саласында – бес жұмыс күнінен аспайтын және бес жұмыс күніне дейін ұзартылатын;

4) құрылыс объектілеріндегі еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бөлігінде Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасын сақтау саласында олардың техникалық күрделілігін ескере отырып:

техникалық жағынан күрделі объектілерге жатқызылатындарға – бес жұмыс күнінен аспайтын және бес жұмыс күніне дейін ұзартылатын;

техникалық жағынан күрделі объектілерге жатқызылмайтындарға – жұмыс күнінің төрт сағатынан аспайтын және жұмыс күнінің сегіз сағатына дейін ұзартылатын мерзім болуға тиіс.

2. Бақылау және қадағалау органының басшысы (не оның міндетін атқаратын адам) тексеруді және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды жүргізу мерзімдерін:

1) Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары шеңберінде шетелдік мемлекеттік органдардан ақпарат алу;

2) өзіне қатысты тексеру және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалау жүргізіліп жатқан тұлғаның тұратын жерін анықтау;

3) санитариялық-эпидемиологиялық сараптаманың зертханалық зерттеулерінің нәтижелерін алу қажет болған жағдайларда ғана осы баптың 1-тармағында айқындалған мерзімдерге бір рет қана ұзарта алады.

Тексеру және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалау мерзімдері ұзартылған жағдайда бақылау

және қадағалау органы міндетті түрде құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы уәкілетті органда тіркей отырып, тексеруді және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды ұзарту туралы қосымша актіні ресімдейді, онда тексеруді немесе бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды тағайындау туралы алдыңғы актінің нөмірі мен тіркелген күні және ұзарту себебі көрсетіледі.

Тексеру және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалау мерзімдері ұзартылған жағдайда бақылау және қадағалау органы бұл туралы бақылау және қадағалау субъектісін (заңды тұлғаның басшысын не оның уәкілетті адамын, жеке тұлғаны) міндетті түрде хабардар етеді.

Бақылау және қадағалау органы тексерудің және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалаудың мерзімдерін ұзарту туралы хабарламаны ұзартылғанға дейін бір жұмыс күні бұрын табыс ету туралы хабарламасы бар тапсырысты пошта жөнелтілімі нысанында не электрондық цифрлық қолтаңба қойылған электрондық құжат арқылы, егер субъект бұрын электрондық пошта мекенжайын бақылау және қадағалау органына ұсынған болса, бақылау және қадағалау субъектісінің осындай мекенжайына немесе өзге қолжетімді тәсілмен жібереді.

Мемлекеттік кіріс органдары жүзеге асыратын тексерулерді және мемлекеттік бақылаудың өзге нысандарын жүргізу, ұзарту және тоқтата тұру тәртібінің ерекшеліктері және мерзімдері "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінде (Салық кодексі) айқындалады.";

45) 151-бапта:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"151-бап. Тексеруді және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды жүргізу кезіндегі шектеулер";

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Бақылау және қадағалау органының лауазымды адамдары тексеруді немесе бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды жүргізу кезінде:";

4), 5) және 6) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"4) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, тексеруді және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды жүргізу нәтижесінде алынған және коммерциялық, салықтық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты жария етуге және (немесе) таратуға;

5) тексеруді және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды жүргізудің белгіленген мерзімдерін асыруға;

б) осы Кодекстің 144-бабы 3-тармағының 3), 4), 8), 9) және 10) тармақшаларында көзделген жағдайларды қоспағанда, сол бір кезең ішінде сол бір мәселе бойынша оның жоғары тұрған (төмен тұрған) органы не өзге де мемлекеттік орган өзіне қатысты бұрын тексеруді немесе бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды жүргізген тексеруді немесе бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды жүргізуге;"

46) 152-бапта:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"152-бап. Тексеру нәтижелерін ресімдеу тәртібі";

1-тармақта:

бірінші және үшінші бөліктер мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Бақылау және қадағалау органының лауазымды адамы тексеру нәтижелері бойынша:

1) тексеру нәтижелері туралы акт;

2) бұзушылықтар анықталған жағдайларда анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқама жасайды.";

"Тексеру нәтижелері туралы актіге:

1) бұзушылықтар анықталған жағдайларда анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқама не "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінде (Салық кодексі) көзделген өзге де құжат;

2) өнімдердің үлгілерін (сынамаларын) іріктеу, қоршаған орта объектілерін зерттеп-қарау актілері, жүргізілген зерттеулердің (сынақтардың) және сараптамалардың хаттамалары (қорытындылары) және тексеру нәтижелерімен байланысты басқа да құжаттар немесе олардың көшірмелері – олар болған кезде қоса беріледі.";

мынадай мазмұндағы төртінші, бесінші және алтыншы бөліктермен толықтырылсын:

"Жүргізілу барысында тексеру парақтарының талаптарын бұзушылықтар анықталған тексеру нәтижелері туралы әрбір акт бойынша бір ғана нұсқама берілуі мүмкін.

Нұсқама осы Кодекстің 152-1-бабының 2, 3 және 4-тармақтарына сәйкес жасалады.

Мемлекеттік кіріс органдары жүзеге асыратын тексерулерді тағайындау, олардың нәтижелері туралы актіні (хабарламаларды) қоспағанда, тексеру тағайындау туралы актінің, тексеру нәтижелері туралы актінің, анықталған бұзушылықтарды жою туралы

нұсқаманың нысандарын Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы айқындайды.
".

3 және 4-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Тексеру нәтижелері туралы акт және нұсқама үш данада жасалады.

Бақылау және қадағалау органы тексеру нәтижелері туралы актінің бірінші данасын құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы уәкілетті органға және оның аумақтық органдарына электрондық нысанда тапсырады, екінші данасы танысу және анықталған бұзушылықтарды жою бойынша шаралар қабылдау және басқа да іс-қимылдар үшін бақылау және қадағалау субъектісіне (заңды тұлғаның басшысына не оның уәкілетті адамына, жеке тұлғаға) қағаз жеткізгіште қолын қойғызып беріледі, үшінші данасы бақылау және қадағалау органында қалады.

4. Тексеру нәтижесінде анықталған бұзушылықтар бойынша қосымша уақыт және (немесе) қаржы шығындары қажет болған жағдайда, бақылау және қадағалау субъектісі үш жұмыс күнінен кешіктірмей бұзушылықтарды жою мерзімдерін ұзарту туралы өтінішпен тексеру жүргізген мемлекеттік органға жүгінуге құқылы.

Өтініште бақылау және қадағалау субъектісі бұзушылықтарды жою бойынша қабылданатын шараларды және бұзушылықтарды жою мерзімдерін ұзартудың объективті себептерін баяндауға міндетті.

Тексеру жүргізген мемлекеттік орган өтініште жазылған дәлелдерді ескере отырып, үш жұмыс күні ішінде, бұзушылықтарды жою мерзімдерін ұзарту немесе уәжді негіздемемен ұзартудан бас тарту туралы шешім қабылдайды.";

мынадай мазмұндағы 9 және 10-тармақтармен толықтырылсын:

"9. Анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқамада белгіленген бұзушылықтарды жою мерзімі өткеннен кейін бақылау және қадағалау субъектісі анықталған бұзушылықтарды жою туралы ақпаратты нұсқамада белгіленген мерзім ішінде тексеруді жүргізген бақылау және қадағалау органына беруге міндетті.

10. Бақылау және қадағалау субъектісі тексеру нәтижесінде анықталған, тәуекелдер дәрежесін бағалау өлшемшарттарында айқындалған елеулі және елеусіз бұзушылықтарды жою туралы нұсқаманың орындалуы туралы ақпаратты белгіленген мерзімде бермеген жағдайда, бақылау және қадағалау органы екі жұмыс күні ішінде бақылау және қадағалау субъектісіне нұсқаманың орындалуы туралы ақпаратты беру қажеттігі туралы сұрау салу жібереді.

Осы тармақтың бірінші бөлігіне сәйкес ақпаратты беру қажеттігі туралы сұрау салуды алғаннан кейін бақылау және қадағалау субъектісі үш жұмыс күні ішінде тиісті ақпаратты бақылау және қадағалау органына беруге міндетті.

Осы тармақтың екінші бөлігіне сәйкес ақпарат берілмеген жағдайда бақылау және қадағалау органы осы Кодекстің 144-бабы 3-тармағының 1-1) тармақшасына сәйкес жоспардан тыс тексеруді тағайындауға құқылы.";

47) мынадай мазмұндағы 152-1-баппен толықтырылсын:

"152-1-бап. Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалау нәтижелерін ресімдеу тәртібі

1. Тәуекелдерді бағалау жүйесінің негізінде жүргізілген, бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалау нәтижелері бойынша бақылау және қадағалау органының лауазымды адамы бұзушылықтар болған жағдайда, анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқама жасайды.

2. Анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқамада:

1) нұсқаманың жасалған күні, уақыты және орны;

2) бақылау және қадағалау органының атауы;

3) бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды жүргізген адамның (адамдардың) тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе) және лауазымы;

4) бақылау және қадағалау субъектісінің атауы немесе тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе), бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды жүргізу кезінде қатысқан жеке немесе заңды тұлға өкілінің лауазымы;

5) бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалаудың жүргізілген күні, орны және кезеңі;

6) тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективтік өлшемшарттарына сәйкес бұзушылықтың ауырлық дәрежесін міндетті түрде көрсете отырып, тексеру парағының тармақтарына сәйкес анықталған бұзушылықтардың тізбесі;

7) анықталған бұзушылықтарды жою мерзімдерін көрсете отырып, оларды жою бойынша ықтимал іс-қимылдарға ұсынымдар және оларды көрсету;

8) бақылау және қадағалау субъектісі өкілінің (заңды тұлға басшысының не оның уәкілетті адамының, жеке тұлғаның), сондай-ақ бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды жүргізу кезінде қатысқан адамдардың нұсқамамен танысуы немесе танысудан бас тартуы туралы мәліметтер, олардың қолтаңбалары немесе қол қоюдан бас тартуы;

9) бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды жүргізген лауазымды адамның (адамдардың) қолтаңбасы көрсетіледі.

3. Анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқаманың орындалу мерзімдері оны орындаудың нақты мүмкіндігіне ықпал ететін мән-жайлар ескеріле отырып, бірақ анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқама табыс етілген күннен бастап кемінде күнтізбелік он күнге айқындалады.

Анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқаманы орындау мерзімдерін айқындау кезінде:

1) бақылау және қадағалау субъектісінде бұзушылықтарды жою бойынша ұйымдастырушылық, техникалық және қаржылық мүмкіндіктердің бар-жоғы;

2) пайдаланылатын өндірістік объектілердің техникалық жай-күйінің ерекшеліктері;

3) мемлекеттік органдарда, жергілікті атқарушы органдарда "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына 1, 2 және 3-қосымшаларда көзделген тиісті рұқсатты алу немесе хабарламаны, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген өзге де міндетті қорытындыларды, келісулерді және басқа да құжаттарды беру мерзімдері ескеріледі.

4. Анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқама үш данада жасалады.

Бақылау және қадағалау органы анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқаманың бірінші данасын құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы уәкілетті органға және оның аумақтық органдарына электрондық нысанда тапсырады, екінші данасы танысу және анықталған бұзушылықтарды жою бойынша шаралар қабылдау және басқа да іс-қимылдар үшін бақылау және қадағалау субъектісіне (заңды тұлғаның басшысына не оның уәкілетті адамына, жеке тұлғаға) қағаз жеткізгіште қолын қойғызып табыс етіледі, үшінші данасы бақылау және қадағалау органында қалады.

5. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалаудың нәтижесінде анықталған бұзушылықтар бойынша қосымша уақыт және (немесе) қаржы шығындары қажет болған жағдайда, бақылау және қадағалау субъектісі анықталған бұзушылықтарды жою бойынша қабылданатын шаралар туралы ақпаратты тексеруді жүргізген мемлекеттік органның басшысымен келісілетін мерзімдерді көрсете отырып, үш жұмыс күнінен кешіктірмей беруге құқылы.

6. Бақылау және қадағалау субъектісіне қорытынды (бұзушылықтар болмаған жағдайда) не бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды тағайындау туралы актіде көрсетілген, бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалаудың аяқталу мерзімінен кешіктірілмей анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқама табыс етілген күн бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалау мерзімінің аяқталуы деп есептеледі.

7. Анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқамада белгіленген бұзушылықтарды жою мерзімі өткеннен кейін бақылау және қадағалау субъектісі бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды жүргізген бақылау және қадағалау органына анықталған бұзушылықтарды жою туралы ақпаратты нұсқамада белгіленген мерзім ішінде беруге міндетті.

8. Бақылау және қадағалау субъектісі бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалаудың нәтижесінде анықталған, тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарында айқындалған елеулі және елеусіз бұзушылықтарды жою туралы нұсқаманың орындалуы туралы ақпаратты белгіленген мерзімде бермеген жағдайда, бақылау және қадағалау органы екі жұмыс күні ішінде бақылау және қадағалау субъектісіне нұсқаманың орындалуы туралы ақпаратты беру қажеттігі туралы сұрау салу жібереді.

Осы тармақтың бірінші бөлігіне сәйкес ақпаратты беру қажеттігі туралы сұрау салуды алғаннан кейін бақылау және қадағалау субъектісі үш жұмыс күні ішінде бақылау және қадағалау органына тиісті ақпарат беруге міндетті.

Осы тармақтың екінші бөлігіне сәйкес ақпарат ұсынылмаған жағдайда, бақылау және қадағалау органы осы Кодекстің 144-бабы 3-тармағының 1-1) тармақшасына сәйкес жоспардан тыс тексеруді тағайындауға құқылы.";

48) 154-бапта:

1-тармақта:

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) тексеру нәтижелері туралы актіге немесе анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқамаға қоса тіркеу үшін қағаз және электрондық жеткізгіштерде құжаттарды (мәліметтерді) не олардың көшірмелерін алуға, сондай-ақ тексерудің немесе бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалаудың нысанасына сәйкес автоматтандырылған дерекқорға (ақпараттық жүйелерге) қол жеткізуге;"

мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

"2-1) аудио-, фото- және бейнетүсірілім жүргізуге;"

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Тексеруді немесе бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды жүзеге асыратын бақылау және қадағалау органдарының лауазымды адамдарына тексерудің немесе бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалаудың нысанасына жатпайтын талаптар қоюға және өтініштермен жүгінуге тыйым салынады.";

3-тармақтың 2), 3), 5), 6), 7) және 8) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"2) тексеруді немесе бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды осы Кодексте және (немесе) Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында белгіленген негізде және тәртіпке қатаң сәйкестікте жүргізуге;

3) тексеруді немесе бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды жүргізу кезеңінде бақылау және қадағалау субъектілері (объектілері) жұмысының белгіленген режиміне кедергі келтірмеуге;"

"5) тексеруді немесе бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды жүргізу кезінде бақылау және қадағалау субъектісінің қатысуына кедергі келтірмеуге, тексерудің және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалаудың нысанасына жататын мәселелер бойынша түсіндірме беруге;

6) тексеруді және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды жүргізу кезінде олардың нысанасына қатысты қажетті ақпаратты бақылау және қадағалау субъектісіне беруге;

7) бақылау және қадағалау субъектісіне жүргізілген тексеру нәтижелері туралы актіні немесе бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы жүргізілген профилактикалық бақылау мен қадағалаудың нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқаманы олар аяқталған күні не "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде табыс етуге;

8) тексеруді және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды жүргізу нәтижесінде алынған құжаттар мен мәліметтердің сақталуын қамтамасыз етуге міндетті.";

49) 155 және 156-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"155-бап. Бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру кезіндегі бақылау және қадағалау субъектісінің не оның уәкілетті өкілінің құқықтары мен міндеттері

1. Бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру кезінде бақылау және қадағалау субъектілері не олардың уәкілетті өкілдері:

1) тексеруді немесе бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды жүргізу үшін объектіге келген бақылау және қадағалау органдарының лауазымды адамдарын тексеруге және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауға мынадай:

осы Кодекстің 141-бабына сәйкес бекітілген, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде көрсетілген ерекше тәртіп бойынша жүргізілетін тексерулерді және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды жүргізу мерзімділігі сақталмаған;

тексеруді және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды тағайындау туралы актіде көрсетілген, осы Кодексте белгіленген мерзімдерге сәйкес келмейтін мерзімдер асып кеткен не олар өтіп кеткен;

осы Кодекстің 144-бабы 3-тармағының 3), 4), 8), 9) және 10) тармақшаларында көзделген жағдайларды қоспағанда, бақылау және қадағалау органы сол бір кезең ішінде сол мәселе бойынша өзіне қатысты бұрын тексеру немесе бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен

қадағалау жүргізілген тексеруді немесе бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды тағайындаған;

егер алдыңғы тексеруде немесе бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауда және қадағалауда бұзушылықтар анықталмаған болса, осы Кодекстің 144-бабы 3-тармағының1) тармақшасына сәйкес жоспардан тыс тексеру тағайындалған;

осы Кодекстің 141, 143-баптарында және 146-бабының 1-тармағында көзделген ақпараттар мен құжаттар болмаған;

жасалған не дайындалып жатқан қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы өтініште немесе хабарламада, жеке, заңды тұлғалардың және мемлекеттің құқықтары мен заңды мүдделерін бұзушылықтар туралы өзге де жүгінімдерде көрсетілген уақыт аралығы шеңберінен шығатын кезең үшін тексеру тағайындалған;

тиісті өкілеттіктері жоқ адамдарға тексеруді немесе бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды жүргізу тапсырылған;

осы Кодекстің 147-бабының 6-тармағында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, тексеруді және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды тағайындау туралы бір актіде тексеруге немесе бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауға тартылатын бірнеше бақылау және қадағалау субъектісі көрсетілген;

тексерудің немесе бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалаудың мерзімдері осы Кодексте белгіленген мерзімнен асырып ұзартылған;

осы Кодекстің 156-бабының 2-тармағына сәйкес осы Кодекстің талаптары өрескел бұзылған жағдайларда, жібермеуге;

2) егер мәліметтер жүргізілетін тексерудің немесе бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалаудың нысанасына, сондай-ақ актіде көрсетілген кезеңге жатпайтын болса, оларды ұсынбауға;

3) тексеруді және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды тағайындау туралы актіге, тексеру нәтижелері туралы актіге, анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқамаға және мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) осы Кодексте және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шағым жасауға;

4) бақылау және қадағалау органдарының немесе лауазымды адамдардың бақылау және қадағалау субъектілерінің (объектілерінің) қызметін шектейтін заңда негізделмеген тыйым салуларын орындамауға;

5) тексеруді және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру процесін, сондай-ақ лауазымды адамның тексеру және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалау шеңберінде жүргізетін жекелеген әрекеттерін лауазымды адамның қызметіне кедергі жасамай, аудио- және бейнетехника құралдарының көмегімен тіркеуге;

б) өзінің мүдделері мен құқықтарын білдіруі, сондай-ақ үшінші тұлғалардың осы тармақтың 5) тармақшасында көзделген әрекеттерді жүзеге асыруы мақсатында үшінші тұлғаларды тексеруге және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауға қатысуға тартуға құқылы.

2. Бақылау және қадағалау органдары тексерулерді және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды жүргізген кезде бақылау және қадағалау субъектілері не олардың уәкілетті өкілдері:

1) осы Кодекстің 146-бабы 1-тармағының талаптары сақталған кезде бақылау және қадағалау органдары лауазымды адамдарының бақылау және қадағалау субъектісінің (объектісінің) аумағына және үй-жайларына кедергісіз кіруін қамтамасыз етуге;

2) коммерциялық, салықтық не заңмен қорғалатын өзге де құпияны қорғау талаптарын сақтай отырып, бақылау және қадағалау органдарының лауазымды адамдарына қағаз және электрондық жеткізгіштердегі құжаттарды (мәліметтерді) не олардың көшірмелерін тексеру нәтижелері туралы актіге және анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқамаға қоса тіркеу үшін ұсынуға, сондай-ақ тексерудің және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалаудың міндеттеріне және нысанасына сәйкес автоматтандырылған дерекқорға (ақпараттық жүйелерге) қолжетімділік беруге;

3) тексеруді және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды тағайындау туралы актінің екінші данасына алғаны туралы белгі қоюға;

4) жүргізілген тексеру нәтижелері туралы актінің және анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқаманың екінші данасына тексеру және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалау аяқталған күні алғаны туралы белгі қоюға;

5) егер осы Кодексте не Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында өзгеше көзделмесе, тексеруді және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды жүргізу кезеңінде тексерілетін құжаттарға өзгерістер мен толықтырулар енгізуге жол бермеуге;

б) тексеруді және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды жүргізу үшін объектіге келген адамдардың осы объект үшін белгіленген нормативтерге сәйкес зиянды және қауіпті өндірістік әсер ету факторларынан қауіпсіздігін қамтамасыз етуге;

7) хабарламаны алған жағдайда, тексеру және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалау тағайындалған мерзімдерде бақылау және қадағалау объектісінің орналасқан жерінде болуға міндетті.

156-бап. Осы Кодекстің талаптарын өрескел бұза отырып жүргізілген тексерудің және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалаудың жарамсыздығы

1. Егер бақылау және қадағалау органы тексеруді және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды осы Кодексте белгіленген тексерулерді және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды ұйымдастыруға және жүргізуге қойылатын талаптарды өрескел бұза отырып жүргізсе, олар жарамсыз деп танылады.

Жарамсыз деп танылған тексеру актісі және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалаудың қорытындылары бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқама осы Кодекстің 132-бабының 2-тармағына сәйкес белгіленген талаптарды бақылау және қадағалау субъектілерінің бұзушының дәлелдемесі болып табылмайды.

Тексеруді және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды жарамсыз деп тану жоғары тұрған мемлекеттік органның немесе соттың осы тексеру актісінің және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалаудың нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқаманың күшін жоюы үшін негіз болып табылады.

Жоғары тұрған мемлекеттік органның бақылау және қадағалау субъектісінің тексерудің жарамсыздығына байланысты актінің күшін жою туралы және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалаудың жарамсыздығына байланысты анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқаманың күшін жою туралы өтінішін қарауы өтініш берілген күннен бастап он жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

Мұндай өтінішті қараудың белгіленген мерзімінің бұзылуы бақылау және қадағалау субъектісінің пайдасына шешіледі.

2. Осы Кодекстің талаптарын өрескел бұзушылықтарға:

1) тексеруді және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды жүргізу негіздерінің болмауы;

2) тексеруді және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды тағайындау туралы актінің болмауы;

3) хабарламаның болмауы, сол сияқты тексеруді және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды жүргізу туралы хабарламаның мерзімдерін сақтамау;

4) осы Кодекстің 151-бабының талаптарын бұзу;

5) тексерулер жүргізудің ерекше тәртібі бойынша тексерулерді және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды жүргізудің осы Кодекстің 141-бабына сәйкес бекітілген Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде көрсетілген мерзімділігін бұзу;

6) тексеруді және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды тағайындау туралы актіні бақылау және қадағалау субъектісіне ұсынбау;

7) мемлекеттік органдардың өздерінің құзыретіне кірмейтін мәселелер бойынша тексерулерді және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды тағайындауы;

8) тексеруді және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды тағайындау туралы актіні құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы уәкілетті органда тіркеу міндетті болғанда, оны тіркемей тексеруді және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды жүргізу;

9) осы Кодекстің 148-бабында көзделген тексерулерді және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды жүргізу мерзімдерін бұзу;

10) тексерулер жүргізудің ерекше тәртібі бойынша тексерулердің және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалаудың нәтижелері бойынша өрескел бұзушылықтар болмаған кезде, осы Кодекстің 144-бабы 3-тармағының 1) тармақшасына сәйкес жоспардан тыс тексеру жүргізу жатады.";

50) мынадай мазмұндағы 163-1-баппен толықтырылсын:

"163-1-бап. Табиғи монополиялар және квазимемлекеттік сектор субъектілері көрсететін міндетті қызметтер

1. Тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің жекелеген түрлерін өндірудің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында табиғи монополиялар және квазимемлекеттік сектор субъектілері жеке және заңды тұлғаларға Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген міндетті қызметтерді көрсетеді.

2. Міндетті көрсетілетін қызметтер деп табиғи монополиялар субъектілері жүзеге асыратын және (немесе) квазимемлекеттік сектордың қызметі (әрекеттер, процестер) түсініледі, оларды алу жеке және заңды тұлғалар үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес міндетті болып табылады, сондай-ақ олардың өз қызметін немесе әрекеттерін (операцияларын) жүзеге асыруға құқығын растайды, ал мұндай көрсетілетін қызметтерді алмау әкімшілік немесе азаматтық-құқықтық жауаптылыққа алып келеді.";

51) 169-бапта:

1-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Осы тармақтың бірінші бөлігі 2) тармақшасының ережелері, оның ішінде тұлғалардың бір тобына кіретін нарық субъектілері арасындағы келісімдерге қолданылады.";

3-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Осы тармақтың бірінші бөлігінде белгіленген тыйым салулар, тауарларды сатып алу мен сауда-саттықты ұйымдастыру және өткізу кезіндегі сатылас келісімдерді не мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарттары, оның ішінде концессия, кешенді кәсіпкерлік лицензия (франчайзинг) шарттары болып табылатын келісімдерді қоспағанда, егер нарық субъектісінің (субъектілерінің) қаралып отырған тауар нарықтарының біріндегі үлесі жиырма пайыздан аспаса, сатылас келісімдерге қолданылмайды.";

52) мынадай мазмұндағы 169-1-баппен толықтырылсын:

"169-1-бап. Тауарларды сатып алу мен сауда-саттықты ұйымдастыру және өткізу кезінде бәсекелестікті қорғау туралы талаптар

1. Тауарларды сатып алуды ұйымдастырушылардың, сатып алу мен сауда-саттық операторларының сатып алудың өнім берушілері мен сауда-саттыққа қатысушылардың қызметін үйлестіруіне, егер бұл әрекет бәсекелестікті болғызбауға, шектеуге немесе жоюға алып келсе немесе алып келуі мүмкін болса, тыйым салынады.

2. Тауарларды сатып алуды ұйымдастырушылар деп:

1) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкін, оның ведомстволарын қоспағанда, мемлекеттік органдар, мемлекеттік мекемелер;

2) мемлекеттік кәсіпорындар, дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалар және олармен үлестес заңды тұлғалар, ұлттық басқарушы холдингтер, ұлттық холдингтер, ұлттық компаниялар және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің құрылымына кіретін ұйымдарды және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғаларды қоспағанда, акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы тікелей немесе жанама түрде ұлттық басқарушы холдингке, ұлттық холдингке, ұлттық компанияға тиесілі ұйымдар;

3) пайдалы қазбалардың ірі кен орындарында өндіруді жүргізетін және Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен тауарларды сатып алуды жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушылар;

4) табиғи монополиялар субъектілері түсініледі.

3. Сатып алу мен сауда-саттық операторлары деп өз мұқтажы және (немесе) өздерімен бір тұлғалар тобына кіретін нарық субъектілерінің мұқтажы үшін өз мүлкін

өткізу және (немесе) тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) сатып алу үшін сауда жүйелерін немесе ақпараттық жүйелерді, тауар биржаларын және өзге сауда алаңдарын пайдалана отырып, сатып алу мен сауда-саттықты ұйымдастырушылық және техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асыратын тұлғаларды қоспағанда, сауда жүйелерін немесе ақпараттық жүйелерді, тауар биржаларын және өзге сауда алаңдарын пайдалана отырып, сатып алу мен сауда-саттықты тікелей жүргізу арқылы оларды ұйымдастырушылық және техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асыратын тұлғалар түсініледі.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген сатып алу мен сауда-саттық операторларына:

1) мемлекеттік органдар, мемлекеттік мекемелер, мемлекеттік кәсіпорындар, дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалар және олармен үлестес заңды тұлғалар, ұлттық басқарушы холдингтер, ұлттық холдингтер, ұлттық компаниялар және акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы тікелей немесе жанама түрде ұлттық басқарушы холдингке, ұлттық холдингке, ұлттық компанияға тиесілі ұйымдар;

2) нарық субъектілері арасында, мемлекеттік органдар немесе мемлекеттік мекемелер және нарық субъектілері арасында тауарларды сату шарттары жасалатын тауар биржалары және өзге де сауда алаңдары мен жүйелері жатады.

4. Тауарларды сатып алуды ұйымдастырушылар, электрондық нысанда өткізілетін сатып алуды және осы баптың 2-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілетті мемлекеттік органдарға және (немесе) уәкілетті ұйымдарға өткізілген сатып алу туралы ақпаратты беретін жер қойнауын пайдаланушыларды қоспағанда, монополияға қарсы органға:

1) жыл сайынғы сатып алу жоспарын тиісті интернет-ресурста орналастыру жағдайын қоспағанда, оны бекітілген күнінен бастап бір айдан кешіктірмей;

2) өткізілген сатып алу туралы ақпаратты монополияға қарсы орган бекіткен нысан бойынша есептік тоқсаннан кейінгі айдың оныншы күнінен кешіктірмей тоқсан сайын береді.

5. Осы баптың 2-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген жер қойнауын пайдаланушылардан сатып алу туралы ақпаратты алатын уәкілетті мемлекеттік органдар және (немесе) уәкілетті ұйымдар монополияға қарсы органның талап етуі бойынша тауарларды электрондық сатып алудың ақпараттық жүйесіне тұрақты қолжетімділікті немесе ол болмаған жағдайда, өткізілген сатып алу туралы ақпаратты монополияға қарсы орган бекіткен нысан бойынша есептік тоқсаннан кейінгі айдың оныншы күнінен кешіктірмей, тоқсан сайын беруге міндетті.

6. Электрондық нысанда өткізілетін сатып алу мен сауда-саттықты қоспағанда, сатып алу мен сауда-саттық операторлары монополияға қарсы органға өткізілген

сауда-саттық туралы ақпаратты есептік тоқсаннан кейінгі айдың оныншы күнінен кешіктірмей, тоқсан сайын береді.

7. Электрондық нысанда өткізілетін сатып алу мен сауда-саттық операторлары монополияға қарсы органның талап етуі бойынша:

1) тауарларды сатып алу мен сауда-саттықты өткізуге мониторингті нақты уақыт режимінде жүзеге асыруға мүмкіндік беретін, тауарларды электрондық сатып алудың немесе сауда-саттықтың сауда немесе ақпараттық жүйелеріне, тауар биржаларына немесе өзге де сауда алаңдарына;

2) сатып алу мен сауда-саттықты жүзеге асыру процесіне қатысты құжаттамаға және өзге де ақпаратқа тұрақты қолжетімділік береді.";

53) 171-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"171-бап. Нарық субъектілері келісімдерінің жобасын алдын ала қарау

1. Осы Кодекстің 169-бабына сәйкес жол берілетін деп танылуы мүмкін келісімге қол жеткізуге ниеті бар нарық субъектілері монополияға қарсы органға қажетті құжаттарды электрондық нысанда қоса бере отырып, келісім жобасының осы Кодекстің 169-бабының талаптарына сәйкестігін тексеру туралы өтінішпен жүгінуге құқылы.

2. Монополияға қарсы орган осы баптың 1-тармағында көрсетілген өтініш келіп түскен күннен бастап күнтізбелік отыз күнге дейінгі мерзімде нарық субъектілерінің келісімі жобасының осы Кодекстің 169-бабының талаптарына сәйкестігі немесе сәйкессіздігі туралы шешім қабылдайды.";

54) 174-баптың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) әртүрлі бағаларды қолдану тауарды өндіруге, өткізуге және жеткізуге жұмсалатын әртүрлі шығындарға, сату көлемі, ақы төлеу шарттары, шарттың қолданылу мерзімдері ескерілетін жеңілдіктер жүйесінің кемсітпеушілік қолданылуына байланысты болатын жағдайларды қоспағанда, нарық субъектілерімен немесе тұтынушылармен жасалған мәні бірдей келісімдерге объективті түрде ақталмайтын себептермен әртүрлі бағаларды не әртүрлі шарттарды қолдану;"

55) 175-бап мынадай мазмұндағы 4-1-тармақпен толықтырылсын:

"4-1. Тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) тауар биржаларындағы және электрондық сауда алаңдарындағы сауда-саттық барысында қалыптасқан бағасы, егер мұндай баға осы Кодексте шектелген монополистік қызметті жүзеге асыру нәтижесінде белгіленбеген болса, монополияға қарсы орган айқындайтын тәртіппен монополиялық тұрғыдан жоғары (төмен) деп танылмайды.

Монополиялық тұрғыдан жоғары (төмен) бағаны белгілеу фактісі Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасын бұзушылықтарды тергеп-тексеру арқылы жүзеге асырылады.";

56) 192-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Осы баптың 1-тармағы бірінші бөлігінің 1) және 2) тармақшаларында көзделген жағдайларды қоспағанда, акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу пайыздан астамы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалар және олармен үлестес тұлғалар тауар нарығында жеке кәсіпкерлік субъектілері және акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу пайыздан астамы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалар және олармен үлестес тұлғалар ұсынып қойған қызметті жүзеге асыратын еншілес ұйымдарды құруға құқылы емес.";

57) 195-баптың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) экономикалық шоғырлануды реттеу;"

58) 196-бапта:

1-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) экономикалық шоғырлануды реттеу;"

11-тармақтың бірінші бөлігіндегі "экономикалық шоғырлануға мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру" деген сөздер "экономикалық шоғырлануды реттеу" деген сөздермен ауыстырылсын;

59) 199-бапта:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"199-бап. Нарық субъектісінің, мемлекеттік, жергілікті атқарушы органдардың, мемлекет нарық субъектілерінің қызметін реттеу функцияларын берген ұйымның әрекеттерінде (әрекетсіздігінде) Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасын бұзушылық белгілерінің бар екені туралы хабарлама";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Кодекстің 174-бабының 1) тармақшасында көрсетілген белгілерді қоспағанда, жосықсыз бәсекелестік, үстем немесе монополиялық жағдайды теріс пайдалану, нарық субъектілерінің бәсекелестікке қарсы келісілген әрекеттерінің белгілері, нарық субъектілерінің осы Кодекстің 169-бабының 2-тармағында көрсетілген бәсекелестікке қарсы сатылас келісімдері, сондай-ақ мемлекеттік, жергілікті атқарушы органдардың, мемлекет нарық субъектілерінің қызметін реттеу функцияларын берген ұйымдардың бәсекелестікке қарсы әрекеттерінің (әрекетсіздігінің) белгілері, келісімдері болған кезде, монополияға қарсы орган тергеп-тексеру жүргізбестен, нарық субъектісіне, мемлекеттік, жергілікті атқарушы органдарға, мемлекет нарық субъектілерінің қызметін реттеу функцияларын берген ұйымға әрекеттерінде (әрекетсіздігінде) Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасын бұзушылық белгілерінің бар екені туралы хабарлама жібереді.

Хабарлама монополияға қарсы органға көрсетілген белгілердің болуы туралы белгілі болған күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде жіберіледі.

Хабарламаны беру тәртібін және оның нысанын монополияға қарсы орган бекітеді."

;

60) 200-бапта:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"200-бап. Экономикалық шоғырлану";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

1. Монополиялық жағдайдың туындауын және (немесе) бәсекелестікті шектеуді болғызбау мақсатында осы Кодекстің 201-бабы 1-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген мәмілелерді (әрекеттерді) нарық субъектілерінің жүзеге асыруына монополияға қарсы органның алдын ала келісімі не оның осы Кодекстің 201-бабы 1-тармағының 4) және 5) тармақшаларында көрсетілген мәмілелер (әрекеттер) туралы хабарламасы қажет.";

61) 201-баптың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"201-бап. Экономикалық шоғырлануды реттеу";

62) 218-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Нарық субъектісінің, мемлекеттік органның, жергілікті атқарушы органның, мемлекет нарық субъектілерінің қызметін реттеу функцияларын берген ұйымның әрекеттерінде осы Кодекстің 216-бабының 2-тармағында көзделген мәліметтерді қарау шеңберінде белгіленетін, Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасын бұзушылық белгілерінің болуын көрсететін нақты деректер болған жағдайда, монополияға қарсы орган тергеп-тексеруді жүргізу туралы бұйрық шығарады.";

3-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) тергеп-тексеру объектісінің немесе объектілерінің атауы";

63) 221-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"221-бап. Монополияға қарсы органның лауазымды адамдарының тергеп-тексеруді жүргізу кезіндегі құқықтары мен міндеттері

Монополияға қарсы органның лауазымды адамдарының тергеп-тексеруді жүргізу кезінде:

1) тергеп-тексеру объектісінің аумағына және үй-жайларына кедергісіз кіруге;

2) тергеп-тексеру нысанасына сәйкес тергеп-тексеру объектісінің автоматтандырылған дерекқорларына (ақпараттық жүйелеріне) және өзге де электрондық жеткізгіштеріне қол жеткізуге;

3) тергеп-тексеру объектісінің қызметкерлерінен тергеп-тексеру нысанасына қатысы бар қажетті ақпаратты, құжаттарды немесе олардың көшірмелерін, тергеп-тексеру барысында туындаған мәселелер бойынша ауызша және жазбаша түрде түсініктемелерді монополияға қарсы орган белгілеген мерзімде сұратуға;

4) тергеп-тексеруді жүргізу кезінде Қазақстан Республикасының басқа да мемлекеттік органдарының мамандарын және өзге де адамдарды сарапшылар ретінде тартуға;

5) тергеп-тексеру нысанасына сәйкес тергеп-тексеру объектісінің үй-жайы мен аумағындағы заттарды, электрондық және қағаз құжаттарды және басқа да ақпарат жеткізгіштерді қарап-тексеруге;

6) тергеп-тексеру нысанасына сәйкес тергеп-тексеру объектісінің дерекқорынан (ақпараттық жүйелерінен) және өзге де электрондық жеткізгіштерінен құжаттардың, ақпараттардың көшірмелерін түсіріп алуға;

7) мыналарға:

тергеп-тексеру объектісі қызметкерлерінің және тергеп-тексеру объектісінің аумағындағы өзге де адамдардың әрекеттерін (әрекетсіздігін);

тергеп-тексеру объектісінің үй-жайлары мен аумақтарын;

тергеп-тексеру объектісінің үй-жайындағы немесе аумағындағы мүлікті аудио-, фото- және бейнетіркеуді жүргізуге;

8) сараптама үшін өнім үлгілерін іріктеуге құқығы бар.

Сараптама үшін өнім үлгілерін іріктеу тәртібі осы Кодекстің 149-бабына сәйкес айқындалады.

Монополияға қарсы органның лауазымды адамдарының осы бапта көзделген барлық құқығы жергілікті уақыт бойынша сағат 9.00-ден бастап 18.00 дейінгі аралықта және тергеп-тексеру нысанасына сәйкес жүзеге асырылады.

Бұзушылықтардың жолын кесу қажет болған жағдайда, монополияға қарсы органның лауазымды адамдарының өкілеттіктерін іске асыру жұмыстан тыс уақытта (түнгі уақыт, демалыс немесе мереке күндері) жүргізілуі мүмкін.";

64) 226-баптың 1-тармағының 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) нарық субъектілеріне:

осы Кодекстің нормаларын бұзушылықтарды тоқтату және (немесе) олардың салдарларын жою;

бастапқы жағдайды қалпына келтіру;

осы Кодекске қайшы келетін шарттарды бұзу немесе өзгерту;

экономикалық шоғырлануды реттеу кезінде мәмілелерді бұзу немесе оларды жарамсыз деп тану арқылы олардың күшін жою қажеттігі туралы орындалуы міндетті нұсқамалар беруге";

65) 246-баптың 5-тармағының бірінші бөлігі мынадай мазмұндағы 6) және 7) тармақшалармен толықтырылсын:

"6) субконтрактация орталығы болып табылады.

Субконтрактация деп өндірістік қызметті оңтайландыру үшін өнеркәсіптік кәсіпорындар қолданатын өндірістік (өнеркәсіптік) аутсорсинг нысандарының бірі түсініледі;

7) индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті органға ішкі нарықтағы индустриялық-инновациялық қызмет субъектілерін сервистік қолдау бойынша, оның ішінде жергілікті қамтуды дамытуға және жер қойнауын

пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алуға арналған ақпараттық жүйелерді қолдап отыру бойынша қызметтер көрсетеді."

11. 2015 жылғы 31 қазандағы Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2015 ж., № 20-V, 20-VI, 114-құжат; 2016 ж., № 7-II, 55-құжат; № 12, 87-құжат; 2017 ж., № 1-2, 3-құжат; № 4, 7-құжат; № 8, 16-құжат; № 16, 56-құжат; № 21, 98-құжат):

1) 127-бапта:

екінші және төртінші бөліктер мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Іске қатысатын адамдар, сондай-ақ куәлар, сарапшылар, мамандар мен аудармашылар электрондық пошта мекенжайы немесе ұялы байланыстың абоненттік нөмірі бойынша хабарлама жіберу арқылы, сондай-ақ хабарлаудың немесе шақырудың тіркелуін қамтамасыз ететін өзге де байланыс құралдарын пайдалана отырып хабарлануы немесе шақырылуы мүмкін.

Электрондық пошта мекенжайы немесе ұялы байланыстың абоненттік нөмірі немесе хабарлаудың немесе шақырудың тіркелуін қамтамасыз ететін өзге де байланыс құралдары туралы мәліметтер болмаған жағдайда, хабарлама телефонограммамен немесе гибриді жөнелту арқылы не табыс етілгендігі туралы хабарламасы бар тапсырысты хатпен белгілі болған соңғы тұрғылықты жері немесе тұрған жері бойынша жіберіледі.

Егер сотқа хабарланған мекенжай бойынша адам іс жүзінде тұрмайтын болса, хабарлау немесе шақыру оның жұмыс орны бойынша жіберілуі мүмкін.

Іске қатысатын адамдар хабарланатын және шақырылатын адамдар сотқа келмеген істер бойынша сот талқылауының уақыты, күні мен орны туралы хабарды бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға құқылы.

Осы баптың төртінші бөлігінің 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген электрондық байланыс құралдары туралы мәліметтер болған кезде хабарламалар тараптардың өкілдеріне жіберіледі.";

"4. Тарапқа:

1) іске қатысатын тарап көрсеткен электрондық пошта мекенжайына;

2) Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының электрондық сервистерінде көрсетілген электрондық пошта мекенжайына;

3) бір жыл ішінде тараптар арасында жасалған және даудың нысанасы болып табылатын шартта көрсетілген электрондық пошта мекенжайына;

4) жеткізілгенін растайтын есепті алған кезде жеке өзі сотқа ұсынған ұялы байланыстың абоненттік нөмірі бойынша;

5) егер мұндай хабарламаның келіп түспегені не кешірек түскені дәлелденбесе, хабарлаудың немесе шақырудың тіркелуін қамтамасыз ететін байланыстың өзге де құралдары пайдаланыла отырып;

б) гибриді жөнелту арқылы не табыс етілгені туралы хабарламасы бар тапсырысты хатпен белгілі болған соңғы тұрғылықты жері немесе тұрған жері бойынша жіберілген хабарлама тараптың тиісінше хабарландырылуы болып табылады.

Осы бөліктің 1), 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген электрондық байланыс құралдары арқылы жіберілген бірінші хабарлама бойынша тарап келмеген жағдайда, қайта хабарлау соттың хабарлауының немесе шақыруының тіркелуін қамтамасыз ететін байланыстың және жеткізудің өзге де құралдары пайдаланыла отырып жіберіледі.";

бесінші бөлік алып тасталсын;

2) 129-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Соттың шақыру қағазы немесе өзге де хабарлама электрондық пошта мекенжайы бойынша немесе ұялы байланыстың абоненттік нөміріне не пошта арқылы жеткізіледі немесе судья оларды жеткізуді тапсыратын адам жеткізеді.

Адресатқа электрондық пошта мекенжайы немесе ұялы байланыстың абоненттік нөмірі бойынша оларды жөнелту уақыты растайтын есеппен тіркеледі, ал қолма-қол жеткізілген жағдайда, сотқа қайтарылуға жататын шақыру қағазының түбіртегінде немесе өзге де хабарламаның көшірмесінде белгіленеді.";

3) 130-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Азаматқа жіберілген соттың шақыру қағазы немесе өзге де хабарлама, сотқа қайтарылуға жататын шақыру қағазының түбіртегіне немесе өзге де хабарламаның көшірмесіне қолын қойғызып жеке өзіне табыс етіледі.

Заңды тұлғаға жіберілген соттың шақыру қағазы немесе өзге де хабарлама оның өкіліне немесе басқарушылық функцияларды орындайтын тиісті адамға, күзет қызметінің қызметкеріне не шақырылатын, хабарланатын тұлғаның басқа жұмыскеріне табыс етіледі, олар өздерінің лауазымын, тегін және аты-жөнін көрсете отырып, шақыру қағазының түбіртегіне немесе өзге де хабарламаның көшірмесіне алғандығы туралы қол қояды.

Соттың шақыру қағазы немесе өзге де хабарлама, тіпті егер заңды тұлға көрсетілген мекенжайда болмаса да, заңды тұлғаның орналасқан жері бойынша оған жеткізілген болып есептеледі.";

4) 131-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Адресат соттың шақыру қағазын немесе өзге де хабарламаны қабылдап алудан бас тартқан кезде, оларды табыс етуші адам сотқа қайтарылатын шақыру қағазына немесе өзге де хабарламаға тиісті белгі қояды, сондай-ақ бұл туралы акт жасауға құқылы. Адресаттың соттың шақыру қағазын немесе өзге де хабарламаны алудан бас тартуы туралы белгіні үй-жайлардың (пәтерлердің) меншік иелері кооперативінің, тұрғын үй-пайдалану және коммуналдық қызметтер көрсету қызметінің уәкілетті адамы не тұрғын үй басқарушысы, жергілікті өзін-өзі басқару органының немесе адресаттың тұрғылықты жеріндегі тиісті атқарушы органның немесе оның жұмыс орны бойынша әкімшіліктің уәкілетті адамы куәландырады.";

5) 148-бап мынадай мазмұндағы бесінші бөлікпен толықтырылсын:

"5. Соттарға электрондық құжат нысанында құжаттарды беру, оларды тіркеу, өңдеу, олармен танысу құралдарын техникалық қолдану қағидаларын соттардың қызметін ұйымдастырушылық және материалдық-техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асыратын орган бекітеді.";

6) 164-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Азаматтық істерді сот талқылауына дайындау, егер осы Кодексте және басқа да заңдарда өзгеше белгіленбесе, талап қою арызы соттың іс жүргізуіне қабылданған күннен бастап жиырма жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізілуге тиіс.

Алименттерді өндіріп алу туралы, денсаулықтың зақымдануынан келтірілген зиянды өтеу туралы, сондай-ақ асыраушысынан айырылу жағдайына байланысты істерден басқа, аса күрделі істер бойынша айрықша жағдайларда және еңбек құқықтық қатынастарынан туындайтын талаптар бойынша істі сот талқылауына дайындау үшін берілген мерзім өткеннен кейін бұл мерзім судьяның ұйғарымы бойынша қосымша бір айға ұзартылуы мүмкін.";

7) 165-баптың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) талап арызды қабылдаған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде жауапкерге және үшінші тұлғаларға талап арыздың және оған қоса берілген, талап қоюшының талаптарын негіздейтін құжаттардың көшірмелерін осы Кодекстің 11-тарауында көзделген тәртіппен жібереді не табыс етеді, сондай-ақ жауапкерді дәлелдерді негіздейтін дәлелдемелерді қоса бере отырып, талап қоюшы мәлімдеген талаптарға жазбаша пікірді белгіленген мерзімде ұсынуға міндеттейді;".

8) 173-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"173-бап. Істі сот талқылауына тағайындау

Судья істі дайын деп танып, оны сот отырысында талқылауға тағайындау туралы ұйғарым шығарады, тараптарға және іске қатысатын басқа да адамдарға істің қаралатын уақыты мен орны туралы хабарлайды.

Сот талқылауы оны дайындау аяқталған күннен бастап жиырма жұмыс күнінен кешіктірілмей басталуға тиіс.

Осы Кодекстің 198-бабында көзделген жағдайларды қоспағанда, тағайындалған сот талқылауын кейінге қалдыруға, әдетте, жол берілмейді.";

9) 198-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Кодекстің 153-бабының екінші бөлігінде көзделген жағдайда қарсы талап қойылған кезде іске қатысатын адамдардың қайсыбірінің дәлелді себептермен келмеуі салдарынан осы сот отырысында істі қараудың мүмкін болмауы, осы Кодекстің 73-бабының қағидалары бойынша қосымша дәлелдемелерді ұсынудың немесе талап етудің қажет болуы себебі бойынша ғана істі талқылауды кейінге қалдыруға жол беріледі.";

10) 202-бап мынадай мазмұндағы бесінші бөлікпен толықтырылсын:

"5. Бейнеконференция байланысы құралдарын техникалық қолдану тәртібін соттардың қызметін ұйымдастырушылық және материалдық-техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асыратын орган осы Кодекстің талаптарын ескере отырып айқындайды.";

11) 246-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Іс бойынша шешім немесе сот бұйрығын шығарған сот, сондай-ақ шешім орындалатын жердегі сот, егер атқарушылық әрекеттер жасауды қиындататын немесе мүмкін емес ететін мән-жайлар туындаса, сот орындаушысының өтінішхаты бойынша және (немесе) тараптардың арызы бойынша атқарушылық іс жүргізуде оны орындау тәсілін немесе тәртібін өзгертуі, атқарушылық іс жүргізуде тараптардың арызы бойынша сот шешімін орындауды кейінге қалдыруы немесе оның мерзімін ұзартуы мүмкін."

12. 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2015 ж., № 22-IV, 151-құжат; 2016 ж., № 7-I, 49-құжат; 2017 ж., № 11, 29-құжат; № 12, 34-құжат; № 13, 45-құжат; № 20, 96-құжат; 2018 ж., № 1, 4-құжат; 2018 жылғы 18 сәуірде "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне халықтың жұмыспен қамтылуы және көші-қон мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2018 жылғы 16 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы):

1) мазмұнында 197 және 199-баптардың тақырыптары алып тасталсын;

2) 1-баптың 1-тармағының 75) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"75) тәртіптік жаза – тәртіптік теріс қылық жасағаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда жұмыс беруші немесе ұлттық басқарушы холдингтің бірінші басшысы қолданатын жұмыскерге тәртіптік ықпал ету шарасы;"

3) 17-баптың 6) және 10) тармақшалары алып тасталсын;

4) 64-баптың 1-тармағының бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Жұмыскердің тәртіптік теріс қылық жасағаны үшін жұмыс беруші немесе ұлттық басқарушы холдингтің бірінші басшысы Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда, мынадай:"

5) 65-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Жұмыс беруші тәртіптік жазаны, Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, жұмыс берушінің актісін шығару арқылы қолданады. Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда, ұлттық басқарушы холдингтің бірінші басшысы тәртіптік жаза қолданған кезде осы Кодекстің 65 және 66-баптарының ережелері қолданылады.";

6) 191-бапта:

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасының сақталуын мемлекеттік бақылау, егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес тексеру және бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау нысанында жүзеге асырылады.";

6-тармақ алып тасталсын;

7) 193-баптың 2), 8) және 14) тармақшалары алып тасталсын;

8) 197 және 199-баптар алып тасталсын;

9) 200-баптың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қызметі Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасының талаптарына сәйкес келеді деп танылған жұмыс берушілерге үш жыл мерзімге сенім сертификаты табыс етіледі, ол Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылаудың тізімдерін қалыптастыру кезінде ескеріледі.".

13. "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының кодексіне (Салық кодексі) (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2017 ж., № 22-І, 22-ІІ, 107-құжат):

1) мазмұнында:

25-баптың тақырыбы "мемлекеттік органдардың" деген сөздерден кейін "және "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясының" деген сөздермен толықтырылсын;

147-баптың тақырыбындағы "Ішінара салықтық" деген сөздер "Салықтық" деген сөзбен ауыстырылсын;

2) 25-бапта:

тақырыптағы "мемлекеттік органдардың" деген сөздерден кейін "және "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясының" деген сөздермен толықтырылсын;

11) тармақша "мемлекеттік органдармен" деген сөздерден кейін "және "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясымен" деген сөздермен толықтырылсын;

3) 26-баптың 3, 4 және 20-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Салық салу объектілерін және (немесе) салық салуға байланысты объектілерді есепке алуды және (немесе) тіркеуді жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органдар және "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы салық салу объектілері және (немесе) салық салуға байланысты объектілері бар салық төлеушілер туралы, сондай-ақ салық салу объектілері және (немесе) салық салуға байланысты объектілер туралы мәліметтерді уәкілетті орган белгілеген тәртіппен, мерзімдерде және нысандар бойынша салық органдарына ұсынуға міндетті.

4. Бюджетке төленетін төлемдерді жинауды, салық салу объектілері мен салық салуға байланысты объектілерді есепке алуды және (немесе) тіркеуді жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органдар және "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік

корпорациясы ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды ғылыми, экологиялық-ағартушылық, туристік, рекреациялық және шектеулі шаруашылық мақсатында пайдаланатын жеке тұлғаларды қоспағанда, ұсынылатын мәліметтерде салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірін көрсетуге міндетті.";

"20. Салық төлеушілер, салық салу объектілері (бюджетке төленетін төлемдер салынатын (алынатын) объектілер) және (немесе) салық салуға байланысты объектілер туралы мәліметтерді салық органдары мен уәкілетті мемлекеттік органдардың, " Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясының автоматтандырылған өзара іс-қимылына арналған тиісті бағдарламалық қамтылымды пайдаланыла отырып, электрондық нысанда ұсыну уәкілетті орган белгілеген тәртіппен және нысандар бойынша он жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

Уәкілетті мемлекеттік органдар және "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы салық төлеушілер, салық салу объектілері (бюджетке төленетін төлемдер салынатын (алынатын) объектілер) және (немесе) салық салуға байланысты объектілер туралы мәліметтерді электрондық нысанда ұсынған жағдайда, уәкілетті мемлекеттік органдардың және "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясының мәліметтерін қағаз жеткізгіште ұсыну талап етілмейді.";

4) 30-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 11-1) тармақшамен толықтырылсын:

"11-1) тәуекел дәрежесін бағалау негізінде ерекше тәртіп бойынша жүргізілетін салықтық тексерулердің жартыжылдық графигі туралы;"

5) 59-баптың 1-тармағы бірінші бөлігінің 4) тармақшасы "не тәуекел дәрежесін бағалау негізінде ерекше тәртіп бойынша жүргізілетін салықтық тексерулердің жартыжылдық графигіне енгізілмеген" деген сөздермен толықтырылсын;

6) 66-баптың 1-тармағы бірінші бөлігінің 2) тармақшасы "енгізілмеген" деген сөзден кейін "не тәуекел дәрежесін бағалау негізінде ерекше тәртіп бойынша жүргізілетін салықтық тексерулердің жартыжылдық графигіне енгізілмеген" деген сөздермен толықтырылсын;

7) 67-баптың 2-тармағы бірінші бөлігінің 4) тармақшасы "не тәуекел дәрежесін бағалау негізінде ерекше тәртіп бойынша жүргізілетін салықтық тексерулердің жартыжылдық графигінде жоқ" деген сөздермен толықтырылсын;

8) 70-баптың 2-тармағының 1) тармақшасындағы "ішінара" деген сөз алып тасталсын;

9) 82-бапта:

1-тармақтың 4) тармақшасы "дара кәсіпкерлер" деген сөздерден кейін ", жеке практикамен айналысатын адамдар" деген сөздермен толықтырылсын;

2-тармақтың төртінші бөлігінің 2) тармақшасы "дара кәсіпкерлер" деген сөздерден кейін ", жеке практикамен айналысатын адамдар" деген сөздермен толықтырылсын;

6-тармақтың бірінші бөлігі "дара кәсіпкер" деген сөздерден кейін ", жеке практикамен айналысатын адам" деген сөздермен толықтырылсын;

10) 83-баптың 1-тармағы үшінші бөлігінің екінші абзацы "дара кәсіпкерлер" деген сөздерден кейін ", жеке практикамен айналысатын адамдар" деген сөздермен толықтырылсын;

11) 85-бапта:

4-тармақтың б) тармақшасының бірінші абзацы "дара кәсіпкер" деген сөздерден кейін ", жеке практикамен айналысатын адам" деген сөздермен толықтырылсын;

7-тармақтың 4) тармақшасы "дара кәсіпкер" деген сөздерден кейін ", жеке практикамен айналысатын адам" деген сөздермен толықтырылсын;

12) 145-бапта:

1-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) тәуекел дәрежесін бағалау негізінде ерекше тәртіп бойынша жүргізілетін салықтық тексерулер;"

2-тармақтағы "ішінара" деген сөз "тәуекел дәрежесін бағалау негізінде ерекше тәртіп бойынша жүргізілетін" деген сөздермен ауыстырылсын;

13) 147-бапта:

тақырыптағы "Ішінара салықтық" деген сөздер "Салықтық" деген сөзбен ауыстырылсын;

1-тармақта:

"ішінара кешенді және (немесе) ішінара тақырыптық" деген сөздер "тәуекел дәрежесін бағалау негізінде ерекше тәртіп бойынша жүргізілетін салықтық" деген сөздермен ауыстырылсын;

"ішінара" деген сөз алып тасталсын;

3-тармақтағы "ішінара кешенді және (немесе) ішінара тақырыптық" деген сөздер "тәуекел дәрежесін бағалау негізінде ерекше тәртіп бойынша жүргізілетін салықтық" деген сөздермен ауыстырылсын;

5-тармақтағы "ішінара" деген сөз "тәуекел дәрежесін бағалау негізінде ерекше тәртіп бойынша жүргізілетін" деген сөздермен ауыстырылсын;

14) 150-баптың 2-тармағы бірінші бөлігінің екінші абзацындағы "ішінара" деген сөз "тәуекел дәрежесін бағалау негізінде ерекше тәртіп бойынша жүргізілетін" деген сөздермен ауыстырылсын;

15) 194-баптың 8-тармағында:

3) тармақшаның үшінші абзацындағы "декларацияны қоспағанда, тұтастай бүкіл қызмет бойынша – салықтар мен бюджетке төленетін төлемдер бойынша салықтық есептілікті ұсынуды" деген сөздер "декларацияны" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы төртінші абзацпен толықтырылсын:

"осы тармақтың б) тармақшасында көзделген жағдайда, қосылған құн салығы бойынша декларацияны қоспағанда, тұтастай бүкіл қызмет бойынша – салықтар мен бюджетке төленетін төлемдер бойынша салықтық есептілікті ұсынуды;"

5) тармақшадағы "ұсынуды қамтамасыз етуге міндетті" деген сөздер "ұсынуды;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы б) тармақшамен толықтырылсын:

"б) мыналар:

осы Кодекстің 411-бабында көзделген қызмет бойынша;

өзге де қызмет жөнінде қосылған құн салығы бойынша жеке декларацияны ұсынуды қамтамасыз етуге міндетті.";

16) 367-баптың 1-тармағы 1) тармақшасының екінші абзацы ", жеке практикамен айналысатын адамдар" деген сөздермен толықтырылсын;

17) 411-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы екінші, үшінші және төртінші бөліктермен толықтырылсын:

"Осы баптың 1-тармағында көзделген қызметте және өзге де қызметте бір мезгілде пайдаланылатын алынған тауарлар, жұмыстар, көрсетілген қызметтер бойынша қосылған құн салығының сомасы есепке жатқызуға рұқсат етілген және есепке жатқызуға рұқсат етілмеген қосылған құн салығының сомаларына бөлінеді, олар мынадай формулалар бойынша айқындалады:

$ҚҚСер 1 = ҚҚСеж \times А \text{ сс} / А \text{ жал};$

$ҚҚСер 2 = ҚҚСеж - ҚҚСер 1$, мұнда:

ҚҚСер 1 – осы баптың 1-тармағында көзделген қызмет бойынша есепке жатқызуға рұқсат етілген қосылған құн салығының сомасы. Бұл сома теріс мәнге ие болуы мүмкін ;

ҚҚСеж – осы баптың 1-тармағында көзделген қызметте және өзге де қызметте бір мезгілде пайдаланылатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша түзетулер ескеріле отырып, есепке жатқызылатын қосылған құн салығының сомасы. Бұл сома теріс мәнге ие болуы мүмкін;

А сс – осы бапқа сәйкес олар бойынша бөлек есепке алуды жүргізу жүзеге асырылатын салықтық кезең үшін салық салынатын айналым сомасы;

А жал – осы баптың 1-тармағында көзделген қызмет және өзге де қызмет бойынша айналымдар сомасы ретінде айқындалатын айналымның жалпы сомасы;

ҚҚСер 2 – өзге де қызмет бойынша есепке жатқызуға рұқсат етілген қосылған құн салығының сомасы. Бұл сома теріс мәнге ие болуы мүмкін;

Салық салынбайтын айналымдар болған кезде өзге де қызмет бойынша есепке жатқызуға рұқсат етілген қосылған құн салығының сомасы осы Кодекстің 408 және 409 -баптары ескеріле отырып айқындалады.

Өзге де айналым бойынша осындай қосылған құн салығын төлеуші есепке жатқызуға рұқсат етілген қосылған құн салығының сомасын осы Кодекстің 408-бабына сәйкес пропорционалды әдіспен айқындауға құқылы.";

18) 429-бапта:

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген, қосылған құн салығын қайтарудың оңайлатылған тәртібіне құқығы бар қосылған құн салығын төлеушіде түзілген қосылған құн салығының асып кетуі қайтарылуға жатады.

Осы тармақта белгіленген қосылған құн салығының асып кетуі салық төлеушінің таңдауы бойынша осы Кодекстің 431 немесе 434-баптарында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде қайтарылады.

Бұл ретте, қосылған құн салығының асып кетуі осы Кодекстің 434-бабына сәйкес оңайлатылған тәртіппен қайтарылған кезде қосылған құн салығы асып кетуінің қалған бөлігі осы Кодекстің 431-бабында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде қайтарылады.";

6-тармақтың үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"осы Кодекстің 434-бабында аталған, қосылған құн салығының асып кетуін қайтарудың оңайлатылған тәртібін қолдануға құқығы бар салық төлеушілерге қолданылмайды.";

19) 550-баптың 2-тармағының 2) тармақшасы алып тасталсын;

20) 553-бапта:

3-тармақта:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Алым мөлшерлемелері мыналарды құрайды:";

кестеде 1, 1.1, 1.1.1, 1.1.2, 1.1.3, 1.2, 1.2.1, 1.2.2, 1.2.3, 1.3, 1.3.1, 1.3.2, 1.3.3, 1.4, 1.4.1, 1.4.1.1, 1.4.1.2, 1.4.1.3, 1.4.2, 1.4.2.1, 1.4.2.2, 1.4.2.3, 1.4.3, 1.4.3.1, 1.4.3.2, 1.4.3.3, 1.4.4, 1.4.4.1, 1.4.4.2, 1.4.4.3, 2, 2.1, 3, 3.1, 3.2, 3.3, 4, 5, 6, 6.1, 6.2, 6.3, 7, 7.1, 7.2, 7.3, 8, 8.1, 8.2, 8.3, 9, 9.1, 9.2, 9.3, 10, 10.1, 10.2, 10.3, 11, 11.1, 11.2, 11.3, 12, 12.1, 12.2, 12.3, 13, 14, 15 және 16-жолдар алып тасталсын;

ескертпеде 1) тармақша алып тасталсын;

4-тармақ кестесінің 3.6-жолы алып тасталсын;

21) 554-баптың 2-тармағы 1) тармақшасының екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"халықаралық қатынаста жолаушылар мен жүктерді тасымалдауды жүзеге асыратын отандық автокөлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумағынан шыққаны үшін – 1 еселенген АЕК мөлшерін;";

22) 679-баптың 2-тармағының бірінші бөлігінде:

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"4) жалпыға бірдей белгіленген салық салу тәртібінен немесе өзге де арнаулы салық режимінен – ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілер мен ауыл шаруашылығы кооперативтері үшін;";

мынадай мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын:

"5) жалпыға бірдей белгіленген салық салу тәртібінен немесе өзге де арнаулы салық режимінен – шаруа немесе фермер қожалықтары үшін арнаулы салық режиміне ауысуға құқылы."

14. "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" 2017 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2017 ж., № 23-IV, 112-құжат):

1) мазмұны мынадай мазмұндағы 67-баптың тақырыбымен толықтырылсын:

"67-1-бап. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау жүргізу тәртібі";

2) 67-бап мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау осы Кодекске және Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес жүзеге асырылады.";

3) мынадай мазмұндағы 67-1-баппен толықтырылсын:

"67-1-бап. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау жүргізу тәртібі

1. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылауды жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті орган немесе оның аумақтық бөлімшесі осы Кодекстің 64-бабының 4) және 5) тармақшаларына сәйкес жер қойнауын пайдаланушыларға қатысты жүргізеді.

Геологиялық зерттеудің, жер қойнауы кеңістігін пайдаланудың учаскесі, сондай-ақ геологиялық ақпарат бақылау объектілері болып табылады.

2. Бұзушылықтардың уақтылы жолын кесу және оларға жол бермеу, жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті орган немесе оның аумақтық бөлімшесі бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша анықтаған бұзушылықтарды өз бетінше жою құқығын бақылау субъектілеріне беру және оларға әкімшілік жүктемені азайту бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылаудың мақсаттары болып табылады.

3. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау осы Кодекске сәйкес жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті органға ұсынылатын геологиялық есептерді, өндірілген пайдалы қазбалар туралы есептерді және нормаланған ысыраптар туралы деректерді, сондай-ақ бақылау субъектісінің қызметі туралы басқа да мәліметтерді талдау арқылы жүргізіледі.

Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша бақылау субъектісінің әрекеттерінде (әрекетсіздігінде) бұзушылықтар анықталған жағдайда, бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылауды жүзеге асыратын жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті органның

немесе оның аумақтық бөлімшесінің лауазымды адамдары бұзушылықтар анықталған күннен бастап он жұмыс күні ішінде осы Кодекстің 68-бабында көзделген тәртіппен ақпараттық хатты (хабарламаны) ресімдейді және бақылау субъектісіне жібереді.

4. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы ақпараттық хатты (хабарламаны) алған бақылау субъектісі ол табыс етілген күннен кейінгі күннен бастап он жұмыс күні ішінде жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті органға немесе оның аумақтық бөлімшесіне бұзушылықтарды жоюдың нақты мерзімдерін көрсете отырып, оларды жою жөніндегі іс-шаралар жоспарын ұсынуға міндетті.

Ақпараттық хатта (хабарламада) көрсетілген бұзушылықтармен келіспеген жағдайда, бақылау субъектісі ақпараттық хатты (хабарламаны) жіберген жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті органға немесе оның аумақтық бөлімшесіне ақпараттық хат (хабарлама) табыс етілген күннен кейінгі күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қарсылық жіберуге құқылы.

5. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды белгіленген мерзімде жоймау, сол сияқты бұзушылықтарды жою жөніндегі іс-шаралар жоспарын мерзімінде ұсынбау бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізудің жартыжылдық тізіміне енгізу жолымен бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды тағайындауға алып келеді.

6. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау жылына бір реттен жиілетпей жүргізіледі."

15. "Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы" 1992 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., № 15, 363-құжат; 1995 ж., № 20, 120-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 17, 139-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 5, 43-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 14, 75-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 10, 52-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 19-II, 105-құжат; № 20-IV, 113-құжат; 2016 ж., № 6, 45-құжат; 2017 ж., № 9, 18-құжат):

1) 20-1-бапта:

2-тармақтың 3) тармақшасы алып тасталсын;

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылауды уәкілетті орган, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес тексерулер және профилактикалық бақылау нысанында жүзеге асырады.";

7-тармақ алып тасталсын;

2) 42-баптың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Тарих және мәдениет ескерткішіне немесе оның қорғау аймағына зиян келтірген жеке және заңды тұлғалар тарих және мәдениет ескерткішін немесе оның қорғау аймағын қалпына келтіруге, ал бұл мүмкін болмаған кезде келтірілген залалды Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес өтеуге міндетті."

16. "Қазақстан Республикасындағы көлік туралы" 1994 жылғы 21 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994 ж., № 15, 201-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., № 2, 186-құжат; 1998 ж., № 24, 447-құжат; 2001 ж., № 23, 309, 321-құжаттар; № 24, 338-құжат; 2003 ж., № 10, 54-құжат; 2004 ж., № 18, 110-құжат; № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 15, 63-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 14, 89-құжат; № 24, 148-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 17-18, 114-құжат; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 5, 43-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 2, 14-құжат; № 3, 21-құжат; № 14, 92, 96-құжаттар; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 1, 2-құжат; № 9, 51-құжат; № 14, 72, 75-құжаттар; № 16, 83-құжат; 2014 ж., № 7, 37-құжат; № 10, 52-құжат; № 12, 82-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 123-құжат; 2015 ж., № 1, 2-құжат; № 19-I, 100, 101-құжаттар; № 20-IV, 113-құжат; № 22-VI, 159-құжат; № 23-II, 170-құжат; 2016 ж., № 8-I, 60-құжат; 2017 ж., № 9, 17, 22-құжаттар; № 11, 29-құжат; № 22-III, 109-құжат):

1) 21-бапта:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"21-бап. Көлік жүктері мен объектілерін күзету";

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Теміржол, әуе көлігінде көлік жүктері мен объектілерін күзетуді әскерилендірілген күзет қызметтері жүзеге асырады.";

бесінші бөлік алып тасталсын;

2) 24-1-баптың 9-тармағы алып тасталсын;

3) 25-1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"25-1-бап. Көлік саласындағы мемлекеттік бақылау

1. Көлік саласындағы мемлекеттік бақылау Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес тексеру және профилактикалық бақылау нысанында жүзеге асырылады.

2. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне және заңдарына сәйкес жүзеге асырылады."

17. "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., № 3-4, 23-құжат; № 12, 88-құжат; № 15-16, 100-құжат; № 23, 141-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., № 2, 184-құжат; № 11-12, 262-құжат; № 19, 370-құжат; 1997 ж., № 13-14, 205-құжат; № 22, 333-құжат; 1998

ж., № 11-12, 176-құжат; 1999 ж., № 20, 727-құжат; 2000 ж., № 3-4, 66-құжат; № 22, 408-құжат; 2001 ж., № 8, 52-құжат; № 10, 123-құжат; 2003 ж., № 15, 138, 139-құжаттар; 2004 ж., № 11-12, 66-құжат; № 16, 91-құжат; № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 14, 55-құжат; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 4, 24-құжат; № 13, 86-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 3, 20-құжат; № 4, 33-құжат; 2009 ж., № 8, 44-құжат; № 13-14, 63-құжат; № 17, 81-құжат; № 19, 88-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 5, 43-құжат; № 11, 102-құжат; № 13, 116-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 1, 6-құжат; № 2, 14-құжат; № 13, 91-құжат; № 20, 121-құжат; 2013 ж., № 10-11, 56-құжат; 2014 ж., № 10, 52-құжат; № 11, 61-құжат; № 14, 84-құжат; № 16, 90-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 8, 45-құжат; № 22-II, 148-құжат; № 22-VI, 159-құжат; 2016 ж., № 1, 4-құжат; № 6, 45-құжат; № 12, 87-құжат; 2017 ж., № 6, 11-құжат; № 9, 21-құжат; № 16, 56-құжат; № 24, 115-құжат):

1) 8-бапта:

9) тармақша алып тасталсын;

24) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"24) қаржы ұйымдарының (банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау айрықша қызметі болып табылатын заңды тұлғаларды қоспағанда) Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есепке алу және қаржылық есептілік туралы заңнамасының және халықаралық қаржылық есептілік стандарттарының талаптарын, сондай-ақ бухгалтерлік есепке алуды жүргізуді автоматтандыру қағидаларын сақтауын бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады;"

2) 15-баптың екінші бөлігінің 54) тармақшасы алып тасталсын;

3) 62-5-баптың 7) және 16) тармақшалары алып тасталсын.

18. "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" 1995 жылғы 31 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., № 15-16, 106-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., № 2, 184-құжат; № 15, 281-құжат; № 19, 370-құжат; 1997 ж., № 5, 58-құжат; № 13-14, 205-құжат; № 22, 333-құжат; 1998 ж., № 11-12, 176-құжат; № 17-18, 224-құжат; 1999 ж., № 20, 727-құжат; 2000 ж., № 3-4, 66-құжат; № 22, 408-құжат; 2001 ж., № 8, 52-құжат; № 9, 86-құжат; 2002 ж., № 17, 155-құжат; 2003 ж., № 5, 31-құжат; № 10, 51-құжат; № 11, 56, 67-құжаттар; № 15, 138, 139-құжаттар; 2004 ж., № 11-12, 66-құжат; № 15, 86-құжат; № 16, 91-құжат; № 23, 140-құжат; 2005 ж., № 7-8, 24-құжат; № 14, 55, 58-құжаттар; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 4, 24-құжат; № 8, 45-құжат; № 11, 55-құжат; № 16, 99-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 4, 28, 33-құжаттар; 2008 ж., № 17-18, 72-құжат; № 20, 88-құжат; № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 2-3, 16, 18, 21-құжаттар; № 17, 81-құжат; № 19, 88-құжат; № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 28-құжат; № 17-18, 111-құжат; 2011 ж., № 3, 32-құжат; № 5, 43-құжат; № 6, 50-құжат; № 12, 111-құжат; № 13, 116-құжат; № 14, 117-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 2, 15-құжат; № 8, 64-құжат; № 10, 77-құжат; № 13, 91-құжат; № 20, 121-құжат; № 21-22, 124-құжат; № 23-24, 125-құжат; 2013 ж., № 10-11, 56-құжат; № 15,

76-құжат; 2014 ж., № 1, 9-құжат; № 4-5, 24-құжат; № 6, 27-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 61-құжат; № 12, 82-құжат; № 19-I, 19-II, 94, 96-құжаттар; № 21, 122-құжат; № 22, 131-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 8, 45-құжат; № 13, 68-құжат; № 15, 78-құжат; № 16, 79-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 20-VII, 115-құжат; № 21-II, 130-құжат; № 21-III, 137-құжат; № 22-I, 140, 143-құжаттар; № 22-III, 149-құжат; № 22-V, 156-құжат; № 22-VI, 159-құжат; 2016 ж., № 6, 45-құжат; № 7-II, 55-құжат; № 8-I, 65-құжат; № 12, 87-құжат; № 22, 116-құжат; № 24, 126-құжат; 2017 ж., № 4, 7-құжат; № 9, 21-құжат; № 13, 45-құжат; № 21, 98-құжат; № 22-III, 109-құжат; № 23-III, 111-құжат; № 24, 115-құжат):

1) 34-бапта:

2-тармақтың төртінші бөлігіндегі ", банк мөрімен бекемделеді" деген сөздер алып тасталсын;

10-тармақ мынадай мазмұндағы 6-1) тармақшамен толықтырылсын:

"6-1) жеке тұлғаға банктік қарыз беру үшін кредиттік скорингтің болу қажеттілігін;"

;

мынадай мазмұндағы 10-1-тармақпен толықтырылсын:

"10-1. Банктік қарыз беру туралы мәселені қарау кезінде банк өз әдістемесі негізінде есептелген жеке тұлғаның кредиттік скорингін немесе кредиттік бюро берген кредиттік скорингті ескереді.";

2) 50-баптың 4-тармағының екінші бөлігі 5-1) тармақшасының екінші бөлігіндегі "құжаттардың көшірмелерін куәландыру жөнінде тиісті өкілеттіктер берілген ұйымның уәкілетті адамының қолымен, оның лауазымы, тегі, аты-жөні және куәландыру күні көрсетіле отырып, куәландырылады және ұйым мөрінің бедерімен (болған кезде)" деген сөздер "жеке кәсіпкерлік субъектілерін қоспағанда, құжаттардың көшірмелерін куәландыру жөнінде тиісті өкілеттіктер берілген ұйымның уәкілетті адамының лауазымы, тегі және аты-жөні, куәландыру күні көрсетіле отырып, оның қолымен куәландырылады және ұйым мөрінің бедерімен" деген сөздермен ауыстырылсын.

19. "Жылжымайтын мүлік ипотекасы туралы" 1995 жылғы 23 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., № 24, 165-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 13-14, 205-құжат; 2000 ж., № 18, 336-құжат; 2003 ж., № 11, 67-құжат; 2005 ж., № 23, 104-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 4, 28-құжат; № 18, 143-құжат; 2011 ж., № 3, 32-құжат; № 6, 50-құжат; № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 13, 91-құжат; № 20, 121-құжат; 2013 ж., № 14, 72-құжат; 2014 ж., № 11, 61-құжат; 2015 ж., № 8, 45-құжат; № 13, 68-құжат; № 22-VI, 159-құжат; 2016 ж., № 24, 124-құжат; 2017 ж., № 4, 7-құжат; 2018 ж., № 1, 4-құжат):

34-баптың үшінші бөлігіндегі "Егер" деген сөз "Жеке кәсіпкерлік субъектілерін қоспағанда, егер" деген сөздермен ауыстырылсын.

20. "Қоғамдық бірлестіктер туралы" 1996 жылғы 31 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж.,

№ 8-9, 234-құжат; 2000 ж., № 3-4, 63-құжат; 2001 ж., № 24, 338-құжат; 2005 ж., № 5, 5-құжат; № 13, 53-құжат; 2007 ж., № 9, 67-құжат; 2009 ж., № 2-3, 9-құжат; № 8, 44-құжат; 2010 ж., № 8, 41-құжат; 2012 ж., № 2, 13-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2014 ж., № 11, 67-құжат; 2015 ж., № 22-I, 140-құжат; 2016 ж., № 8-I, 62-құжат):

3-баптың бесінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Саяси партиялардың, кәсіптік одақтардың, ерікті мүше болуға (қатысуға) негізделген өзін-өзі реттеу ұйымдарының және басқа да жекелеген қоғамдық бірлестіктер түрлерінің құрылуына, қызметіне, қайта ұйымдастырылуына және таратылуына байланысты ерекшеліктер Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерімен реттелуі мүмкін. Аталған қоғамдық бірлестіктердің Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерімен реттелмеген қызметі осы Заңмен регламенттеледі."

21. "Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы" 1996 жылғы 10 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., № 8-9, 237-құжат; 2004 ж., № 17, 100-құжат; 2005 ж., № 21-22, 87-құжат; 2007 ж., № 20, 152-құжат; 2009 ж., № 15-16, 75-құжат; 2012 ж., № 2, 13-құжат; № 3, 25-құжат; № 15, 97-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2014 ж., № 19-I, 19-II, 96-құжат; 2015 ж., № 7, 34-құжат; № 20-VII, 115-құжат; № 22-V, 156-құжат):

48-1-бап алып тасталсын.

22. "Тұрғын үй қатынастары туралы" 1997 жылғы 16 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 8, 84-құжат; 1999 ж., № 13, 431-құжат; № 23, 921-құжат; 2001 ж., № 15-16, 228-құжат; ; 2002 ж., № 6, 71-құжат; 2003 ж., № 11, 67-құжат; 2004 ж., № 14, 82-құжат; № 17, 101-құжат; № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 16, 103-құжат; 2007 ж., № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; № 15, 106, 108-құжаттар; № 18, 143-құжат; 2009 ж., № 11-12, 54-құжат; № 18, 84-құжат; № 24, 122-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 10, 52-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 5, 43-құжат; № 6, 50-құжат; № 10, 86-құжат; № 11, 102-құжат; № 16, 128, 129-құжаттар; 2012 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 21-құжат; № 4, 32-құжат; № 5, 41-құжат; № 15, 97-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; № 14, 72, 75-құжаттар; № 15, 77-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 14, 84, 86-құжаттар; № 16, 90-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 23, 143-құжат; № 24, 144-құжат; 2015 ж., № 1, 2 құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 22-V, 154, 158-құжаттар; № 23-II, 170-құжат; 2016 ж., № 8-I, 65-құжат; № 12, 87-құжат; № 23, 118-құжат; 2017 ж., № 8, 16-құжат; № 11, 29-құжат; № 21, 98-құжат):

1) 26-баптың 5-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Жалдаушы тұрғын үй-жайға уақытша тұрғындарды олармен жалдау шартын жасаспай кіргізуге құқылы. Уақытша тұрғындардың тұру шарттарын жалдаушы айқындайды. Уақытша тұрғындар жалдаушының талап етуі бойынша, басқа тұрғын үй-жай берілместен, кез келген уақытта, кемінде жеті жұмыс күні бұрын ескертіле отырып шығарылуға жатады.";

2) 41-1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"41-1-бап. Тұрғын үй қорын басқару саласындағы мемлекеттік бақылау

Тұрғын үй қорын басқару саласындағы мемлекеттік бақылау жергілікті атқарушы органдардың тұрғын үй инспекциясы (бұдан әрі – тұрғын үй инспекциясы) лауазымды адамдарының тексеру және профилактикалық бақылау жүргізуі арқылы жүзеге асырылады.

Тексеру және профилактикалық бақылау Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес жүзеге асырылады.";

3) 41-2-баптың 3 және 4-тармақтары алып тасталсын.

23. "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" 1997 жылғы 11 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 13-14, 202-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 10, 52-құжат; 2007 ж., № 19, 147-құжат; № 20, 152-құжат; 2008 ж., № 20, 89-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 3, 25-құжат; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 2, 11-құжат; № 14, 75-құжат; 2014 ж., № 2, 13-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 20-IV, 113-құжат; № 22-VI, 159-құжат; 2017 ж., № 9, 18-құжат):

1) 25-2-баптың 2-1) тармақшасы алып тасталсын;

2) 25-4 бап мынадай редакцияда жазылсын:

"25-4-бап. Қазақстан Республикасының тіл туралы заңнамасының сақталуын мемлекеттік бақылау

Қазақстан Республикасының тіл туралы заңнамасының сақталуын мемлекеттік бақылау Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес тексеру және профилактикалық бақылау нысанында жүзеге асырылады."

24. "Нотариат туралы" 1997 жылғы 14 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 13-14, 206-құжат; 1998 ж., № 22, 307-құжат; 2000 ж., № 3-4, 66-құжат; 2001 ж., № 15-16, 236-құжат; № 24, 338-құжат; 2003 ж., № 10, 48-құжат; № 12, 86-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 11, 55-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; 2009 ж., № 8, 44-құжат; № 17, 81-құжат; № 19, 88-құжат; № 23, 100-құжат; 2010 ж., № 17-18, 111-құжат; 2011 ж., № 11, 102-құжат; № 21, 172-құжат; 2012 ж., № 8, 64-құжат; № 10, 77-құжат; № 12, 84-құжат; 2013 ж., № 1, 3-құжат; № 14, 72-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 61-құжат; № 14, 84-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 122-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 16, 79-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 20-VII, 115-құжат; 2016 ж., № 6, 45-құжат; № 12, 87-құжат; № 22, 116-құжат; 2017 ж., № 4, 7-құжат; № 22-III, 109-құжат):

31-1-баптың 2-тармағының 2) тармақшасындағы "ұйымдастыруы жөніндегі;" деген сөздер "ұйымдастыру жөніндегі қызметінің Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестігі нысанына бақылау жүзеге асырылады." деген сөздермен ауыстырылып, 3) тармақшасы алып тасталсын.

25. "Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы" 1998 жылғы 22 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., № 5-6, 49-құжат; 1999 ж., № 20, 727-құжат; 2002 ж., № 10, 102-құжат; 2003 ж., № 11, 56-құжат; № 24, 178-құжат; 2004 ж., № 5, 30-құжат; 2005 ж., № 14, 58-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 4, 24, 25-құжаттар; № 8, 45-құжат; 2007 ж., № 4, 28-құжат; № 20, 153-құжат; 2008 ж., № 13-14, 56-құжат; 2009 ж., № 2-3, 16-құжат; 2010 ж., № 1-2, 2-құжат; 2011 ж., № 1, 9-құжат; № 5, 43-құжат; № 6, 50-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 2, 15-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2014 ж., № 4-5, 24-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 20-VII, 117-құжат; № 22-VI, 159-құжат; 2016 ж., № 6, 45-құжат; № 8-II, 70-құжат; 2017 ж., № 4, 7-құжат):

1) 43-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы 4-1) тармақшамен толықтырылсын:

"4-1) аудит жүргізу осы Заңның 59-бабына сәйкес міндетті болып табылатын, серіктестіктің жылдық қаржылық есептілігіне аудит жүргізу үшін аудиторлық ұйымды айқындау;"

2) 52-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің атқарушы органының құзыретіне осы Заңның 43-бабына сәйкес қатысушылардың жалпы жиналысында айқындалған, серіктестіктің жылдық қаржылық есептілігінің аудиті үшін аудиторлық ұйымның көрсетілетін қызметтеріне ақы төлеу мөлшерін белгілеу жатады.";

3) 59-бапта:

1-тармақтың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Орта кәсіпкерлік субъектісіне жататын жауапкершілігі шектеулі серіктестік үшін жылдық қаржылық есептілік аудиті серіктестіктің жарғылық капиталына қатысу үлестерінің оннан аз пайызын иеленетін қатысушының (құрылтайшының) талап етуі бойынша серіктестіктің есебінен жүргізіледі.";

2-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің атқарушы органы серіктестіктің жылдық қаржылық есептілігіне аудиттің осы баптың 1-тармағының талаптарына сәйкес жүргізілуін бақылауды жүзеге асырады және жылдық қаржылық есептілікті бекіту туралы мәселені серіктестік қатысушыларының жалпы жиналысына шығарады.".

26. "Жылжымалы мүлік кепілін тіркеу туралы" 1998 жылғы 30 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., № 13, 196-құжат; 2003 ж., № 11, 67-құжат; 2004 ж., № 23, 140-құжат; 2006 ж., № 23, 141-құжат; 2009 ж., № 19, 88-құжат; № 24, 134-құжат; 2011 ж., № 3, 32-құжат; 2012 ж., № 8, 64-құжат; № 14, 95-құжат; 2013 ж., № 1, 3-құжат; 2014 ж., № 11, 61-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 8, 45-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 22-II, 145-құжат; 2016 ж., № 6, 45-құжат; 2017 ж., № 4, 7-құжат):

1) 1-бапта:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтерді, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға арналған техникалық шарттарды беру бойынша қызметтерді және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтерін көрсету, "бір терезе" қағидаты бойынша мемлекеттік қызметтерді, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға арналған техникалық шарттарды беру бойынша қызметтерді, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтерін көрсетуге арналған өтініштерді қабылдау және көрсетілетін қызметтерді алушыға олардың нәтижелерін беру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру, сондай-ақ электрондық нысанда мемлекеттік қызметтер көрсетуді қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған, жылжымайтын мүлікке құқықтарды оның орналасқан жері бойынша мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын заңды тұлға;"

мынадай мазмұндағы 1-1) және 5-1) тармақшалармен толықтырылсын:

"1-1) жылжымалы мүлік – көлік құралдарын, айналымдағы тауарларды, бағалы қағаздарды, ақшаны, мүліктік құқықтарды, оның ішінде болашақтағы өнімге және өзге де мүлікке құқықты қоса алғанда, жылжымайтын мүлікке жатпайтын мүлік;"

"5-1) кепілді электрондық тіркеу – жылжымалы мүлік кепілінің бірыңғай тізілімі арқылы электрондық нысандағы өтініш негізінде жүзеге асырылатын жылжымалы мүлік кепілін тіркеу;"

9) тармақша алып тасталсын;

2) 3-баптың 2-тармағындағы "Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі мен басқа да" деген сөздер "тиісті" деген сөзбен ауыстырылсын;

3) 5-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Міндетті тіркеуге жатпайтын жылжымалы мүлік кепілін тіркеу жеке және заңды тұлғалардың өтініш жасау жері бойынша жүзеге асырылады.";

4) 9-бапта:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Өтінішті тіркеуші органға және (немесе) Мемлекеттік корпорацияға берген кезде және өтінішті жылжымалы мүлік кепілінің бірыңғай тізілімі арқылы электрондық нысанда жіберген кезде, мәміле тараптары қол қойған өтініш кепіл шарты туралы мәліметтер, сондай-ақ осы баптың 2-тармағына сәйкес мәліметтер көрсетіле отырып, кепіл туралы шарт немесе кепіл шарты қамтылатын өзге де құжат ұсынылмастан, хабарлама нысанында беріледі.";

3-1-тармақ алып тасталсын;

5) 9-3-бапта:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"9-3-бап. Тіркеуші органға және (немесе) Мемлекеттік корпорацияға келіп түскен өтініш негізінде жылжымалы мүлік кепілін тіркеу тәртібі";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Толтырылған өтініш бланкісі тіркеуші органға және (немесе) Мемлекеттік корпорацияға берілген жағдайда, өтініш келіп түскен күннен кейінгі бір жұмыс күнінен кешіктірмей тіркеуші орган және (немесе) Мемлекеттік корпорация өтініштің негізінде жылжымалы мүлік кепілінің бірыңғай тізіліміне кепіл туралы мәліметтерді енгізеді, оның нәтижелері бойынша жылжымалы мүлік кепілін тіркеу туралы куәлік не тіркеуден бас тарту туралы уәжді жауап беріледі.";

б) 9-4-бапта:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"9-4-бап. Жылжымалы мүлік кепілінің бірыңғай тізілімі арқылы келіп түскен өтініш негізінде жылжымалы мүлік кепілін электрондық тіркеу тәртібі";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Өтініш жылжымалы мүлік кепілінің бірыңғай тізілімі арқылы электрондық нысанда жылжымалы мүлік кепілін электрондық тіркеуге жіберілген жағдайда, жылжымалы мүлік кепілін тіркегені үшін алымның төленгенін немесе алым төлеуден босатылғаны туралы растама жылжымалы мүлік кепілінің бірыңғай тізіліміне келіп түскен күннен кейінгі бір жұмыс күнінен кешіктірмей тіркеуші орган және (немесе) Мемлекеттік корпорация өтініштің негізінде жылжымалы мүлік кепілінің бірыңғай тізіліміне кепіл туралы мәліметтерді енгізеді, оның нәтижелері бойынша тіркеуші органның және (немесе) Мемлекеттік корпорацияның электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған, жылжымалы мүлік кепілін тіркеу туралы куәлік не туралы тіркеуден бас тарту уәжді жауап электрондық нысанда беріледі.";

7) 10-бапта:

2-1 және 3-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"2-1. Жылжымалы мүлік кепілінің бірыңғай тізілімі арқылы келіп түскен өтініш негізінде жылжымалы мүлік кепілін электрондық тіркеу жылжымалы мүлік кепілін тіркегені үшін алымның төленгені немесе алым төлеуден босатылғаны туралы растама жылжымайтын мүлік кепілінің бірыңғай тізіліміне келіп түскен күннен кейінгі бір жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізілуге тиіс.

3. Тіркеуші орган және (немесе) Мемлекеттік корпорация жылжымалы мүлік кепілінің бірыңғай тізіліміндегі кепіл туралы мәліметтердің өтініштегі толтырылу толықтығын тексереді.";

5-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Кепіл ұстаушы кепілмен қамтамасыз етілген міндеттемені кепіл беруші орындағаннан кейін жылжымалы мүлік кепілін тіркеуден шығаруға арналған өтінішті тіркеуші органға және (немесе) Мемлекеттік корпорацияға міндеттеме орындалғаннан кейін екі жұмыс күнінен кешіктірмей жібереді.";

8) 11-баптың 1-тармағының 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) кепілді тіркеу туралы өтінішті толтыру толық болмаған;";

9) 13-бапта:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Кепілді тіркеу туралы куәлікке уәкілетті лауазымды адам қол қояды және ол тіркеуші органның және (немесе) Мемлекеттік корпорацияның электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылады.";

3-тармақтағы "екі жұмыс күні ішінде" деген сөздер "өтініш келіп түскен күннен кейінгі бір жұмыс күнінен кешіктірмей" деген сөздермен ауыстырылсын;

10) 16-баптың 1-тармағының бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Өтініш беруші тіркеуші органға және (немесе) Мемлекеттік корпорацияға өтініш беру немесе жылжымалы мүлік кепілінің бірыңғай тізілімі арқылы электрондық нысандағы өтініш жіберу арқылы тіркелген кепілдің өзгерістер мен толықтыруларын (оның ішінде, меншік құқығының басқа адамға ауысуын, талап ету құқығын басқаға беруді) және қолданысын тоқтатуды тіркейді.";

11) 17-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Өтініште осы баптың 2-тармағына сәйкес өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы мәліметтер қамтылуға тиіс.";

12) 18-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Осы Заңның 3-бабында көрсетілген жылжымалы мүлік кепілін тіркеу кезінде туындайтын қатынастарға кез келген қатысушының өтініші бойынша тіркеуші орган және (немесе) Мемлекеттік корпорация осы Заңның 10-бабының 4-тармағын ескере отырып, жылжымалы мүлік кепілінің бірыңғай тізілімінен үзінді көшірме нысанында ақпарат беруге міндетті, ол:

1) кепіл туралы мәліметтер үзінді көшірме берілген күннің алдындағы жұмыс күнінің соңында берілгеніне нұсқауды қамтуға;

2) тіркеуші органның уәкілетті лауазымды адамының қолы қойылуға және тіркеуші органның және (немесе) Мемлекеттік корпорацияның мөрімен куәландырылуға тиіс.

Кепіл беруші және (немесе) кепіл ұстаушы осындай сұрау салуды куәландырған жағдайда, үшінші тұлғалар жылжымалы мүлік кепілінің бірыңғай тізілімінен ақпарат ала алады."

27. "Табиғи монополиялар туралы" 1998 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., № 16, 214-құжат; 1999 ж., № 19, 646-құжат; 2000 ж., № 3-4, 66-құжат; 2001 ж., № 23, 309-құжат; 2002 ж., № 23-24, 193-құжат; 2004 ж., № 14, 82-құжат; № 23, 138, 142-құжаттар; 2006 ж., № 2, 17-құжат; № 3, 22-құжат; № 4, 24-құжат; № 8, 45-құжат; № 13, 87-құжат; 2007 ж., № 3, 20-құжат; № 19, 148-құжат; 2008 ж., № 15-16, 64-құжат; № 24, 129-құжат; 2009 ж., № 11-12, 54-құжат; № 13-14, 62-құжат; № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 20, 23-құжаттар; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 13, 112-құжат; № 16, 129-құжат; 2012 ж., № 2, 9, 15-құжаттар, № 3, 21-құжат; № 4, 30-құжат; № 11, 80-құжат; № 12, 85-құжат; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 4, 21-құжат; № 10-11, 56-

құжат; № 15, 79, 82-құжаттар; № 16, 83-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 4-5, 24-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 64-құжат; № 14, 87-құжат; № 16, 90-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 9, 46-құжат; № 19-I, 100-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 20-VII, 117-құжат; № 21-II, 131-құжат; № 22-II, 144-құжат; № 22-V, 156-құжат; № 22-VI, 159-құжат; 2016 ж., № 6, 45-құжат; № 8-I, 60-құжат; № 24, 124-құжат; 2017 ж., № 4, 7-құжат; № 9, 17, 22-құжаттар; № 14, 54-құжат; № 20, 96-құжат):

1) 3-бапта:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтерді, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға арналған техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерді және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтерін көрсету, "бір терезе" қағидаты бойынша мемлекеттік қызметтерді, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға арналған техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерді, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтерін көрсетуге өтініштер қабылдау және көрсетілетін қызметті алушыға олардың нәтижелерін беру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру, сондай-ақ электрондық нысанда мемлекеттік қызметтер көрсетуді қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған, орналасқан жері бойынша жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын заңды тұлға";

мынадай мазмұндағы 1-2) және 32) тармақшалармен толықтырылсын:

"1-2) амортизациялық аударымдардың қаражатын мақсатқа сай пайдаланбау – бекітілген тарифтерде (бағаларда, алым мөлшерлемелерінде) және (немесе) тарифтік сметаларда амортизациялық аударымдардың есебінен көзделген қаражатты реттеліп көрсетілетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) ұсынуда пайдаланылатын тіркелген активтерге капитал салымдарына және тартылған кредиттік ресурстар бойынша негізгі борышты қайтаруға байланысты емес мақсаттарға жұмсау";

"32) "электрондық үкіметтің" веб-порталы – нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, барлық шоғырландырылған үкіметтік ақпаратқа және электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік қызметтерге, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға арналған техникалық шарттарды беру бойынша қызметтерге және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтеріне қол жеткізудің "бірыңғай терезесін" білдіретін ақпараттық жүйе.";

2) 5-баптың 1-тармағы 10) тармақшасының төртінші бөлігіндегі "деп тануға тыйым салынады." деген сөздер "деп тануға;" деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 11), 12), 13), 14) және 15) тармақшалармен толықтырылсын:

"11) табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне қолжетімділік үшін төлемақы талап етуге;

12) тұтынушылардан осы Заңның 7-бабы бірінші бөлігінің 24) тармақшасында көзделген ақпаратты бергені үшін төлемақы алуға;

13) тұтынушылардан қосымша материалдарды, ақпаратты сұратуға және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделмеген қосымша талаптар қоюға;

14) табиғи монополия субъектісі немесе оның үлестес тұлғалары табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне қосу үшін техникалық шарттарға сәйкес жұмыстар жүргізетін тұтынушыларға артықшылықтар жасауға;

15) жұмыстарды техникалық шарттарға сәйкес жүзеге асыратын нарық субъектілерінің қызметін шектеуге тыйым салынады.";

3) 7-баптың бірінші бөлігінің 24) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"24) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес мемлекеттік құпияларға және өзге де қорғалатын құпияға жататын мәліметтерді қоспағанда, бос және қолжетімді қуаттылықтардың, сыйымдылықтың, орындардың, желілердің өткізу қабілетінің бар екендігі, сондай-ақ реттеліп көрсетілетін коммуналдық қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) инженерлік коммуникацияларының схемалары туралы тоқсан сайын жаңартылатын ақпаратты өзінің интернет-ресурсында орналастыруға не өзінің интернет-ресурсы болмаған жағдайда, интернет-ресурсында орналастыру үшін уәкілетті органға беруге;"

4) мынадай мазмұндағы 7-5-баппен толықтырылсын:

"7-5-бап. Техникалық шарттар беру және табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне қосу

1. Электрмен жабдықтау, жылумен жабдықтау, газбен жабдықтау, сумен жабдықтау және су бұру желілеріне қосу мынадай кезеңдерден тұрады:

1) өтініш берушінің техникалық шарттарды беру туралы өтініш беруі;

2) табиғи монополия субъектісінің өтінішті және қоса берілетін құжаттарды олардың толықтығы тұрғысында қарауы;

3) табиғи монополия субъектісінің тұтынушының техникалық шарттарды беру туралы өтінішін қарауы;

4) табиғи монополия субъектісінің техникалық шарттарды беруі;

5) өтініш берушінің техникалық шарттарға сәйкес жұмыстар жүргізуі;

6) көрсетілетін қызметке қосу.

2. Табиғи монополия субъектісінің көрсетілетін қызметіне қосуға өтініштерді қабылдау және нәтижелерін беру Мемлекеттік корпорация, "электрондық үкімет" веб-порталы немесе табиғи монополия субъектісінің кеңсесі арқылы жүзеге асырылады

Мемлекеттік корпорация, "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы табиғи монополия субъектісінің көрсетілетін қызметіне қосуға өтініштерді қабылдау және

нәтижелерін беру кезінде қызметтер көрсетілгені үшін тұтынушыдан төлемақы алынады.

3. Техникалық шарттарды беру туралы өтініште:

1) жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе) немесе заңды тұлғаның атауы;

2) өтініш берушінің мекенжайы;

3) көрсетілетін қызметке қосу орны;

4) көрсетілетін қызметтің талап етілетін көлемі;

5) қоса берілетін құжаттардың тізбесі;

6) өзге мәліметтер көрсетіледі.

4. Техникалық шарттарды беру туралы өтініштің нысанын және өтінішке қоса берілетін құжаттардың тізбесін табиғи монополиялар саласында реттеліп көрсетілетін қызметтерге (тауарларға, жұмыстарға) қол жеткізудің тең жағдайларын ұсыну тәртібіне сәйкес уәкілетті орган белгілейді.

5. Табиғи монополия субъектісі тұтынушы толық емес құжаттар топтамасын ұсынған жағдайда, техникалық шарттарды беру туралы өтінішті екі жұмыс күні ішінде қайтарады.

6. Өтініш қарауға қабылданған жағдайда, табиғи монополия субъектісі техникалық шарттарды беру туралы өтінішті мынадай шешімдердің бірін қабылдай отырып, бес жұмыс күні ішінде қарайды:

1) өтінішті қанағаттандыру және техникалық шарттарды беру;

2) техникалық шарттарды беруден бас тарту.

7. Мынадай:

1) көрсетілетін қызметтердің талап етілетін көлемін беру үшін қажетті бос техникалық қуаттылық болмаған;

2) желілер немесе көрсетілетін қызметті беру үшін қажетті өзге мүлік болмаған жағдайларда, техникалық шарттарды беруден бас тартуға жол беріледі.

8. Техникалық шарттарды беруден бас тартылған жағдайда, табиғи монополия субъектісі:

1) техникалық шарттарды беруден бас тарту туралы шешімге көрсетілетін қызметтің бос техникалық қуаттылығы тапшылығының есеп-қисабымен, желілердің немесе көрсетілетін қызметті беру үшін қажетті өзге мүліктің болмауының уәжді негіздемесін қоса береді;

2) өтініш берушіге бас тартумен бір мезгілде техникалық шарттарды беруден бас тарту туралы шешімнің көшірмесін, уәжді негіздемені және бас тартудың негізділігін растайтын ақпаратты уәкілетті органға жібереді.

9. Уәкілетті орган техникалық шарттарды беруден бас тарту туралы шешімнің көшірмесін алуына байланысты:

1) жеті жұмыс күнінен кешіктірмей өтініш берушіге техникалық шарттарды беруден бас тартудың негізділігін растау немесе табиғи монополия субъектісінің қызметін тексеруге бастамашы болу үшін уәкілетті органға шағым беру қажеттігі туралы хат жібереді;

2) бос техникалық қуаттылықтың немесе желілердің, табиғи монополия субъектісінің көрсетілетін қызметтердің талап етілетін көлемін беру үшін қажетті өзге мүлкінің болмауы фактісі анықталған кезде, көрсетілетін қызметке қосу үшін жағдайды қамтамасыз ету мақсатында табиғи монополия субъектісінің инвестициялық бағдарламасын түзетеді.

10. Көрсетілетін қызметке қолжетімділік берілген кезде табиғи монополия субъектісіне:

1) бос қуаттылықтар туралы ақпарат бергені үшін төлемақы алуға;

2) мемлекеттік органдардың, мемлекеттік емес ұйымдардың реттелетін қызметті көрсетуге жатпайтын рұқсаттарын және өзге де құжаттарын ұсынуды талап етуге;

3) өтініш берушіге көрсетілетін қызметке қосу кезінде көрсетілетін қызметке қол жеткізудің техникалық шарттарын сақтаудан басқа, өзге де талаптар қоюға;

4) көрсетілетін қызметтерге қол жеткізудің тең жағдайларын жасамауға;

5) көрсетілетін қызметке қол жеткізудің техникалық шарттарына сәйкес жұмыстарды жүзеге асыратын нарық субъектілерінің қызметін шектеуге;

6) техникалық шарттарға сәйкес жұмыстар жобасын келісуді талап етуге тыйым салынады.

11. Өтініш берушінің жұмыстардың аяқталуы туралы хабарламасын алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде табиғи монополия субъектісі берілген техникалық шарттарға сәйкес орындалған жұмыстарды тексеруді жүзеге асырады. Орындалған жұмыстар техникалық шарттарға сәйкес келген кезде табиғи монополия субъектісінің көрсетілетін қызметіне қосу бір жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

12. Жүргізілген жұмыстар техникалық шарттарға сәйкес келмеген кезде табиғи монополия субъектісі бір жұмыс күні ішінде техникалық шарттарды анықталған бұзушылықтарды көрсете отырып, көрсетілетін қызметке қосудан бас тартады және бұл туралы өтініш берушіні сәйкессіздік анықталған күннен бастап бір жұмыс күнінен кешіктірмей хабардар етеді.

13. Жобалау-сметалық құжаттама әзірлеуді талап ететін құрылыс объектілері үшін табиғи монополия субъектісінің техникалық шарттарын беруге арналған өтінім жобалау-сметалық құжаттама әзірлеу үшін бастапқы деректерді қалыптастыратын сәулет және қала құрылысы органдарынан электрондық нысанда келіп түседі.

14. Табиғи монополиялар субъектілері сәулет және қала құрылысы органдарының өтінімі бойынша техникалық шарттарды беруді:

1) техникалық күрделі емес объектілер үшін – екі жұмыс күні ішінде;

2) техникалық күрделі объектілер үшін – бес жұмыс күні ішінде электрондық нысанда жүзеге асырады.

15. Техникалық шарттар жобалау мен құрылыстың нормативтік кезеңіне беріледі.";

5) 13-баптың 1-тармағының 1-3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1-3) тарифтік реттеу әдістерін және оларды қолдану тәртібін көздейтін, халықаралық қаржы ұйымдарының қарыздарын тартатын және халықаралық қаржы ұйымдарының қарыздарын тартатын табиғи монополиялар субъектілерінің тізбесіне кіретін табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін реттеудің ерекше тәртібін айқындайды;"

6) 14-1-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 6-3) тармақшамен толықтырылсын:

"6-3) осы Заңның 7-бабы бірінші бөлігінің 24) тармақшасына сәйкес табиғи монополия субъектісі берген, бос және қолжетімді қуаттылықтардың, сыйымдылықтың, орындардың, желілердің өткізу қабілетінің бар екендігі, сондай-ақ реттеліп көрсетілетін коммуналдық қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) инженерлік коммуникацияларының схемалары туралы тоқсан сайын жаңартылатын ақпаратты өзінің интернет-ресурсында орналастыруға;"

7) 18-5-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"18-5-бап. Табиғи монополиялар саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру
Табиғи монополиялар саласындағы мемлекеттік бақылау Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес тексеру және профилактикалық бақылау нысанында жүзеге асырылады."

28. "Асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы" 1998 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., № 16, 220-құжат; 2001 ж., № 23, 318-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 22-құжат; 2008 ж., № 15-16, 60-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 2, 16-құжат; № 15, 97-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; № 14, 75-құжат; 2014 ж., № 2, 10-құжат; № 10, 52-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 20-IV, 113-құжат; № 22-II, 145-құжат; № 22-VII, 161-құжат):

16-бапта:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы мемлекеттік бақылау Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес тексеру және профилактикалық бақылау нысанында жүзеге асырылады."

3-тармақта:

2) және 3) тармақшалар алып тасталсын;

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"5) жергілікті атқарушы органдардың Қазақстан Республикасының асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы заңнамасын сақтауын мемлекеттік бақылауды жүзеге асыруға;"

29. "Есірткі, психотроптық заттар, сол тектестер мен прекурсорлар және олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдаланылуына қарсы іс-қимыл шаралары туралы" 1998 жылғы 10 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., № 17-18, 221-құжат; 2000 ж., № 6, 141-құжат; 2002 ж., № 10, 106-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 5-6, 30-құжат; № 24, 148-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 9, 81-құжат; № 11, 102-құжат; ; 2012 ж., № 4, 32-құжат; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 12, 57-құжат; № 14, 75-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 14, 84-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 20-IV, 113-құжат; 2016 ж., № 7-II, 56-құжат; № 24, 126-құжат; 2017 ж., № 23-III, 111-құжат):

6-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Есірткі, психотроптық заттардың, прекурсорлардың айналымын мемлекеттік бақылау тексеру және профилактикалық бақылау нысанында жүзеге асырылады.

Тексеру және профилактикалық бақылау Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес жүзеге асырылады."

30. "Аудиторлық қызмет туралы" 1998 жылғы 20 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., № 22, 309-құжат; 2000 ж., № 22, 408-құжат; 2001 ж., № 1, 5-құжат; № 8, 52-құжат; 2002 ж., № 23-24, 193-құжат; 2003 ж., № 11, 56-құжат; № 12, 86-құжат; № 15, 139-құжат; 2004 ж., № 23, 138-құжат; 2005 ж., № 14, 58-құжат; 2006 ж., № 8, 45-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 4, 28-құжат; 2009 ж., № 2-3, 21-құжат; № 17, 79-құжат; № 18, 84-құжат; № 19, 88-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 17-18, 112-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 5, 43-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 2, 15-құжат; № 8, 64-құжат; № 10, 77-құжат; № 13, 91-құжат; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 10-11, 56-құжат; № 15, 79-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 61-құжат; № 19-I, 19-II, 94, 96-құжаттар; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 9, 46-құжат; № 15, 78-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 21-II, 130-құжат; № 22-I, 143-құжат; 2016 ж., № 7-II, 53-құжат; 2017 ж., № 4, 7-құжат; № 23-III, 111-құжат; № 23-V, 113-құжат):

18-1-бап алып тасталсын.

31. "Ұлттық архив қоры және архивтер туралы" 1998 жылғы 22 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., № 24, 435-құжат; 2001 ж., № 21-22, 286-құжат; 2003 ж., № 10, 53-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 13, 86-құжат; 2007 ж., № 8, 55-құжат; 2009 ж., № 11-12, 53-құжат; № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 10, 48-құжат; № 17-18, 111-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 5, 43-құжат; № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 4, 32-құжат; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 14, 75-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат

; № 4-5, 24-құжат; № 16, 90-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 122-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 19-II, 105-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 22-II, 145-құжат; № 22-V, 156-құжат; 2016 ж., № 7-I, 50-құжат; 2017 ж., № 14, 50-құжат):

18-1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"18-1-бап. Қазақстан Республикасының Ұлттық архив қоры және архивтер туралы заңнамасының сақталуын мемлекеттік бақылау

Қазақстан Республикасының Ұлттық архив қоры және архивтер туралы заңнамасының сақталуын мемлекеттік бақылау Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес тексеру және профилактикалық бақылау нысанында жүзеге асырылады."

32. "Өсімдіктер карантині туралы" 1999 жылғы 11 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., № 2-3, 34-құжат; № 23, 931-құжат; 2002 ж., № 4, 30-құжат; 2003 ж., № 15, 121-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 22-құжат; 2009 ж., № 18, 84, 85-құжаттар; 2010 ж., № 1-2, 1-құжат; № 5, 23-құжат; № 15, 71-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 6, 49-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 14, 95-құжат; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; № 14, 75-құжат; 2014 ж., № 19-I, 19-II, 94, 96-құжаттар; № 21, 123-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 13, 65-құжат; № 20-IV, 113-құжат; 2016 ж., № 8-I, 65-құжат; 2017 ж., № 23-III, 111-құжат):

1) 1-баптың 18) тармақшасы алып тасталсын;

2) 6-баптың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) фитосанитариялық зертханалары бар өсімдіктер карантинін қамтамасыз ету жөніндегі республикалық мемлекеттік кәсіпорын;"

3) 7-баптың 1-тармағының 11) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"11) жергілікті атқарушы органдардың Қазақстан Республикасының өсімдіктер карантині саласындағы заңнамасын сақтауын мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;"

;

4) 9-2-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"9-2-бап. Мемлекеттік карантиндік фитосанитариялық бақылау және қадағалау

1. Мемлекеттік карантиндік фитосанитариялық бақылау және қадағалау Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес тексеру және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалау нысанында жүзеге асырылады.

2. Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау мен қадағалау Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне және осы Заңға сәйкес жүзеге асырылады."

5) 10-бап мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

"4. Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау мен қадағалауды уәкілетті органның ведомствосы және уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшелері:

1) ақпараттық жүйелердегі;

2) басқа мемлекеттердің уәкілетті органдарының нотификациялары мен хабарламаларындағы;

3) өсімдіктер карантинін қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесіне кіретін ұйымдардан келіп түсетін;

4) ашық дереккөздердегі, бұқаралық ақпарат құралдарындағы деректер мен ақпаратты талдау, салыстыру арқылы жүргізеді.

Қызметі карантинге жатқызылған өнімді әкелуге, әкетуге, өндіруге, дайындауға, қайта өңдеуге, залалсыздандыруға, сақтауға, тасымалдауға және өткізуге байланысты жеке және заңды тұлғалар бармай профилактикалық бақылау және қадағалау субъектілері (объектілері) болып табылады.

Бұзушылықтардың уақтылы жолын кесу және оларға жол бермеу, бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау мен қадағалаудың нәтижелері бойынша уәкілетті органның ведомствосы және уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшелері анықтаған бұзушылықтарды өз бетінше жою құқығын бақылау субъектілеріне беру және оларға әкімшілік жүктемені азайту бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау мен қадағалау мақсаттары болып табылады.

Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау мен қадағалау нәтижелері бойынша бақылау және қадағалау субъектілерінің әрекеттерінде (әрекетсіздігінде) бұзушылықтар анықталған жағдайда, уәкілетті органның ведомствосы немесе уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшелері бақылау және қадағалау субъектісіне бұзушылықтар анықталған күннен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде ұсыным жібереді. Ұсынымда оны орындау мерзімі көрсетіледі, ол табыс етілген күнінен кейінгі күннен бастап үш жұмыс күнінен кем болмауға тиіс.

Ұсыным бақылау және қадағалау субъектісіне жеке қолын қойғызып немесе оны жөнелту және алу фактілерін растайтын өзге де тәсілмен табыс етілуге тиіс.

Төменде санамаланған тәсілдердің бірімен жіберілген ұсыным мынадай жағдайларда:

1) қолма-қол – ұсынымда алғаны туралы белгі қойылған күннен бастап;

2) поштамен – тапсырысты хатпен пошта жөнелтілімін алғаны туралы хабардар етілген күннен бастап;

3) электрондық тәсілмен – сұрау салу кезінде бақылау және қадағалау субъектісінің хатта көрсетілген электрондық мекенжайына жөнелтілген күннен бастап табыс етілген болып саналады.

Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау мен қадағалау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы ұсыным табыс етілген күнінен кейінгі күні, ұсынымда көрсетілген мерзім ішінде орындалуға тиіс.

Бақылау және қадағалау субъектісі ұсынымда көрсетілген бұзушылықтармен келіспеген жағдайда, ұсынымды жіберген уәкілетті органның ведомствосына немесе уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесіне ұсыным табыс етілген күннен кейінгі бір жұмыс күні ішінде қарсылық жіберуге құқылы.

Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау мен қадағалау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы ұсынымды белгіленген мерзімде орындамау бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды жүргізудің жартыжылдық тізіміне қосу арқылы бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды тағайындауға алып келеді.

Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау мен қадағалаудың жиілігі деректер мен ақпараттың келіп түсуіне қарай айқындалады."

33. "Бұқаралық ақпарат құралдары туралы" 1999 жылғы 23 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., № 21, 771-құжат; 2001 ж., № 10, 122-құжат; 2003 ж., № 24, 175-құжат; 2005 ж., № 13, 53-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 22-құжат; № 12, 77-құжат; 2007 ж., № 12, 88-құжат; 2009 ж., № 2-3, 7-құжат; № 15-16, 74-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 22, 130-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 2, 13-құжат; № 3, 25-құжат; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 1, 2-құжат; № 10-11, 56-құжат; № 14, 75-құжат; 2014 ж., № 2, 11-құжат; № 10, 52-құжат; № 14, 84-құжат; 2015 ж., № 20-IV, 113-құжат; № 22-V, 156-құжат; 2016 ж., № 6, 45-құжат; № 23, 118-құжат; 2017 ж., № 9, 18-құжат; № 24, 115-құжат):

4-5-бапта:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдары туралы заңнамасының сақталуын мемлекеттік бақылауды уәкілетті орган Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес тексерулер және бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау нысанында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне және осы Заңға сәйкес бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нысанында жүзеге асырады."

4-тармақ алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 4-1-тармақпен толықтырылсын:

"4-1. Мерзімді баспасөз басылымдарының, теле-, радиоарналардың, киноқұжаттаманың, дыбыс-бейне жазбасының және интернет-ресурстарды қоса

алғанда, бұқаралық ақпаратты мерзімді немесе үздіксіз жария таратудың өзге нысанының қызметі бұқаралық ақпарат құралдары саласында бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау объектісі болып табылады.

Бұқаралық ақпарат құралдарының меншік иелері бақылау субъектілері болып табылады.

Бұзушылықтардың уақтылы жолын кесу және оларға жол бермеу, бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылаудың нәтижелері бойынша уәкілетті орган анықтаған бұзушылықтарды өз бетінше жою құқығын бақылау субъектілеріне беру және оларға әкімшілік жүктемені азайту бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылаудың мақсаттары болып табылады.

Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау әртүрлі ақпарат көздерінен алынған мәліметтерді талдау арқылы, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарына мониторинг жүргізу қағидаларында айқындалған тәртіппен жүргізіледі.

Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылаудың нәтижелері бойынша бұзушылықтар анықталған жағдайда, уәкілетті орган бақылау субъектісіне бұзушылықтар анықталған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде ұсыным жібереді.

Ұсыным бақылау субъектісіне жеке қолын қойғызып немесе оны жөнелту және алу фактілерін растайтын өзге де тәсілмен табыс етілуге тиіс.

Төменде санамаланған тәсілдердің бірімен жіберілген ұсыным мынадай жағдайларда:

- 1) қолма-қол – ұсынымда алғаны туралы белгі қойылған күннен бастап;
- 2) поштамен – тапсырысты хатпен пошта жөнелтілімін алғаны туралы хабардар етілген күннен бастап;
- 3) электрондық тәсілмен – уәкілетті орган сұрау салған кезде хатта көрсетілген бақылау субъектісінің электрондық мекенжайына уәкілетті орган жөнелткен күннен бастап табыс етілген болып саналады.

Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылаудың нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы ұсыным табыс етілген күнінен кейінгі күннен бастап он жұмыс күні ішінде орындалуға тиіс.

Бақылау субъектісі ұсынымда көрсетілген бұзушылықтармен келіспеген жағдайда, ұсынымды жіберген уәкілетті органға ұсыным табыс етілген күннен кейінгі күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қарсылық жіберуге құқылы.

Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылаудың нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы ұсынымды белгіленген мерзімде орындамау бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізудің жартыжылдық тізіміне қосу арқылы бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды тағайындауға алып келеді.

Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау күніне бір реттен жиілетпей жүргізіледі."

34. "Қаржы лизингі туралы" 2000 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2000 ж., № 10, 247-құжат; 2003 ж., № 15, 139-құжат; 2004 ж., № 5, 25-құжат; 2005 ж., № 23, 104-құжат; 2010 ж., № 15, 71-құжат; 2012 ж., № 13, 91-құжат; 2014 ж., № 4-5, 24-құжат; 2015 ж., № 8, 45-құжат; № 16, 79-құжат; № 20-IV, 113-құжат; 2017 ж., № 4, 7-құжат; № 23-III, 111-құжат):

5-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, лизинг алушы таратылған немесе банкрот болған кезде, егер лизинг бағасы төленбесе, лизинг нысанасы лизинг берушіге қайтарылуға жатады.

Лизинг нысанасына тыйым салуға және оны тәркілеуге жол берілмейді."

35. "Күзет қызметі туралы" 2000 жылғы 19 қазандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2000 ж., № 14-15, 281-құжат; 2002 ж., № 4, 34-құжат; № 17, 155-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 8, 52-құжат; 2008 ж., № 12, 51-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; № 24, 122-құжат; 2010 ж., № 24, 149-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 4, 32-құжат; № 5, 35-құжат; № 15, 97-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 1, 2-құжат; 2014 ж., № 8, 49-құжат; № 10, 52-құжат; № 14, 84-құжат; № 16, 90-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 22, 131-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 20-IV, 113-құжат; 2016 ж., № 23, 118-құжат; № 24, 126-құжат; 2017 ж., № 16, 56-құжат):

1) 17-1-бап мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

"5. Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде көзделген жалпы негіздерден басқа, күзет қызметін жүзеге асыруға арналған лицензияның қолданысы мынадай:

1) жалғыз құрылтайшы осы Заңда белгіленген талаптарға сәйкес келмеген;

2) жалғыз құрылтайшының және (немесе) заңды тұлғаның орналасқан жерін анықтау мүмкін болмаған;

3) жалғыз құрылтайшыға іздеу жарияланған жағдайларда, тоқтатыла тұрады.

Лицензияны тоқтата тұруға негіз болған себептер жойылған кезде оның қолданысы "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген мерзімдерде қайта басталады.

Күзет қызметін жүзеге асыруға арналған лицензиядан айыру (қайтарып алу) сот тәртібімен жүзеге асырылады.

"Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жалпы негіздерден басқа, күзет қызметін жүзеге асыруға арналған лицензияның қолданысын тоқтату алдын ала тоқтатыла тұрмай мынадай:

1) жалғыз құрылтайшы соттың заңды күшіне енген шешімі бойынша әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі, қайтыс болған не хабарсыз кеткен деп танылған;

2) жалғыз құрылтайшының Қазақстан Республикасының азаматтығы тоқтатылған;

3) жалғыз құрылтайшыға медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану туралы сот шешімі заңды күшіне енген;

4) жалғыз құрылтайшыға қатысты соттың айыптау үкімі заңды күшіне енген жағдайларда, жүзеге асырылады.";

2) 20-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"20-бап. Мемлекеттік бақылау

1. Қазақстан Республикасының аумағында күзет қызметін, мамандандырылған оқу орталықтарының қызметін, сондай-ақ күзет дабылы құралдарын монтаждау, баптау және оларға техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметті мемлекеттік бақылауды уәкілетті орган мен оның аумақтық құрылымдық бөлімшелері Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес тексеру және бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау нысанында жүзеге асырады.

2. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне және осы Заңға сәйкес жүзеге асырылады.

3. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылауды уәкілетті орган мен оның аумақтық құрылымдық бөлімшелері күзет қызметінің субъектілеріне (объектілеріне), мамандандырылған оқу орталықтарына және күзет дабылы құралдарын монтаждау, баптау және оларға техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметпен айналысатын субъектілерге бармай, олардың қызметі туралы әртүрлі ақпарат көздерінен алынған мәліметтерді салыстыру арқылы жүргізеді.

4. Бұзушылықтардың уақтылы жолын кесу және оларға жол бермеу, күзет қызметінің субъектілеріне, мамандандырылған оқу орталықтарына және күзет дабылы құралдарын монтаждау, баптау және оларға техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметпен айналысатын субъектілерге бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылаудың нәтижелері бойынша уәкілетті орган немесе оның аумақтық құрылымдық бөлімшелері анықтаған бұзушылықтарды өз бетінше жою құқығын беру және оларға әкімшілік жүктемені азайту бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылаудың мақсаттары болып табылады.

5. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау уәкілетті органда, уәкілетті органның ведомствосы мен оның аумақтық құрылымдық бөлімшелерінде бар деректерді:

1) осы Заңның 8-бабының 4-тармағына сәйкес ағымдағы және сұрау салынатын ақпаратты;

2) сұрау салу арқылы уәкілетті ұйымдар мен мемлекеттік органдардан алынған мәліметтерді;

3) әртүрлі ақпарат көздерінен алынған мәліметтерді өзара салыстыру арқылы жүргізіледі.

6. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылаудың нәтижелері бойынша бұзушылықтар анықталған жағдайда, күзет қызметінің субъектісіне, мамандандырылған оқу орталығына, күзет дабылы құралдарын монтаждау, баптау және оларға техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметпен айналысатын субъектіге бұзушылықтар анықталған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде ұсыным жіберіледі.

7. Ұсыным күзет қызметінің субъектісіне, мамандандырылған оқу орталығына және күзет дабылы құралдарын монтаждау, баптау және оларға техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметпен айналысатын субъектіге жеке өзіне қолын қойғызып немесе оны жөнелту және алу фактілерін растайтын өзге де тәсілмен табыс етілуге тиіс.

Төменде санамаланған тәсілдердің бірімен жіберілген ұсыным мынадай жағдайларда:

1) қолма-қол – ұсынымда алғаны туралы белгі қойылған күннен бастап;

2) поштамен – тапсырысты хатпен пошта жөнелтілімін алғаны туралы хабардар етілген күннен бастап;

3) электрондық тәсілмен – уәкілетті орган немесе оның аумақтық құрылымдық бөлімшелері сұрау салған кезде күзет қызметі субъектісінің, мамандандырылған оқу орталығының, күзет дабылы құралдарын монтаждау, баптау және оларға техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметпен айналысатын субъектінің хатта көрсетілген электрондық мекенжайына уәкілетті орган немесе оның аумақтық құрылымдық бөлімшелері жөнелткен күннен бастап табыс етілген болып саналады.

8. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылаудың нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы ұсыным табыс етілген күнінен кейінгі күннен бастап он жұмыс күні ішінде орындалуға тиіс.

9. Күзет қызметінің субъектісі, мамандандырылған оқу орталығы, күзет дабылы құралдарын монтаждау, баптау және оларға техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметпен айналысатын субъект ұсынымда көрсетілген бұзушылықтармен келіспеген жағдайда, ұсынымды жіберген уәкілетті органға және оның аумақтық құрылымдық бөлімшесіне ұсыным табыс етілген күннен кейінгі күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қарсылық жіберуге құқылы.

10. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылаудың нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы ұсынымды белгіленген мерзімде орындамау бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізудің жартыжылдық тізіміне қосу арқылы бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау тағайындауға алып келеді.

11. Күзет қызметінің субъектілеріне, мамандандырылған оқу орталықтарына, күзет дабылы құралдарын монтаждау, баптау және оларға техникалық қызмет көрсету

жөніндегі қызметпен айналысатын субъектілерге бармай профилактикалық бақылау жылына кемінде бір рет жүргізіледі."

36. "Қазақстан Республикасындағы бағалау қызметі туралы" 10.01.2018 ҚР Заңы қолданысқа енгізілген кезге дейін қолданылды – осы Заңның 2-бабы 2-тармағының 2) тармақшасымен.

37. "Отбасы үлгісіндегі балалар ауылы және жасөспірімдер үйлері туралы" 2000 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2000 ж., № 21, 385-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2007 ж., № 20, 152-құжат; 2009 ж., № 17, 81-құжат; 2011 ж., № 21, 173-құжат; 2013 ж., № 14, 75-құжат):

16-баптың 4-тармағының 8) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"8) кәмелетке толмағандарға бұрыннан тұрып келген тұрғын үй алаңын бекітіп беру туралы құжаттар және "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясының бала мен оның ата-анасының жылжымайтын мүлікке құқықтарын мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтері;"

38. "Коммерциялық емес ұйымдар туралы" 2001 жылғы 16 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 1, 8-құжат; № 24, 338-құжат; 2003 ж., № 11, 56-құжат; 2004 ж., № 5, 30-құжат; № 10, 56-құжат; 2005 ж., № 13, 53-құжат; 2006 ж., № 8, 45-құжат; № 15, 95-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 9, 67-құжат; № 17, 141-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 28-құжат; 2011 ж., № 2, 21-құжат; № 5, 43-құжат; № 17, 136-құжат; № 23, 179-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 2, 13-құжат; № 8, 64-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 10-11, 56-құжат; № 15, 81-құжат; 2014 ж., № 11, 63, 67-құжаттар; № 21, 122-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 16, 79-құжат; № 20-I, 110-құжат; № 21-I, 128-құжат; № 22-I, 140-құжат; № 23-I, 166-құжат; № 23-II, 170-құжат; 2016 ж., № 7-II, 55-құжат; 2017 ж., № 1-2, 3-құжат; № 4, 7-құжат):

11-бапта:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Егер Қазақстан Республикасының өзін-өзі реттеу туралы заңнамасында өзгеше көзделмесе, қоғамдық бірлестіктер мүшелерінің (қатысушыларының) осы бірлестіктерге өздері берген мүлікке, оның ішінде мүшелік жарналарға құқықтары жоқ. Егер Қазақстан Республикасының өзін-өзі реттеу туралы заңнамасында өзгеше көзделмесе, олар мүшелері (қатысушылары) ретінде қатысатын қоғамдық бірлестіктердің міндеттемелері бойынша жауап бермейді, ал көрсетілген бірлестіктер өз мүшелерінің міндеттемелері бойынша жауап бермейді.";

мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

"4. Қоғамдық бірлестік "Өзін-өзі реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, қызметін ерікті мүше болуға (қатысуға) негізделген өзін-өзі реттейтін ұйым ретінде жүзеге асыра алады."

39. "Астық туралы" 2001 жылғы 19 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 2, 12-құжат; № 15-16, 232-құжат; 2003 ж., № 19-20, 148-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 3, 20-құжат; № 9, 67-құжат; № 18, 145-құжат; 2008 ж., № 13-14, 58-құжат; № 20, 89-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; № 24, 129-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 15, 71-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 2, 14-құжат; № 14, 94-құжат; № 15, 97-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; № 14, 75-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 4-5, 24-құжат; № 10, 52-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 122-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 11, 52-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 23-II, 172-құжат; 2016 ж., № 7-II, 55-құжат; № 8-II, 68-құжат):

1) 4-баптың 2-1) тармақшасы алып тасталсын;

2) 6-бапта:

7) тармақша алып тасталсын;

32-4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"32-4) жергілікті атқарушы органдардың Қазақстан Республикасының астық туралы заңнамасын сақтауын мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;"

мынадай мазмұндағы 32-5) тармақшамен толықтырылсын:

"32-5) астық қолхаттарын тіркеушіні айқындау бойынша ашық конкурс өткізу қағидаларын әзірлеу және бекіту;"

3) 6-1-баптың 1-тармағының 9) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"9) астық қабылдау кәсіпорындарын мемлекеттік бақылау;"

4) 6-3-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"6-3-бап. Астық нарығын реттеу саласындағы мемлекеттік бақылау

Астық нарығын реттеу саласындағы мемлекеттік бақылау Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес тексеру және профилактикалық бақылау нысанында жүзеге асырылады.";

5) 12-1 және 21-баптар алып тасталсын;

6) 33-1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"33-1-бап. Астық қабылдау кәсіпорындарының қызметін тексеру

1. Астық қабылдау кәсіпорындарының қызметін тексеруді уәкілетті орган өзі дербес не басқа да мемлекеттік органдарды тарта отырып жүргізеді.

2. Астық қабылдау кәсіпорындары тексеруге берілген тапсырмада көрсетілген мәселелер бойынша тексеру жүргізуде уәкілетті органға жәрдем көрсетуге, сондай-ақ тексеру жүргізу үшін қажетті барлық ақпарат көздеріне қолжетімділікті қамтамасыз етуге міндетті.

3. Уәкілетті органның жұмыскерлеріне астық қабылдау кәсіпорнының қызметін тексеру барысында алынған мәліметтерді жария етуге не үшінші тұлғаларға беруге тыйым салынады.

4. Тексеруді жүзеге асыратын тұлғалар астық қабылдау кәсіпорнының қызметін тексеру барысында алынған және коммерциялық құпияны құрайтын мәліметтерді жария еткені үшін Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауаптылықта болады.";

7) 33-2-бапта:

2-тармақтың 1) тармақшасы алып тасталсын;

3-тармақ алып тасталсын.

40. "Қазақстан Республикасындағы туристік қызмет туралы" 2001 жылғы 13 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 13-14, 175-құжат; 2002 ж., № 4, 33-құжат; 2003 ж., № 23, 168-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 17, 139-құжат; 2008 ж., № 13-14, 57-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 14, 75-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 7, 37-құжат; № 10, 52-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 20-IV, 113-құжат; № 22-I, 143-құжат; № 22-II, 144-құжат; 2016 ж., № 23, 118-құжат; 2017 ж., № 12, 34-құжат):

1) 15-баптың 4-тармағы алып тасталсын;

2) 28-1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"28-1-бап. Туристік қызмет саласындағы мемлекеттік бақылау

Туристік қызмет саласындағы мемлекеттік бақылау Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес тексеру және профилактикалық бақылау нысанында жүзеге асырылады."

41. "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" 2001 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 17-18, 243-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 6, 10-құжат; № 7-8, 19-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 22-құжат; № 15, 95-құжат; № 23, 144-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 18-құжат; № 16, 129-құжат; 2008 ж., № 21, 97-құжат; № 24, 129-құжат; 2009 ж., № 15-16, 76-құжат; № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 6, 50-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 3, 21, 27-құжаттар; № 4, 32-құжат; № 8, 64-құжат; № 14, 92, 95-құжаттар; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; № 13, 63-құжат; № 14, 72, 75-құжаттар; № 21-22, 114-құжат; 2014 ж., № 1, 4, 6-құжаттар; № 2, 10, 12-құжаттар; № 7, 37-құжат; № 8, 44-құжат; № 10, 52-құжат; № 14, 86-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 19-I, 99, 101-құжаттар; № 19-II, 103-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 21-I, 128-құжат; № 22-V, 156-құжат; № 23-II, 170-құжат; 2016 ж., № 6, 45-құжат; № 7-II, 53-құжат; 2017 ж., № 4, 7-құжат; № 14, 51-құжат; № 22-III, 109-құжат):

1) 1-бап мынадай мазмұндағы 6-2) және 7-1) тармақшалармен толықтырылсын:

"6-2) бірыңғай сәулеттік стиль – құрылыста пайдаланылатын, аумақтың белгілі бір құрылыс салу ауданына, оның ішінде жеке құрылыс салуға тән бірыңғай белгілер жиынтығы. Сыртқы көркі, сәулеттік стилі, түсі бойынша шешімі, қабаттылығы, әрлеу материалдары негізгі өлшемдер болып табылады. Жеке құрылыс салу ауданы үшін сыртқы көркі, сәулеттік стилі, түсі бойынша шешімі, қабаттылығы, әрлеу материалдары, қоршаулары, жабын түрі мен учаске аумағындағы шаруашылық-тұрмыстық құрылыстардың орналасуы негізгі өлшемдер болып табылады ;";

"7-1) егжей-тегжейлі жоспарлау жобасы – елді мекендер аумақтарының жекелеген бөліктері мен функционалдық аймақтары, сондай-ақ елді мекендердің шегінен тыс жерде орналасқан аумақтар үшін әзірленетін қала құрылысы құжаттамасы;";

2) 17-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Сараптама жүргізу процесінде жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасында объектінің беріктігіне, орнықтылығына және сенімділігіне тікелей әсер ететін бұзушылықтар анықталған және сараптама жүргізудің белгіленген мерзімдерінде анықталған бұзушылықтар жойылмаған жағдайларда, жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасын әзірлеген ұйым Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады.

Сараптаманың теріс қорытындысы (сарапшылардың айғақтары) жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасын әзірлеу кезінде анықталған бұзушылықтарды растау болып табылады.

Құрылыс процесінде жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасында салынып жатқан объектінің беріктігіне, орнықтылығына және сенімділігіне тікелей әсер ететін бұзушылықтар анықталған кезде жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасын әзірлеген ұйым, сондай-ақ жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасы бойынша оң қорытынды берген сарапшы Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады.

Сарапшылар анықтаған бұзушылықтар және олардың ескертулері уәжді болуға және Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы тиісті нормативтік құқықтық актілерге, қала құрылысы және техникалық регламенттердің, мемлекеттік және мемлекетаралық нормативтік құжаттар нормалары мен ережелерінің талаптарына сілтемелермен негізделуге тиіс. Ұсынымдық сипаттағы ескертулерді беруге жол берілмейді.";

3) 20-бапта:

мынадай мазмұндағы 11-12) тармақшамен толықтырылсын:

"11-12) "бір терезе" қағидаты бойынша құрылыс жобаларына кешенді ведомстводан тыс сараптама жүргізуді ұйымдастыру үшін портал мен ақпараттық жүйелерді жүргізу тәртібін айқындайтын қағидаларды әзірлеу және бекіту;";

22-2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"22-2) жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу және жылжымайтын мүлікті мемлекеттік техникалық зерттеп-қарау саласындағы қызметті мемлекеттік реттеу мен бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органмен келісу бойынша объектіні пайдалануға қабылдау актісінің нысанын әзірлеу және бекіту;"

4) 31-1-бапта:

7-тармақтағы "Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалау тексеру нысанында және өзге де нысандарда" деген сөздер "Сәулет-құрылыс бақылауы мен қадағалауы тексеру және профилактикалық бақылау мен қадағалау нысанында" деген сөздермен ауыстырылсын;

8-тармақтың екінші сөйлемі мынадай редакцияда жазылсын:

"Профилактикалық бақылау мен қадағалауды ұйымдастыру және жүргізу тәртібі Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінде және осы Заңда айқындалады.";

5) мынадай мазмұндағы 31-2-баппен толықтырылсын:

"31-2-бап. Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалау

1. Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау органдары жүзеге асыратын бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалау алдын алу-профилактикалық сипатта болады.

2. Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау органдары мынадай тәртіппен белгіленген басымдықты ескере отырып, бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалау жүргізуге құқылы:

1) өнеркәсіптік объектілер, өндірістік ғимараттар, құрылысжайлар;

2) жасанды микроклиматтың арнайы құрылғылары және (немесе) арнайы күзет немесе терроризмге қарсы іс-шараларды талап ететін, мемлекеттік органдардың әкімшілік ғимараттары, республикалық маңызы бар музейлердің, мемлекеттік архивтердің, ұлттық және мәдени құндылықтарды сақтау қоймаларының ғимараттары және қалалар мен елді мекендердің тіршілігін қамтамасыз ету объектілері;

3) әлеуметтік мәні бар объектілер (білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет ұйымдары және басқалар);

4) тұрғын үй-азаматтық мақсаттағы объектілер;

5) көліктік инфрақұрылым объектілері;

6) сумен жабдықтау және су бұру объектілері;

7) өзге де ғимараттар және құрылысжайлар.

Бұл ретте бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын және квазимемлекеттік сектор субъектілері қаржыландыратын объектілерге өзге тең жағдайларда басым тәртіппен барылады.

Салынып жатқан объектіде авариялық ахуал туындаған жағдайда, мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау органдары осы объектіге басым тәртіппен барады.

3. Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалау нәтижелері бойынша әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғамай анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқама жасалады.

Бұл ретте тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарында белгіленген өрескел бұзушылықтар болған жағдайда, Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 144-бабы 3-тармағының 1) тармақшасына сәйкес жоспардан тыс тексеру жүргізіледі.";

б) 33-бапта:

4-тармақтың 3) және 4) тармақшалары және 5-1-тармақ алып тасталсын;

6-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) бюджет қаражаты есебінен салынып жатқан объектілерден және сейсмикалық қауіптілігі жоғары аймақтарда орналасқан немесе іске асыру кезінде арнайы жобалық шешімдер мен іс-шараларды талап ететін өзге де ерекше геологиялық (гидрогеологиялық) және геотехникалық жағдайлары бар екі қабаттан жоғары жеке тұрғын үйлерден басқа, азаматтардың жеке пайдалануына арналған жеке тұрғын үйлер мен басқа да техникалық жағынан күрделі емес құрылыстар салу;"

7) 34-баптың 2-3-тармағының 5) тармақшасындағы "хабарлауға міндетті." деген сөздер "хабарлауға;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 6) тармақшамен толықтырылсын:

"6) нақты өлшемдерді жүргізе отырып, объектіні пайдалануға қабылдау актісіне қосымшаны толтыруға міндетті.";

8) 34-2-баптың 2-тармағының 8) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"8) объектіні пайдалануға қабылдау актісі бекітілген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде объект орналасқан жердегі "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясына объектінің техникалық сипаттамалары жөніндегі қосымшамен бірге объектіні пайдалануға қабылдаудың бекітілген актісін, сәйкестік туралы декларацияны және құрылыс-монтаждау жұмыстарының сапасы мен орындалған жұмыстардың бекітілген жобаға сәйкестігі туралы қорытындыларды жіберуге;"

9) мынадай мазмұндағы 47-1-баппен толықтырылсын:

"47-1-бап. Егжей-тегжейлі жоспарлау жобалары

1. Елді мекендер аумақтарының жекелеген бөліктерін қала құрылысына игеру жобалары (егжей-тегжейлі жоспарлау жобалары) елді мекеннің белгіленген тәртіппен бекітілген бас жоспары негізінде әзірленеді.

2. Егжей-тегжейлі жоспарлау жобалары елді мекендердің бас жоспарларында белгіленген жоспарлау құрылымының элементтеріне, қала құрылысы регламенттеріне, бірыңғай сәулеттік стиль тұжырымдамасына сәйкес әзірленеді.

Бірыңғай сәулеттік стиль тұжырымдамасы астана, республикалық және облыстық маңызы бар қалалар үшін көзделеді.

3. Егжей-тегжейлі жоспарлау жобасы мыналарды белгілейді:

1) функционалдық-қала құрылысын аймақтарға бөлуді айқындай отырып, аумақты жоспарлау ұйымдастырудың негізгі бағыттары;

2) қызыл, сары сызықтар және құрылыс салуды реттейтін сызықтар;

3) халыққа әлеуметтік, мәдени және коммуналдық қызмет көрсету объектілерін орналастыру, көше-жол желісін және көліктік қызмет көрсетуді ұйымдастыру, инженерлік коммуникацияларды трассалау үшін аумақты резервке қою;

4) көшелердің көлденең қималары;

5) аумақты абаттандыру және көгалдандыру;

6) жария қала құрылысы шектеулері;

7) инженерлік коммуникациялар жоспары;

8) жол инфрақұрылымын дамыту жоспары;

9) астана, республикалық және облыстық маңызы бар қалалар аумақтары бөлігінің бірыңғай сәулеттік стилінің тұжырымдамасы.

4. Бекітілген егжей-тегжейлі жоспарлау жобасы толық іске асырылғанға дейін қолданылады және бюджет қаражаты есебінен әлеуметтік, мәдени және бірегей объектілерді салу мақсатында қолданыстағы егжей-тегжейлі жоспарлау жобасын түзету қажеттігіне байланысты жағдайларды қоспағанда, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізілмейді.";

10) 60-баптың 2-тармағы бірінші бөлігінің 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) сейсмикалық қауіптілігі жоғары аймақтарда орналасқан немесе іске асыру кезінде арнайы жобалық шешімдер мен іс-шараларды талап ететін өзге де ерекше геологиялық (гидрогеологиялық) және геотехникалық жағдайлары бар екі қабаттан жоғары жеке тұрғын үйлер салудан басқа, жеке тұрғын үйлер салуды;"

11) 64-1-баптың 4-тармағы бірінші бөлігінің 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) астананың, республикалық маңызы бар қалалардың, аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдарының сәулет-жоспарлау тапсырмасына сәйкес, лицензиясы бар тұлғалар орындаған жеке тұрғын үйлер. Осы талап сейсмикалық қауіптілігі жоғары аймақтарда орналасқан немесе іске асыру кезінде арнайы жобалық шешімдер мен іс-шараларды талап ететін өзге де ерекше геологиялық (гидрогеологиялық) және геотехникалық жағдайлары бар екі қабаттан жоғары жеке тұрғын үйлердің құрылысына қолданылмайды;"

12) 64-4-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Мемлекеттік монополияға жатқызылатын кешенді ведомстводан тыс сараптаманы мемлекеттік сараптама ұйымы жүзеге асырады.

Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өндірумен технологиялық байланысты қызметке "бір терезе" қағидаты бойынша құрылыс жобаларына кешенді

ведомстводан тыс сараптама жүргізуді ұйымдастыру үшін портал мен ақпараттық жүйені жүргізу жатқызылады.";

13) 64-11-баптың 4-тармағының 2) тармақшасы алып тасталсын;

14) 68-бапта:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Объект құрылысын жүзеге асыруға ниеті бар тапсырыс беруші Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес аудандардың (қалалардың) жергілікті атқарушы органдарынан жерге тиісті құқық беру туралы шешімді алуға міндетті. Тапсырыс берушінің жерге тиісті құқығы және бекітілген егжей-тегжейлі жоспарлау жобасына сәйкес функционалдық аймағы болған жағдайда, объект құрылысы үшін аудандардың (қалалардың) жергілікті атқарушы органдарынан қосымша шешім алу талап етілмейді.

Объектіде құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізуге Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тиісті жер пайдалану құқығы не жеке меншік құқығы берілген жерде ғана жол беріледі.";

6-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Аудандардың (қалалардың) жергілікті атқарушы органдарының жерге тиісті құқық беру туралы шешімі және сәулет-жоспарлау тапсырмасы тапсырыс берушінің белгіленген объектіні жобалауға тапсырма жасауы үшін негіздер болып табылады.";

7-тармақ мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Инженерлік және коммуналдық қамтамасыз ету жөніндегі қызметтерді көрсетушілер берген техникалық шарттарға сәйкес әзірленген және кешенді ведомстводан тыс сараптамадан өткен сыртқы инженерлік желілер мен құрылысжайлардың жобалары инженерлік және коммуналдық қамтамасыз ету жөніндегі қызметтерді көрсетушілермен және жергілікті атқарушы органдардың сәулет және қала құрылысы саласындағы функцияларды жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшелерімен қосымша келісуге жатпайды.";

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Астананың, республикалық маңызы бар қалалардың, аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдары жерге тиісті құқық беру туралы шешім не тапсырыс берушінің қолында бар жерге құқығы негізінде тапсырыс берушіге инженерлік қамтамасыз ету мен коммуналдық қызметтер көрсету көздеріне қосуға техникалық шарттар және объект құрылысының сәулеттік тұжырымдамасы бар сәулет-жоспарлау тапсырмасын береді.";

12-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Бұл ретте техникалық жағынан күрделі емес объектілерді энергиямен жабдықтау желілеріне қосу жөніндегі құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізудің басталғаны туралы электрмен жабдықтау желілерінің құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүзеге асыратын ұйым хабардар етуге құқылы.";

15) 73-баптың 4 және 8-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Салынған объектіні пайдалануға қабылдау актімен ресімделеді. Салынған объектіні пайдалануға қабылдау актісі бекітуге жатады.

Қабылдау актісін бекітуді тапсырыс беруші жүргізеді. Объектіні пайдалануға қабылдау актісіне қол қойылған күн оның бекітілген күні және объектінің пайдалануға берілген күні деп есептеледі.";

"8. Құқықтық кадастрдың ақпараттық жүйесіне жаңадан құрылған жылжымайтын мүлікке ғимараттардың, құрылысжайлардың және (немесе) олардың құрамдастарының сәйкестендіру мен техникалық мәліметтерін енгізу, "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясында жылжымайтын мүлікке құқықтарды тіркеу үшін объектіні пайдалануға қабылдаудың бекітілген актісі негіз болып табылады.";

16) 74-баптың 3-тармағының 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) осы баптың 1-тармағының 1) тармақшасын қоспағанда, сейсмикалық қауіптілігі жоғары аймақтарда орналасқан немесе іске асыру кезінде арнайы жобалық шешімдер мен іс-шараларды талап ететін өзге де ерекше геологиялық (гидрогеологиялық) және геотехникалық жағдайлары бар екі қабаттан жоғары жеке тұрғын үй құрылысы объектілеріне қолданылмайды.";

17) 75-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Тапсырыс беруші сәйкестік туралы декларация, құрылыс-монтаждау жұмыстарының сапасы мен орындалған жұмыстардың жобаға сәйкестігі туралы қорытындылар негізінде мердігермен (бас мердігермен), техникалық және авторлық кадағалауларды жүзеге асыратын тұлғалармен бірлесіп, атқарушылық техникалық құжаттаманың бар-жоғы және жинақталымы тұрғысынан тексеруге, объектіні қарап-тексеруге және тиісті акт бойынша пайдалануға қабылдауға (объектінің пайдалануға қабылдауға дайындығына түпкілікті тексеру жүргізуге) міндетті.";

18) мынадай мазмұндағы 75-1-баппен толықтырылсын:

"75-1-бап. Объектіні пайдалануға қабылдау актілерін жүргізу және есепке алу тәртібі

1. "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы өтініш берушіден объектінің техникалық сипаттамалары жөніндегі қосымшамен бірге объектіні пайдалануға қабылдаудың бекітілген актісін, сәйкестік туралы декларацияны, құрылыс-монтаждау жұмыстарының сапасы мен орындалған жұмыстардың бекітілген жобаға сәйкестігі туралы қорытындыларды алған кезден бастап бір күн ішінде бір мезгілде:

1) объект орналасқан жердегі сәулет және қала құрылысы саласындағы функцияларды жүзеге асыратын тиісті жергілікті атқарушы органның құрылымдық бөлімшесіне – объектінің техникалық сипаттамалары жөніндегі қосымшамен бірге объектіні пайдалануға қабылдаудың бекітілген актісін;

2) объект орналасқан жердегі мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау органдарына объектінің техникалық сипаттамалары жөніндегі қосымшамен бірге объектіні пайдалануға қабылдаудың бекітілген актісін, сәйкестік туралы декларацияны және құрылыс-монтаждау жұмыстарының сапасы мен орындалған жұмыстардың бекітілген жобаға сәйкестігі туралы қорытындыларды жібереді.

2. Сәулет және қала құрылысы саласындағы функцияларды жүзеге асыратын жергілікті атқарушы органдар "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясынан құжаттарды алған кезден бастап бір жұмыс күні өткенге дейін тапсырыс берушінің құрылыс салуды ұйымдастыру және рұқсат беру рәсімдерінен өту қағидаларында айқындалған рәсімдерді сақтауын салыстырып тексереді және пайдалануға қабылдау актісін есепке алуды жүргізеді.

Салыстырып тексеру қорытындысы бойынша құрылыс объектісінің құрылыс салуды ұйымдастыру және рұқсат беру рәсімдерінен өту қағидаларының талаптарына сәйкес келмеуі анықталған жағдайда, "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясынан құжаттарды алған кезден бастап бір жұмыс күні ішінде бұл жөнінде мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау органдарына және тіркеуші органға жазбаша хабарлайды.

Сәйкессіздік болмаған жағдайда, "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясынан құжаттарды алған кезден бастап бір жұмыс күні ішінде тіркеуші органға жазбаша хабарлайды.

3. Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау органдары "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясынан құжаттарды алған кезден бастап бір жұмыс күні өткенге дейін тапсырыс берушінің Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамасында белгіленген нормалар мен талаптарды сақтауы тұрғысынан салыстырып тексереді.

Бұзушылықтар анықталған кезде "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясынан құжаттарды алған кезден бастап бір жұмыс күні ішінде бұл жөнінде тіркеуші органға жазбаша хабарлайды және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауаптылық шараларын қолданады.

Бұзушылықтар болмаған жағдайда, "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясынан құжаттарды алған кезден бастап бір жұмыс күні ішінде бұл жөнінде тіркеуші органға жазбаша хабарлайды.

4. Осы баптың 2 және 3-тармақтарында белгіленген мерзімдерде ақпаратты беру үшін жауаптылық Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сәулет және қала құрылысы мен мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау саласындағы функцияларды жүзеге асыратын жергілікті атқарушы органдардың лауазымды адамдарына жүктеледі."

42. "Теміржол көлігі туралы" 2001 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж.,

№ 23, 315-құжат; 2003 ж., № 10, 54-құжат; 2004 ж., № 18, 110-құжат; № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 13, 87-құжат; № 14, 89-құжат; № 16, 99-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 9, 67-құжат; № 19, 148-құжат; 2008 ж., № 15-16, 64-құжат; № 24, 129-құжат; 2009 ж., № 2-3, 18-құжат; № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 5, 43-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 2, 14-құжат; № 15, 97-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 14, 72, 75-құжаттар; № 16, 83-құжат; № 21-22, 115-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 12, 82-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 122-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 19-I, 100-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 20-VII, 117-құжат; № 23-II, 170, 172-құжаттар; 2016 ж., № 6, 45-құжат; № 8-I, 60-құжат; № 24, 124-құжат; 2017 ж., № 9, 17-құжат; № 11, 29-құжат; № 23-III, 111-құжат):

1) 88-2-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"88-2-бап. Теміржол көлігі саласындағы мемлекеттік бақылау

1. Теміржол көлігі саласындағы мемлекеттік бақылау Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес тексеру және бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау нысанында жүзеге асырылады.

2. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне және осы Заңға сәйкес жүзеге асырылады.";

2) 10-1-тарау мынадай мазмұндағы 88-6-баппен толықтырылсын:

"88-6-бап. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылауды жүргізу тәртібі

1. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылауды уәкілетті орган ақпараттық жүйелер деректерін, сондай-ақ бақылау субъектісінің (объектісінің) қызметі туралы басқа да мәліметтерді талдау негізінде жүзеге асырады.

Мыналар бақылау субъектілері болып табылады:

- 1) ұлттық инфрақұрылым операторы;
- 2) тасымалдаушылар;
- 3) вагондар операторлары;
- 4) локомотивтік тартқыш операторлары;
- 5) тармақ иеленушілері;
- 6) теміржол көлігінің көмекші қызметтері.

Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылаудың мақсаттары бұзушылықтардың дер кезінде жолын кесу және оларға жол бермеу, бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды өз бетінше жою құқығын бақылау субъектісіне беру және бақылау субъектісіне әкімшілік жүктемені азайту болып табылады.

Бақылау субъектілеріне бұзушылықтарды өз бетінше жою құқығын беру үшін бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау Қазақстан

Республикасының заңнамасына сәйкес салдарын жою мүмкін болатын бұзушылықтар бойынша ғана жүргізіледі.

2. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша бақылау субъектісінің әрекеттерінде (әрекетсіздігінде) бұзушылықтар анықталған жағдайда, уәкілетті орган бұзушылықтар анықталған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде ұсынымды ресімдейді және жібереді.

3. Ұсыным бақылау субъектісіне қол қойғызып, жеке өзіне немесе жөнелту және алу фактілерін растайтын өзге де тәсілмен табыс етілуге тиіс.

Төменде санамаланған тәсілдердің бірімен жіберілген ұсыным мынадай жағдайларда:

1) қолма-қол – ұсынымға алғаны туралы белгі қойылған күннен бастап;

2) поштамен – тапсырысты хатпен;

3) электрондық тәсілмен – уәкілетті орган сұрау салған кезде хатта көрсетілген бақылау субъектісінің электрондық мекенжайына уәкілетті орган жөнелткен күннен бастап табыс етілді деп есептеледі.

4. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы ұсыным табыс етілген күнінен кейінгі күннен бастап он жұмыс күні ішінде орындалуға тиіс.

5. Бақылау субъектісі ұсынымда көрсетілген бұзушылықтармен келіспеген жағдайда, ұсынымды жіберген уәкілетті органға ол табыс етілген күннен кейінгі күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қарсылық жіберуге құқылы.

6. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы ұсынымды белгіленген мерзімде орындамау бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізудің жартыжылдық тізіміне енгізу жолымен бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды тағайындауға алып келеді.

7. Бақылау субъектілеріне (объектілеріне) қатысты бармай профилактикалық бақылау жылына бір реттен жиілетпей жүргізіледі."

43. "Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы" 2002 жылғы 17 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., № 2, 16-құжат; 2004 ж., № 20, 116-құжат; № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 11, 36-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 9, 67-құжат; № 18, 143-құжат; 2009 ж., № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 5, 43-құжат; № 6, 50-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 8, 64-құжат; № 14, 95, 96-құжаттар; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 2, 10-құжат; № 14, 72, 75-құжаттар; № 16, 83-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 7, 37-құжат; № 10, 52-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 122-құжат; 2015 ж., № 2, 3-құжат; № 8, 45-құжат; № 19-I, 100-құжат; 2016 ж., № 7-II, 55-құжат; № 24, 124-құжат; 2017 ж., № 4, 7-құжат; № 9, 17-құжат; № 11, 29-құжат):

1) 4-баптың 3-тармағында:

18), 34), 38) және 44) тармақшалар алып тасталсын;

55-26) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"55-26) палубалы шағын көлемді кемелерді техникалық қадағалау жөніндегі қағидаларды әзірлеу және бекіту;"

2) 8-3-бапта:

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Кеме кітабында мемлекеттік тіркеуге жататын палубалы шағын көлемді кемелер палубалы шағын көлемді кемелерді техникалық қадағалау жөніндегі қағидалардың талаптарына сәйкес келуге тиіс."

5-тармақ алып тасталсын;

3) 39-баптың 2-тармағының 8) және 14) тармақшалары алып тасталсын;

4) мынадай мазмұндағы 43-1-баппен толықтырылсын:

"43-1-бап. Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау мен қадағалауды жүргізу тәртібі

1. Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау мен қадағалауды уәкілетті орган ақпараттық жүйелер деректерін, сондай-ақ бақылау және қадағалау субъектісінің (объектісінің) қызметі туралы басқа да мәліметтерді талдау негізінде жүзеге асырады.

2. Кеме иелері, кемелерді, порттарды, порт құралдарын, жағалау объектілерін және теңіздегі құрылысжайларды пайдаланумен байланысты қызметті жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлғалар бақылау және қадағалау субъектілері болып табылады.

3. Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау мен қадағалаудың мақсаттары бұзушылықтардың дер кезінде жолын кесу және оларға жол бермеу, бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау мен қадағалау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды өз бетінше жою құқығын бақылау және қадағалау субъектісіне беру мен бақылау және қадағалау субъектісіне әкімшілік жүктемені азайту болып табылады.

4. Бақылау және қадағалау субъектілеріне бұзушылықтарды өз бетінше жою құқығын беру үшін бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау мен қадағалау Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес салдарын жою мүмкін болатын бұзушылықтар бойынша ғана жүргізіледі.

5. Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау мен қадағалау қорытындысы бойынша бақылау және қадағалау субъектісіне жою тәртібі міндетті түрде түсіндіріле отырып, әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғамай, анықталған бұзушылықтарды жою туралы ұсыным жасалады.

6. Ұсыным бақылау және қадағалау субъектісіне қол қойғызып, жеке өзіне немесе жөнелту және алу фактілерін растайтын өзге де тәсілмен табыс етілуге тиіс.

7. Төменде санамаланған тәсілдердің бірімен жіберілген ұсыным мынадай жағдайларда:

- 1) қолма-қол – ұсынымға алғаны туралы белгі қойылған күннен бастап;
- 2) поштамен – тапсырысты хатпен;
- 3) электрондық тәсілмен – сұрау салынған кезде хатта көрсетілген бақылау және қадағалау субъектісінің электрондық мекенжайына уәкілетті орган жөнелткен күннен бастап табыс етілді деп есептеледі.

8. Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау мен қадағалау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы ұсыным табыс етілген күнінен кейінгі күннен бастап жиырма жұмыс күні ішінде орындалуға тиіс.

9. Бақылау және қадағалау субъектісі ұсынымда көрсетілген бұзушылықтармен келіспеген жағдайда, ұсынымды жіберген уәкілетті органға ұсыным табыс етілген күннен кейінгі күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қарсылық жіберуге құқылы.

10. Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау мен қадағалау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы ұсынымды белгіленген мерзімде орындамау Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалау жүргізудің тоқсандық тізіміне енгізу жолымен бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды тағайындауға алып келеді.

11. Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау мен қадағалау жылына бір реттен жиілетпей жүргізіледі."

44. "Әділет органдары туралы" 2002 жылғы 18 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., № 6, 67-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; № 24, 154-құжат; 2005 ж., № 7-8, 23-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 10, 52-құжат; № 13, 86-құжат; 2007 ж., № 2, 14, 18-құжаттар; № 5-6, 40-құжат; № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; № 18, 143-құжат; 2008 ж., № 10-11, 39-құжат; 2009 ж., № 8, 44-құжат; № 15-16, 75-құжат; № 18, 84-құжат; № 19, 88-құжат; № 24, 128-құжат; 2010 ж., № 1-2, 2-құжат; № 5, 23-құжат; № 17-18, 111-құжат; № 24, 145, 149-құжаттар; 2011 ж., № 1, 2, 3, 7-құжаттар; № 6, 50-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 15, 118-құжат; 2012 ж., № 3, 26-құжат; № 15, 97-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 14, 75-құжат; 2014 ж., № 10, 52-құжат; № 11, 61-құжат; № 14, 84-құжат; № 19-I, 19-II, 94, 96-құжаттар; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 20-IV, 113-құжат; № 22-II, 145-құжат; № 22-VI, 159-құжат; 2016 ж., № 7-I, 47-құжат; 2017 ж., № 4, 7-құжат; № 16, 56-құжат):

1) 3-баптың 3) және 3-2) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"3) заңды тұлғаларды, орталық мемлекеттік органдардың және ведомстволардың, жергілікті өкілді және атқарушы органдардың, сондай-ақ әкімдердің нормативтік

құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыру, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік есепке алуды қамтамасыз ету;"

"3-2) жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу, жылжымалы мүлік кепілін тіркеу, жылжымайтын мүлікті мемлекеттік техникалық зерттеп-қарау және жылжымалы мүлік кепілінің тізілімін жүргізу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;"

2) 18-бапта:

3) және 5) тармақшалар алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 6) және 7) тармақшалармен толықтырылсын:

"6) жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу, жылжымалы мүлік кепілін тіркеу, жылжымайтын мүлікті мемлекеттік техникалық зерттеп-қарау және жылжымалы мүлік кепілінің тізілімін жүргізу саласындағы мемлекеттік реттеуді жүзеге асыру;

7) жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру.";

3) 22-1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"22-1-бап. Мүліктік құқықтарды ұжымдық негізде басқаратын ұйымдардың қызметін, сондай-ақ тауар белгісінің, қызмет көрсету белгісінің, тауар шығарылған жер атауының немесе фирмалық атаудың пайдаланылуын мемлекеттік бақылау

Мүліктік құқықтарды ұжымдық негізде басқаратын ұйымдардың қызметін, сондай-ақ тауар белгісінің, қызмет көрсету белгісінің, тауар шығарылған жер атауының немесе фирмалық атаудың пайдаланылуын мемлекеттік бақылау Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес тексеру және профилактикалық бақылау нысанында жүзеге асырылады.";

4) 23-баптың 1-тармағының 9) тармақшасы алып тасталсын;

5) 24-баптың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) орталық мемлекеттік органдарда, сондай-ақ мәслихаттар мен әкімдіктерде Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес, мемлекеттік тіркеуге жататын нормативтік құқықтық актілерге тексеруді жүзеге асыруға;"

6) 24-2-бап алып тасталсын.

45. "Өсімдіктерді қорғау туралы" 2002 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., № 13-14, 140-құжат; 2004 ж., № 17, 98-құжат; № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 22-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; 2009 ж., № 18, 84, 85-құжаттар; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 15, 71-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 7-құжаттар; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 14, 95-құжат; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; № 14, 75-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 10, 52-құжат; № 19-I, 19-II, 94, 96-құжаттар; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 20-IV, 113-құжат; 2016 ж., № 6, 45-құжат; № 7-I, 50-құжат; 2017 ж., № 12, 34-құжат):

1) 6-баптың 1-тармағының 23) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"23) жергілікті атқарушы органдардың Қазақстан Республикасының өсімдіктерді қорғау туралы заңнамасын сақтауына бақылауды жүзеге асыру;"

2) 15-1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"15-1-бап. Өсімдіктерді қорғау саласындағы мемлекеттік бақылау (мемлекеттік фитосанитариялық бақылау)

1. Өсімдіктерді қорғау саласындағы мемлекеттік бақылау (мемлекеттік фитосанитариялық бақылау) Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес тексеру және бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау нысанында жүзеге асырылады.

2. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне және осы Заңға сәйкес жүзеге асырылады.

3. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылауды уәкілетті органның ведомствосы және (немесе) оның аумақтық бөлімшелері:

1) ақпараттық жүйелерден;

2) фитосанитариялық есепке алу мен есептіліктен;

3) Қазақстан Республикасының өсімдіктерді қорғау мемлекеттік жүйесіне кіретін ұйымдардан келіп түсетін;

4) ашық дереккөздерден, бұқаралық ақпарат құралдарынан алынатын деректер мен ақпаратты талдау, салыстыру арқылы жүргізеді.

Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылаудың мақсаттары бұзушылықтардың дер кезінде жолын кесу және оларға жол бермеу, бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша уәкілетті органның ведомствосы және (немесе) оның аумақтық бөлімшелері анықтаған бұзушылықтарды өз бетінше жою құқығын бақылау субъектілеріне беру және оларға әкімшілік жүктемені азайту болып табылады.

Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау уәкілетті органда бар деректер мен ақпаратты және (немесе) ұйымдардан, бақылау субъектілерінен, мемлекеттік органдардан, басқа да мемлекеттердің уәкілетті органдарынан келіп түсетін мәліметтерді талдау, салыстыру жолымен жүргізіледі.

Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау тоқсан сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 25-күнінен кешіктірілмей жүзеге асырылады.

Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша бақылау субъектісінің әрекеттерінде (әрекетсіздігінде) бұзушылықтар анықталған жағдайда, бұзушылықтар анықталған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде ұсыным ресімделеді және жіберіледі.

Ұсыным бақылау субъектісіне қол қойғызып, жеке өзіне немесе жөнелту және алу фактілерін растайтын өзге де тәсілмен табыс етілуге тиіс.

Төменде санамаланған тәсілдердің бірімен жіберілген ұсыным мынадай жағдайларда:

1) қолма-қол – ұсынымға алғаны туралы белгі қойылған күннен бастап;

2) поштамен – тапсырысты хатпен;

3) электрондық тәсілмен – сұрау салынған кезде хатта көрсетілген бақылау субъектісінің электрондық мекенжайына жөнелтілген күннен бастап табыс етілді деп есептеледі.

Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы ұсыным табыс етілген күнінен кейінгі күннен бастап он жұмыс күні ішінде орындалуға тиіс.

Бақылау субъектісі ұсынымда көрсетілген бұзушылықтармен келіспеген жағдайда, ұсынымды жіберген уәкілетті орган ведомствосына және (немесе) оның аумақтық бөлімшелеріне ұсыным табыс етілген күннен кейінгі күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қарсылық жіберуге құқылы.

Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы ұсынымды белгіленген мерзімде орындамау бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізудің жартыжылдық тізіміне енгізу жолымен бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды тағайындауға алып келеді.";

3) 19-5-бап алып тасталсын.

46. "Ветеринария туралы" 2002 жылғы 10 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы 2002 ж., № 15, 148-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 7-8, 23-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 22-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 20, 152-құжат; 2008 ж., № 24, 129-құжат; 2009 ж., № 18, 84, 86-құжаттар; 2010 ж., № 1-2, 1-құжат; № 15, 71-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 3, 7-құжаттар; № 6, 49-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 2, 16-құжат; № 8, 64-құжат; № 14, 95-құжат; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; № 14, 72, 75-құжаттар; 2014 ж., № 2, 10-құжат; № 10, 52-құжат; № 19-I, 19-II, 94, 96-құжаттар; № 21, 123-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 20-IV, 113-құжат; № 22-II, 145-құжат; 2016 ж., № 6, 45-құжат; 2017 ж., № 23-III, 111-құжат):

1) 8-баптың 23) тармақшасы алып тасталсын;

2) 14-бапта:

1-1 және 1-2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"1-1. Мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау мен қадағалау тексеру және профилактикалық бақылау мен қадағалау нысанында жүзеге асырылады.

1-2. Тексеру және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалау Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік

кодексіне сәйкес жүзеге асырылады. Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау мен қадағалау Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне және осы Заңға сәйкес жүзеге асырылады.";

2-тармақтың 6-1) тармақшасы алып тасталсын;

3) 14-1-бапта:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Осы баптың 5-тармағында көрсетілген объектілерді қоспағанда, осы баптың 1 және 2-тармақтарында көрсетілген объектілерде мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау мен қадағалауды тиісті аумақтардың мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторлары, мемлекеттік ветеринариялық дәрігерлері тексеру және профилактикалық бақылау мен қадағалау нысанында, оның ішінде ветеринариялық ілеспе құжаттарды қарау арқылы жүзеге асырады.";

мынадай мазмұндағы 7-1-тармақпен толықтырылсын:

"7-1. Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау мен қадағалауды мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспектор, мемлекеттік ветеринариялық дәрігер:

1) ақпараттық жүйелерден;

2) ветеринариялық есепке алу мен есептіліктен;

3) басқа да мемлекеттердің уәкілетті органдарының нотификациялары мен хабарламаларынан;

4) ветеринария жүйесіне кіретін ұйымдардан келіп түсетін;

5) ашық дереккөздерден, бұқаралық ақпарат құралдарынан алынатын деректер мен ақпаратты талдау, салыстыру арқылы жүргізеді.

Бақылауға жататын өнімді әкелуге, әкетуге, орнын ауыстыруға, өндіруге, дайындауға, қайта өңдеуге, зарарсыздандыруға, сақтауға, тасымалдауға және өткізуге байланысты қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар бармай профилактикалық бақылау мен қадағалау жүргізу субъектілері (объектілері) болып табылады.

Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау мен қадағалаудың мақсаттары бұзушылықтардың дер кезінде жолын кесу және алдын алу, сондай-ақ бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау мен қадағалау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды өз бетінше жою құқығын бақылау және қадағалау субъектілеріне беру және оларға әкімшілік жүктемені азайту болып табылады.

Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау мен қадағалауды мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспектор, мемлекеттік ветеринариялық дәрігер тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың 25-күнінен кешіктірмей жүзеге асырады.

Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау мен қадағалау нәтижелері бойынша бақылау және қадағалау субъектілерінің (объектілерінің) әрекеттерінде (әрекетсіздігінде) бұзушылықтар анықталған жағдайда, мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспектор, мемлекеттік ветеринариялық дәрігер ұсыным жасайды, ол бақылау және қадағалау субъектілеріне (объектілеріне) бұзушылықтар анықталған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде жіберіледі. Ұсынымда анықталған бұзушылықтарды жою бойынша түсіндірмелер, орындау мерзімі көрсетіледі.

Ұсыным бақылау және қадағалау субъектісіне қол қойғызып беріледі немесе төменде санамаланған тәсілдердің бірімен:

- 1) қолма-қол – алғаны туралы белгі қою күнінен бастап;
- 2) поштамен – тапсырысты хатпен;
- 3) электрондық тәсілмен – сұрау салынған кезде хатта көрсетілген бақылау және қадағалау субъектісінің электрондық мекенжайына жөнелтілген күннен бастап жіберіледі және табыс етілді деп есептеледі.

Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау мен қадағалау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы ұсыным табыс етілген күнінен кейінгі күннен бастап он жұмыс күні ішінде орындалуға тиіс.

Бақылау және қадағалау субъектісі ұсынымда көрсетілген бұзушылықтармен келіспеген жағдайда, ұсыным табыс етілген күннен бастап күнтізбелік бес күн ішінде қарсылық жіберуге құқылы.

Бұзушылықтарды жою туралы ұсынымды белгіленген мерзімдерде орындамау бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды тағайындауға негіз болып табылады.

Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау мен қадағалау нәтижелерін уәкілетті органның ведомствосы және оның аумақтық бөлімшелері, мемлекеттік органдардың ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын ветеринариялық бөлімшелері бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау мен қадағалауды тіркеудің арнайы журналында есепке алуға тиіс, ол нөмірленген, тігілген және уәкілетті орган ведомствосының немесе оның аумақтық бөлімшесінің, мемлекеттік органның ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын ветеринариялық бөлімшесінің мөрімен бекемделген болуға тиіс.";

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Тексеру нәтижелері туралы акт Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес жасалады."

47. "Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы" 2002 жылғы 8 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы

Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., № 17, 154-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 7-8, 19-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; 2007 ж., № 9, 67-құжат; № 20, 152-құжат; 2009 ж., № 15-16, 72-құжат; № 17, 81-құжат; № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 22, 130-құжат; № 24, 149-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат; № 17, 136-құжат; № 21, 173-құжат; 2012 ж., № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; № 13, 62-құжат; № 14, 75-құжат; № 15, 77-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 3, 21-құжат; № 11, 65-құжат; № 14, 84-құжат; № 19-I, 19-II, 94-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 20-IV, 113-құжат; № 22-I, 140-құжат; № 23-II, 172-құжат; 2016 ж., 8-II, 67-құжат):

52-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"52-бап. Баланың құқықтарын қорғау саласындағы мемлекеттік бақылау

1. Баланың құқықтарын қорғау саласындағы мемлекеттік бақылау баланың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз етуге бағытталады және оны уәкілетті мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған құзыреті шегінде жүзеге асырады.

2. Баланың құқықтарын іске асыруға бағытталған жеке және заңды тұлғалардың қызметі баланың құқықтарын қорғау саласындағы мемлекеттік бақылау объектісі болып табылады.

3. Баланың құқықтарын қорғау саласындағы мемлекеттік бақылау Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес тексеру және бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау нысанында жүзеге асырылады.

4. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне және осы Заңға сәйкес жүзеге асырылады.

5. Жергілікті атқарушы органдардың білім басқармасының органдары, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру, денсаулық сақтау және халықты әлеуметтік қорғау ұйымдары, девиантты мінез-құлықты балаларға арналған және ерекше режимде ұстайтын арнаулы білім беру ұйымдары, балалардың білім алу, тамақтануын, тасымалын, демалысын, сауықтырылуы мен бос уақытын ұйымдастыру құқықтарын қамтамасыз ету жөніндегі білім беру ұйымдары бақылау субъектілері болып табылады.

6. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылаудың мақсаттары бұзушылықтардың дер кезінде жолын кесу және оларға жол бермеу, бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша уәкілетті мемлекеттік органдар анықтаған бұзушылықтарды өз бетінше жою құқығын бақылау субъектілеріне беру және оларға әкімшілік жүктемені азайту болып табылады.

7. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың және отбасына қабылдауға ниет білдірген адамдардың республикалық деректер банкіндегі, білім берудің бірыңғай ақпараттық жүйесіндегі деректерді, сұрау салу арқылы уәкілетті

ұйымдар мен мемлекеттік органдардан түскен мәліметтерді және түрлі ақпарат көздерінен алынған мәліметтерді өзара салыстыру арқылы жүргізіледі.

8. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша бақылау субъектісінің әрекеттерінде (әрекетсіздігінде) бұзушылықтар анықталған жағдайда, уәкілетті орган бақылау субъектісіне бұзушылықтар анықталған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде ұсыным жібереді.

9. Ұсыным бақылау субъектісіне қол қойғызып, жеке өзіне немесе жөнелту және алу фактілерін растайтын өзге де тәсілмен табыс етілуге тиіс.

Төменде санамаланған тәсілдердің бірімен жіберілген ұсыным мынадай жағдайларда:

қолма-қол – ұсынымға алғаны туралы белгі қойылған күннен бастап;

2) поштамен – тапсырысты хатпен;

3) электрондық тәсілмен – сұрау салынған кезде хатта көрсетілген бақылау субъектісінің электрондық мекенжайына уәкілетті мемлекеттік органдар жөнелткен күннен бастап табыс етілді деп есептеледі.

10. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы ұсыным табыс етілген күнінен кейінгі күннен бастап он жұмыс күні ішінде орындалуға тиіс.

11. Бақылау субъектісі ұсынымда көрсетілген бұзушылықтармен келіспеген жағдайда, ұсынымды жіберген уәкілетті мемлекеттік органға ол табыс етілген күннен кейінгі күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қарсылық жіберуге құқылы.

12. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы ұсынымды белгіленген мерзімде орындамау бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізудің жартыжылдық тізіміне енгізу жолымен бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды тағайындауға алып келеді.

13. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау жылына бір реттен жиілетпей жүргізіледі."

48. "Тұқым шаруашылығы туралы" 2003 жылғы 8 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 3, 16-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 22-құжат; № 24, 148-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; № 24, 129-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 7-құжаттар; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 14, 92-құжат; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; № 14, 75-құжат; 2014 ж., № 10, 52-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 20-IV, 113-құжат; № 22-VII, 161-құжат; № 23-II, 172-құжат; 2016 ж., № 6, 45-құжат):

1) 6-баптың 1-тармағының 31-1) тармақшасы алып тасталсын;

2) 9-бапта:

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Тұқым шаруашылығы саласындағы мемлекеттік бақылау Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес тексеру және профилактикалық бақылау нысанында жүзеге асырылады.";

5-тармақ алып тасталсын.

49. "Акционерлік қоғамдар туралы" 2003 жылғы 13 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 10, 55-құжат; № 21-22, 160-құжат; 2004 ж., № 23, 140-құжат; 2005 ж., № 14, 58-құжат; 2006 ж., № 10, 52-құжат; № 16, 99-құжат; 2007 ж., № 4, 28, 33-құжаттар; № 9, 67-құжат; № 20, 153-құжат; 2008 ж., № 13-14, 56-құжат; № 17-18, 72-құжат; № 21, 97-құжат; 2009 ж., № 2-3, 18-құжат; № 17, 81-құжат; № 24, 133-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 2, 21-құжат; № 3, 32-құжат; № 5, 43-құжат; № 6, 50-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 2, 11, 14-құжаттар; № 4, 30-құжат; № 13, 91-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 10-11, 56-құжат; № 15, 81-құжат; 2014 ж., № 4-5, 24-құжат; № 6, 27-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 63-құжат; № 16, 90-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 8, 42, 45-құжаттар; № 19-I, 101-құжат; № 19-II, 102-құжат; № 20-VII, 117-құжат; № 22-II, 145-құжат; № 22-VI, 159-құжат; 2016 ж., № 6, 45-құжат; 2017 ж., № 4, 7-құжат; 2018 ж., № 1, 4-құжат):

1) 14-бап мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Қоғамның дауыс беретін акцияларының бес және одан көп пайызын дербес немесе басқа акционерлермен жиынтықта иеленетін акционерлер қоғамның директорлар кеңесінің және (немесе) атқарушы органының жекелеген мүшесінің жыл қорытындысы бойынша сыйақысының мөлшері туралы ақпаратты бір мезгілде мынадай жағдайлар болған кезде:

қоғамның директорлар кеңесінің және (немесе) атқарушы органының осы мүшесінің өзі (өздері) не оның үлестес тұлғалары пайда (кіріс) алу мақсатында қоғам акционерлерін қасақана жаңылыстыруға әкелу фактісін сот анықтаған кезде;

егер қоғамның директорлар кеңесінің және (немесе) атқарушы органының осы мүшесінің жосықсыз әрекеттері және (немесе) әрекетсіздігі қоғамда залал туындауына алып келгені дәлелденсе, алуға құқылы.";

2) 34-1-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Ұлттық әл-ауқат қорын қоспағанда, ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы, Ұлттық әл-ауқат қорын қоспағанда, ұлттық басқарушы холдингтерге, ұлттық холдингтерге, ұлттық компанияларға тікелей немесе жанама тиесілі ұйымдардың, сондай-ақ әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялардың тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуы, оның ішінде кепілдендірілген тапсырысты орналастыруы Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алудың үлгілік қағидалары негізінде жүзеге асырылады.";

3) 36-бапта:

1-тармақта:

1-1) тармақша мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдар (Ұлттық әл-ауқат қорын қоспағанда) корпоративтік басқарудың үлгілік кодексіне сәйкес корпоративтік басқару кодекстерін бекітеді;"

17-1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"17-1) нәтижесінде акционерлік қоғам активтері баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу және одан көп пайызы сатып алынатын немесе иеліктен шығарылатын (сатып алынуы немесе иеліктен шығарылуы мүмкін) мәміле туралы шешімді қабылдау күніне құны оның активтері баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу және одан көп пайызын құрайтын мүлікті нәтижесінде қоғам сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) ірі мәмілені қоғамның жасасуы туралы шешім қабылдауы;"

2-тармақтың екінші бөлігіндегі "Егер осы Заңда өзгеше белгіленбесе," деген сөздер "Егер осы Заңда және (немесе) қоғам жарғысында өзгеше белгіленбесе," деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 49-баптың 6-тармағында:

екінші бөліктегі "заңды тұлғаның мөрімен (ол болған кезде)" деген сөздер "жеке кәсіпкерлік субъектілерін қоспағанда, заңды тұлғаның мөрімен" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші бөліктегі "заңды тұлғаның мөрі жоқ (ол болған кезде)" деген сөздер "жеке кәсіпкерлік субъектілерін қоспағанда, заңды тұлғаның мөрі жоқ" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 53-баптың 2-тармағының 3) және 19) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"3) осы Заңның 18-бабы 1-тармағының екінші және үшінші бөліктерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, жарияланған акциялар саны шегінде акцияларды орналастыру (өткізу) туралы, оның ішінде орналастырылатын (өткізілетін) акциялар саны, оларды орналастыру (өткізу) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;"

"19) жасасу туралы шешім осы Заңның 36-бабы 1-тармағының 17-1) тармақшасына және 73-бабының 3-1-тармағына сәйкес қоғам акционерлерінің жалпы жиналысында қабылданатын ірі мәмілелерді қоспағанда, ірі мәмілелер және жасауға қоғам мүдделі мәмілелер жасасу туралы шешімдер қабылдау;"

6) 58-баптың 6-тармағының екінші бөлігіндегі "қызметкері қол қойып және қоғам мөрінің (ол болған кезде) бедерімен" деген сөздер "қызметкерінің қолтаңбасымен" деген сөздермен ауыстырылсын;

7) 70-баптың 1-тармағының бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Жасасу туралы шешім осы Заңның 36-бабы 1-тармағының 17-1) тармақшасына және 73-бабының 3-1-тармағына сәйкес қоғам акционерлерінің жалпы жиналысында қабылданатын мәмілелерді қоспағанда, қоғамның ірі мәмілелер жасасуы туралы шешімді директорлар кеңесі қабылдайды.";

8) 73-бап мынадай мазмұндағы 3-1-тармақпен толықтырылсын:

"3-1. Жасалуына мүдделілік бар ірі мәмілені қоғамның жасасуы туралы шешім акционерлердің жалпы жиналысында қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санының жай көпшілік даусымен қабылданады.";

9) 82-баптың 6-тармағының екінші бөлігіндегі "және қоғамдардың мөрлерімен (олар болған кезде) куәландырылады" деген сөздер алып тасталсын;

10) 83-баптың 1-тармағының үшінші бөлігіндегі "және қоғамдардың мөрлерімен (олар болған кезде) куәландырылған" деген сөздер алып тасталсын.

50. "Тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы" 2003 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 14, 102-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 4, 25-құжат; 2007 ж., № 8, 52-құжат; 2008 ж., № 6-7, 27-құжат; 2009 ж., № 17, 81-құжат; № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 1-2, 1-құжат; № 15, 71-құжат; 2012 ж., № 8, 64-құжат; № 13, 91-құжат; 2013 ж., № 16, 83-құжат; 2014 ж., № 8, 44-құжат; № 14, 84-құжат; № 21, 122-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 8, 45-құжат; 2017 ж., № 23-III, 111-құжат):

1) 6-баптың 2-тармағының 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) әуе көлігін пайдалануға қатысты көлік және коммуникациялар саласындағы уәкілетті мемлекеттік органға;"

2) 21-баптың 2-1-тармағының 14) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"14) жеке кәсіпкерлік субъектілерін қоспағанда, тасымалдаушының мөрі.".

51. "Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы" 2003 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 14, 104-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 4, 25-құжат; 2007 ж., № 8, 52-құжат; 2008 ж., № 6-7, 27-құжат; 2009 ж., № 17, 81-құжат; № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 1-2, 1-құжат; № 15, 71-құжат; № 17-18, 112-құжат; 2011 ж., № 2, 25-құжат; 2012 ж., № 13, 91-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2014 ж., № 8, 44-құжат; № 10, 52-құжат; № 14, 84-құжат; № 21, 122-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 8, 45-құжат; № 22-VI, 159-құжат; 2016 ж., № 8-I, 65-құжат; 2017 ж., № 23-III, 111-құжат; 2018 ж., № 1, 4-құжат):

9-баптың 2-тармағы "жазбаша нысанда," деген сөздерден кейін "жеке кәсіпкерлік субъектілерін қоспағанда," деген сөздермен толықтырылсын.

52. "Автомобиль көлігі туралы" 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 15, 134-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 7-8, 19-құжат; 2006 ж., № 3, 22-

құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 16, 129-құжат; 2008 ж., № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 1-2, 1-құжат; № 5, 23-құжат; № 15, 71-құжат; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; № 14, 72, 75-құжаттар; № 16, 83-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 8, 44-құжат; № 10, 52-құжат; № 14, 87-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 122-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 9, 46-құжат; № 19-I, 100, 101-құжаттар; № 20-IV, 113-құжат; № 23-II, 170-құжат; 2016 ж., № 6, 45-құжат; № 8-I, 65-құжат; 2017 ж., № 9, 17-құжат; № 23-III, 111-құжат):

1) 19-2-баптың 3 және 4-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Автомобиль көлігі саласындағы мемлекеттік бақылау Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес тексеру және бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау нысанында жүзеге асырылады.

4. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне және осы Заңға сәйкес жүзеге асырылады.";

2) 19-7-баптың бірінші бөлігінде:

5) тармақша алып тасталсын;

9) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"9) автокөлік құралы жабдығының автокөлік құралында тахографтың болуы және оның жарамдылығы бөлігінде халықаралық шарттар талаптарына сәйкестігін бақылау;" ;

10-1), 12) және 13) тармақшалар алып тасталсын;

3) 2-2-тарау мынадай мазмұндағы 19-17-баппен толықтырылсын:

"19-17-бап. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылауды жүргізу тәртібі

1. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылауды уәкілетті орган талдау және ақпараттық жүйелер деректері, сондай-ақ бақылау субъектісінің (объектісінің) қызметі туралы басқа да мәліметтер негізінде жүзеге асырады.

2. Мыналар бақылау субъектілері болып табылады:

1) таксимен тасымалдаушылар және ақпараттық-диспетчерлік такси қызметтері;

2) автовокзалдар, автостанциялар және жолаушыларға қызмет көрсету пункттері қызметтерін көрсететін тұлғалар;

3) жолаушылар мен жүктерді тасымалдау жөніндегі қызметтерді көрсететін автомобильмен тасымалдаушылар;

4) жүк жөнелтуші және (немесе) жүк алушы ретінде әрекет ететін тұлғалар;

5) қауіпті жүкті тасымалдау жөніндегі қызметтерді көрсететін автомобильмен тасымалдаушылар;

6) ірі көлемді және ауыр салмақты жүктерді тасымалдау жөніндегі қызметтерді көрсететін автомобильмен тасымалдаушылар;

7) халықаралық автомобильмен тасымалдауды жүзеге асыратын автомобильмен тасымалдаушылар;

8) тез бұзылатын жүктерді тасымалдау жөніндегі қызметтерді көрсететін автомобильмен тасымалдаушылар;

9) техникалық қарап-тексеру операторлары;

10) тахографтарды орнату және оларға қызмет көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыратын тұлғалар;

11) электрондық (цифрлық) тахографтарға электрондық карточкаларды дайындау және беру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын тұлғалар.

3. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылаудың мақсаттары бұзушылықтардың дер кезінде жолын кесу және оларға жол бермеу, бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды өзі дербес жою құқығын бақылау субъектісіне беру және бақылау субъектісіне әкімшілік жүктемені азайту болып табылады.

4. Бақылау субъектілеріне бұзушылықтарды өзі дербес жою құқығын беру үшін бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес салдарын жою мүмкін болатын бұзушылықтар бойынша ғана жүргізіледі.

5. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау қорытындысы бойынша бақылау субъектісіне бұзушылықтарды жою тәртібі міндетті түрде түсіндіріле отырып, әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғамай, анықталған бұзушылықтарды жою туралы ұсыным жасалады.

6. Ұсыным бақылау субъектісіне қол қойғызып, жеке өзіне немесе жөнелту және алу фактілері расталатын өзге де тәсілмен табыс етілуге тиіс.

7. Төменде санамаланған тәсілдердің бірімен жіберілген ұсыным мынадай жағдайларда:

1) қолма-қол – ұсынымға алғаны туралы белгі қойылған күннен бастап;

2) поштамен – тапсырысты хатпен;

3) электрондық тәсілмен – уәкілетті орган сұрау салған кезде хатта көрсетілген бақылау субъектісінің электрондық мекенжайына уәкілетті орган жөнелткен күннен бастап табыс етілді деп есептеледі.

8. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы ұсыным табыс етілген күнінен кейінгі күннен бастап жиырма жұмыс күні ішінде орындалуға тиіс.

9. Бақылау субъектісі ұсынымда көрсетілген бұзушылықтармен келіспеген жағдайда, ұсынымды жіберген уәкілетті органға ол табыс етілген күннен кейінгі күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қарсылық жіберуге құқылы.

10. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы ұсынымды белгіленген

мерзімде орындамау бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізудің тоқсандық тізіміне енгізу жолымен бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды тағайындауға алып келеді.

11. Бақылау субъектілеріне (объектілеріне) қатысты бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау жылына бір реттен жиілетпей жүргізіледі.";

4) 24-баптың 2-тармағының бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Республика ішілік қатынаста тұрақты емес тасымалдау кезінде жолаушылар мен багажды тасымалдау шарты тапсырыс беруші мен тасымалдаушы арасында екі дана – тараптардың әрқайсысына бір-біреуден жазбаша нысанда жасалады."

53. "Экономиканың стратегиялық маңызы бар салаларындағы меншіктің мемлекеттік мониторингі туралы" 2003 жылғы 4 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 21-22, 150-құжат; 2007 ж., № 2, 14-құжат; № 20, 153-құжат; 2009 ж., № 2-3, 14-құжат; 2011 ж., № 11, 102-құжат; 2013 ж., № 14, 75-құжат):

17-бапта:

1-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Мониторинг объектілері болып табылатын не меншігінде немесе басқаруында мониторинг объектісі болып табылатын мүлік бар шаруашылық жүргізуші субъектілердің:";

2-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Мониторинг объектілері болып табылатын не меншігінде немесе басқаруында мониторинг объектісі болып табылатын мүлік бар шаруашылық жүргізуші субъектілер:".

54. "Жарнама туралы" 2003 жылғы 19 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 24, 174-құжат; 2006 ж., № 15, 92-құжат; № 16, 102-құжат; 2007 ж., № 12, 88-құжат; 2009 ж., № 17, 79, 82-құжаттар; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 3, 25-құжат; № 14, 92-құжат; 2013 ж., № 8, 50-құжат; № 21-22, 115-құжат; 2014 ж., № 2, 11-құжат; № 11, 65-құжат; № 21, 122-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 8, 44-құжат; № 20-IV, 113-құжат; 2016 ж., № 6, 45-құжат; № 7-II, 53-құжат; № 8-II, 70-құжат; 2017 ж., № 15, 55-құжат; № 24, 115-құжат):

17-2-бапта:

үшінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының жарнама туралы заңнамасының сақталуына мемлекеттік бақылау Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес тексеру және профилактикалық бақылау нысанында жүзеге асырылады.";

төртінші және бесінші бөліктер алып тасталсын.

55. "Мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу туралы" 2003 жылғы 22 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 24, 176-құжат; 2005 ж., № 5, 5-құжат; 2009 ж., № 19, 88-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 3-құжат; № 11, 102-құжат; № 23, 178-құжат; 2013 ж., № 14, 75-құжат; 2014 ж., № 1, 9-құжат; № 11, 61-құжат; № 14, 84-құжат; № 16, 90-құжат; № 21, 118-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 20-IV, 113-құжат; № 22-V, 156-құжат; 2016 ж., № 7-I, 50-құжат; № 23, 118-құжат; № 24, 126-құжат; 2017 ж., № 8, 16-құжат; № 14, 50-құжат):

1) 6-бапта:

б) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"б) бақылау мен қадағалау органдары жүргізетін тексерулерді және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды есепке алуды жүргізеді;"

мынадай мазмұндағы 12-7) және 12-8) тармақшалармен толықтырылсын:

"12-7) тексеруді және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды тағайындау туралы актінің, тексеруді және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды ұзарту туралы қосымша актінің, тексерудің және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалаудың нәтижелері туралы актінің, анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқаманың нысандарын әзірлейді және бекітеді;

12-8) реттеуші мемлекеттік органдарға мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүргізу тәртібін жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізеді;"

2) 12-баптың 3-тармағының 18) тармақшасындағы "сауалдарды;" деген сөздер "сұрау салуларды арнайы есепке алуды жүзеге асырады." деген сөздермен ауыстырылып, 19) және 20) тармақшалары алып тасталсын.

56. "Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру туралы" 2004 жылғы 10 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., № 5, 26-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 22-құжат; № 16, 100-құжат; 2007 ж., № 8, 52-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 13, 91-құжат; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 14, 75-құжат; 2014 ж., № 2, 10-құжат; № 7, 37-құжат; № 14, 84-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 8, 45-құжат; № 20-IV, 113-құжат; 2018 ж., № 1, 4-құжат):

1) 5-бапта:

2-тармақ мынадай мазмұндағы 12-7) тармақшамен толықтырылсын:

"12-7) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органы бақылау функцияларын жүзеге асыруы үшін қажетті ақпарат пен

құжаттарды сақтанушының, сақтандырушының, агенттің және қоғамның беру қағидаларын әзірлейді және бекітеді";

2-1-тармақтың 5) тармақшасы алып тасталсын;

2) 5-1-баптың екінші және үшінші бөліктері мынадай редакцияда жазылсын:

"Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру саласындағы мемлекеттік бақылау тексеру және профилактикалық бақылау нысанында жүзеге асырылады.

Тексеру және профилактикалық бақылау Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес жүзеге асырылады.";

3) 13-баптың 2-тармағы бірінші бөлігінің үшінші абзацындағы "сақтандырушының немесе қоғамның мөрімен расталған" деген сөздер алып тасталсын.

57. "Сауда қызметін реттеу туралы" 2004 жылғы 12 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., № 6, 44-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 22-құжат; № 23, 141-құжат; 2009 ж., № 17, 80-құжат; № 18, 84-құжат; № 24, 129-құжат; 2010 ж., № 15, 71-құжат; 2011 ж., № 2, 26-құжат; № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 2, 11, 14-құжаттар; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 14, 75-құжат; № 15, 81-құжат; № 21-22, 114-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 10, 52-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 11, 52-құжат; № 19-I, 101-құжат; № 20-IV, 113-құжат; 2016 ж., № 8-II, 70-құжат; № 12, 87-құжат; 2017 ж., № 12, 34-құжат; № 22-III, 109-құжат; № 23-III, 111-құжат):

1) 1-бапта:

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына рұқсат етілген шекті бөлшек сауда бағалары – әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек сауда бағаларының шекті мәндері артқан жағдайда, жергілікті атқарушы органдар белгілейтін бөлшек сауда бағаларының деңгейі";

мынадай мазмұндағы 24-1) тармақшамен толықтырылсын:

"24-1) электрондық сауда алаңы – электрондық сауданы жүзеге асыру үшін қажетті және электрондық сауда процесін автоматтандыруды, сондай-ақ ақпарат жинауды, сақтауды, өңдеуді және ашуды қамтамасыз ететін, есептеу құралдары, бағдарламалық қамтылым, дерекқор, телекоммуникациялық құралдар және басқа да жабдық кешені";

2) 5-баптың 1-тармағының 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) Қазақстан Республикасының сауда қызметін реттеу туралы заңнамасының сақталуына мемлекеттік бақылау";

3) 7-бапта:

мынадай мазмұндағы 4-2) тармақшамен толықтырылсын:

"4-2) ломбардтардың сауда қызметін жүзеге асыру қағидаларын Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігімен бірлесе отырып бекітеді";

13) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"13) әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек сауда бағаларының шекті мәндерін айқындау мақсатында макроэкономикалық талдау жүргізеді,";

14), 14-1) және 15-1) тармақшалар алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 15-2) тармақшамен толықтырылсын:

"15-2) тарифтік жеңілдіктер беру қағидалары мен шарттарын, сондай-ақ тарифтік жеңілдіктер берілетін тауарлар тізбесін бекітеді,";

4) 8-бап мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдары:

1) әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек сауда бағаларының шекті мәндерін;

2) әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына рұқсат етілген шекті бөлшек сауда бағаларының мөлшерін бекітеді.";

5) 9-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың аумағында әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек сауда бағаларының шекті мәндері артқан жағдайда, жергілікті атқарушы орган сауда қызметі субъектілерімен консультациялар өткізгеннен кейін күнтізбелік тоқсан күннен аспайтын мерзімге облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың аумағында оларға рұқсат етілген шекті бөлшек сауда бағаларының мөлшерін белгілеуге құқылы.

Осы тармақтың бірінші бөлігіне сәйкес белгіленетін әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына рұқсат етілген шекті бөлшек сауда бағаларының мөлшерлерін арттырған кезде сауда қызметі субъектісі Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауаптылықта болады.";

6) 29-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Электрондық сауда алаңдарының жұмыс істеуін қоса алғанда, электрондық сауда уәкілетті орган бекітетін қағидаларға сәйкес жүзеге асырылады.";

7) 29-1-бапта:

мынадай мазмұндағы 1-1 және 2-1-тармақтармен толықтырылсын:

"1-1. Офертаны өз атынан электрондық нысанда жіберетін сатушының электрондық сауданы жүзеге асыру кезінде қажет болған жағдайда:

1) сатып алушылардың электрондық сауда алаңында жасалған мәмілелер бойынша өз міндеттемелерін орындауын қамтамасыз ету шарттарын айқындауға;

2) делдалдан электрондық сауда алаңында жүргізілген мәмілелер қорытындысы жөніндегі ақпаратты орналастыруды талап етуге құқығы бар.";

"2-1. Электрондық сауда электрондық саудадағы делдал ұсынатын электрондық сауда алаңдарында сауда жасау арқылы жүзеге асырылады.";

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Электрондық саудадағы делдал:

1) ақпараттық ресурстарда қамтылған ақпараттың, оның ішінде коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтердің тұтастығы мен құпиялылығын;

2) егер сатып алушының электрондық сауда алаңында жасалған мәмілелер бойынша өз міндеттемелерін орындауы үшін шарттарды сатушы айқындаған болса, осындай шарттарды;

3) электрондық сауда алаңында жүргізілген сауда-саттық қорытындысы жөніндегі ақпаратты сатушының талабы бойынша өзінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етуге міндетті.";

4-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) электрондық құжаттарда немесе электрондық хабарламаларда қамтылған ақпаратты, оның ішінде коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді жария етуге;"

8) 33-2-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"33-2-бап. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына рұқсат етілген шекті бөлшек сауда бағалары мөлшерінің сақталуына мемлекеттік бақылау

1. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына рұқсат етілген шекті бөлшек сауда бағалары мөлшерінің сақталуына мемлекеттік бақылау тексеру және бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау нысанында жүзеге асырылады.

2. Тексеру Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес жүзеге асырылады. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне және осы Заңға сәйкес жүзеге асырылады.

3. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау сауда объектілеріне бару жолымен жүзеге асырылады және әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына рұқсат етілген шекті бөлшек сауда бағалары мөлшерінің сақталуын бақылауға бағытталады.

4. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау облыс, республикалық маңызы бар қала, астана әкімдерінің тапсырмасы бойынша жүзеге асырылады.

5. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау қорытындысы бойынша әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына рұқсат етілген шекті бөлшек сауда бағаларының мөлшерлерін асыру анықталған жағдайда, анықталған бұзушылықты жою туралы нұсқама құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша шығарылады.

6. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқамалардың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес

жүргізілетін жоспардан тыс тексерулер арқылы бақылау субъектісін алдын ала хабардар етпей жүзеге асырылады."

58. "Байланыс туралы" 2004 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., № 14, 81-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 15, 95-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 3, 20-құжат; № 19, 148-құжат; 2008 ж., № 20, 89-құжат; № 24, 129-құжат; 2009 ж., № 15-16, 74-құжат; № 18, 84-құжат; № 24, 121-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 24, 146, 150-құжаттар; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 3, 25-құжат; № 8, 63, 64-құжаттар; № 14, 92, 95-құжаттар; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 12, 57-құжат; № 14, 72, 75-құжаттар; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 7, 37-құжат; № 8, 44, 49-құжаттар; № 10, 52-құжат; № 14, 87-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 20-IV, 113-құжат; № 22-I, 141-құжат; № 22-V, 156-құжат; 2016 ж., № 8-I, 65-құжат; № 8-II, 67-құжат; № 23, 118-құжат; № 24, 124, 126-құжаттар; 2017 ж., № 23-III, 111-құжат; № 24, 115-құжат):

1) 2-баптың 7) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"7) арнаулы жөнелтілімдер – мемлекеттік құпиялар не мемлекеттік органдардың таратылуы шектелген қызметтік ақпаратты қамтитын мәліметтері және оларды жеткізгіштер, сондай-ақ қорғаныс өнеркәсібінің бұйымдары, олардың құрауыштары (заттары) мен жүктері салынған тіркелетін пакеттер, жіберілімдер, метиздер;"

2) 8-бапта:

1-тармақта:

8-2) тармақша алып тасталсын;

11) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"11) арнаулы мақсаттағы телекоммуникация желілерінің объектілерін қоспағанда, байланыс саласындағы қызметті жүзеге асыратын және радиожилілік спектрін пайдаланатын шаруашылық жүргізуші субъектілердің байланыс объектілеріне белгіленген тәртіппен тексерулер жүргізу үшін қызметтік куәлікті көрсету арқылы кіру ;";

мынадай мазмұндағы 19-18) тармақшамен толықтырылсын:

"19-18) "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 3-бабы 2-тармағының 7) тармақшасында көзделген ерекшеліктер ескеріле отырып, "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген рұқсаттарды беру;"

2-тармақтың 2), 8) және 9-6) тармақшалары алып тасталсын;

3) 18-баптың 1 және 4-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Егер байланыс қызметі радиожилілік спектрі көлемінің жеткіліксіз болуына байланысты Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Қазақстан Республикасының Радиожиліліктер жөніндегі ведомствоаралық комиссиясы белгілі бір аумақта жұмыс істейтін байланыс операторларының ықтимал саны бойынша шектеу

ұсынған диапазондағы радиожиліліктерді пайдалана отырып көрсетілетін болса, радиожилілік ресурсын пайдалану құқығы конкурстық негізде беріледі. Бұл ретте байланыс операторына радиожилілік спектрін пайдалануға арналған рұқсатта көрсетілетін аумақтарды не елді мекендерді байланыс қызметтерімен қамтамасыз ету жөніндегі міндеттемелер жүктеледі.";

"4. Конкурстарға (немесе аукциондарға) қатысуға Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға, конкурс (немесе аукцион) өткізу қағидаларына сай келетін заңды тұлғалар жіберіледі.";

4) 20-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Байланыс қызметтерін көрсету қағидаларында айқындалған тәртіппен байланыс операторлары байланыс қызметтерін әрбір пайдаланушыға Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тізбеге сәйкес шұғыл шақыру жүйесінің операторымен, шұғыл медициналық, құқық қорғау, өрт сөндіру, авариялық қызметтермен тегін жалғанымдарды тәулік бойы ұсынуды қамтамасыз етеді.";

5) 28-1 және 28-5-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"28-1-бап. Байланыс саласындағы мемлекеттік бақылау

1. Байланыс саласындағы мемлекеттік бақылау тексеру және профилактикалық бақылау нысанында жүзеге асырылады.

2. Тексеру және радиобақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес жүзеге асырылады. Радиобақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне және осы Заңға сәйкес жүзеге асырылады.";

"28-5-бап. Радиобақылауды жүргізу тәртібі

1. Азаматтық мақсаттағы радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құрылғылардың сәуле таратуын радиобақылау радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құрылғылардың техникалық құжаттамасына және рұқсаттарына, өлшемдеріне, сондай-ақ оның жұмыс режимдеріне бақылау-өлшеу аппаратурасының және радиотехникалық бақылау (аспаптық бақылау) құралдарының көмегімен құжаттық бақылау жүргізу жолымен жүзеге асырылады және радиобақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нысанында жүргізіледі.

2. Радиожилілік спектрін пайдалану радиобақылау объектісі болып табылады.

3. Байланыс саласындағы қызметті жүзеге асыратын шаруашылық жүргізуші субъектілер радиобақылау субъектілері болып табылады.

4. Радиобақылаудың мақсаттары бұзушылықтардың дер кезінде жолын кесу және оларға жол бермеу, радиобақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды өзі дербес жою құқығын радиобақылау субъектілеріне беру және оларға әкімшілік жүктемені азайту болып табылады.

5. Бақылау-өлшеу аппаратурасы және радиотехникалық бақылау құралдары деп метрологиялық тексеруден өткен, әкімшілік құқық бұзушылық жасау фактісін тіркейтін радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құрылғылардың өлшемдері мен сипаттамаларын өлшеудің сертификатталған техникалық құралдарын түсіну керек.

6. Уәкілетті органның аумақтық бөлімшелері радиобақылауды уәкілетті органның басшысы не оны алмастыратын адам бекіткен радиобақылаудың жоспар-кестесіне сәйкес жүргізеді.

Радиобақылаудың жоспар-кестелерін аумақтық бөлімшелер әрбір тоқсанға жасайды.

7. Радиобақылау нәтижелері бойынша радиобақылау субъектісінің (объектісінің) әрекеттерінде (әрекетсіздігінде) бұзушылықтар анықталған жағдайда, уәкілетті орган бұзушылықтар анықталған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде ұсынымды ресімдейді және жібереді.

8. Ұсыным радиобақылау субъектісіне қол қойғызып, жеке өзіне немесе жөнелту және алу фактілері расталатын өзге де тәсілмен табыс етілуге тиіс.

Төменде санамаланған тәсілдердің бірімен жіберілген ұсыным мынадай жағдайларда:

- 1) қолма-қол – ұсынымға алғаны туралы белгі қойылған күннен бастап;
- 2) поштамен – хабарламасы бар тапсырысты хатпен;
- 3) электрондық тәсілмен – сұрау салынған кезде хатта көрсетілген радиобақылау субъектісінің электрондық мекенжайына жөнелтілген күннен бастап табыс етілді деп есептеледі.

9. Радиобақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы ұсыным табыс етілген күнінен кейінгі күннен бастап он жұмыс күні ішінде орындалуға тиіс.

10. Радиобақылау субъектісі ұсынымда көрсетілген бұзушылықтармен келіспеген жағдайда, ұсынымды жіберген уәкілетті органға ол табыс етілген күннен кейінгі күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қарсылық жіберуге құқылы.

11. Радиобақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы ұсынымды белгіленген мерзімде орындамау радиобақылау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізудің жартыжылдық тізіміне енгізу жолымен радиобақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды тағайындауға алып келеді.

12. Радиобақылау субъектілеріне (объектілеріне) қатысты радиобақылау тоқсанына бір реттен жиілетпей жүргізіледі.

13. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен рұқсаттар берілген, азаматтық мақсаттағы радиоэлектрондық құрал мен жоғары жиілікті құрылғының жұмысында бөгеуілдер туындаған жағдайда:

1) бөгеуіл жасалып отырған радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құрылғылардың иелері радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құрылғылардың техникалық өлшемдерінің, оның ішінде қабылдау құрылғыларының таңдау және қорғаныш қасиеттерінің нормалар мен стандарттарға сәйкестігіне көз жеткізуі қажет. Егер олар нормаларға сәйкес келмесе, радиоэлектрондық құралдардың иелері сипаттамаларды нормаларға сәйкес келтіру жөнінде шаралар қолдануға немесе радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құрылғыларды ауыстыруға тиіс. Басқа радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құрылғылардың сәуле таратуы салдарынан бөгеуіл туындаған кезде, бөгеуіл жасалып отырған радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құрылғылардың иелері уәкілетті органға өтініш жасайды ;

2) уәкілетті орган бөгеуілдердің көздерін және сипатын, олардың туындау себептерін анықтау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастырады және оларды жою бойынша шаралар қолданады;

3) радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құрылғылардың белгіленген өлшемдерінің және (немесе) жұмыс режимдерінің бұзылуы, қабылдау құрылғыларының таңдау немесе қорғаныш қасиеттерінің нашарлауы және қатар тұрған радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құрылғылардың өзара әсер етуіне байланысты интермодуляциялық сипаттағы бөгеуілдер салдарынан болғанда, уәкілетті орган бөгеуілдерді жою жөнінде ұсыным береді;

4) берілген жиіліктердегі бөгеуілдерді жою мүмкін болмаған кезде уәкілетті орган радиожиіліктерді жаңадан беруді жүргізеді;

5) әдейі жасалмаған, өнеркәсіптік немесе технологиялық сипаттағы бөгеуілдер салдарынан болғанда уәкілетті орган бөгеуілдер көзін анықтау және оларды жою бойынша шаралар қолданады.

14. Шет мемлекеттердің байланыс әкімшіліктерінен Қазақстан Республикасының аумағындағы көздерден болған радиобөгеуілдерге наразылықтар келіп түскен кезде, уәкілетті орган халықаралық келісімге сәйкес осы наразылықтардың құқықтық негізін анықтайды, егер наразылықтар негізді болса, бөгеуілдердің себептерін анықтайды және оларды жою бойынша шаралар қолданады.

15. Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құрылғыларға басқа мемлекеттердің аумақтарында орналасқан көздерден бөгеуіл жасалған жағдайда, уәкілетті орган Қазақстан Республикасының аумағындағы радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құрылғылар иелерінің мүдделерін қорғау мақсатында халықаралық келісімге сәйкес бөгеуілдерді жою бойынша шаралар қолданады.

16. Радиобөгеуілдерді және тиісті рұқсаттары жоқ радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құрылғылардың қолданылуын анықтау және олардың жолын кесу жөніндегі іс-шараларды уәкілетті орган жүргізеді.";

6) 28-7-баптың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) уәкілетті орган радиобақылау жүргізу мақсатында радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құрылғыларға уәкілетті органның лауазымды адамдарының қызметтік куәлік көрсеткен кезде қол жеткізуін қамтамасыз етеді;"

7) 36-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Жергілікті телефон байланысы қызметтерін көрсететін ортақ пайдаланылатын телекоммуникация желілерінің байланыс операторлары анықтама қызметтерін құру немесе телефон нөмірлерінің анықтамалығын жариялау мақсатында сұрау салу бойынша бір-біріне өз желісінің пайдаланушылары туралы деректерге рұқсат беруге құқылы. Ақпарат осы Заңның және Қазақстан Республикасының тұтынушылар құқықтарын қорғау туралы заңнамасының талаптары ескеріле отырып беріледі.";

8) 38-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Байланыс қызметтерін пайдаланушыларға байланыс қызметтерін көрсету уақыты туралы ақпарат беру байланыс қызметтерін пайдаланушының тұрған жерінде Астана уақыты бойынша жүргізіледі."

59. "Қазақстан Республикасындағы кредиттік бюролар және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы" 2004 жылғы 6 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., № 15, 87-құжат; 2005 ж., № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 3, 20-құжат; № 18, 143-құжат; № 19, 149-құжат; 2008 ж., № 17-18, 72-құжат; 2009 ж., № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 3, 32-құжат; № 6, 50-құжат; № 11, 102-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 2, 14-құжат; № 13, 91-құжат; № 20, 121-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2014 ж., № 10, 52-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 8, 45-құжат; № 22-V, 156-құжат; № 22-VI, 159-құжат; 2016 ж., № 6, 45-құжат; 2017 ж., № 4, 7-құжат; № 9, 21-құжат):

1) 1-бап мынадай мазмұндағы 10-1) тармақшамен толықтырылсын:

"10-1) кредиттік скоринг – сапа мен сан сипаттамаларына негізделген математикалық және (немесе) статистикалық модельдің көмегімен есептелетін, кредиттік тарих субъектісінің кредит өтеу қабілетін және қарыз шарттары бойынша міндеттемелерін орындау ықтималдығын, күтілетін кредиттік шығасыларды бағалау;"

2) 5-бапта:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"5-бап. Уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерді қабылдау жөніндегі өкілеттігі";

мынадай мазмұндағы 3-1) тармақшамен толықтырылсын:

"3-1) кредиттік бюроның кредиттік скорингті есептеу шарттары мен тәртібі туралы;"

3) 7-бапта:

2-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) кредиттік тарих субъектілерінің кредиттік скорингін есептеу жөніндегі көрсетілетін қызметтерді ұсыну;"

мынадай мазмұндағы 2-2-тармақпен толықтырылсын:

"2-2. Мемлекет қатысатын кредиттік бюро үшін кредиттік скорингті есептеу жөніндегі көрсетілетін қызметтерді ұсыну негізгі қызмет түріне жатады және міндетті болып табылады.";

4) мынадай мазмұндағы 7-1-баппен толықтырылсын:

"7-1-бап. Кредиттік скоринг

1. Кредиттік скорингті кредиттік бюро немесе осы Заңның 18-бабы 1-тармағының 1) тармақшасында аталған ақпарат берушілер өзі дербес есептейді.

Кредиттік бюро есептеген кредиттік скоринг туралы ақпарат беру тәртібін кредиттік бюро өзі дербес айқындайды.

2. Осы Заңның 18-бабы 1-тармағының 1) тармақшасында аталған ақпарат берушілер кредиттік бюроның кредиттік скорингін және (немесе) дербес есептеген кредиттік скорингтерді пайдалана отырып, кредиттік тарих субъектісінің кредит өтеу қабілетін бағалауды жүргізеді.

Кредиттік бюролар мен осы Заңның 18-бабы 1-тармағының 1) тармақшасында аталған ақпарат берушілер кредиттік тарих субъектілеріне және өзге де үшінші тұлғаларға кредиттік скорингті есептеудің, кредиттік скорингтерді ескере отырып, тәуекелдерді бағалаудың өз әдістемелерін ашуға міндетті емес.

3. Кредиттік тарих субъектілері – жеке тұлғалар кредиттік скорингті қарыздар, микрокредиттер алғанға дейін және кредиттік тәуекелі бар қаржылық өнімдер мен көрсетілетін қызметтерді сатып алғанға дейін өзінің кредит өтеу қабілетінің деңгейін айқындау мақсатында пайдаланады.

4. Уәкілетті орган қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау, қаржы жүйесінің тұрақтылығын және қаржылық көрсетілетін қызметтерді тұтынушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың тиісті деңгейін қамтамасыз ету бойынша өз міндеттері мен функцияларын іске асыру үшін мемлекет қатысатын кредиттік бюродан кредиттік скоринг туралы ақпаратты сұратуға құқылы.";

5) 16-баптың 3-2) тармақшасындағы "17-бабының 8-2) тармақшасында" деген сөздер "17-бабы 1-тармағының 10) тармақшасында" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 17-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"17-бап. Кредиттік бюроның міндеттері

1. Кредиттік бюро:

1) кредиттік тарихтарды қалыптастыруды жүзеге асыруға;

2) осы Заңның 25-бабының 4-тармағында көзделген жағдайды қоспағанда, кредиттік тарих субъектісінің келісімін алғаны туралы растау болған кезде кредиттік есептерді ұсынуға;

3) осы Заңда көзделген жағдайларды қоспағанда, кредиттік тарихтарда қамтылған ақпаратты, оның ішінде банктік құпияны құрайтын ақпаратты ашуға жол бермеуге;

4) кредиттік бюро қызметкерлерінің әрекеті немесе әрекетсіздігі салдарынан алушыға ұсынылған кредиттік есепте ақпарат берушілер кредиттік бюроға берген ақпаратқа сәйкес келмейтін ақпарат қамтылған жағдайда, көрсетілген сәйкессіздік анықталған кезден бастап күнтізбелік бес күн ішінде кредиттік есепті алушы мен кредиттік тарих субъектісіне түзетілген кредиттік есепті ұсынуға міндетті.

Кредиттік бюро берген кредиттік есептің сәйкес келмеу фактісін ақпарат берушінің растауы қажет болған жағдайда, кредиттік есепті алушы мен кредиттік тарих субъектісіне түзетілген кредиттік есепті ұсыну мерзімін есептеу кредиттік бюро ақпарат берушіден тиісті ақпаратты алған кезден бастап жүзеге асырылады;

5) кредиттік тарих субъектісінің өтініші бойынша оған кредиттік тарих субъектісі даулап отырған ақпаратты берген ақпарат беруші туралы мәліметтерді ұсынуға;

6) егер кредиттік есепті ұсыну туралы сұрау салу Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптар бұзыла отырып жасалған болса, кредиттік есепті ұсынадан бас тартуға;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өз қызметі туралы есепке алуды жүргізуге және есептілікті ұсынуға;

8) тиісті негіздер болған кезде, қайта ресімдеуге немесе нақтылауға тиіс, келіп түскен ақпаратты түзету, толықтыру туралы талаппен ақпарат берушіге өтініш жасауға;

9) ақпарат берушіден ақпаратты алғаннан кейін келесі жұмыс күнінен кешіктірмей тиісті субъектінің кредиттік тарихына өзгерістер мен толықтырулар енгізуге;

10) кредиттік бюроның кредиттік тарихтар дерекқорында сақталатын ақпараттың анықтығын тексеру үшін мемлекет қатысатын кредиттік бюроға өтініш жасауға, сондай-ақ мемлекет қатысатын кредиттік бюроның кредиттік тарихтар дерекқорында сақталатын мәліметтерге сәйкес келмейтін ақпаратқа қатысты түзетулер енгізуге міндетті. Мемлекет қатысатын кредиттік бюроға өтініш жасау, кредиттік бюроның кредиттік тарихтар дерекқорына түзетулерді енгізу тәртібі мен шарттарын уәкілетті орган белгілейді;

11) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес электрондық ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелерді пайдалануға;

12) негізгі қызмет түрі бойынша топты құрайтын барлық ақпарат берушілер мен кредиттік есептерді алушылардың теңдігін қамтамасыз етуге;

13) Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) ақпарат беру туралы және (немесе) кредиттік есептерді алу туралы шарттарда белгіленген өзге де талаптарды сақтауға міндетті.

2. Мемлекет қатысатын кредиттік бюро осы баптың 1-тармағында көрсетілген міндеттерден басқа, уәкілетті органның сұрау салуы бойынша кредиттік скоринг

туралы ақпаратты және кредиттік скорингті есептеумен байланысты өзге мәліметтерді де беруге міндетті, бұл ретте алынған мәліметтер жария етуге жатпайды.";

7) 18-баптың 1-тармағының 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын " Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы";

8) 21-бап мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. Кредиттік тарих субъектісі – жеке тұлға кредиттік бюро айқындайтын тәртіппен кредиттік бюродан өзінің кредиттік скорингі туралы ақпаратты өтеусіз алуға құқылы.";

9) 23-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын " Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен және шарттарда кредиттік бюроларға өздерімен жасалатын ақпарат беру туралы шарттар негізінде ақпарат береді.";

10) 24-баптың 5-тармағының бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Кредиттік бюроларға жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы беретін ақпаратта мынадай мәліметтер:";

11) 26-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

1-1) кредиттік тарих субъектісінің кредит өтеу қабілетін бағалау;"

60. "Ішкі су көлігі туралы" 2004 жылғы 6 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., № 15, 88-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 23, 141-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 9, 67-құжат; № 18, 143-құжат; № 20, 152-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 5, 43-құжат; № 6, 50-құжат; № 11, 102-құжат ; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 14, 92, 95-құжаттар; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 14, 72, 75-құжаттар; № 16, 83-құжат; 2014 ж., № 10, 52-құжат; № 14, 84-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 8, 45-құжат; № 19-I, 100-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 23-II, 170-құжат; 2016 ж., № 8-I, 65-құжат; 2017 ж., № 4, 7-құжат; № 9, 17-құжат):

1) 1-бапта:

10) және 17) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"10) кеме – ішкі суларда жүзетін кеме, кеме қатынасы мақсатында пайдаланылатын өздігінен жүзетін немесе өздігінен жүзбейтін жүзбелі құрылғы, оның ішінде " өзен-теңізде" жүзетін кеме, паром, техникалық флот кемесі (су түбін тереңдетуші және су түбін тазартушы снарядтар, жүзбелі кран және басқа да осы сияқты техникалық құрылғылар), сондай-ақ шағын көлемді кеме болып табылмайтын өзге де кеме;"

"17) Кеме қатынасы тіркелімі – кемелерді, палубалы шағын көлемді кемелерді сыныптайтын және олардың техникалық қауіпсіздігін қамтамасыз ететін, Қазақстан

Республикасы Үкіметінің шешімімен құрылған республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорын;"

мынадай мазмұндағы 31-1) тармақшамен толықтырылсын:

"31-1) палубалы шағын көлемді кеме – бортқа, арақабырға мен тіреуіш бағандарға сүйенетін кеме корпусында тұмсығынан артқы бөлігіне дейін төсемнен және жинақтан тұратын, су өткізбейтін көлденең жабыны бар шағын көлемді кеме;"

41) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"41) техникалық байқау – Қазақстан Республикасының сауда мақсатында теңізде жүзу туралы және ішкі су көлігі туралы заңнамасының сақталуын кезең-кезеңмен тексеруді қамтитын, кемелердің, палубалы шағын көлемді кемелердің техникалық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған сыныптау қызметінің құрамдас бөлігі;"

2) 7-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Ішкі су көлігі саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалау Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес тексеру және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалау нысанында жүзеге асырылады.

Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау мен қадағалау Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне және осы Заңға сәйкес жүзеге асырылады."

3) 9-бапта:

1-тармақтың 26-28) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"26-28) палубалы шағын көлемді кемелерді техникалық қадағалауды жүзеге асыру қағидаларын бекіту;"

2-тармақтың 7) және 10) тармақшалары алып тасталсын;

4) 15-4-бапта:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Кеме кітабында мемлекеттік тіркеуге жататын палубалы шағын көлемді кемелер палубалы шағын көлемді кемелерді техникалық қадағалауды жүзеге асыру қағидаларының талаптарына сәйкес келуге тиіс."

4-тармақ алып тасталсын;

5) 16-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Сыныптауға, техникалық байқауға және куәландыруға ішкі суларда жүзетін кемелер, "өзен-теңізде" жүзетін кемелер мен палубалы шағын көлемді кемелер жатады."

6) 17-баптың 12) және 14) тармақшалары алып тасталсын;

7) мынадай мазмұндағы 17-2-баппен толықтырылсын:

"17-2-бап. Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау мен қадағалауды жүргізу тәртібі

1. Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау мен қадағалауды уәкілетті орган ақпараттық жүйелер деректерін талдау, сондай-ақ бақылау және қадағалау субъектісінің (объектісінің) қызметі туралы басқа да мәліметтер негізінде жүзеге асырады.

2. Кеме иелері, кемелерді, порттарды, порт құралдарын, жағалау объектілерін, кеме катынасы шлюздері мен теңіздегі және ішкі су жолдарындағы құрылысжайларды пайдаланумен байланысты қызметті жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлғалар бақылау және қадағалау субъектілері болып табылады.

3. Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау мен қадағалаудың мақсаттары бұзушылықтардың дер кезінде жолын кесу және оларға жол бермеу, бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау мен қадағалау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды өзі дербес жою құқығын бақылау және қадағалау субъектісіне беру мен бақылау және қадағалау субъектісіне әкімшілік жүктемені азайту болып табылады.

4. Бақылау және қадағалау субъектілеріне бұзушылықтарды өзі дербес жою құқығын беру үшін бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау мен қадағалау Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес салдарын жою мүмкін болатын бұзушылықтар бойынша ғана жүргізіледі.

5. Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау мен қадағалау қорытындысы бойынша бақылау және қадағалау субъектісіне бұзушылықтарды жою тәртібі міндетті түрде түсіндіріле отырып, әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғалмай, анықталған бұзушылықтарды жою туралы ұсыным жасалады.

6. Ұсыным бақылау және қадағалау субъектісіне қол қойғызып, жеке өзіне немесе жөнелту мен алу фактілері расталатын өзге де тәсілмен табыс етілуге тиіс.

7. Төменде санамаланған тәсілдердің бірімен жіберілген ұсыным мынадай жағдайларда:

1) қолма-қол – ұсынымға алғаны туралы белгі қойылған күннен бастап;

2) поштамен – тапсырысты хатпен;

3) электрондық тәсілмен – уәкілетті орган сұрау салған кезде хатта көрсетілген бақылау және қадағалау субъектісінің электрондық мекенжайына уәкілетті орган жөнелткен күннен бастап табыс етілді деп есептеледі.

8. Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау мен қадағалау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы ұсыным табыс етілген күннен кейінгі күннен бастап жиырма жұмыс күні ішінде орындалуға тиіс.

9. Бақылау және қадағалау субъектісі ұсынымда көрсетілген бұзушылықтармен келіспеген жағдайда, ұсынымды жіберген уәкілетті органға ол табыс етілген күннен кейінгі күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қарсылық жіберуге құқылы.

10. Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау мен қадағалау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы ұсынымды белгіленген мерзімде орындамау бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалау жүргізудің тоқсандық тізіміне енгізу жолымен бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды тағайындауға алып келеді.

11. Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау мен қадағалау жылына бір реттен жиілетпей жүргізіледі.";

9) 20-баптың 8-тармағы алып тасталсын.

61. "Қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектілер иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы" 2004 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., № 16,94-құжат; 2009 ж., № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 9, 44-құжат; 2012 ж., № 13, 91-құжат; 2014 ж., № 7, 37-құжат; № 14, 84-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; 2015 ж., № 8, 45-құжат):

7-баптың 2-тармағы алып тасталсын.

62. "Электр энергетикасы туралы" 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., № 17, 102-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 7, 38-құжат; № 13, 87-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 19, 148-құжат; 2008 ж., № 15-16, 64-құжат; № 24, 129-құжат; 2009 ж., № 13-14, 62-құжат; № 15-16, 74-құжат; № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 5, 43-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 16, 129-құжат; 2012 ж., № 3, 21-құжат; № 12, 85-құжат; № 14, 92-құжат; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 4, 21-құжат; № 14, 75-құжат; № 15, 79-құжат; 2014 ж., № 10, 52-құжат; № 12, 82-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 122-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 11, 57-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 20-VII, 117-құжат; № 21-II, 131-құжат; № 23-I, 169-құжат; 2016 ж., № 6, 45-құжат; № 8-II, 70-құжат; № 24, 124-құжат; 2017 ж., № 14, 54-құжат):

1) 5-баптың 70-22) тармақшасы алып тасталсын;

2) 6-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Электр энергетикасы саласындағы мемлекеттік энергетикалық бақылау Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне және осы Заңға сәйкес тексеру және профилактикалық бақылау нысанында жүзеге асырылады.";

3) 6-1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"6-1-бап. Электр энергетикасы саласындағы бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау

1. Электр энергетикасы саласындағы бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне және осы Заңға сәйкес жүзеге асырылады.

2. Электр энергетикасы саласындағы бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау Қазақстан Республикасы электр энергетикасы кешенінің қауіпсіз, сенімді және тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсатында жүргізіледі.

3. Электр энергетикасы саласындағы бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау:

1) Қазақстан Республикасының электр энергетикасы туралы заңнамасының талаптарына сәйкес электр энергетикасы кәсіпорындары беретін ақпаратты және ай сайынғы есептілікті;

2) өз құзыреті шегінде электр энергетикасы саласындағы бақылау органының сұрау салуы бойынша алынған, Қазақстан Республикасының электр энергетикасы туралы заңнамасын сақтау мәселелері бойынша ақпаратты – оны бұзу туралы ақпарат келіп түскен кезде;

3) электр энергетикасы кәсіпорындары комиссияларының объектілер мен жабдықтардың күзгі-қысқы кезеңдегі жұмысқа әзірлігін бағалау жөніндегі жұмысына қатысу кезінде құжаттамалар мен материалдарды талдау жолымен жүргізіледі.

4. Электр энергетикасы саласындағы бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау Қазақстан Республикасының электр энергетикасы кәсіпорындарына және тұтынушылардың электр қондырғыларына, жылу пайдалану қондырғыларына қатысты жүргізіледі.

5. Электр энергетикасы саласындағы бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша электр энергетикасы саласындағы бақылау субъектісінің әрекеттерінде (әрекетсіздігінде) бұзушылықтар анықталған жағдайда, электр энергетикасы саласындағы бақылау органы бұзушылықтар анықталған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде ұсынымды ресімдейді және жібереді.

6. Ұсыным электр энергетикасы саласындағы бақылау субъектісіне қол қойғызып, жеке өзіне немесе жөнелту және алу фактілері расталатын өзге де тәсілмен табыс етілуге тиіс.

Төменде санамаланған тәсілдердің бірімен жіберілген ұсыным мынадай жағдайларда:

1) қолма-қол – ұсынымға алғаны туралы белгі қойылған күннен бастап;

2) поштамен – тапсырысты хатпен;

3) электрондық тәсілмен – электр энергетикасы саласындағы бақылау органы сұрау салған кезде хатта көрсетілген электр энергетикасы саласындағы бақылау субъектісінің электрондық мекенжайына электр энергетикасы саласындағы бақылау органы жөнелткен күннен бастап табыс етілді деп есептеледі.

7. Электр энергетикасы саласындағы бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы ұсынымды алған электр энергетикасы саласындағы бақылау субъектісі ол табыс

етілген күннен кейінгі күннен бастап он жұмыс күні ішінде электр энергетикасы саласындағы бақылау органына анықталған бұзушылықтарды жою жөніндегі іс-шаралар жоспарын бұзушылықтарды жою туралы ұсынымда көрсетілген, оларды жоюдың нақты мерзімдерін көрсете отырып, ұсынуға міндетті.

Бұзушылықтарды жою туралы ұсынымда көрсетілген мерзімдер өткеннен кейін электр энергетикасы саласындағы бақылау субъектісі электр энергетикасы саласындағы бақылау органына бұзушылықтарды жою туралы ұсынымның орындалуы туралы ақпарат береді.

8. Электр энергетикасы саласындағы бақылау субъектісі ұсынымда көрсетілген бұзушылықтармен келіспеген жағдайда, ұсынымды жіберген электр энергетикасы саласындағы бақылау органына ұсыным табыс етілген күннен кейінгі күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қарсылық жіберуге құқылы.

9. Электр энергетикасы саласындағы бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы ұсынымды белгіленген мерзімде орындамау электр энергетикасы саласындағы бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізудің жартыжылдық тізіміне енгізу жолымен электр энергетикасы саласындағы бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды тағайындауға алып келеді.

10. Электр энергетикасы саласындағы бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау осы баптың 3-тармағында көрсетілген мән-жайлар туындаған кезде жүргізіледі."

63. "Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы" 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., № 18, 105-құжат; 2007 ж., № 9, 67-құжат; № 20, 152-құжат; 2009 ж., № 15-16, 72-құжат; 2010 ж., № 8, 41-құжат; № 22, 130-құжат; № 24, 149, 152-құжаттар; 2011 ж., № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 3, 26-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; № 13, 62-құжат; № 14, 72, 75-құжаттар; 2014 ж., № 3, 21-құжат; № 14, 84-құжат; № 16, 90-құжат; № 19-I, 19-II, 94-құжат; 2015 ж., № 20-VII, 115-құжат; 2017 ж., № 8, 16-құжат):

11-баптың 8-тармағы алып тасталсын.

64. "Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., № 18, 107-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; 2008 ж., № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 1-2, 5-құжат; № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 7-құжаттар; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат;

№ 21, 161-құжат; 2012 ж., № 3, 27-құжат; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; № 12, 57-құжат; № 14, 75-құжат; 2014 ж., № 10, 52-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 20-IV, 113-құжат; 2016 ж., № 6, 45-құжат; 2017 ж., № 12, 34-құжат):

1) 1-баптың 44) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"44) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы мемлекеттік қадағалау – уәкілетті органның, уәкілетті орган ведомствосының және оның аумақтық бөлімшелерінің жеке тұлғалардың Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтауын тексеру және қадағалау жөніндегі қызметі, оны жүзеге асыру барысында және оның нәтижелері бойынша құқық шектеу сипатында, оның ішінде жедел ден қою шаралары қолданылуы мүмкін;"

2) 9-баптың 1-тармағы бірінші бөлігінің 39) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"39) аңшылардың және аңшылық шаруашылығы субъектілерінің қоғамдық бірлестіктері республикалық қауымдастығының аңшылық минимумы бойынша емтихан өткізу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;"

3) 33-1-баптың 3-тармағы бірінші бөлігінің 8) тармақшасы алып тасталсын;

4) 40-баптың 1-тармағының сегізінші бөлігі алып тасталсын;

5) 43-1 және 49-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"43-1-бап. Жануарлар түрлерінің өсімін молайту

Балық ресурстарын және басқа да су жануарларын қоспағанда, жануарлар түрлерінің өсімін молайтуды жеке және заңды тұлғалар биологиялық негіздеме, мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысы және уәкілетті органның рұқсаты негізінде жүзеге асырады.

Балық ресурстарының және басқа да су жануарларының өсімін молайтуды жеке және заңды тұлғалар жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы ғылыми ұйымдардың ұсынымдары негізінде жүзеге асырады.";

"49-бап. Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылау

1. Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылау жоспардан тыс тексеру және профилактикалық бақылау нысанында жүзеге асырылады.

2. Жоспардан тыс тексеру және бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес жүзеге асырылады.

3. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне және осы Заңға сәйкес жүзеге асырылады.

4. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылауды уәкілетті орган, ведомство және оның аумақтық бөлімшелері олардың қызметі

бойынша түрлі ақпарат көздерінен алынған мәліметтерді салыстыру жолымен жүргізеді

5. Аңшылық, балық шаруашылықтарының субъектілері бақылау субъектілері болып табылады.

6. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылаудың мақсаттары бұзушылықтардың дер кезінде жолын кесу және оларға жол бермеу, бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды өзі дербес жою құқығын бақылау субъектілеріне беру және оларға әкімшілік жүктемені азайту болып табылады.

7. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау – бақылау субъектілері ұсынатын есепті, сондай-ақ бақылау субъектісінің қызметі туралы басқа да мәліметтерді талдау жолымен жүргізіледі.

8. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша бақылау субъектісінің әрекеттерінде (әрекетсіздігінде) бұзушылықтар анықталған жағдайда, бұзушылықтар анықталған күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде ұсыным ресімделеді және жіберіледі.

9. Ұсыным бақылау субъектісіне қол қойғызып, жеке өзіне немесе жөнелту және алу фактілері расталатын өзге де тәсілмен табыс етілуге тиіс.

10. Төменде санамаланған тәсілдердің бірімен жіберілген ұсыным мынадай жағдайларда:

1) қолма-қол – ұсынымға алғаны туралы белгі қою күнінен бастап;

2) поштамен – тапсырысты хатпен;

3) электрондық тәсілмен – уәкілетті орган, ведомство немесе оның аумақтық бөлімшесі сұрау салған кезде хатта көрсетілген бақылау субъектісінің электрондық мекенжайына жөнелту күнінен бастап табыс етілді деп есептеледі.

11. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы ұсыным табыс етілген күнінен кейінгі күннен бастап он жұмыс күні ішінде орындалуға тиіс.

12. Бақылау субъектісі ұсынымда көрсетілген бұзушылықтармен келіспеген жағдайда, ұсынымды жіберген уәкілетті органға, ведомствоға немесе оның аумақтық бөлімшесіне ұсыным табыс етілген күннен кейінгі күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қарсылық жіберуге құқылы.

13. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы ұсынымды белгіленген мерзімде орындамау бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізудің жартыжылдық тізіміне енгізу жолымен бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды тағайындауға алып келеді.

14. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау тоқсанына бір реттен жиілетпей жүргізіледі.";

6) 52-бапта:

1-тармақта:

4) тармақша алып тасталсын;

8), 9) және 10) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"8) жеке тұлғалардан жануарлар дүниесі объектілерін аулау құралдарының тыйым салынған түрлерін сот шешім шығарғанға дейін уақытша сақтау үшін алып қоюға;

9) жеке тұлғалардан заңсыз ауланған жануарлар дүниесі объектілерін және олардың тіршілік ету өнімдерін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен алып қоюға;

10) жеке тұлғалардан Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы заңнамасын бұза отырып пайдаланылған атыс қаруын сот шешім шығарғанға дейін уақытша сақтау үшін алып қоюға;"

2-тармақтың 3) және 4) тармақшалары алып тасталсын;

7) 53-баптың 1-тармағының 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы заңнамасының талаптарын бұзушылықты жою туралы нұсқама .";

8) 55-бапта:

2-тармақтың 3) және 5) тармақшалары алып тасталсын;

3-тармақтың 2) тармақшасындағы "жіберуге міндетті." деген сөздер "жіберуге;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 3) және 4) тармақшалармен толықтырылсын:

"3) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласында құқық бұзушылық жасаған жеке тұлғаларды ұстауға және құқық қорғау органдарына жеткізуге;

4) жеке тұлғалардан Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы заңнамасын бұза отырып пайдаланылған атыс қаруын, заңсыз аң аулау мен балық аулаудан алынған өнімді, аулау құралдарының тыйым салынған түрлерін алып қоюға және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен олардың одан әрі тиесілігі туралы мәселені шешуге міндетті."

65. "Техникалық реттеу туралы" 2004 жылғы 9 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., № 21, 124-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 15, 92-құжат; № 24, 148-құжат; 2008 ж., № 15-16, 60-құжат; 2009 ж., № 17, 80-құжат; № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 2, 26-құжат; № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 5, 41-құжат; № 14, 92, 95-құжаттар; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 4, 21-құжат; № 14, 75-құжат; № 15, 81-құжат; № 21-22, 114-құжат; 2014 ж., № 10, 52-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 20-IV, 113-құжат; № 22-V, 156-құжат; 2016 ж., № 6, 45-құжат; № 7-II, 53-құжат, 2017 ж., №11, 29-құжат; № 22-III, 109-құжат; № 23-III, 111-құжат):

1) 1-бап мынадай мазмұндағы 6-1) және 7-1) тармақшалармен толықтырылсын:

"6-1) верификациялау органы – тауар шығарылған жер туралы сертификатты беру негізділігін, онда қамтылған мәліметтердің анықтығын, сондай-ақ тауарларды шығарған елді айқындау өлшемшарттарын өндірушілердің орындауын растауға уәкілеттік берілген мемлекеттік орган;"

"7-1) жеткілікті өңдеу (қайта өңдеу) өлшемшарттары – тауарды шығарған елді айқындау өлшемшарттарының бірі, соған сәйкес тауар, егер оны өндіруге екі және одан көп ел қатысса, аумағында тауарға өзіне тән қасиеттерді беру үшін жеткілікті соңғы елеулі өңдеу (қайта өңдеу) жасалған елден шығарылды деп есептеледі;"

2) 6-баптың 12) тармақшасы алып тасталсын;

3) 7-баптың бірінші бөлігінде:

14) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 14-1) және 26) тармақшалармен толықтырылсын:

"14-1) тауар әкелінетін елдің уәкілетті органдарының сұрау салулары негізінде, тауар шығарылған жер туралы сертификаттарды беру негізділігін, онда қамтылған мәліметтердің анықтығын, сондай-ақ тауарларды шығарған елді айқындау өлшемшарттарын өндірушілердің орындауына тексерулердің жүргізілуін верификациялауды (тексеруді) жүзеге асырады;"

"26) сәйкестікті растау қағидаларын бекітеді.";

4) 16-1-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Сараптама ұйымы, экспортқа және реэкспортқа арналған тауардың шығарылған жері туралы сараптама актілерін қоспағанда, тауарды шығарған елді, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетелдік тауардың мәртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудиторлар жасаған, тауардың шығарылған жері туралы, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетелдік тауардың мәртебесін айқындау туралы сараптама актілерін куәландырады және береді.";

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Тауарды экспорттау кезінде сараптама ұйымы тауар шығарылған жер туралы сараптама актілерін куәландырмайды және бермейді.";

5) 39-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Техникалық реттеу саласындағы мемлекеттік бақылау Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес тексеру және бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау нысанында жүзеге асырылады.".

66. "Қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру туралы" 2005 жылғы 7 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2005 ж., № 3-4, 2-кұжат; 2007 ж., № 8, 52-кұжат; 2009 ж., № 24, 134-кұжат; 2010 ж., № 5, 23-кұжат; 2012 ж., № 13, 91-кұжат; 2014 ж., № 19-I, 19-II, 96-кұжат; № 23, 143-кұжат; 2015

ж., № 8, 45-құжат; № 22-V, 152-құжат; № 22-VI, 159-құжат; 2017 ж., № 4, 7-құжат; № 13, 45-құжат):

17-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Егер сақтандыру шартының қолданылу мерзімі ішінде еңбекке ақы төлеу қоры және (немесе) жұмыскерлердің штат саны өзгерсе, онда тараптардың келісімі бойынша негізгі шарттың қолданылу кезеңіне қосымша келісім жасасу жолымен сақтандыру шартына (сақтандыру сомасы мен сақтандыру сыйлықақысының мөлшері бөлігінде) өзгерістер енгізіледі. Сақтандыру сыйлықақысы еңбекке ақы төлеу қорының өзгерген сомасы және негізгі шарт мерзімі аяқталғанға дейін қалған мерзім негізге алынып есептеледі. Сақтандыру тарифі сақтандыру шарты (негізгі шарт) жасалған тарифтен қалған сақтандыру кезеңіне пропорционалды есептеледі."

67. "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" 2005 жылғы 13 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2005 ж., № 7-8, 18-құжат; 2006 ж., № 15, 92-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 20, 152-құжат; № 24, 178-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; № 24, 122-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; № 14, 75-құжат; № 21-22, 115-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат, № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 20-IV, 113-құжат; № 22-I, 140-құжат; № 22-V, 152, 158-құжаттар; № 23-II, 170-құжат):

1) 37-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"37-бап. Мүгедектерді әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік бақылау

Мүгедектерді әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік бақылауды халықты әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті орган және оның аумақтық бөлімшелері Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес тексеру және бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау нысанында жүзеге асырады.";

2) 38-бап алып тасталсын.

68. "Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 маусымдағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2005 ж., № 11, 38-құжат; 2007 ж., № 3, 20-құжат; 2008 ж., № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 13-14, 63-құжат; 2010 ж., № 15, 71-құжат; 2012 ж., № 1, 6-құжат; № 13, 91-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2014 ж., № 10, 52-құжат; № 21, 122-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 22-I, 140-құжат; № 22-VI, 159-құжат; 2016 ж., № 12, 87-құжат; 2017 ж., № 14, 51-құжат; № 23-III, 111-құжат):

10-баптың бірінші бөлігінің 2) тармақшасындағы "заңды тұлғалар үшін мөрмен (ол болған кезде)" деген сөздер "жеке кәсіпкерлік субъектілерін қоспағанда, заңды тұлғалар үшін мөрмен" деген сөздермен ауыстырылсын.

69. "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (

Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2005 ж., № 13, 52-құжат; 2007 ж., № 5-6, 42-құжат; № 18, 145-құжат; 2008 ж., № 23, 124-құжат; 2009 ж., № 17, 82-құжат; № 24, 129-құжат; 2010 ж., № 1-2, 5-құжат; № 5, 23-құжат; № 15, 71-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 7-құжаттар; № 2, 26-құжат; № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 2, 16-құжат; № 14, 94-құжат; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; № 14, 72, 75-құжаттар; 2014 ж., № 2, 10-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 22, 131-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 11, 52-құжат; № 20-I, 110-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 22-V, 156-құжат; № 22-VII, 161-құжат; № 23-II, 172-құжат; 2016 ж., № 8-I, 65-құжат; № 8-II, 72-құжат; 2017 ж., № 12, 34-құжат):

6-баптың 1-тармағының 20) тармақшасы алып тасталсын.

70. "Міндетті экологиялық сақтандыру туралы" 2005 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2005 ж., № 23, 90-құжат; 2008 ж., № 6-7, 27-құжат; 2009 ж., № 24, 134-құжат; 2012 ж., № 13, 91-құжат; 2014 ж., № 14, 84-құжат; 2015 ж., № 8, 45-құжат):

5-баптың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Шаруашылық және өзге де қызметтің экологиялық қауіпті түрлерінің тізбесін уәкілетті орган айқындайды."

71. "Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы" 2006 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2006 ж., № 16, 96-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; 2008 ж., № 21, 95-құжат; № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 1-2, 5-құжат; № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 5, 43-құжат; № 11, 102-құжат; № 13, 114-құжат; 2012 ж., № 3, 27-құжат; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; № 14, 75-құжат; 2014 ж., № 19-I, 19-II, 96-құжат; 2015 ж., № 23-II, 172-құжат; 2017 ж., № 3, 6-құжат; № 12, 34-құжат; № 23-V, 113-құжат):

1) 1-бапта:

8) тармақша алып тасталсын;

9) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"9) ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды басқару, бақылау, күзету және қорғау функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік орган;"

2) 3-баптың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы мемлекеттік реттеу және бақылау;"

3) 2-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"2-тарау. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы мемлекеттік басқару және бақылау;"

4) 8-баптың бірінші бөлігінің 15) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"15) ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мен мемлекеттік табиғи-қорық қоры объектілерінің жай-күйіне, күзетілуіне, қорғалуына және пайдаланылуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;"

5) 10-баптың 2-тармағының 12) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"12) өздерінің қарауындағы ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мен мемлекеттік табиғи-қорық қоры объектілерінің жай-күйіне, күзетілуіне, қорғалуына және пайдаланылуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;"

6) 11-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"11-бап. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы мемлекеттік бақылау

1. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы мемлекеттік бақылау жеке және заңды тұлғалардың, сондай-ақ мемлекеттік органдардың Қазақстан Республикасының ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы заңнамасын сақтауын қамтамасыз етуге бағытталады және Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес жүзеге асырылады.

2. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мен мемлекеттік табиғи-қорық қоры объектілерінің жай-күйіне, күзетілуіне, қорғалуына және пайдаланылуына мемлекеттік бақылауды уәкілетті орган жүзеге асырады.

3. Мемлекеттік табиғи-қорық қорының объектілерін күзету, қорғау, молықтыру және пайдалану саласындағы экологиялық талаптардың сақталуына мемлекеттік бақылауды қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган жүзеге асырады.";

7) 33-баптың 1-тармағының 3) тармақшасы алып тасталсын.

72. "Ойын бизнесі туралы" 2007 жылғы 12 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 2, 15-құжат; 2009 ж., № 9-10, 48-құжат; № 18, 84-құжат; № 19, 88-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 17-18, 111-құжат; № 22, 132-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат; № 19, 145-құжат; 2012 ж., № 15, 97-құжат; 2014 ж., № 1, 4, 9-құжаттар; № 10, 52-құжат; № 11, 61-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 8, 44-құжат; № 20-IV, 113-құжат; 2017 ж., № 22-III, 109-құжат):

16-1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"16-1-бап. Қазақстан Республикасының ойын бизнесі туралы заңнамасының сақталуына мемлекеттік бақылау

1. Қазақстан Республикасының ойын бизнесі туралы заңнамасының сақталуына мемлекеттік бақылау жоспардан тыс тексеру, бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау, сондай-ақ бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нысанында жүзеге асырылады.

2. Жоспардан тыс тексеру және бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес жүзеге асырылады.

3. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне және осы Заңға сәйкес жүзеге асырылады.

4. Ойын бизнесін ұйымдастырушылар мемлекеттік бақылау субъектілері болып табылады.

5. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылаудың мақсаттары бұзушылықтардың дер кезінде жолын кесу және оларға жол бермеу, бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша уәкілетті орган анықтаған бұзушылықтарды өзі дербес жою құқығын бақылау субъектілеріне беру және оларға әкімшілік жүктемені азайту болып табылады.

6. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау ойын бизнесін ұйымдастырушылар уәкілетті органға ұсынған есептілікті, банктік салым шартын жасаған кезде ашылған банктік шоттар бойынша ақшаның бар-жоғы және қозғалысы туралы анықтамаларды, сұрау салу арқылы уәкілетті ұйымдар мен мемлекеттік органдардан мәліметтерді және түрлі ақпарат көздерінен алынған мәліметтерді салыстыру жолымен жүргізіледі.

7. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша бақылау субъектісінің әрекеттерінде (әрекетсіздігінде) бұзушылықтар анықталған жағдайда, уәкілетті орган бұзушылықтар анықталған күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде ұсынымды ресімдейді және жібереді.

8. Ұсыным бақылау субъектісіне қол қойғызып, жеке өзіне немесе жөнелту және алу фактілері расталатын өзге де тәсілмен табыс етілуге тиіс.

Төменде санамаланған тәсілдердің бірімен жіберілген ұсыным мынадай жағдайларда:

1) қолма-қол – ұсынымға алғаны туралы белгі қойылған күннен бастап;

2) поштамен – тапсырысты хатпен;

3) электрондық тәсілмен – уәкілетті орган сұрау салған кезде хатта көрсетілген бақылау субъектісінің электрондық мекенжайына уәкілетті орган жөнелткен күннен бастап табыс етілді деп есептеледі.

9. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы ұсыным табыс етілген күнінен кейінгі күннен бастап он жұмыс күні ішінде орындалуға тиіс.

10. Бақылау субъектісі ұсынымда көрсетілген бұзушылықтармен келіспеген жағдайда, ұсынымды жіберген уәкілетті органға ұсыным табыс етілген күннен кейінгі күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қарсылық жіберуге құқылы.

11. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы ұсынымды белгіленген мерзімде орындамау бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізудің жартыжылдық тізіміне енгізу жолымен бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды тағайындауға алып келеді.

12. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау тоқсанына бір реттен жиілетпей жүргізіледі."

73. "Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы" 2007 жылғы 28 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 4, 32-құжат; 2008 ж., № 17-18, 72-құжат; № 21, 97-құжат; № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 15, 71-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат; № 14, 117-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 2, 15-құжат; № 13, 91-құжат; № 15, 97-құжат; № 20, 121-құжат; № 23-24, 125-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 61-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 20-IV, 113-құжат; № 21-II, 130-құжат; № 22-VI, 159-құжат; 2016 ж., № 8-II, 68-құжат; № 24, 124-құжат):

19-баптың 3 және 3-1-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Ұйымдар (қаржы ұйымдарынан, микроқаржы ұйымдарынан басқа) жылдық қаржылық есептерін есепті жылдан кейінгі жылдың 30 сәуірінен кешіктірмей ұсынады.

3-1. Қаржы ұйымдары (айрықша қызметі банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау болып табылатын заңды тұлғаларды қоспағанда), микроқаржы ұйымдары жылдық қаржылық есептерін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген мерзімдерде ұсынады."

74. "Мақта саласын дамыту туралы" 2007 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 16, 130-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; № 24, 129-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 15, 71-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 15, 97-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; 2014 ж., № 4-5, 24-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 14, 71-құжат; № 15, 78-құжат; № 20-I, 110-құжат; № 20-IV, 113-құжат; 2016 ж., № 7-II, 55-құжат):

1) 4-баптың б) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"б) сараптама ұйымын айқындау бойынша ашық конкурс өткізу, сондай-ақ оның мақта талшығының сапасына сараптама жүргізу қағидаларын сақтауын бақылау;"

2) 7-бап мынадай мазмұндағы 21-2) тармақшамен толықтырылсын:

"21-2) сараптама ұйымын айқындау бойынша ашық конкурс өткізу қағидаларын әзірлеу және бекіту;"

3) 8-баптың 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"5) мақта өңдеу ұйымдарын тексеру актілерін ресімдеуді қамтитын, мақта өңдеу ұйымдарын лицензиялық бақылау;"

4) 9-бапта:

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Мақта қауіпсіздігі мен сапасы саласындағы мемлекеттік бақылау Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес тексеру және профилактикалық бақылау нысанында жүзеге асырылады;"

5-тармақ алып тасталсын;

5) 29-баптың 1-тармағының 2) тармақшасы алып тасталсын;

6) 32-баптың 3-тармағы екінші бөлігінің 1) тармақшасы алып тасталсын.

75. "Экспорттық бақылау туралы" 2007 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 16, 132-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 15, 71-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 15, 97-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 10, 52-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 118, 122-құжаттар; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 11, 56-құжат; № 20-IV, 113-құжат);

12-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"12-бап. Өнімді тиеп жіберу алдындағы кезеңде және (немесе) оның түпкілікті пайдаланылуын мемлекеттік бақылау

Өнімді тиеп жіберу алдындағы кезеңде және (немесе) оның түпкілікті пайдаланылуын мемлекеттік бақылау Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес тексеру және профилактикалық бақылау нысанында жүзеге асырылады."

76. "Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі туралы" 2007 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 17, 133-құжат; 2009 ж., № 18, 86-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 7-құжаттар; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 2, 16-құжат; 2013 ж., № 14, 75-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 20-IV, 113-құжат; № 22-VII, 161-құжат; 2016 ж., № 8-II, 70-құжат):

6-баптың 2-тармағының бірінші бөлігінде:

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) Қазақстан Республикасының санитариялық-эпидемиологиялық қадағалауға жататын тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі туралы заңнамасында белгіленген талаптардың сақталуына мемлекеттік бақылауды ұйымдастыру, үйлестіру және жүзеге асыру;"

6) және 7) тармақшалар алып тасталсын.

77. "Машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі туралы" 2007 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 17, 137-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 15, 97-құжат; 2014 ж., № 7, 37-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 20-IV, 113-құжат):

1) 6-баптың 4) тармақшасы алып тасталсын;

2) 8-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"8-бап. Машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалау

1. Машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалауды уәкілетті органдар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және өз құзыреті шегінде жүзеге асырады.

2. Машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік бақылау Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес тексеру және профилактикалық бақылау нысанында жүзеге асырылады."

78. "Ойыншықтардың қауіпсіздігі туралы" 2007 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 17, 138-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; 2014 ж., № 19-I, 19-II, 96-құжат; 2015 ж., № 20-IV, 113-құжат):

6-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Ойыншықтардың қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалау Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес тексеру және профилактикалық бақылау нысанында жүзеге асырылады."

79. "Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы" 2007 жылғы 26 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 18, 142-құжат; 2008 ж., № 23, 114-құжат; № 24, 126-құжат; 2009 ж., № 2-3, 16-құжат; № 8, 41-құжат; № 19, 88-құжат; 2010 ж., № 7, 28-құжат; 2011 ж., № 3, 32-құжат; № 5, 43-құжат; № 6, 50-құжат; № 15, 118-құжат; № 16, 129-құжат; 2012 ж., № 8, 64-құжат; № 10, 77-құжат; № 14, 95-құжат; № 20, 121-құжат; 2013 ж., № 1, 3-құжат; № 5-6, 30-құжат; 2014 ж., № 4-5, 24-құжат; № 11, 61-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 122-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 8, 45-құжат; № 16, 79-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 22-II, 145-құжат; № 22-V, 156-құжат; № 22-VI, 159-құжат; 2016 ж., № 6, 45-құжат; 2017 ж., № 4, 7-құжат):

1) 1-бапта:

27) және 28) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"27) тіркеуші орган – жылжымайтын мүліктің орналасқан жері бойынша мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы;

28) уәкілетті орган – жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу және жылжымайтын мүлікті мемлекеттік техникалық зерттеп-қарау саласындағы қызметті мемлекеттік реттеу мен бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган;"

28-1) тармақша алып тасталсын;

2) мынадай мазмұндағы 7-1-баппен толықтырылсын:

"7-1-бап. Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу кепілдігі

1. Мемлекет жылжымайтын мүлікке қатысты тіркелген құқықтар мен шектеулер туралы берілген ақпараттың анықтығына кепілдік береді.

2. Тіркеу тәртібін бұзудан, тіркеу деректерін бұрыс енгізуден, ақпарат беруден, ақпарат мазмұнын бұрмалаудан келтірілген залалдар сот тәртібімен өтелуге жатады.";

3) 10-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"10-бап. Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу және ғимараттарды, құрылысжайларды және (немесе) олардың құрамдастарын мемлекеттік техникалық зерттеп-қарау үшін тіркеуші орган өндіретін және (немесе) өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағалары

Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу және ғимараттарды, құрылысжайларды және (немесе) олардың құрамдастарын мемлекеттік техникалық зерттеп-қарау үшін тіркеуші орган өндіретін және (немесе) өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларын уәкілетті органмен және монополияға қарсы органмен келісу бойынша, орталық мемлекеттік органдар арасынан Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен айқындалатын уәкілетті орган белгілейді.";

4) 18-бапта:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Құқықтық кадастрдың ақпараттық жүйесіне жаңадан құрылған жылжымайтын мүлікке ғимараттардың, құрылысжайлардың және (немесе) олардың құрамдастарының сәйкестендіру мен техникалық мәліметтерін енгізу және ғимараттарды, құрылысжайларды және (немесе) олардың құрамдастарын мемлекеттік техникалық зерттеп-қарау жөніндегі қызмет мемлекеттік монополияға жатқызылады және оны жылжымайтын мүлік объектісінің орналасқан жеріндегі тіркеуші орган жүзеге асырады .";

3-тармақта:

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Жаңадан құрылған жылжымайтын мүлікті мемлекеттік техникалық зерттеп-қарау жүзеге асырылмайды және техникалық паспорт ресімделмейді.";

екінші бөліктегі "Мемлекеттік корпорация" деген сөздер "тіркеуші орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші бөліктегі "Мемлекеттік корпорацияға" деген сөздер "тіркеуші органға" деген сөздермен ауыстырылсын;

5-тармақ алып тасталсын;

5) 18-1-бапта:

1) және 2) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"1) тіркеуші органның қызметіне мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

2) құқықтық кадастрды қолдауға қойылатын талаптарды және құқықтық кадастрға қол жеткізу қағидаларын әзірлейді және бекітеді";

3) тармақша алып тасталсын;

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"4) жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу саласындағы статистикалық және өзге де есептік ақпаратты беру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;"

мынадай мазмұндағы 4-1) тармақшамен толықтырылсын:

"4-1) жылжымайтын мүлік объектілерін мемлекеттік техникалық зерттеп-қарау жөніндегі нұсқаулықты әзірлейді және бекітеді;"

б) мынадай мазмұндағы 18-2 және 18-3-баптармен толықтырылсын:

"18-2-бап. Тіркеуші органның құзыреті

Тіркеуші орган:

1) құқықтық кадастрды қолдауға қойылатын талаптардың және құқықтық кадастрға қол жеткізу қағидаларының сақталуын қамтамасыз етеді;

2) уәкілетті органға қағидаларға сәйкес жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу саласындағы статистикалық және өзге де есептік ақпаратты береді;

3) жеке және (немесе) заңды тұлғалардың осы Заңның 9-бабының 1-тармағында белгіленген мерзімдерді бұзу фактілерін анықтайды және уәкілетті органды бұл жөнінде мемлекеттік тіркеу жүргізілетін кезге дейін хабардар етеді;

4) құқықтық кадастрға мәліметтерді енгізудің анықтығын қамтамасыз етеді;

5) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

18-3-бап. Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу саласындағы тіркеуші органның қызметін мемлекеттік бақылау

1. Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу саласындағы тіркеуші органның қызметіне мемлекеттік бақылауды Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес уәкілетті орган және оның аумақтық бөлімшелері жүзеге асырады.

2. Мемлекеттік бақылау жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу саласындағы тіркеуші орган қызметінің:

1) жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу;

2) құқықтық кадастрды жүргізу;

3) көрсетілетін қызметті алушылардың жылжымайтын мүлікке құқықтарды тіркеу мерзімдерін бұзу фактілерін анықтау және уәкілетті органды бұл жөнінде хабардар ету жөніндегі Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестігі тұрғысынан жүзеге асырылады.

3. Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзушылық анықталған жағдайда, уәкілетті орган және оның аумақтық бөлімшелері тіркеуші органға бұзушылықтарды жою туралы ұсыну жібереді. Бұзушылық белгіленген мерзімде жойылмаған кезде уәкілетті орган және оның аумақтық бөлімшелері анықталған Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзушылықты жоюға мәжбүрлеу туралы талап арызбен сотқа жүгінуге құқылы."

7) 20-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Электрондық тіркеу мынадай тәртіппен жүргізіледі:

1) нотариус мәмілені куәландырғаннан кейін:

құқық белгілейтін құжаттың электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған электрондық көшірмесін бірыңғай нотариаттық ақпараттық жүйе арқылы құқықтық кадастрдың ақпараттық жүйесіне жібереді;

жылжымайтын мүлікті сатып алушыға:

құқық белгілейтін құжаттың бірыңғай нотариаттық ақпараттық жүйеде берілген бірегей нөмірі туралы;

уәкілетті органмен және монополияға қарсы органмен келісу бойынша, орталық мемлекеттік органдар арасынан Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен айқындалатын уәкілетті орган белгілеген жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркегені үшін төленетін ақы сомасы туралы немесе ақы төлеуден босату туралы хабарлайды;

жылжымайтын мүлікті сатып алушы жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркегені үшін ақы төлеуден босатылған жағдайда, жеңілдік құқығын растайтын құжатты сканерлейді;

құқықтық кадастрдың ақпараттық жүйесіне:

мәмілеге қатысушылардың Интернет желісіндегі электрондық мекенжайларына – олар болған кезде;

тұлғаның жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркегені үшін ақы төлеуден босатылғанын растайтын құжаттың электрондық көшірмесін жібереді;

2) құқық иеленуші немесе оның уәкілетті өкілі жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркегені үшін ақы төлеушінің деректерін және құқық белгілейтін құжаттың бірегей нөмірін міндетті түрде көрсете отырып, Қазақстан Республикасының ақпараттандыру туралы заңнамасында көзделген кез келген тәсілмен "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі (бұдан әрі – ЭҮТШ) арқылы мемлекеттік тіркеу үшін соманы төлейді.

Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркегені үшін ақы төленгеннен кейін чектің деректемелері (төлемнің бірегей коды, төлем алушының атауы, екінші деңгейдегі банктің немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның атауы, төлем төлеушінің деректері, оның ішінде оның сәйкестендіру нөмірі, ақы сомасы, ақының төленген күні мен уақыты, құқық белгілейтін құжаттың бірегей нөмірі) электрондық чек түрінде ЭҮТШ-те сақталады және құқықтық кадастрдың ақпараттық жүйесіне жіберіледі;

3) тіркеуші орган:

құқықтық кадастрдың ақпараттық жүйесінде, ал қажет болған кезде ЭҮТШ-те жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркегені үшін ақының төленгенін

растайтын электрондық чектің болуын, төленген ақының толықтығын және электрондық чекте және құқық белгілейтін құжаттың электрондық көшірмесінде көрсетілген құқық белгілейтін құжаттың бірегей нөмірінің сәйкестігін тексереді;

құқықтық кадастрдың ақпараттық жүйесінде жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркегені үшін ақының төленгені немесе ақы төлеуден босатылғаны туралы растау болған жағдайда, осы баптың 1-тармағының 2) және 3) тармақшаларында көзделген әрекеттерді жүзеге асырады;

осы Заңда көзделген негіздер бойынша тіркеу жүргізілгені туралы не мемлекеттік тіркеуден бас тарту немесе оны тоқтата тұру туралы хабарламаны бірыңғай нотариаттық ақпараттық жүйеге, сондай-ақ олар болған кезде мәмілеге қатысушылардың электрондық мекенжайларына жібереді;

тіркеу ісінде сақтау үшін құқық белгілейтін құжатты, тіркеу жүргізілгені туралы не мемлекеттік тіркеуден бас тарту немесе оны тоқтата тұру туралы хабарламаны және жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркегені үшін ақының төленгенін растайтын электрондық чекті қағаз жеткізгіште басып шығарады.";

8) 21-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Мемлекеттік тіркеу үшін өтініш беруші (өтініш берушінің уәкілетті өкілі) өзінің жеке басын куәландыратын құжатты көрсетуге және мынадай құжаттарды:

1) белгіленген үлгідегі мемлекеттік тіркеу туралы өтінішті;

2) тіркеу объектісін растайтын құқық белгілейтін құжатты ұсынуға тиіс. Жер учаскесіне құқықтарды (ауыртпалықтарды) тіркеген жағдайда, жер учаскесіне сәйкестендіру құжаты ұсынылады. Жылжымайтын мүлік кепілі шарттары бойынша құқықтарды (талаптарды) басқаға берген кезде құқықтарды (талаптарды) басқаға беру туралы шарт (активтер мен міндеттемелерді бір мезгілде беру туралы шарт) ұсынылады;

3) жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркегені үшін ақы төлегенін растайтын құжатты ұсынуға тиіс.";

9) 22-баптың 7-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Бір құқық белгілейтін құжат екі немесе одан көп мемлекеттік тіркеу объектісін қамтыған жағдайларда, өтініш беруші өтініште барлық тіркеу объектілерін көрсетуі қажет немесе мүдделі тұлғалар әрбір мемлекеттік тіркеу объектісін тіркеуге жекелеген өтініштер беруге тиіс.

Құқық белгілейтін құжатта бірнеше мемлекеттік тіркеу объектісі болған кезде өтініште біреуі ғана көрсетілетін жағдайларда, тіркеуші орган өтініш берушіге басқа да тіркеу объектілерін мемлекеттік тіркеу және бұл үшін тиісті ақы енгізу қажеттігін көрсетуге құқылы.";

10) 23-бапта:

1-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1-1. Электрондық тіркеу құқықтық кадастрдың ақпараттық жүйесіне жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркегені үшін ақының төленгені немесе ақы төлеуден босатылғаны туралы растау келіп түскен күннен кейінгі бір жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізілуге тиіс.";

мынадай мазмұндағы 1-2-тармақпен толықтырылсын:

"1-2. Осы баптың 1-1 және 2-тармақтарында көзделген жағдайларды қоспағанда, нотариат куәландырмаған мәміленің жылжымайтын мүлікке құқықтарын мемлекеттік тіркеу өтініш тіркеуші органға келіп түскен кезден бастап бір жұмыс күні ішінде жүргізілуге тиіс.";

3-тармақ алып тасталсын;

11) 25-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Құжаттарды қабылдаудан бас тартылған жағдайда, тіркеуге келіп түсетін құжаттарды есепке алу кітабында құжаттарды қабылдау туралы жазба жасалмайды. Өтініш берушінің талабы бойынша тіркеуге құжаттар қабылдауды жүзеге асыратын орган бас тарту себептерін көрсете отырып, хабарлама береді. Мұндай хабарламаның, тіркеу туралы өтініштің және оған қоса берілетін құжаттардың көшірмелері уәкілетті орган айқындаған тәртіппен сақтауға жатады.

Тіркеуге құжаттар қабылдаудан бас тартуға Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шағым жасалуы мүмкін.";

12) 27-баптың 1-тармағының 6) және 7) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"6) жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркегені үшін ақы толық төленбеген кезде;

7) егер құқық белгілейтін құжаттың электрондық көшірмесі келіп түскен кезден бастап үш жұмыс күні ішінде құқықтық кадастрдың ақпараттық жүйесіне жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркегені үшін ақы төленгені туралы немесе тұлғаның ақы төлеуден босатылғаны туралы растау келіп түспесе, тоқтатыла тұрады.";

13) 31-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 1-2) тармақшамен толықтырылсын:

"1-2) құрылыс объектілерінің Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамасының талаптарына сәйкес келмеуі туралы жергілікті атқарушы органдардың сәулет және қала құрылысы, мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау органдарынан түсетін тиісті ақпарат негізінде";

14) 58-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Бастапқы және кейінгі объектілерге бұрын туындаған құқықтарды есептік тіркеуді жүзеге асыру кезінде тіркеуші орган құқық иеленушіден жылжымайтын мүлік объектісіне жаңа техникалық паспорт ұсынуды талап етуге құқылы емес. Қажет болған жағдайда, жүйелі тіркеуді жүргізу кезінде мемлекеттік техникалық зерттеп-қарауды тіркеуші орган өтеусіз жүзеге асырады.".

80. "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 20, 151-құжат; 2008 ж., № 23, 124-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 24, 149-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 2, 21-құжат; № 5, 43-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 16, 128-құжат; № 18, 142-құжат; 2012 ж., № 2, 11-құжат; № 4, 32-құжат; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 2, 7-құжат; № 7, 34-құжат; № 9, 51-құжат; № 14, 72, 75-құжаттар; № 15, 81-құжат; 2014 ж., № 1, 4, 6-құжаттар; № 3, 21-құжат; № 10, 52-құжат; № 14, 84-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 2, 3-құжат; № 10, 50-құжат; № 14, 72-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 21-III, 135-құжат; № 22-I, 140-құжат; № 22-V, 156, 158-құжаттар; № 23-II, 170, 172-құжаттар; 2016 ж., № 8-II, 67-құжат; № 23, 119-құжат; 2017 ж., № 8, 16-құжат; № 9, 17, 18-құжаттар; № 13, 45-құжат; № 14, 50, 53-құжаттар; № 16, 56-құжат; № 22-III, 109-құжат; № 24, 115-құжат):

1) 59-бапта:

4-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4-1. Білім беру ұйымдары жыл сайын білім беру қызметін өзін-өзі бағалауды жүргізеді және өзін-өзі бағалау материалдарын білім беруді басқарудың мемлекеттік органдарына ұсынады.";

5-тармақ алып тасталсын;

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Білім беру жүйесіндегі мемлекеттік бақылау Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес тексерулер және профилактикалық бақылау нысанында жүзеге асырылады.";

2) 65-баптың 5-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, халықаралық оқу орындарының және Қазақстан Республикасының аумағында басқа мемлекеттер немесе олардың заңды және жеке тұлғалары құратын оқу орындарының, олардың филиалдарының білім беру қызметін лицензиялау, сондай-ақ мұндай оқу орындарын бақылау және аккредиттеу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.".

81. "Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы" 2008 жылғы 29 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2008 ж., № 24, 127-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 5, 35-құжат; № 8, 64-құжат; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 14, 72-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 3, 21-құжат; № 19-I, 19-II, 94, 96-құжаттар; 2015 ж., № 10, 50-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 23-II, 170-құжат; 2017 ж., № 8, 16-құжат; № 12, 36-құжат):

1) 4-баптың 2-тармағының б) тармақшасындағы, 8-баптың 4) тармақшасының екінші абзацындағы, 8-1-баптың 4) тармақшасының екінші абзацындағы және 10-баптың б) тармақшасының екінші абзацындағы "Қазақстан Республикасының арнаулы

әлеуметтік қызметтер туралы заңнамасының сақталуына", "Қазақстан Республикасының арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтер туралы заңнамасының сақталуын", "Қазақстан Республикасының арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы заңнамасының сақталуын" деген сөздер тиісінше "арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету саласындағы" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 20-бапта:

тақырыптағы "Қазақстан Республикасының арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы заңнамасының сақталуын" деген сөздер "Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету саласындағы" деген сөздермен ауыстырылсын;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету саласындағы мемлекеттік бақылау Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес тексеру және профилактикалық бақылау нысанында жүзеге асырылады."

82. "Тауар биржалары туралы" 2009 жылғы 4 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2009 ж., № 9-10, 46-құжат; № 18, 84-құжат; № 19, 88-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 10, 77-құжат; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 4, 21-құжат; № 14, 75-құжат; 2014 ж., № 1, 4, 9-құжаттар; № 10, 52-құжат; № 11, 61-құжат; № 16, 90-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 19-I, 101-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 22-III, 149-құжат; 2016 ж., № 7-II, 55-құжат; № 24, 126-құжат):

1) 4-бапта:

3-3) тармақша алып тасталсын;

3-4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3-4) кепілдік беру және сақтандыру қорларын қалыптастыру және пайдалану қағидаларын әзірлейді және бекітеді;"

2) 4-1 және 4-2-баптар алып тасталсын;

3) 11-баптың 1-тармағы алып тасталсын;

4) 13-2-баптың 2-тармағының 4) тармақшасындағы "орналастыруға;" деген сөз "орналастыруға міндетті." деген сөздермен ауыстырылып, 5) тармақшасы алып тасталсын;

5) 24-баптың 3-тармағында:

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"4) мемлекеттік және жеке сот орындаушыларына: әділет органының мөрімен немесе жеке сот орындаушысының мөрімен куәландырылған және сот санкция берген сот орындаушысының қаулысы негізінде өздерінің іс жүргізуіндегі атқарушылық іс жүргізу істері бойынша;"

б) тармақшадағы "тәртіппен берілуге тиіс." деген сөздер "тәртіппен;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 7) тармақшамен толықтырылсын:

"7) монополияға қарсы органға: Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінде көзделген мақсаттарда және тәртіппен ұсынылуға тиіс.";

б) 25-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"25-бап. Қазақстан Республикасының тауар биржалары туралы заңнамасының сақталуын мемлекеттік бақылау

Қазақстан Республикасының тауар биржалары туралы заңнамасының сақталуын мемлекеттік бақылау Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес тексеру және профилактикалық бақылау нысанында жүзеге асырылады."

83. "Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" 2009 жылғы 28 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2009 ж., № 19, 87-құжат; 2010 ж., № 7, 32-құжат; 2011 ж., № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 10, 77-құжат; № 13, 91-құжат; 2013 ж., № 10-11, 56-құжат; 2014 ж., № 11, 61-құжат; № 14, 84-құжат; № 21, 118, 122-құжаттар; 2015 ж., № 16, 79-құжат; № 22-I, 140-құжат; 2016 ж., № 7-II, 55-құжат; № 12, 87-құжат; № 23, 118-құжат; 2017 ж., № 4, 7-құжат; № 23-III, 111-құжат):

1) 5-бапта:

3-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3-1. Осы бапта көзделген шаралар мынадай жағдайларда:

"1) мынадай біржолғы операцияларды жүргізу кезінде:

электрондық ақшаның сәйкестендірілмеген иелері – жеке тұлғалар "Төлемдер және төлем жүйелері туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 44-бабының 4-тармағында көзделген сомадан аспайтын электрондық ақшаны сатып алу және пайдалану жөніндегі операцияларды жүзеге асырған кезде;

клиент – жеке тұлға қолма-қол ақшаны қабылдауға арналған жабдық (құрылғы) арқылы жеке тұлғаның банктің шотына ақшаны есепке жатқызу не көрсетілетін қызметті берушінің пайдасына төлемді жүргізу жөніндегі операцияны жүзеге асырған кезде, егер мұндай операцияның сомасы 500000 теңгеден не 500000 теңгеге баламалы шетел валютасындағы сомадан аспаса;

клиент күдікті операция жасаған жағдайларды қоспағанда, клиент банктік шотты пайдаланбай, қолма-қол ақшасыз төлемді немесе ақша аударымын жүзеге асырған кезде, егер мұндай төлемнің немесе ақша аударымының сомасы 500000 теңгеден не 500000 теңгеге баламалы шетел валютасындағы сомадан аспаса;

клиент күдікті операция жасаған жағдайларды қоспағанда, клиент – жеке тұлға айырбастау пунктінде қолма-қол шетел валютасын сатып алу, сату немесе айырбастау жөніндегі операцияны жүзеге асырған кезде, егер мұндай операцияның сомасы 500000 теңгеден не 500000 теңгеге баламалы шетел валютасындағы сомадан аспаса;

клиент – жеке тұлға осындай клиенттің банктік шотына қол жеткізу құралы болып табылмайтын төлем карточкасын пайдалана отырып, операцияны жүзеге асырған кезде

, егер мұндай операцияның сомасы 200000 теңгеден не 200000 теңгеге баламалы шетел валютасындағы сомадан аспаса;

клиент – жеке тұлға қолма-қол ақшаны қабылдауға арналған жабдық (құрылғы) арқылы мемлекеттік органдардың пайдасына атқарушылық іс жүргізу шеңберінде берешекті төлеу жөніндегі операцияны жүзеге асырған кезде;

2) клиент күдікті операция жасаған жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік бағалы қағаздар сатып алу мақсаттары үшін жеке тұлғаларға бағалы қағаздардың орталық депозитарий жүйесінде шот ашу кезінде, егер мемлекеттік бағалы қағаздармен жасалатын операцияның сомасы 500000 теңгеден не 500000 теңгеге баламалы шетел валютасындағы сомадан аспаса, қолданылмайды.";

мынадай мазмұндағы 3-2-тармақпен толықтырылсын:

"3-2. Осы Заңның 3-бабы 1-тармағының 1) – 5), 11) және 12) тармақшаларында аталған қаржы мониторингі субъектілері:

1) клиент салықтарды, өсімпұлдарды, айыппұлдарды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді, сондай-ақ міндетті сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру сыйлықақыларын төлеу жөніндегі операцияларды жүзеге асырған;

2) клиенттің банктік шотына ақшаны есепке жатқызған жағдайларда, клиентпен қашықтықтан орнатылған іскерлік қатынастар шеңберінде, трансшекаралық төлемдерді қоспағанда, осы баптың 3-тармағы бірінші бөлігінің б) тармақшасында көзделген, клиентті (оның өкілін), бенефициарлық меншік иесін сәйкестендіру үшін қажетті мәліметтердің анықтығын тексеру жөніндегі шараларды қолданбай, операциялар жасауға құқылы.";

9-тармақ "11)" деген цифрлардан кейін "және 12)" деген сөздермен толықтырылсын ;

2) 13-бапта:

1-тармақта:

екінші бөліктегі "б) тармақшасында" деген сөздер "1), 2), 2-1), 4) және б) тармақшаларында" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Қаржы мониторингі субъектілері клиент іскерлік қатынастарды қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) немесе терроризмді қаржыландыру мақсатында пайдаланатыны туралы күдік болған жағдайда, ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операциялар жүргізуден, сондай-ақ клиентпен іскерлік қатынастар орнатудан бас тартуға және (немесе) іскерлік қатынастарды тоқтатуға құқылы.";

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Қаржы мониторингі субъектісі уәкілетті орган күдікті операцияны тоқтата тұру туралы не күдікті операцияны тоқтата тұрудың қажеттігі жоқ екендігі туралы шешім шығарғанға дейін осы баптың 2-тармағының бірінші бөлігіне сәйкес хабар берілген ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операцияларды жүргізбейді.

Қаржы мониторингі субъектісі ақпарат хабарланған кезден бастап жиырма төрт сағат ішінде уәкілетті органның күдікті операцияны тоқтата тұру туралы не осындай операцияны тоқтата тұрудың қажеттігі жоқ екендігі туралы шешімін алмаған жағдайда, егер осы операцияны жүргізуге кедергі келтіретін, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген өзге негіздер болмаса, операция жүргізілуге тиіс."

84. "Мемлекеттік статистика туралы" 2010 жылғы 19 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2010 ж., № 5, 22-құжат; № 15, 71-құжат; 2011 ж., № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 14, 95-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 14, 72, 75-құжаттар; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 19-I, 19-II, 94, 96-құжаттар; 2015 ж., № 11, 52-құжат; № 20-IV, 113-құжат; 2017 ж., № 22-III, 109-құжат):

- 1) 12-баптың 24-1) тармақшасы алып тасталсын;
- 2) 12-1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"12-1-бап. Мемлекеттік статистика саласындағы әкімшілік дереккөздерге қатысты мемлекеттік бақылау

1. Мемлекеттік статистика саласындағы әкімшілік дереккөздерге қатысты мемлекеттік бақылау әкімшілік дереккөздерге бармай және бару арқылы профилактикалық бақылау нысанында жүзеге асырылады.

2. Әкімшілік дереккөздерге бару арқылы профилактикалық бақылау Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес жүзеге асырылады.

Әкімшілік дереккөздерге бармай профилактикалық бақылау Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне және осы Заңға сәйкес жүзеге асырылады.

3. Әкімшілік дереккөздерге қатысты мемлекеттік бақылау:

- 1) әкімшілік деректерді жинауға арналған келісілмеген нысандарды;
- 2) көрсеткіштерді есептеудің келісілмеген әдістемелерін;
- 3) әкімшілік дереккөздер ұсынған әкімшілік деректердің анықтығын;
- 4) шаруашылық бойынша есепке алу деректерінің анықтығын айқындау мақсатында жүргізіледі.

4. Шаруашылық бойынша есепке алу деректерінің анықтығын нақтылауды жүргізу уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен жүзеге асырылады.

5. Әкімшілік дереккөздерге бармай профилактикалық бақылауды уәкілетті орган және (немесе) оның аумақтық органдары ресми дереккөздерден уәкілетті орган алған деректерді мониторингтеу, талдау және салыстыру жолымен жүргізеді.

6. Әкімшілік дереккөздерге бару арқылы профилактикалық бақылауды:

1) орталық мемлекеттік органдар, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі және өзге де мемлекеттік органдар бойынша – уәкілетті орган;

2) жергілікті атқарушы органдар және кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдері бойынша – уәкілетті органның аумақтық органдары жүзеге асырады.

7. Әкімшілік дереккөздерге бармай профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша олардың әрекеттерінде (әрекетсіздігінде) бұзушылықтар анықталған жағдайда:

1) орталық мемлекеттік органдар, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі және өзге де мемлекеттік органдар бойынша – бұзушылықтар анықталған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде;

2) жергілікті атқарушы органдар және кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдері бойынша бұзушылықтар анықталған күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қорытынды ресімделеді және жіберіледі.

8. Қорытынды әкімшілік дереккөзге қол қойғызып, жеке өзіне табыс етіледі немесе оның табыс етілгені туралы хабарламасы бар тапсырысты хатпен немесе ресми дереккөздерден (әкімшілік дереккөздің ресми интернет-ресурсынан) алынған электрондық мекенжай бойынша не алғанын тіркеуді қамтамасыз ететін өзге де байланыс құралдары пайдаланыла отырып жіберіледі.

9. Әкімшілік дереккөзге бармай профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы қорытынды ол табыс етілген (алынған) күннен кейінгі күннен бастап он жұмыс күні ішінде орындалады.

10. Әкімшілік дереккөз қорытындыда көрсетілген бұзушылықтармен келіспеген жағдайда, қорытындыны жіберген уәкілетті органға және (немесе) аумақтық органға қорытынды табыс етілген (алынған) күннен кейінгі күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қарсылық жіберуге құқылы.

Әкімшілік дереккөзге бармай профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы қорытындыны белгіленген мерзімде орындамау әкімшілік дереккөзге бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізудің тізіміне енгізу арқылы әкімшілік дереккөзге бару арқылы профилактикалық бақылауды тағайындауға алып келеді.";

3) мынадай мазмұндағы 12-2-баппен толықтырылсын:

"12-2-бап. Респонденттерге қатысты мемлекеттік статистика саласындағы мемлекеттік бақылау

1. Респонденттерге қатысты мемлекеттік статистика саласындағы мемлекеттік бақылау респонденттерге бармай профилактикалық бақылау нысанында жүзеге асырылады.

2. Респонденттерге бармай профилактикалық бақылау респонденттердің алғашқы статистикалық деректерді ұсыну графигінде көрсетілген мерзімдерде респонденттердің бастапқы статистикалық деректерді ұсынбағанын, сондай-ақ анық емес алғашқы статистикалық деректерді ұсынғанын анықтау түрінде жүзеге асырылады.

3. Респонденттерге бармай профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша бұзушылықтар анықталған жағдайда қорытынды ресімделеді, ол бұзушылықтар анықталған күннен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде респондентке жіберіледі.

4. Қорытынды респондентке қол қойғызып, жеке өзіне табыс етіледі немесе оның табыс етілгені туралы хабарламасы бар тапсырысты хатпен, ұялы байланыстың абоненттік нөмірі бойынша немесе ресми дереккөздерден алынған электрондық мекенжай бойынша мәтіндік хабармен не алғанын тіркеуді қамтамасыз ететін өзге де байланыс құралдары пайдаланыла отырып жіберіледі.

5. Респондентке арналған қорытынды респонденттің тіркелген жеріне жіберіледі.

6. Қорытынды:

1) қорытындыны алғаны туралы респонденттің қолтаңбасы болған;

2) қорытынды респонденттің (жеке тұлғаның) жеке өзіне немесе онымен бірге тұратын кәмелеттік жастағы отбасы мүшелерінің біріне табыс етілетін тапсырысты хатпен, жөнелтушіге қайтарылуға жататын хабарламаға қол қойғызып табыс етілген жағдайларда, тиісті түрде жеткізілді деп танылады.

Заңды тұлғаға арналған қорытынды басшыға не оның уәкілетті адамына табыс етіледі, ол табыс етілгені туралы хабарламаға өзінің тегін, инициалдарын және лауазымын көрсете отырып, қорытындыны алғаны жөнінде қол қояды;

3) қорытынды респонденттің тіркелген мекенжайы бойынша тапсырысты хатпен жіберілген, бірақ көрсетілген мекенжай бойынша респонденттің болмауы (тұрмайтыны, болмайтыны) себепті табыс етілмеген;

4) қорытынды респондент немесе оның өкілі қол қойған, бұрын ұсынылған статистикалық нысанда респондент көрсеткен ұялы байланыстың абоненттік нөмірі немесе электрондық мекенжай бойынша мәтіндік хабар түрінде жіберілген жағдайларда, тиісті түрде жеткізілді деп танылады.

7. Респондент қорытындыны қабылдаудан бас тартқан кезде, оны жеткізген немесе табыс еткен адам хабарламаға тиісті белгі қойып, оны органға (лауазымды адамға) қайтарады.

8. Респонденттің қорытындыны қабылдаудан бас тартуы одан әрі процестік әрекеттерді жасауға кедергі болып табылмайды.

9. Респондентке бармай профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы қорытынды табыс етілген күннен кейінгі күннен бастап екі жұмыс күні ішінде орындалуға тиіс.

10. Респондент қорытындыда көрсетілген бұзушылықтармен келіспеген жағдайда, қорытындыны жіберген уәкілетті органға немесе Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне қорытынды табыс етілген күннен кейінгі күннен бастап екі жұмыс күні ішінде уәкілетті органға немесе Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне қарсылықты жеткізе отырып жіберуге құқылы.

11. Респондентке бармай профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы қорытындыны белгіленген мерзімде орындамау уәкілетті органға немесе Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне әкімшілік іс жүргізуді қозғау құқығын береді.

12. Респондентке бармай профилактикалық бақылау статистикалық нысанда белгіленген мерзімдерде жүргізіледі."

85. "Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы" 2010 жылғы 2 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2010 ж., № 7, 27-құжат; № 24, 145-құжат; 2011 ж., № 1, 3-құжат; № 5, 43-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 6, 43-құжат; № 8, 64-құжат; № 13, 91-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 2, 10-құжат; № 9, 51-құжат; № 10-11, 56-құжат; № 15, 76-құжат; 2014 ж., № 1, 9-құжат; № 4-5, 24-құжат; № 6, 27-құжат; № 10, 52-құжат; № 14, 84-құжат; № 16, 90-құжат; № 19-I, 19-II, 94, 96-құжаттар; № 21, 122-құжат; № 22, 131-құжат; № 23, 143-құжат; № 24, 144-құжат; 2015 ж., № 8, 42-құжат; № 19-II, 106-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 20-VII, 115-құжат; № 21-I, 128-құжат; № 21-III, 136-құжат; № 22-I, 143-құжат; № 22-VI, 159-құжат; № 23-II, 170-құжат; 2016 ж., № 7-II, 55-құжат; № 12, 87-құжат; 2017 ж., № 4, 7-құжат; № 16, 56-құжат; № 21, 98-құжат; № 22-III, 109-құжат):

1) 33-бапта:

4-тармақ 4) тармақшадағы "берген жағдайларда жүргізіледі." деген сөздер "берген;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын:

"5) басшы заңды тұлғаның жалғыз құрылтайшысы (қатысушысы) болып табылатын жағдайларды қоспағанда, борышкер болып табылатын заңды тұлғаның басшысы ауысқан жағдайларда жүргізіледі.";

мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

"5. Сот орындаушысының осы баптың 4-тармағының 2), 4) және 5) тармақшаларында белгіленген жағдайларда борышкер болып табылатын жеке тұлғаның, заңды тұлға басшысының (міндетін атқарушының) Қазақстан Республикасынан шығуына уақытша шектеуді алып тастауы үш жұмыс күні ішінде жүргізіледі.";

2) 34-бап мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Сот орындаушысы атқарушылық құжат талаптары орындалған немесе лицензияларды, рұқсаттар мен арнайы құқықтарды беру және олардың қолданылуы саласындағы уақытша шектеудің күшін жоюға негіздер туындаған күннен кейінгі күннен кешіктірмей осы шектеуді алып тастау туралы қаулы шығарады. Көрсетілген қаулының көшірмелері борышкерге, өндіріп алушыға және орындау үшін тиісті уәкілетті органдарға дереу жіберіледі.";

3) 37-баптың 4-тармағының бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Сот орындаушысы заңда белгіленген талаптарға сәйкес келетін атқарушылық құжат өзіне келіп түскеннен кейін үш жұмыс күнінен кешіктірмей атқарушылық іс жүргізуді қозғайды, бұл жөнінде қаулы шығарады, оны борышкерге жібереді.";

4) 52-баптың 4-тармағының 1) және 2) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"1) мемлекеттік сот орындаушысы атқарушылық құжатты аумаққа жатқызылуына қарай басқа мемлекеттік сот орындаушысына борышкердің жаңа тұрғылықты жері немесе нақты тұратын жері бойынша, оның жаңа жұмыс орны, борышкер заңды тұлғаның жаңа орналасқан жері бойынша жіберу туралы қаулыны дереу шығарады, бұл жөнінде өндіріп алушыға хабарлайды.

Атқарушылық құжат және атқарушылық іс жүргізу материалдары атқарушылық іс жүргізудің мемлекеттік автоматтандырылған ақпараттық жүйесі арқылы жіберіледі, бұл ретте атқарушылық құжат және атқарушылық іс жүргізудің барлық материалдарының көшірмелері қаулы шығарылған кезден бастап үш жұмыс күнінен кешіктірілмей қағаз жеткізгіште жіберіледі.

Атқарушылық құжаттың көшірмесі атқарушылық іс жүргізуде қалады.

Электрондық нысанда келіп түскен атқарушылық құжат және атқарушылық іс жүргізу материалдары атқарушылық іс жүргізудің мемлекеттік автоматтандырылған ақпараттық жүйесі арқылы ғана жіберіледі;

2) жеке сот орындаушысы атқарушылық құжатты өндіріп алушыға қайтаруға не онымен келісу бойынша атқарушылық әрекеттерді борышкердің жылжымайтын мүлкін ол тіркелген жер бойынша және (немесе) өзге де мүлкін ол орналасқан жер бойынша өткізу үшін өзінің атқару округінен тыс жерге шыға отырып, жасауға немесе тиісті атқару округінің жеке сот орындаушысымен келісу бойынша оған белгілі бір атқарушылық әрекеттер жасауды тапсыруға құқылы.

Тапсырма осы Заңның 10-бабына сәйкес жеке сот орындаушысының қаулысымен ресімделеді.";

5) 55-бапта:

4-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Мүлік заттай берілген жағдайда, талап қоюды қамтамасыз ету мақсатында сот салған ауыртпалықтарды қоспағанда, беруді жүзеге асыратын сот орындаушысы, атқарушылық құжаттың орындалу барысында осындай мүлікке салынған барлық ауыртпалықтардың, сондай-ақ басқа да сот орындаушылары салған ауыртпалықтардың күшін жояды.";

8-тармақ "орындаушысы" деген сөзден кейін ", борышкердің жалақысына және борышкер кірістерінің өзге де түрлеріне өндіріп алуды қолдануды қоспағанда," деген сөздермен толықтырылсын;

6) 62-баптың 3-тармағы мынадай мазмұндағы бесінші бөлікпен толықтырылсын:

"Бұл ретте сот орындаушыларының ақшаға және басқа да мүлікке тыйым салуды қолдану туралы сот санкциялаған қаулылары банктерге немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға қағаз жеткізгіште немесе атқарушылық іс жүргізудің мемлекеттік автоматтандырылған ақпараттық жүйесі арқылы электрондық нысанда жіберілуі мүмкін.";

7) 63-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Сот орындаушысы мүліктің борышкерге тиесілі екеніне көз жеткізіп, мүлікті тізімдемеге енгізеді, өндіріп алудың мөлшеріне қарай бүкіл мүлікке немесе оның бір бөлігіне тыйым салуды қолданады және тыйым салуды қолдану туралы қаулыны мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын тиісті органдарға қағаз жеткізгіште немесе атқарушылық іс жүргізудің мемлекеттік автоматтандырылған ақпараттық жүйесі арқылы электрондық нысанда жібереді.

Бұл ретте жылжымайтын мүлікке қатысты тізімдеме жүргізілмейді.";

8) 74-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Борышкер сот орындаушысы мүлікке тыйым салуды қолданғаннан және бағалау жүргізгеннен кейін және мүлік алып қойылғанға немесе өткізілгенге дейін сот орындаушысының жазбаша рұқсатымен және ол белгілеген мерзімде тыйым салынған мүлікті бағалау құнынан төмен болмайтын құн бойынша өткізуге құқылы.

Борышкердің мүлікті өткізуге рұқсат алуы мүлікті өткізу жөніндегі рәсімдерді тоқтата тұруға негіз болып табылмайды.

Борышкер мен сатып алушы сатып алу-сату шартына қол қойғаннан кейін және сатып алушы мүліктің бүкіл сатып алу құнын аумақтық органның қолма-қол ақшаны бақылау шотына немесе жеке сот орындаушысының ағымдағы шотына енгізгеннен кейін талап қоюды қамтамасыз ету мақсатында мүлікті өткізген сот орындаушысы сот салған ауыртпалықтарды қоспағанда, атқарушылық құжаттың орындалу барысында мүлікке салынған барлық ауыртпалықтардың, оның ішінде басқа да сот орындаушылары салған ауыртпалықтардың күшін жояды.

Борышкердің мүлкін Қазақстан Республикасының салық заңнамасында айқындалған тәртіппен мемлекеттік кіріс органы өткізген жағдайда, "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінде (Салық кодексі) белгіленген, борышкердің мүлкі есебінен талаптарды қанағаттандыру кезектілігі сақталған жағдайда, мемлекеттік кіріс органы мүліктің өткізілгенін және оны өткізуден түскен ақшаны бөлу тәртібін растайтын құжаттарды қоса бере отырып, өтініш жасаған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей сот орындаушысы атқарушылық құжаттың орындалу барысында мүлікке салынған барлық ауыртпалықтарды алып тастайды.";

9) 85-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Атқарушылық іс жүргізу шеңберінде тыйым салынған мүлікті электрондық аукцион өткізу арқылы өткізу рәсімі екі реттен артық өткізілмейді. Мүлік электрондық аукцион өткізу арқылы өткізілмеген және өндіріп алушы мүлікті өзіне қалдырудан бас тартқан жағдайда, мүлікке өндіріп алуды қолдану тоқтатылады және борышкердің өзге мүлкіне өндіріп алуды қолдану жөнінде одан әрі шаралар қолданылады. Бұл ретте мұндай мүліктен тыйым салу осы Заңның 47-бабында көзделген негіздер бойынша атқарушылық іс жүргізу тоқтатылғаннан кейін ғана алып тасталады.";

10) 119-баптың 4-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Аванстық жарнаның мөлшері он бес айлық есептік көрсеткіштен аспауға тиіс."

86. "Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы" 2010 жылғы 4 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2010 ж., № 9, 43-құжат; 2011 ж., № 11, 102-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 21, 122-құжат; № 22, 128-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 20- IV, 113-құжат; № 22-VII, 161-құжат; 2016 ж., № 7-II, 55-құжат; № 8-II, 70-құжат):

- 1) 4-баптың 1-1) және 1-2) тармақшалары алып тасталсын;
- 2) 5-баптың 9) және 11) тармақшалары алып тасталсын;
- 3) 6-1-бап алып тасталсын;
- 4) 8-1-баптың 2-тармағының 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) туристік қызмет көрсетуге арналған шарттарды және қайтарылмайтын тарифтер бойынша авиабилеттер сатып алу шарттарын қоспағанда, тұтынушы шарт бойынша міндеттемелерін орындамаған жағдайда, оның мөлшерлес емес үлкен (тауар, көрсетілетін қызмет, жұмыс құнының отыз пайызынан астам) соманы төлеуі жөнінде талап белгілеу;"

87. ҚР 24.05.2018 № 156-VI Заңына сәйкес 29.06.2018 дейін қолданыста болды.

88. "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" 2010 жылғы 15 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2010 ж., № 17-18, 113-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 5, 43-құжат; № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 8, 64-құжат; № 14, 95-құжат; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 14, 72-құжат; № 16, 83-құжат; 2014 ж., № 7, 37-құжат; № 10, 52-құжат; № 16, 90-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 19-I, 100-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 23-II, 170, 172-құжаттар; 2016 ж., № 8-I, 65-құжат; № 24, 124-құжат; 2017 ж., № 9, 22-құжат; № 11, 29-құжат; № 14, 51-құжат; № 16, 56-құжат; № 22-III, 109-құжат):

1) 14-баптың 1-тармағының 7), 8), 25-1), 25-2), 25-3), 41-65), 41-66) және 41-67) тармақшалары алып тасталсын;

2) 15-бапта:

10) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"10) Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану тәртібін бұзушылықтарды есепке алуды жүргізеді;"

мынадай мазмұндағы 29-1) тармақшамен толықтырылсын:

29-1) "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 3-бабы 2-тармағының 7) тармақшасында көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген рұқсаттарды береді;"

3) мынадай мазмұндағы 15-1 және 15-2-баптармен толықтырылсын:

"15-1-бап. Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органның табиғи монополиялар саласындағы құзыреті

Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган өз құзыреті шегінде:

1) "Табиғи монополиялар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін бақылауды және реттеуді жүзеге асырады;

2) табиғи монополияларды реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру жөнінде ұсыныстар әзірлейді және оларды табиғи монополиялар салаларында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органның қарауына енгізеді;

3) әуежайлар мен аэронавигация көрсететін қызметтер саласындағы табиғи монополиялар салаларын осы салалар шеңберінде табиғи монополиялар субъектілері ұсынатын көрсетілетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) реттелетіндерге жатқызу тұрғысынан талдауды жүзеге асырады және жүргізілген талдау қорытындылары бойынша табиғи монополиялар салаларында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті орган бекітетін реттеліп көрсетілетін қызметтер (тауарлар, жұмыстар) тізбесіне өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу қажеттігі туралы қорытынды енгізеді;

4) табиғи монополиялар салаларында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органның қарауына халықаралық қаржы ұйымдарының қарыздарын тартатын әуежайлар мен аэронавигация көрсететін қызметтер саласындағы табиғи монополиялар субъектілерінің тізбесіне енгізу туралы ұсыныстар енгізеді;

5) әуежайлар мен аэронавигация көрсететін қызметтер саласындағы табиғи монополиялар салаларында қызметін жүзеге асыратын субъектілерді табиғи монополиялар субъектілерінің мемлекеттік тіркеліміне енгізу не одан алып тастау қажеттігі туралы қорытындыны жасайды және мұндай қорытындыны табиғи монополиялар салаларында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органның қарауына енгізеді;

6) сараптама кеңесін құрады және ол туралы ережені бекітеді;

7) табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) арналған тарифтер (бағалар, алымдар мөлшерлемелерін) немесе олардың шекті деңгейлерін есептеудің кемсітпейтін әдістемелерін әзірлейді, бекітеді және қолданады;

8) табиғи монополиялар субъектілерінің инвестициялық бағдарламаларды (жобаларды) орындау туралы ақпаратына талдау жүргізеді;

9) мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасының тұжырымдамасын, концессиялық ұсынысты, мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасының, оның ішінде концессиялық жобаның техникалық-экономикалық негіздемесін, мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасының, оның ішінде концессия жобасының конкурстық құжаттамасын, мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартының, оның ішінде концессия шартының жобаларын, сондай-ақ табиғи монополиялар саласына жатқызылатын тауарларға, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерге арналған тарифтерді (бағаларды, алымдар

мөлшерлемелерін) қалыптастыру және бекіту тәртібі бөлігінде оларға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізуді келіседі;

10) табиғи монополиялар субъектілерінің тұтынушыларға қызметтер көрсету стандарттарын әзірлейді және бекітеді;

11) табиғи монополиялар субъектілерінің инвестициялық бағдарламаларының жобаларын (жобаларды) қалыптастыру және бағалау әдістемесін әзірлейді және бекітеді, сондай-ақ оларды іске асыру тиімділігінің көрсеткіштеріне мониторинг пен бағалауды жүргізеді;

12) табиғи монополиялардың тиісті салаларын тарифтік реттеу әдісін белгілейді;

13) әуежайлар мен аэронавигация көрсететін қызметтер саласындағы табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне арналған (тауарларына, жұмыстарына) тарифтерге (бағаларға, алымдар мөлшерлемелеріне) уақытша төмендету коэффициентінің деңгейін есептеу әдістемесін әзірлейді және бекітеді;

14) тиісті ішкі нарықты талдау негізінде мұндай нарықтың табиғи монополия жағдайында тұрғандығы анықталған жағдайларда реттеуді енгізеді;

15) азаматтық авиация саласындағы кемсітусіз қол жеткізудің техникалық шарттарын айқындайды;

16) әуежайлар мен аэронавигация көрсететін қызметтер саласындағы табиғи монополиялар субъектілеріне Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген жағдайларда әуежайлар мен аэронавигация көрсететін қызметтер саласындағы табиғи монополиялар субъектілерінің көрсететін қызметтеріне тұтынушылармен шарттар жасасу, жасалған шарттарға өзгерістер енгізу туралы орындалуы міндетті нұсқамалар енгізеді;

17) әуежайлар мен аэронавигация көрсететін қызметтер саласындағы табиғи монополиялар субъектілері, мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңнамасын бұзған жағдайларда оларға орындалуы міндетті нұсқамалар, оның ішінде әуежайлар мен аэронавигация көрсететін қызметтер саласындағы табиғи монополиялар субъектілерін қайта ұйымдастыру және (немесе) мүлікті иеліктен шығару туралы нұсқамалар енгізеді;

18) табиғи монополиялар салаларында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті орган айқындаған тәртіппен әуежайлар мен аэронавигация көрсететін қызметтер саласындағы табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) арналған тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) немесе олардың шекті деңгейлерін және тарифтік сметаларын өзгертуге бастамашылық жасайды;

19) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді жария етуге қойылатын талаптарды сақтай отырып, жеке және заңды тұлғалардан, оның ішінде мемлекеттік органдардан, жергілікті өзін-өзі басқару органдарынан, сондай-ақ

олардың лауазымды адамдарынан өз өкілеттіктерін жүзеге асыруға қажетті ақпаратты сұратады және алады;

20) "Табиғи монополиялар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-1-бабы 1-тармағының талаптарын ескере отырып, әуежайлар мен аэронавигация көрсететін қызметтер саласындағы табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) арналған тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) төмендетуге бастамашылық жасайды;

21) тағайындалатын оңалтушы басқарушының кандидатурасын және әуежайлар мен аэронавигация көрсететін қызметтер саласындағы табиғи монополия субъектісін оңалту жоспарын келіседі;

22) өз құзыреті шегінде белгіленген сапаға қойылатын талаптарды ескере отырып, әуежайлар мен аэронавигация көрсететін қызметтер саласындағы табиғи монополия субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) арналған тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) немесе олардың шекті деңгейлерін бекітеді;

23) өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңнамасының мәселелері бойынша түсіндірмелер береді;

24) әуежайлар мен аэронавигация көрсететін қызметтер саласындағы табиғи монополия субъектісі келтірген залалдарды тұтынушыларға өтеу үшін уақытша өтемдік тарифті бекіту туралы шешім қабылдайды;

25) әуежайлар мен аэронавигация көрсететін қызметтер саласындағы табиғи монополия субъектісінің тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) немесе олардың шекті деңгейлерін бекітуге немесе өзгертуге арналған өтінімін қарауға қабылдаудан бас тартуды өтінімнің берілу нысанына қарай жазбаша не электрондық құжат түрінде негіздейді;

26) тұтынушыларды коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді қамтитындардан басқа, әуежайлар мен аэронавигация көрсететін қызметтер саласындағы табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін реттеу мәселелері бойынша қабылданған шешімдермен таныстырады;

27) әуежайлар мен аэронавигация көрсететін қызметтер саласындағы табиғи монополиялар субъектілерінің тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) немесе олардың шекті деңгейлерін бекітуге арналған өтінімдерін қарау кезінде жария тыңдаулар өткізеді;

28) мыналарды:

әуежайлар мен аэронавигация көрсететін қызметтер саласындағы табиғи монополия субъектісінің тарифтік сметаны орындауын;

шығындары әуежайлар мен аэронавигация көрсететін қызметтер саласындағы табиғи монополия субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) арналған тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) немесе

олардың шекті деңгейлерін және тарифтік сметаларды бекіту кезінде ескерілетін сатып алуды бақылауды жүзеге асырады;

29) бұқаралық ақпарат құралдары арқылы "Табиғи монополиялар туралы" Қазақстан Республикасының Заңын бұзу жағдайлары мен кінәлі тұлғаларды жауаптылыққа тарту фактілері туралы ақпарат береді;

30) әуежайлар мен аэронавигация көрсететін қызметтер саласындағы табиғи монополиялар субъектілерінің тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) немесе олардың шекті деңгейлерін бекітуге арналған өтінімдерін қарау кезінде жария тыңдаулар өткізілетіні туралы ақпаратты шешім қабылданған күннен бастап күнтізбелік бес күннен кешіктірмей өзінің интернет-ресурсында орналастырады;

31) әуежайлар мен аэронавигация көрсететін қызметтер саласындағы табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) арналған тарифтер (бағалар, алымдар мөлшерлемелері) және тарифтік сметалар туралы ақпаратты олар бекітілген күннен бастап күнтізбелік бес күннен кешіктірмей өзінің интернет-ресурсында орналастырады;

32) "Табиғи монополиялар туралы" Қазақстан Республикасының Заңында, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

15-2-бап. Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органның қоғамдық маңызы бар нарықтарға қатысты құзыреті

Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган өз құзыреті шегінде:

1) қоғамдық маңызы бар нарықтарға қатысты мемлекеттік саясатты қалыптастыру жөнінде ұсыныстар әзірлейді және оларды табиғи монополиялар салаларында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органның қарауына енгізеді;

2) бағаларды мемлекеттік реттеуді және баға белгілеу тәртібі мен қоғамдық маңызы бар нарықтар субъектілері міндеттерінің сақталуын мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

3) қоғамдық маңызы бар нарықтар субъектілері бағаларының мониторингін жүзеге асырады;

4) қоғамдық маңызы бар нарықтар субъектілері өткізетін тауарларға (жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге) шекті бағаларды келіседі;

5) қоғамдық маңызы бар нарықтар субъектілерінің тауарларға (жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге) бағалардың алдағы өсуі туралы хабарламаларын қарау кезінде жария тыңдаулар өткізеді;

6) қоғамдық маңызы бар нарықтар субъектілеріне Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінде көзделген міндеттемелерді орындау туралы орындалуы міндетті нұсқамалар енгізеді;

7) қоғамдық маңызы бар нарық субъектісі нұсқаманы орындамаған жағдайда, ішкі рейстерде әуежайлар қызметтерін көрсету саласындағы қоғамдық маңызы бар нарық субъектісін нұсқамада көрсетілген әрекеттерді жасауға мәжбүрлеу туралы сотқа талап қояды;

8) Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде айқындалатын тәртіппен әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қозғайды және қарайды, сондай-ақ әкімшілік жазалар қолданады;

9) Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.";

4) 16-7-бап алып тасталсын;

5) 47-бапта:

6-тармақтың екінші бөлігінің 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган айқындайтын ұшуға жарамдылық сертификатының қолданылу мерзімі өткен;"

8-тармақтың бесінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Арнайы ұшуды орындауға рұқсат беру алдында азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган ұшуды қауіпсіз орындау үшін әуе кемесінің жай-күйін бағалауды жүргізуге және оны пайдалануға қажетті шектеулерді белгілеуге міндетті. Арнайы ұшуды орындау кезінде әуе кемесінің бортында жолаушыларды тасымалдауға тыйым салынады.";

6) 65-бапта:

1-тармақтың бірінші бөлігіндегі "табиғи монополиялар салаларындағы басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органмен бірлесе отырып" деген сөздер "монополияға қарсы органмен келісу бойынша" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақтың бірінші бөлігіндегі "табиғи монополиялар салаларында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органмен және монополияға қарсы органмен бірлесіп" деген сөздер "монополияға қарсы органмен келісу бойынша" деген сөздермен ауыстырылсын.

89. "Биоотын өндірісін және айналымын мемлекеттік реттеу туралы" 2010 жылғы 15 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2010 ж., № 22, 127-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; 2012 ж., № 15, 97-құжат; № 23-24, 125-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 20-IV, 113-құжат):

19-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Биоотын өндірісі және айналымы саласындағы мемлекеттік бақылау Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес тексеру және профилактикалық бақылау нысанында жүзеге асырылады.".

90. "Мемлекеттік мүлік туралы" 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2011 ж., № 5, 42-құжат; № 15, 118-құжат; № 16, 129-құжат; № 17, 136-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 2, 11, 16-құжаттар; № 4, 30, 32-құжаттар; № 5, 41-құжат; № 6, 43-құжат; № 8, 64-құжат; № 13, 91-құжат; № 14, 95-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 2, 13-құжат; № 8, 50-құжат; № 9, 51-құжат; № 15, 82-құжат; № 16, 83-құжат; 2014 ж., № 1, 9-құжат; № 2, 10, 12-құжаттар; № 4-5, 24-құжат; № 7, 37-құжат; № 12, 82-құжат; № 19-I, 19-II, 94, 96-құжаттар; № 22, 131-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 8, 42-құжат; № 11, 57-құжат; № 14, 72-құжат; № 19-I, 99-құжат; № 19-II, 103, 105-құжаттар; № 20-IV, 113-құжат; № 20-VII, 117-құжат; № 21-I, 124-құжат; № 21-II, 130-құжат; № 21-III, 135-құжат; № 22-II, 145, 148-құжаттар; № 22-VI, 159-құжат; № 23-II, 170, 172-құжаттар; 2016 ж., № 7-I, 47-құжат; № 7-II, 56-құжат; № 8-I, 62-құжат; № 24, 124-құжат; 2017 ж., № 4, 7-құжат; № 9, 22-құжат; № 11, 29-құжат; № 13, 45-құжат; № 14, 51, 54-құжаттар; № 15, 55-құжат; № 20, 96-құжат; № 22-III, 109-құжат; 2018 ж., № 1, 4-құжат; 2018 жылғы 18 сәуірде "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне халықтың жұмыспен қамтылуы және көші-қон мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2018 жылғы 16 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 1-бапта:

мынадай мазмұндағы 2-2) тармақшамен толықтырылсын:

"2-2) әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорация – облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарының шешімімен құрылған, акцияларының бақылау пакеті мемлекетке тиесілі және өңірдің экономикасын дамытуға жәрдемдесуді жүзеге асыратын, акционерлік қоғам нысанындағы өңірлік даму институты;"

б) және 34) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"б) жекешелендіру – мемлекеттік мүлікті мемлекеттік ислам арнайы қаржы компаниясына сатуды қоспағанда, мемлекеттің осы Заңда белгіленген арнайы рәсімдер шеңберінде мемлекеттік мүлікті жеке тұлғаларға, мемлекеттік емес заңды тұлғаларға сатуы;"

"34) ұлттық компания – Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен құрылған, акцияларының бақылау пакеті мемлекетке, ұлттық басқарушы холдингке немесе ұлттық холдингке тиесілі және ұлттық экономиканың негізін құрайтын салаларда қызметті жүзеге асыратын акционерлік қоғам;"

2) 13-бап мынадай мазмұндағы 4-7) тармақшамен толықтырылсын:

"4-7) Ұлттық әл-ауқат қорын қоспағанда, мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдардағы корпоративтік басқарудың үлгілік кодексін бекітеді;"

3) 94-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

"2-1) мемлекеттік мүлікті мемлекеттік ислам арнайы қаржы компаниясына тікелей атаулы сату;"

4) 105-баптың 3-тармағы алып тасталсын;

5) 105-1-бап алып тасталсын;

6) 10-тарау мынадай мазмұндағы 4-параграфпен толықтырылсын:

"4-параграф. Мемлекеттік мүлікті мемлекеттік ислам арнайы қаржы компаниясына тікелей атаулы сату

121-1-бап. Мемлекеттік мүлікті мемлекеттік ислам арнайы қаржы компаниясына оны кері сатып алу міндеттемесімен тікелей атаулы сату

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттік ислам бағалы қағаздарын шығару туралы шешімінде айқындалған мемлекеттік мүлік объектілері мемлекеттік ислам арнайы қаржы компаниясына тікелей атаулы сатуға жатады.

2. Мемлекеттік ислам бағалы қағаздарын шығару шарттарына сәйкес мемлекеттік мүлікті мемлекеттік ислам арнайы қаржы компаниясына оны кері сатып алу міндеттемесімен тікелей атаулы сатуды мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттік ислам бағалы қағаздарын шығару туралы шешімі негізінде жүзеге асырады.

3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі негізінде мемлекеттік ислам арнайы қаржы компаниясына сатылған мүлікті кепілге салуға және оған өндіріп алуды қолдануға, сондай-ақ мұндай мүлікке тыйым салуды қолдануға жол берілмейді.";

7) 134-баптың 2-тармағының 9) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"9) мемлекеттік меншіктегі су шаруашылығы жүйелері мен құрылысжайларын күтіп-ұстау, пайдалану, жөндеу және реконструкциялау, сондай-ақ олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету;"

8) 139-баптың 5-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Мемлекеттік кәсіпорынның даму жоспарын іске асыру нәтижелілігіне және тиімділігіне Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес мемлекеттік кәсіпорынның басшысы жауапты болады.

Мемлекеттік кәсіпорынның басшысы мемлекеттік кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметі және мүлкінің сақталуына дербес жауапты болады.";

9) 166-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Ұлттық әл-ауқат қорын қоспағанда, ұлттық басқарушы холдингтің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы, Ұлттық әл-ауқат қорын қоспағанда, ұлттық басқарушы холдингке, ұлттық холдингке, ұлттық компанияға тікелей немесе жанама түрде тиесілі ұйымдардың, сондай-ақ әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялардың тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуы,

оның ішінде кепілдендірілген тапсырысты орналастыруы Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алудың үлгілік қағидалары негізінде жүзеге асырылады.";

10) 179-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Мемлекет жалғыз акционері болып табылатын ұлттық компанияны тарату, қайта ұйымдастыру туралы және оның атауын өзгерту туралы шешімдерді Қазақстан Республикасының Үкіметі қабылдайды.

Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары құрған әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияларды тарату, қайта ұйымдастыру туралы және олардың атауларын өзгерту туралы шешімдерді облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары қабылдайды.

Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары құратын әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорация біреуден артық болмайды.";

11) 182-бапта:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"182-бап. Мемлекет қатысатын акционерлік қоғамдарды корпоративтік басқару";

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдардағы корпоративтік басқаруды бағалау тәртібін Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен келісу бойынша мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайды.";

мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Ұлттық әл-ауқат қорын қоспағанда, мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдардағы корпоративтік басқарудың үлгілік кодексін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган әзірлейді және бекітеді.

Ұлттық әл-ауқат қорын қоспағанда, мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдар мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдардағы корпоративтік басқарудың үлгілік кодексіне сәйкес корпоративтік басқару кодекстерін бекітеді, сондай-ақ кемінде үш жылда бір рет корпоративтік басқаруға тәуелсіз бағалау жүргізеді, оның нәтижелерін акционерлік қоғамдардың интернет-ресурсында орналастырады.";

12) 184-баптың 8-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Акционері мемлекет болып табылатын ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың даму стратегиясының іске асырылуының нәтижелілігі мен тиімділігі үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың бірінші басшылары жауапты болады.

Акционері мемлекет болып табылатын ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың даму жоспарларын әзірлеуге, олардың іске

асырылуының нәтижелілігі мен тиімділігіне, сондай-ақ олардың орындалуы туралы есептің уақтылы ұсынылуына Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың атқарушы органдары жауапты болады.

Акционері ұлттық басқарушы холдингтер, ұлттық холдингтер болып табылатын ұлттық компаниялардың даму жоспарларын әзірлеуге, орындауға ұлттық компаниялардың атқарушы органдары жауапты болады.";

13) 185-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдардың және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің даму жоспарларын әзірлеуге, олардың іске асырылуының нәтижелілігі мен тиімділігіне, сондай-ақ олардың орындалуы туралы есептің уақтылы ұсынылуына Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдардың және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің атқарушы органдары жауапты болады.";

14) 188-баптың 1-тармағының екінші бөлігіндегі "мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органға" деген сөздер "тиісті саланың уәкілетті органына" деген сөздермен ауыстырылсын.

91. "Мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерін өндіруді және олардың айналымын мемлекеттік реттеу туралы" 2011 жылғы 20 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2011 ж., № 13, 113-құжат; 2012 ж., № 2, 14-құжат; № 11, 80-құжат; № 15, 97-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 4, 21-құжат; № 21-22, 115-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 7, 37-құжат; № 10, 52-құжат; № 16, 90-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 122-құжат; № 22, 131-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 9, 46-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 23-I, 169-құжат; 2016 ж., № 8-II, 66-құжат; № 22, 116-құжат; № 24, 124-құжат; 2017 ж., № 22-III, 109-құжат; № 23-V, 113-құжат):

1) 9-баптың 2-тармағы алып тасталсын;

2) 11-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"11-бап. Мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерін өндіруді және олардың айналымын мемлекеттік бақылау

Мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерін өндіруді және олардың айналымын мемлекеттік бақылау Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес тексеру және профилактикалық бақылау нысанында жүзеге асырылады."

92. "Қазақстан Республикасындағы арнайы экономикалық аймақтар туралы" 2011 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2011 ж., № 15, 119-құжат; 2012 ж., № 2, 14-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 3, 19-құжат; № 15, 81-құжат; № 21-22, 114-құжат; 2014 ж., № 11,

63-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 122-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 19-I, 99-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 20-VII, 117-құжат; № 22-II, 145-құжат; № 22-V, 156, 158-құжаттар; 2017 ж., № 14, 51-құжат; № 22-III, 109-құжат; № 23-III, 111-құжат):

30-бап алып тасталсын.

93. "Ғарыш қызметі туралы" 2012 жылғы 6 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2012 ж., № 1, 4-құжат; № 14, 92-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 7, 37-құжат; № 10, 52-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; 2015 ж., № 8, 45-құжат; № 20-IV, 113-құжат; 2016 ж., № 7-II, 56-құжат; 2017 ж., № 4, 7-құжат):

1) 11-бапта:

4-тармақтың екінші бөлігі алып тасталсын;

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Ғарыш объектілерін және оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу үшін Қазақстан Республикасының салық заңнамасында айқындалатын тәртіппен және мөлшерлерде алым алынады.";

6-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) ғарыш объектісіне құқық белгілейтін құжаттың электрондық нұсқасы;"

2) 12-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"12-бап. Ғарыш қызметі саласындағы мемлекеттік бақылау

Ғарыш қызметі саласындағы мемлекеттік бақылауды уәкілетті орган Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес тексеру және профилактикалық бақылау нысанында жүзеге асырады."

94. "Газ және газбен жабдықтау туралы" 2012 жылғы 9 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2012 ж., № 2, 8-құжат; № 11, 80-құжат; № 14, 92-құжат; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 15, 82-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 7, 37-құжат; № 10, 52-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 20-IV, 113-құжат; 2016 ж., № 8-II, 72-құжат; № 24, 124-құжат; 2017 ж., № 22-III, 109-құжат):

1) 6-баптың б) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"б) мемлекеттің артықшылықты құқығы шеңберінде ұлттық оператор сатып алатын шикі және тауарлық газдың шекті бағасын айқындау қағидаларын әзірлейді және бекітеді;"

2) 15-бапта:

3, 4 және 6-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Мемлекеттің артықшылықты құқығы шеңберінде ұлттық оператор сатып алатын шикі газдың шекті бағасын жер қойнауын пайдаланушы уәкілетті орган бекіткен қағидаларға сәйкес айқындайды және ол:

1) халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасының

талаптарына сәйкес есептелетін шикі газ көлемінің бірлігін өндірудің өндірістік өзіндік құны негізінде айқындалатын шикі газ өндіруге арналған шығыстарды;

2) шикі газды ұлттық операторға өткізетін жерге дейін тасымалдауға арналған шығыстарды;

3) он пайыздан аспайтын мөлшердегі рентабельділік деңгейін қамтиды.

4. Мемлекеттің артықшылықты құқығы шеңберінде ұлттық оператор сатып алатын тауарлық газдың шекті бағасын жер қойнауын пайдаланушы уәкілетті орган бекіткен қағидаларға сәйкес айқындайды және ол:

1) халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес есептелетін шикі газ көлемінің бірлігін өндірудің өндірістік өзіндік құны негізінде айқындалатын шикі газ өндіруге арналған шығыстарды;

2) шикі газдан тауарлық газды өндіруге арналған шығыстарды;

3) тауарлық газды ұлттық операторға өткізетін жерге дейін тасымалдауға арналған шығыстарды;

4) он пайыздан аспайтын мөлшердегі рентабельділік деңгейін қамтиды.";

"6. Шикі және (немесе) тауарлық газды иеліктен шығаруды жүргізуге ниеті бар жер қойнауын пайдаланушылар уәкілетті органға мемлекеттің артықшылықты құқығы шеңберінде ұлттық оператор сатып алатын шикі және (немесе) тауарлық газдың шекті бағасының құжатпен расталған есеп-қисаптарын алдағы жылдың 1 қаңтарынан кешіктірілмейтін мерзімде сараптамаға жібереді.";

9-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Шикі және (немесе) тауарлық газды иеліктен шығаруды жүргізуге ниеті бар жер қойнауын пайдаланушылар жоспарланған кезең басталғанға дейін бес айдан кешіктірілмейтін мерзімде, ұлттық операторға:";

мынадай мазмұндағы 13-1-тармақпен толықтырылсын:

"13-1. Егер келесі жылы мемлекеттің артықшылықты құқығы шеңберінде ұлттық оператор сатып алатын шикі және (немесе) тауарлық газдың бағасы тараптардың келісімі бойынша өзгермесе, онда шарттар осы баптың 5 – 7, 9 және 10-тармақтарында көзделген рәсімдер сақталмай жасалуы мүмкін.";

3) 31-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"31-бап. Газ және газбен жабдықтау саласындағы мемлекеттік бақылау

Газ және газбен жабдықтау саласындағы мемлекеттік бақылау Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес тексеру және бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау нысанында жүзеге асырылады."

95. "Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы" 2012 жылғы 13 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2012 ж., № 3, 20-құжат; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 14, 75-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 2, 6-

құжат; № 11, 57-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 22-II, 144-құжат; 2016 ж., № 6, 45-құжат ; № 24, 124-құжат; 2017 ж., № 23-III, 111-құжат):

1) 5-бапта:

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"5) энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;"

6-2) тармақшадағы "дара кәсіпкерлердің және заңды тұлғалардың" деген сөздер " Мемлекеттік энергетикалық тізілім субъектілерінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

13-1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"13-1) энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы энергия аудиторының аттестатын беру үшін қажетті рұқсат беру талаптары мен құжаттар тізбесін әзірлейді және бекітеді;"

15) тармақша алып тасталсын;

2) 7-бапта:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"7-бап. Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы мемлекеттік бақылау";

1-тармақта:

2) тармақша алып тасталсын;

3) және 4) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"3) Мемлекеттік энергетикалық тізілім субъектілерінің энергия тұтыну нормативтерін және электр желілеріндегі қуат коэффициентінің нормативтік мәндерін сақтауына;

4) энергия аудитінің жүргізілуіне;"

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы мемлекеттік бақылау Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес тексеру және профилактикалық бақылау нысанында жүзеге асырылады.";

3) 13-баптың 1-тармағы бірінші бөлігінің 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) жарық беру мақсатында ауыспалы ток тізбектерінде пайдаланылуы мүмкін, қуаты 25 Вт және одан жоғары электр қыздыру шамдарын пайдалануға;"

4) 16-бапта:

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Мемлекеттік мекемелерді қоспағанда, Мемлекеттік энергетикалық тізілім субъектілері осы Заң қолданысқа енгізілген күннен бастап төрт жыл ішінде, ал ауыл шаруашылығы, балық шаруашылығы өнімін өндіруді, дайындауды, сақтауды, тасымалдауды, қайта өңдеуді және өткізуді жүзеге асыратындар алты жыл ішінде энергия аудитін жүргізу нәтижелері бойынша қорытынды алуға міндетті.";

5-1-тармақ алып тасталсын.

96. "Телерадио хабарларын тарату туралы" 2012 жылғы 18 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2012 ж., № 3, 24-құжат; № 14, 92-құжат; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 14, 72-құжат; 2014 ж., № 10, 52-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 20-IV, 113-құжат; № 22-V, 156-құжат; 2017 ж., № 24, 115-құжат):

1) 5-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Қазақстан Республикасының телерадио хабарларын тарату туралы заңнамасының сақталуына мемлекеттік бақылау тексеру және профилактикалық бақылау нысанында жүзеге асырылады.

Тексеру және бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес жүзеге асырылады. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне және осы Заңға сәйкес жүзеге асырылады.";

2) мынадай мазмұндағы 5-1-баппен толықтырылсын:

"5-1-бап. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау

1. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылауды уәкілетті орган және телерадио хабарларын таратуды техникалық сүйемелдеу саласындағы уәкілетті орган олардың қызметі бойынша түрлі ақпарат көздерінен алынған мәліметтерді салыстыру арқылы жүргізеді.

2. Теле-, радиокомпаниялар, телерадио хабарларын тарату операторлары бақылау субъектілері болып табылады.

3. Бұзушылықтардың уақтылы жолын кесу және оларға жол бермеу, бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды өзі дербес жою құқығын бақылау субъектілеріне беру және оларға әкімшілік жүктемені азайту бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылаудың мақсаттары болып табылады.

4. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша бақылау субъектісінің әрекеттерінде (әрекетсіздігінде) бұзушылықтар анықталған жағдайда, бұзушылықтар анықталған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде ұсыным ресімделеді және жіберіледі.

5. Ұсыным бақылау субъектісіне қол қойғызып, жеке өзіне немесе ұсынымды жөнелту және алу фактілерін растайтын өзге тәсілмен табыс етілуге тиіс.

Төменде санамаланған тәсілдердің бірімен жіберілген ұсыным мынадай жағдайларда:

1) қолма-қол – ұсынымға алғаны туралы белгі қою күнінен бастап;

2) поштамен – тапсырысты хатпен пошта жөнелтілімін алғаны туралы хабардар ету күнінен бастап;

3) электрондық тәсілмен – сұрау салынған кезде хатта көрсетілген бақылау субъектісінің электрондық мекенжайына жөнелту күнінен бастап табыс етілді деп есептеледі.

6. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы ұсыным табыс етілген күннен кейінгі күннен бастап он жұмыс күні ішінде орындалуға тиіс.

7. Бақылау субъектісі ұсынымда көрсетілген бұзушылықтармен келіспеген жағдайда, ұсынымды жіберген уәкілетті органға немесе телерадио хабарларын таратуды техникалық сүйемелдеу саласындағы уәкілетті органға ұсыным табыс етілген күннен кейінгі күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қарсылық жіберуге құқылы.

8. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы ұсынымды белгіленген мерзімде орындамау бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізудің жартыжылдық тізіміне енгізу арқылы бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды тағайындауға алып келеді.

9. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау аптасына бір реттен жиілетпей жүргізіледі.";

3) 19-баптың 5-тармағындағы "аты, негізгі тақырыптық бағыты ауысқан" деген сөздер "меншік иесі ауысқан не заңды тұлғаның ұйымдық-құқықтық нысаны өзгерген, аты, негізгі тақырыптық бағыты өзгерген" деген сөздермен ауыстырылсын.

97. "Ұлттық әл-ауқат қоры туралы" 2012 жылғы 1 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2012 ж., № 4, 29-құжат; 2014 ж., № 4-5, 24-құжат; № 12, 82-құжат; 2015 ж., № 19-II, 102-құжат; № 22-I, 140-құжат; № 23-II, 172-құжат; 2017 ж., № 14, 54-құжат; № 23-V, 113-құжат):

1) 4-баптың 2-тармағының б) тармақшасы алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 6-1-баппен толықтырылсын:

"6-1-бап. Қорды басқару жөніндегі кеңес

1. Қорды басқару жөніндегі кеңес Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы басқаратын консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

2. Қорды басқару жөніндегі кеңестің функциялары:

1) Қордың бәсекеге қабілеттілігі мен қызмет тиімділігін арттыру жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

2) Қордың даму стратегиясын мақұлдау және оның іске асырылу барысы туралы Қордың жыл сайынғы есебін қарау, сондай-ақ Қор өзінің қызметін жүзеге асыратын экономиканың басым секторлары жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

3) әлеуметтік маңызы бар және индустриялық-инновациялық жобаларды іске асыруды, оның ішінде республикалық бюджеттен және Қазақстан Республикасының

Ұлттық қорынан қаражат бөле отырып іске асыруды қоса алғанда, Қазақстан экономикасын әртараптандыру мен жаңғыртудың мемлекеттік бағдарламаларына Қордың қатысуы жөніндегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің ұсыныстарын қарау;

4) Қордың тәуелсіз директорларын сайлау үшін кандидатураларды, сондай-ақ Қордың тәуелсіз директорларына сыйақылар мөлшері мен төлеу шарттарын келісу;

5) Қазақстан Республикасы Үкіметінің мүшесін немесе өзге де мемлекеттік қызметшіні Қор тобына кіретін ұйымның директорлар кеңесінің немесе байқау кеңесінің құрамына сайлау үшін ұсыным беру болып табылады.

3. Қорды басқару жөніндегі кеңесті құру туралы шешімді, оның құрамын және ол туралы ережені Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді.";

3) 7-бапта:

2-тармақта:

мынадай мазмұндағы 6-1) тармақшамен толықтырылсын:

"6-1) Қордың тәуелсіз директорларына сыйақылар мөлшері мен төлеу шарттарын айқындау;"

7) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"7) Қордың жалғыз акционері айқындаған тізбе бойынша компаниялардың акцияларын (қатысу үлестерін) иеліктен шығару, сондай-ақ көрсетілген акцияларды (қатысу үлестерін) сенімгерлік басқаруға беру;"

мынадай мазмұндағы 15-1) және 15-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"15-1) Қордың директорлар кеңесінің қызметі туралы есепті қарау;

15-2) Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасы бойынша Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына және халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес қаржылық есептілікте қаржыландыру сомасын көрсете отырып, Қордың жобаларды қаржыландыруы туралы шешімдер қабылдау;"

мынадай мазмұндағы 3-1-тармақпен толықтырылсын:

"3-1. Осы баптың 2-тармағының б) (тәуелсіз директорларды сайлауға қатысты) және 6-1) тармақшалары бойынша шешімдерді Қорды басқару жөніндегі кеңеспен келісу бойынша Қордың жалғыз акционері қабылдайды.";

4) 8-бапта:

1 және 2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қордың директорлар кеңесі осы Заңда белгіленген тәртіппен сайланатын төраға мен мүшелерден тұрады.

2. Қордың директорлар кеңесінің төрағасы арқылы директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен тәуелсіз директорлар арасынан жасырын дауыс берумен сайланады.

Қордың директорлар кеңесінің құрамы мынадай адамдар қатарынан қалыптастырылады:

мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органның бірінші басшысы – Қордың жалғыз акционерінің өкілі;

Қазақстан Республикасы Президентінің көмекшісі;

төрт тәуелсіз директор;

Қордың басқарма төрағасы.";

3-тармақта:

12) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"12) осы Заңның 7-бабы 2-тармағының 15-2) тармақшасында көзделген мәселені қоспағанда, мәселелерді жалғыз акционердің қарауына шығару туралы шешім қабылдау;"

13) және 14) тармақшалар алып тасталсын;

25) тармақшадағы "иемденуі" деген сөз "сатып алуы "(иеліктен шығаруы)" деген сөздермен ауыстырылсын;

27) тармақша алып тасталсын;

28) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"28) Қорды басқару жөніндегі кеңеске ақпарат жібере отырып, Қордың директорлар кеңесінің қызметіне жыл сайын бағалау жүргізу;"

мынадай мазмұндағы 29-1) тармақшамен толықтырылсын:

"29-1) корпоративтік хатшыны тағайындау және оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, корпоративтік хатшы өкілеттігінің мерзімін, корпоративтік хатшыға қойылатын талаптарды, оның функцияларын, қызмет тәртібін, корпоративтік хатшының лауазымдық айлықақысының мөлшерін және корпоративтік хатшыға сыйақы төлеу шарттарын айқындау;"

мынадай мазмұндағы 4-1-тармақпен толықтырылсын:

"4-1. Қордың директорлар кеңесінің шешімі негізінде осы баптың 3-тармағының 10) тармақшасында көрсетілген саясаттар, Қор тобына кіретін, барлық дауыс беретін акцияларына (қатысу үлестеріне) Қор тікелей немесе жанама иелік ететін компанияларға не ұйымдарға қолданылуы мүмкін.";

5) 9-бапта:

1-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Стратегиялық жоспарлау мәселелерін қарау үшін стратегия жөніндегі комитет құрылады, оның басшысы мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органның бірінші басшысы болып табылады.";

3-тармақтағы "көзделеді" деген сөз "көзделуі мүмкін" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 10-бапта:

2-тармақта:

3) және 4) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"3) осы Заңға сәйкес Қордың жалғыз акционері немесе директорлар кеңесі қабылдайтын мәселелер бойынша шешімдерді қоспағанда, Қазақстан Республикасының заңнамасына және (немесе) жарғыға сәйкес, компанияның акционерлері (қатысушылары) жалпы жиналысының, өзге органының немесе өзіне қатысты Қор акционер, қатысушы болып табылатын немесе мүліктегі үлеске құқығы бар өзге заңды тұлғаның құзыретіне жататын мәселелер бойынша шешімдер қабылдау;

4) ұлттық компаниялардың, сондай-ақ барлық дауыс беретін акциялары (қатысу үлестері) Қорға меншік және (немесе) сенімгерлік басқару құқығымен тиесілі заңды тұлғалардың атқарушы органдарының басшыларын тағайындау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату мәселелерін келісу;"

мынадай мазмұндағы 6-1) тармақшамен толықтырылсын:

"6-1) Қор тобына кіретін ұйымдарды корпоративтік басқару кодексін, сондай-ақ оған өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;"

10) және 11) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"10) Қазақстан Республикасының Үкіметі енгізетін ұсыныстар бойынша Қордың, сондай-ақ барлық дауыс беретін акциялары (қатысу үлестері) Қорға тиесілі компаниялардың әкімшілік шығыстарының нормативтері мен лимиттерінің жекелеген түрлерін бекіту;

11) Қордың штат санын, штат кестесі мен ұйымдық құрылымын бекіту;"

мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. Қор басқармасы осы баптың 2-тармағының 3) тармақшасында көзделген, олар бойынша шешімдерді Қордың басқарма төрағасы қабылдай алатын мәселелер тізбесін, сондай-ақ осындай шешімдерді қабылдау тәртібін айқындауға құқылы.";

3-тармақ "тармақшаларында" деген сөзден кейін ", 2-1-тармағында" деген сөздермен толықтырылсын;

4-тармақта:

1) тармақшадағы "елу пайыздан астамын" деген сөздер "елу және одан көп пайызын" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) өздеріне қатысты Қор жалғыз акционер немесе барлық дауыс беретін акцияларын иеленетін тұлға, жалғыз қатысушы не заңды тұлғаның мүлкіне құқығы бар жалғыз тұлға болып табылатын заңды тұлғалардың атқарушы органдарының басшыларын тәртіптік жауаптылыққа тарту;"

5-тармақ алып тасталсын;

7) 12-баптың 1-тармағының үшінші бөлігі алып тасталсын;

8) 24-бап мынадай мазмұндағы 4 және 5-тармақтармен толықтырылсын:

"4. Нәтижесінде құны ұлттық компания активтері құнының жалпы мөлшерінің он пайызынан аз болатын мүлікті ұлттық компания сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) мәмілені немесе өзара

байланысты мәмілелер жиынтығын дауыс беретін акцияларының елу пайыздан астамы меншік құқығымен Қорға тиесілі ұлттық компанияның жасасуы туралы шешімді ұлттық компания басқармасы қабылдайды.

Нәтижесінде құны ұлттық компания активтері құнының жалпы мөлшерінің бір және одан аз пайызы болатын мүлікті ұлттық компания сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) мәмілені немесе өзара байланысты мәмілелер жиынтығын жасасуы туралы мәселе дауыс беретін акцияларының елу пайыздан астамы меншік құқығымен Қорға тиесілі ұлттық компанияның жарғысымен ұлттық компанияның атқарушы органы басшысының құзыретіне жатқызылуы мүмкін.

5. Осы Заңның 8-бабының 2-тармағында көзделген жағдайды, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметі мүшелерінің және өзге де мемлекеттік қызметшілердің Қорды басқару жөніндегі кеңестің ұсынымы бойынша сайлануын қоспағанда, Қазақстан Республикасы Үкіметі мүшелерінің және өзге де мемлекеттік қызметшілердің Қор тобына кіретін ұйымдардың директорлар кеңестерінің немесе байқау кеңестерінің құрамдарына кіруіне тыйым салынады."

98. "Магистральдық құбыр туралы" 2012 жылғы 22 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2012 ж., № 11, 79-құжат; 2014 ж., № 7, 37-құжат; № 10, 52-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 122-құжат; № 23, 143-құжат; № 24, 145-құжат; 2015 ж., № 9, 46-құжат; № 20-IV, 113-құжат; 2016 ж., № 24, 124-құжат; 2017 ж., № 23-III, 111-құжат; № 23-V, 113-құжат):

8-бапта:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"8-бап. Қазақстан Республикасының магистральдық құбыр туралы заңнамасының сақталуын мемлекеттік бақылау";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қазақстан Республикасының магистральдық құбыр туралы заңнамасының сақталуына мемлекеттік бақылауды мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде белгіленген өз құзыреті шегінде, Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес тексеру, бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау нысанында жүзеге асырады.";

2-тармақ алып тасталсын.

99. "Микроқаржы ұйымдары туралы" 2012 жылғы 26 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2012 ж., № 20, 120-құжат; 2014 ж., № 4-5, 24-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 61-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 22, 131-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 22-VI, 159-құжат; 2016 ж., № 6, 45-құжат; № 24, 126-құжат; 2017 ж., № 9, 21-құжат; № 22-III, 109-құжат):

3-баптың 4-тармағы мынадай мазмұндағы төртінші бөлікпен толықтырылсын:

"Микроқаржы ұйымы микрокредит беру туралы мәселені қарау кезінде өз әдістемесі негізінде есептелген қарыз алушы (өтініш беруші) жеке тұлғаның кредиттік скорингін немесе кредиттік бюро берген кредиттік скорингті ескереді."

100. "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2013 ж., № 5-6, 29-құжат; 2014 ж., № 19-І, 19-ІІ, 96-құжат; 2015 ж., № 21-І, 121-құжат; № 22-ІІ, 145-құжат; № 22-V, 154, 156-құжаттар; № 23-ІІ, 170-құжат; 2016 ж., № 7-І, 50-құжат):

1) 1-бапта:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтерді, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға арналған техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерді және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтерін көрсету, "бір терезе" қағидаты бойынша мемлекеттік қызметтерді, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға арналған техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерді, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтерін көрсетуге өтініштер қабылдау және көрсетілетін қызметті алушыға олардың нәтижелерін беру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру, сондай-ақ электрондық нысанда мемлекеттік қызметтер көрсетуді қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған, орналасқан жері бойынша жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын заңды тұлға ;";

мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

"1-1) ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган – ақпараттандыру және "электрондық үкімет" саласындағы басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;";

18) тармақша алып тасталсын;

19) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"19) "электрондық үкіметтің" веб-порталы – нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, бүкіл шоғырландырылған үкіметтік ақпаратқа және электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік қызметтерге, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерге және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтеріне қол жеткізудің бірыңғай терезесі болатын ақпараттық жүйе.";

2) 11-1-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Мемлекеттік корпорация "бір терезе" қағидаты бойынша жеке және (немесе) заңды тұлғаларға мемлекеттік қызметтер көрсету, жеке және заңды тұлғалардың міндетті мемлекеттік тіркеуіне жатпайтын жылжымалы мүлкі кепілін тіркеу,

ғимараттарды, құрылысжайларды және (немесе) олардың құрамдастарын техникалық зерттеп-қарау, жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу, мемлекеттік жер кадастрын жүргізу, зейнетақымен және әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы қызметті жүзеге асыратын бірыңғай провайдер болып табылады.

Өзге тұлғалардың бірыңғай провайдер қызметін жүзеге асыруына тыйым салынады.

101. "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" 2013 жылғы 21 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2013 ж., № 10-11, 55-құжат; № 21-22, 115-құжат; 2014 ж., № 1, 1-құжат; № 6, 28-құжат; № 8, 49-құжат; № 11, 61-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 122-құжат; № 22, 131-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 6, 27-құжат; № 8, 45-құжат; № 10, 50-құжат; № 15, 78-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 22-II, 145-құжат; № 22-VI, 159-құжат; № 23-II, 170-құжат; 2016 ж., № 7-I, 49-құжат; № 8-I, 65-құжат; 2017 ж., № 12, 36-құжат; № 22-III, 109-құжат):

1) 1-бапта:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтерді, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға арналған техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерді және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтерін көрсету, "бір терезе" қағидаты бойынша мемлекеттік қызметтерді, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға арналған техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерді, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтерін көрсетуге өтініштер қабылдау және көрсетілетін қызметті алушыға олардың нәтижелерін беру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру, сондай-ақ электрондық нысанда мемлекеттік қызметтер көрсетуді қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған, орналасқан жері бойынша жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын заңды тұлға";

мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

"1-1) әртараптандыру – зейнетақы активтерін жоғалтып алу тәуекелін төмендету мақсатында уәкілетті орган белгілеген талаптарға сәйкес оларды түрлі қаржы құралдарына орналастыру";

40) тармақша алып тасталсын;

2) 48-баптың 1-тармағының үшінші бөлігіндегі "және олар ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының мөрімен расталуға" деген сөздер алып тасталсын.

102. "Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы туралы" 2013 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2013 ж., № 15, 80-құжат; 2014 ж., № 12, 82-құжат; № 21, 122-

құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 20-IV, 113-құжат; № 21-I, 128-құжат; № 22-V, 152-құжат; 2016 ж., № 7-I, 47-құжат; № 7-II, 55-құжат; 2017 ж., № 23-III, 111-құжат):

1) 6-баптың 2-тармағының бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген, өз мүшелерінің (қатысушыларының) мүдделерін білдіретін қауымдастықтар (одақтар), өзін-өзі реттейтін ұйымдар:";

2) 22-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Комитеттер Ұлттық палатада аккредиттеуден өткен республикалық салааралық, салалық қауымдастықтардың (одақтардың), сондай-ақ шағын, орта және (немесе) ірі кәсіпкерліктің республикалық қауымдастықтарының (одақтарының), өзін-өзі реттейтін ұйымдардың өкілдерінен тұрады. Комитет мүшелерінің санын төралқа айқындайды және олар үшеуден кем болмайды."

103. "Оңалту және банкроттық туралы" 2014 жылғы 7 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2014 ж., № 4-5, 23-құжат; № 10, 52-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 122-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 8, 42-құжат; № 15, 78-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 20-VII, 117-құжат; № 21-III, 136-құжат; № 22-I, 143-құжат; № 22-VI, 159-құжат; 2016 ж., № 6, 45-құжат; № 7-II, 53, 55-құжаттар; № 24, 124-құжат; 2017 ж., № 4, 7-құжат):

1) 1-бап мынадай мазмұндағы 28-1) және 33) тармақшалармен толықтырылсын:

"28-1) реверсивті факторинг – борышкер (банкрот), оның дебиторы және үшінші тұлға арасында жасалған үшжақты шарт, мұнда дебитор өзінің борышкер (банкрот) алдындағы міндеттемесін үшінші тұлғаға береді, ал үшінші тұлға дебитордың борышкер (банкрот) алдындағы міндеттемесін орындайды;"

"33) факторинг – борышкер (банкрот), оның дебиторы және үшінші тұлға арасында жасалған үшжақты шарт, мұнда борышкер (банкрот) өз дебиторына қоятын мүліктік талапты үшінші тұлғаға береді немесе беруге міндеттенеді, ал үшінші тұлға борышкердің (банкроттың) дебиторына қойылатын талап ету құқығының орнына борышкердің (банкроттың) билік етуіне ақша немесе басқа да мүлік береді немесе беруге міндеттенеді.";

2) 17 және 26-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"17-бап. Оңалту және банкроттық рәсімдерінің жүргізілуіне мемлекеттік бақылау

1. Оңалту және банкроттық рәсімдерінің жүргізілуіне мемлекеттік бақылауды уәкілетті орган жүзеге асырады.

2. Әкімшінің қызметіне мемлекеттік бақылау:

1) тексерулер;

2) профилактикалық бақылау нысанында жүзеге асырылады.

3. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылауға:

1) әкімшінің қызметін жүзеге асыруға құқығы бар тұлғаларды есепке алу;

2) камералдық бақылау;

3) сұрау салулар жіберу;

4) рәсімдердің жүргізілу барысы туралы ақпарат қабылдау жатқызылады.

4. Тексеру және бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес жүзеге асырылады.

"26-бап. Кредиторлар жиналысының оңалту рәсімі және банкроттық рәсімі кезінде шешімдер қабылдау тәртібі

1. Кредиторлар жиналысының құқықтылығы мен шешімдер қабылдауының жалпы тәртібі осы бапқа сәйкес айқындалады.

Кредиторлар жиналысының құқықтылығы мен шешім қабылдау тәртібінің ерекшеліктері:

борышкердің мүлкін (активтерін) тікелей сату кезінде – осы Заңның 99-бабының 6-тармағында;

оңалту жоспарын келісу кезінде – осы Заңның 26-1-бабында;

оңалту жоспарына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу кезінде осы Заңның 26-2-бабында айқындалады.

2. Кредиторлар жиналысы, сырттай дауыс беретіндерді қоса алғанда, оған кредиторлар жиналысы шешім қабылдаған кезде дауыс беру құқығы бар кредиторлар даусының жалпы санының елу пайызынан астамын құрайтын дауыс санына ие кредиторлар қатысқан жағдайда, құқықты болып табылады. Қайта шақырылған кредиторлар жиналысы, кредиторлар жиналысының өткізілетін уақыты мен орны туралы кредиторлар тиісті түрде хабардар етілген жағдайда, оған кредиторлар жиналысы шешім қабылдаған кезде дауыс беру құқығы бар кредиторлар даусының жалпы санының кемінде жиырма бес пайызын құрайтын дауыс санына ие кредиторлар қатысқан жағдайда, құқықты болып табылады.

3. Осы Заңның 26-1 және 26-2-баптарында көзделген жағдайларды қоспағанда, кредиторлар жиналысының шешімдері, сырттай дауыс беретіндерді қоса алғанда, кредиторлар жиналысына қатысатын кредиторлардың дауыс санының көпшілік даусымен қабылданады.

Әкімші кредиторлардың шешімдер қабылдауы үшін әрбір кредитордың дауыс санын "талаптардың бір теңгесі – бір дауыс" қағидаты бойынша айқындайды.

Егер осы тармақта өзгеше белгіленбесе, тұрақсыздық айыбы (айыппұлдар, өсімпұл), жіберіп алған пайда түріндегі залалдар, сондай-ақ өзге де мүліктік және (немесе) қаржылық санкциялар кредиторлар жиналысында дауыс санын айқындау мақсаттары үшін есепке алынбайды.

Кредиторлар жиналысында дауыс санын айқындау мақсаттары үшін кредиторлардың тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл), жіберіп алған пайда түріндегі залалдар, сондай-ақ өзге де мүліктік және (немесе) қаржылық санкциялар бөлігіндегі талаптары:

1) кредиторлар жиналысы шешім қабылдаған кезде дауыс беру құқығы бар кредиторлардың талаптары толық көлемде қанағаттандырылған;

2) кредиторлардың талаптар тізілімі тек қана тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеу, жіберіп алған пайда түріндегі залалдарды өтеу бөлігіндегі талаптардан, сот шешімі бойынша өзге де мүліктік және (немесе) қаржылық санкциялардан қалыптастырылған жағдайларда есепке алынады.

Кредитор талаптарының қанағаттандырылуына қарай оның дауыс саны қанағаттандырылған талаптар сомасына азаяды.

4. Кредиторлар жиналысы шешімдер қабылдаған кезде:

1) осы Заңның 72-бабының 3-тармағына немесе 90-бабының 4-тармағына сәйкес дауыс беру құқығынан айырылған кредиторлардың;

2) қалған кредиторлардың талаптары толық қанағаттандырылғанға дейін борышкерге қатысты үлестес тұлғалар болып табылатын кредиторлардың дауыс беру құқығы жоқ.

Жиналыс шешім қабылдаған кезде кредиторлардың дауысын айқындау мақсаттары үшін кредитор дауыс беруден бас тартқан жағдайда, ол кредиторлар жиналысына қатысып отыр деп есептелмейді.

Кредитор кредиторлар жиналысына дәлелді себепсіз екі рет келмеген жағдайда, мұндай кредитордың дауыс саны кредиторлар жиналысының құқықтылығын айқындау кезінде есепке алынбайды.

Растайтын құжат болған кезде:

1) кредитордың не оның уәкілетті өкілінің еңбекке уақытша жарамсыздығы;

2) кредитордың не оның уәкілетті өкілінің кредиторлар жиналысына қатысуына кедергі келтіретін төтенше жағдайдың туындауы;

3) кредиторлар жиналысының шешімімен өзге де себеп дәлелді себеп ретінде танылады.

5. Борышкер немесе әкімші кредиторлар жиналысы ашылғанға дейін жиналысқа қатысушыларды тіркеуді жүргізеді.

Кредиторлар жиналысының шешімдері хаттамамен ресімделеді.

Кредиторлар жиналысының отырысын қатысып отырған кредиторлар арасынан сайланған төрағалық етуші жүргізеді. Хаттаманы қатысып отырған кредиторлар арасынан сайланатын хатшы жүргізеді. Төраға мен хатшы қарапайым көпшілік дауыспен сайланады. Хаттамаға төрағалық етуші, әкімші, хатшы жиналыс өткізілген күні қол қояды және ол борышкердің мөрімен (ол болған кезде) куәландырылады.

Кредиторлар жиналысының хаттамасы үш данада жасалады, олардың біреуі – оған қол қойылғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде уәкілетті органға, екіншісі кредиторлар комитетіне беріледі, үшіншісі әкімшіде қалады.

Кредиторлар жиналысының хаттамасына:

жиналысқа қатысушыларды тіркеу ведомосының;

жиналысқа қатысушыларға танысу және (немесе) бекіту үшін ұсынылған материалдардың;

кредиторлар жиналысының өткізілетін күні мен орны туралы кредиторлардың тиісінше хабардар етілгенін куәландыратын құжаттардың;

борышкердің немесе әкімшінің ұйғаруы бойынша өзге де құжаттардың көшірмелері қоса берілуге тиіс.";

3) мынадай мазмұндағы 26-1 және 26-2-баптармен толықтырылсын:

"26-1-бап. Оңалту жоспарын келісу

1. Оңалту жоспарын келісу кезінде кредиторлар жиналысы оған талаптары екінші және төртінші кезектер құрамында жеке қанағаттандырылуға жататын кредиторлардың дауыс санының елу пайызынан астамын құрайтын дауыс санына ие кредиторлар қатысқан жағдайда құқықты болады.

2. Оңалту жоспары, егер бір мезгілде:

1) екінші кезектегі кредиторлар дауыс санының көпшілік даусы;

2) төртінші кезектегі кредиторлар дауыс санының көпшілік даусы оған дауыс берсе, келісілді деп есептеледі.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) және 2) тармақшаларында көзделген бір немесе екі шарт орындалмаған жағдайда, оңалту жоспары келісілмеді деп есептеледі.

26-2-бап. Оңалту жоспарына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу

1. Оңалту жоспарына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізуді келісу кезінде кредиторлар жиналысы оған талаптары мұндай кредиторлармен бір кезек құрамында және (немесе) келесі кезектер құрамында қанағаттандырылуға жататын, талаптары әрбір кезек құрамында жеке қанағаттандырылуға жататын кредиторлар дауыс санының елу пайызынан астамын құрайтын дауыс санына ие кредиторларды қоса алғанда, мүдделерін оңалту жоспарына енгізілетін өзгерістер және (немесе) толықтырулар қозғайтын кредиторлар қатысқан жағдайда құқықты болады.

2. Кредиторлар жиналысының оңалту жоспарына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізуді келісу туралы шешімін, егер оған әрбір кезек бойынша көпшілік дауыспен жеке дауыс берілсе, талаптары мұндай кредиторлармен бір кезек құрамында және (немесе) келесі кезектер құрамында қанағаттандырылуға жататын кредиторларды қоса алғанда, мүдделерін жоспарға енгізілетін өзгерістер және (немесе) толықтырулар қозғайтын кредиторлар қабылдайды.

3. Осы бапта көзделген шарттар орындалмаған жағдайда, оңалту жоспарына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу келісілмеді деп есептеледі.

4. Оңалту жоспарына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізуді келісу бойынша жеке-жеке дауыс беруде кредиторлардың даусы тең болған кезде кредиторлар жиналысының шешімдері "талаптардың бір теңгесі – бір дауыс" қағидаты бойынша, сырттай дауыс беретіндерді қоса алғанда, кредиторлар жиналысына қатысатын кредиторлардың жалпы дауыс санының көпшілік даусымен қабылданады.";

4) 28-3-бап мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. Егер төлем қабілетсіздігін реттеу туралы келісім жасалған кезде мемлекеттік орган кредиторлардың бірі болып әрекет етсе, төлем қабілетсіздігін реттеу туралы келісім мұндай мемлекеттік орган алдында берешекті бөліп өтеу шарттарымен келісім бекітілген күннен бастап үш жылдан аспайтын мерзімге жасалуы мүмкін.

Салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша берешек осы тармақтың бірінші бөлігінің талаптары сақталған жағдайда, банкроттың және (немесе) үшінші тұлғаның мүлкін кепілге салу арқылы және (немесе) банктің кепілдігімен өтеледі.

Кепілге берілетін мүлік өтімді, жоғалудан немесе бүлінуден сақтандырылған болуға тиіс және оның нарықтық құны салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша берешек сомасынан кем болмауға тиіс. Мыналар:

- 1) тіршілікті қамтамасыз ету объектілері;
 - 2) энергияның электр, жылу және өзге де түрлері;
 - 3) тыйым салынған мүлік;
 - 4) мемлекеттік органдар салған шектеулері бар мүлік;
 - 5) үшінші тұлғалардың құқықтарымен ауыртпалық салынған мүлік;
 - 6) тез бұзылатын шикізат, тамақ өнімдері кепіл нысанасы болмайды.";
- 5) 48-бапта:

1-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Іс қозғау туралы ұйғарым мүлікке құқықтарды тіркеуді жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың және өзге де органдардың, сондай-ақ "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясының осы Заңның 50-бабының 1-тармағында көзделген шектеулерді қолдану жөніндегі міндетін қамтуға тиіс.";

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Іс қозғау туралы сот ұйғарымының көшірмелерін сот борышкерге, өтініш берушіге, уәкілетті органға, мүлікке құқықтарды тіркеуді жүзеге асыратын мемлекеттік органдарға және өзге де органдарға, сондай-ақ "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясына, борышкер тұрған жердегі жеке сот орындаушыларының өңірлік палатасына және аумақтық әділет органына жібереді.";

6) 73-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Оңалту шаралары санацияны, электрондық аукцион өткізу жолымен мүлікті (активтерді) сатуды, қаржы лизингін, борышкердің талап ету құқықтарын басқаға беруді, факторингті, реверсивті факторингті, борыштың бір бөлігін кешіруді, өсімпұлдар мен айыппұлдарды есептен шығаруды, борыштарды акцияларға алмастыруды, бітімгершілік келісімін жасасуды және басқаларды қоса алғанда, борышкердің төлем қабілеттілігін қалпына келтіруге бағытталған кез келген

ұйымдастырушылық-шаруашылық, техникалық, қаржы-экономикалық, құқықтық және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де іс-шараларды қамтуы мүмкін.

Осы Заңның мақсаттары үшін қаржы лизингі деп өзіне қатысты оңалту рәсімі қолданылған борышкер, лизинг беруші және лизинг нысанасын сатушы арасында жасалған үшжақты шарт түсініледі, мұнда лизинг беруші сатушыдан меншікке сатып алынған және шартта келісілген лизинг нысанасын борышкерге белгілі бір төлемақыға және белгілі бір шарттарда кемінде үш жыл мерзімге уақытша иеленуге және пайдалануға беруге міндеттенеді.";

7) 75-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы 10-1) тармақшамен толықтырылсын:

"10-1) қаржы лизингі шартын жасасуға келісім беру;"

8) 76-бап мынадай мазмұндағы 4-1) және 4-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"4-1) дебиторлық берешекті сату немесе факторинг шартын жасасу туралы шешім қабылдайды;

4-2) оңалтуды басқарушының реверсивті факторинг шартын жасасуына келісім береді;"

9) 89-баптың 2-тармағында:

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"5) кредиторлар комитеті дебиторлық берешекті сату немесе факторинг шартын жасасу туралы шешім қабылдаған жағдайларды қоспағанда, банкрот алдында берешегі бар тұлғалар анықталған кезден бастап жеті жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде осындай берешекті сот тәртібімен өндіріп алу туралы талап қоюға;"

мынадай мазмұндағы 5-1) тармақшамен толықтырылсын:

"5-1) хаттамаға қол қойылған кезден бастап жеті жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде реверсивті факторинг шартын жасасуға;"

10) 90-баптың 3-тармағы мынадай мазмұндағы төртінші, бесінші және алтыншы бөліктермен толықтырылсын:

"Егер кредиторлардың мәлімдеген талаптары бойынша сыйақы (мүдде), тұрақсыздық айыбы және өзге де айыппұл санкциялары есепке жазылған, залалдар өндіріп алынған болса, онда мұндай кредиторлар борышкер банкрот деп танылғаннан кейін күнтізбелік он бес күн ішінде сыйақыны (мүддені), тұрақсыздық айыбын және өзге де айыппұл санкцияларын, залалдарды ескере отырып, өзінің талаптарын қайта мәлімдейді.

Кредиторлар талаптың негізі мен сомасын растайтын өзге құжаттарды ұсынуға да құқылы.

Кредиторлардың шетел валютасында көрсетілген талаптары сот борышкерді банкрот деп тану және оны банкроттық рәсімін қозғай отырып тарату туралы шешім қабылдаған кезге Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген бағам бойынша теңгемен есепке алынады.";

11) 93-баптың 3-тармағы мынадай мазмұндағы 8-1) тармақшамен толықтырылсын:

"8-1) лизинг нысанасын мерзімінен бұрын сатып алу туралы шешім қабылдау;"

12) 94-бап мынадай мазмұндағы 7-1) және 7-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"7-1) дебиторлық берешекті сату немесе факторинг шартын жасасу туралы шешім қабылдайды;

7-2) банкроттықты басқарушының реверсивті факторинг шартын жасасуына келісім береді;"

13) 96-баптың 4-тармағының 9) тармақшасындағы "(жарғылық капиталға қатысу үлестері) енгізілмейді." деген сөздер "(жарғылық капиталға қатысу үлестері);" деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 10) тармақшамен толықтырылсын:

"10) кредиторлар жиналысының лизинг нысанасын мерзімінен бұрын сатып алу туралы шешім қабылдау жағдайын қоспағанда, лизинг нысанасы енгізілмейді.";

14) 112-3-баптың 1-тармағының бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Бітімгершілік келісім жасасу кезінде мемлекеттік орган кредиторлардың бірі болып әрекет еткен жағдайда, бітімгершілік келісім мұндай мемлекеттік орган алдында берешекті өтеуді бөліп төлеу шарттарымен бітімгершілік келісім бекітілген күннен бастап үш жылдан аспайтын мерзімге жасалуы мүмкін."

104. "Азаматтық қорғау туралы" 2014 жылғы 11 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2014 ж., № 7, 36-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 122-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 1, 2-құжат; № 15, 78-құжат; № 19-II, 103, 104-құжаттар; № 20-I, 111-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 23-I, 169-құжат; 2016 ж., № 6, 45-құжат; № 7-II, 53, 56-құжаттар, 2017 ж., № 11, 29-құжат; № 23-V, 113-құжат):

1) 1-баптың 29) тармақшасы алып тасталсын;

2) 12-баптың 1-тармағында:

33) және 63) тармақшалар алып тасталсын;

70-15), 70-17) және 70-29) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"70-15) құтқарушыларды аттестаттау және қайта аттестаттау қағидаларын бекітеді;"

;

"70-17) мемлекеттік емес өртке қарсы қызметтерге қойылатын рұқсат беру талаптарын бекітеді;"

"70-29) сараптама ұйымдарына қойылатын рұқсат беру талаптарын бекітеді;"

мынадай мазмұндағы 70-37) тармақшамен толықтырылсын:

"70-37) мемлекеттік емес өртке қарсы қызметтерді аттестаттау қағидаларын бекітеді";

3) 16-бапта:

2-тармақтың 8) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"8) өртке қарсы қызметке туындаған өрт туралы, жолдар мен кірме жолдар жай-күйінің өзгеруі туралы дереу хабарлауға;"

3-тармақтың 18) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"18) кәсіби авариялық-құтқару қызметтерімен және құралымдарымен Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызмет көрсетуге арналған шарттар жасасуға немесе осы ұйымдардың қауіпті өндірістік объектілеріне қызмет көрсетуі үшін объектілік кәсіби авариялық-құтқару қызметтері мен құралымдарын құруға;"

4) 25-баптың 2 және 3-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қазақстан Республикасының Үкіметі азаматтық қорғау саласында шұғыл медициналық және психологиялық көмек, өртке қарсы-құтқару, жедел-құтқару, суда-құтқару, авиациялық-құтқару қызметтерін және өзге де мамандандырылған қызметтер мен құралымдарды құрады.

3. Қауіпті өндірістік объектілерді пайдаланатын ұйымдардың басшылары объектілік кәсіби авариялық-құтқару қызметтері мен құралымдарын құруға құқылы.";

5) 27-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"27-бап. Құтқарушыларды аттестаттау

1. Құтқарушылар аттестаттауға және қайта аттестаттауға жатады.

2. Құтқарушыларды аттестаттау:

1) олардың авариялық-құтқару жұмыстарын орындауға әзірлік дәрежесін;

2) құтқарушылардың кәсіби машығына, медициналық даярлығына, дене, психологиялық және моральдық әзірлігіне сәйкестігін айқындау мақсатында өткізіледі.

3. Құтқарушылар бастапқы, қайта, кезеңдік және кезектен тыс аттестаттауға жатады

:

1) бастапқы аттестаттауға құтқарушы боламын деп шешкен азаматтар жатады;

2) қайта аттестаттау құтқарушылар қызметін қайтадан бастау үшін алдыңғы аттестаттауда анықталған барлық кемшіліктер жойылғаннан кейін өткізіледі;

3) құтқарушыларды кезеңдік аттестаттау үш жылда бір рет өткізіледі;

4) құтқарушыларды кезектен тыс аттестаттау олар орындайтын құтқару жұмыстарының түрі немесе түрлері өзгерген жағдайда өткізіледі.

4. Аттестаттауды уәкілетті орган айқындаған тәртіппен құрылатын аттестаттау комиссиялары өткізеді.

"Халықаралық сыныптағы құтқарушы" деген сыныптық біліктілікті уәкілетті органның аттестаттау комиссиясы құтқарушыларға олар жұмыс істейтін авариялық-құтқару құралымының ведомстволық бағыныстылығына қарамастан береді."

6) 28-бап алып тасталсын;

7) 36-бапта:

3 және 4-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Азаматтық қорғау саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалау тексеру және профилактикалық бақылау нысанында жүзеге асырылады.

4. Тексерулер мен профилактикалық бақылаудың түрлері және оларды жүргізу тәртібі Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес айқындалады.";

5-тармақ алып тасталсын;

8) 76-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Декларация әзірлеуді қауіпті өндірістік объектіні пайдаланатын ұйым дербес не декларация әзірлеу құқығына аттестатталған бөгде ұйым жүзеге асырады.";

9) 79-баптың 8-тармағының екінші бөлігі алып тасталсын.

105. "Жол жүрісі туралы" 2014 жылғы 17 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2014 ж., № 8, 43-құжат; № 16, 90-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 122-құжат; № 22, 131-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 9, 46-құжат; № 16, 79-құжат; № 19-I, 101-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 22-II, 144-құжат; 2016 ж., № 6, 45-құжат; 2017 ж., № 11, 29-құжат; № 14, 49-құжат; № 23-III, 111-құжат):

1) 10-баптың 6-1) тармақшасы алып тасталсын;

2) 21-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Жол жүрісі саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалауды уәкілетті мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде белгіленген өз құзыреті шегінде тексеру және профилактикалық бақылау нысанында жүзеге асырады.";

3) 38-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Жолдардың жүру бөлігіндегі жол және басқа да жұмыстар, оның ішінде авариялық-құтқару жұмыстары уәкілетті орган мен автомобиль жолдарын басқарушыға хабарлама берілгеннен кейін жүзеге асырылуға тиіс.

Жол және басқа да жұмыстардың, оның ішінде авариялық-құтқару жұмыстарының жүргізілетіні туралы хабарламаны жұмыстарды жүргізуші жұмыстар жүргізілетін учаске, жұмыстардың мерзімдері және байланыс деректері (мекенжай мен телефон) туралы ақпаратты көрсете отырып жібереді.";

4) 92-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"92-бап. Міндетті техникалық қарап тексеруді ұйымдастыру және одан өткізу тәртібінің сақталуына мемлекеттік бақылау

Техникалық қарап тексеру операторларының механикалық көлік құралдары мен олардың тіркемелерін міндетті техникалық қарап тексеруді ұйымдастыру және одан өткізу тәртібін сақтауына мемлекеттік бақылау Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес тексеру және профилактикалық бақылау нысанында жүзеге асырылады."

106. "Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы" 2014 жылғы 23 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2014 ж., № 8, 48-құжат; № 16, 90-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 23, 143-

құжат; 2015 ж., № 1, 2-құжат; № 16, 79-құжат; № 21-I, 125-құжат; 2016 ж., № 6, 45-құжат; № 24, 129, 131-құжаттар; 2017 ж., № 8, 16-құжат; № 14, 50-құжат; 2018 жылғы 18 сәуірде "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне халықтың жұмыспен қамтылуы және көші-қон мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2018 жылғы 16 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы):

6-баптың 1-тармағының 25) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"25) жеке және заңды тұлғалардың азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондары, азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдар, есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар айналымының белгіленген қағидаларын сақтауын бақылауды тексерулер және профилактикалық бақылау нысанында жүзеге асыруға;"

107. "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" 2014 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2014 ж., № 9, 51-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 2, 3-құжат; № 8, 45-құжат; № 9, 46-құжат; № 11, 57-құжат; № 16, 79-құжат; № 19-II, 103-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 21-I, 128-құжат; № 21-III, 135-құжат; № 22-II, 144, 145-құжат; № 22-V, 156, 158-құжат; № 22-VI, 159-құжат; № 23-I, 169-құжат; 2016 ж., № 1, 2, 4-құжаттар; № 6, 45-құжат; № 7-I, 50-құжат; № 7-II, 53-құжат; № 8-I, 62-құжат; № 8-II, 68-құжат; № 12, 87-құжат; 2017 ж., № 1-2, 3-құжат; № 4, 7-құжат; № 9, 21, 22-құжаттар; № 11, 29-құжат; № 12, 34-құжат; № 23-III, 111-құжат; № 23-V, 113-құжат; № 24, 115-құжат):

1) кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Осы Заң жеке кәсіпкерлік субъектілерінің және осы Заңда көзделген басқа да тұлғалардың жекелеген қызмет түрлерін немесе әрекеттерді жүзеге асыруына рұқсат беру немесе хабарлама жасау тәртібін енгізуге және іске асыруға байланысты қоғамдық қатынастарды реттейді.";

2) 1-бапта:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтерді, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға арналған техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерді және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтерін көрсету, "бір терезе" қағидаты бойынша мемлекеттік қызметтерді, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға арналған техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерді, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтерін көрсетуге өтініштер қабылдау және көрсетілетін қызметті алушыға олардың нәтижелерін беру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру, сондай-ақ электрондық нысанда мемлекеттік қызметтер көрсетуді қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған, орналасқан жері бойынша

жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын заңды тұлға
".

мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

"1-1) ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган – ақпараттандыру және " электрондық үкімет" саласында басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;"

27-1) тармақша алып тасталсын;

3) 18-баптың 2 және 6-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Рұқсат беру немесе хабарлама жасау тәртібін енгізу үшін реттеуші мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес реттеушілік әсерді талдау рәсімін алдын ала жүргізуге тиіс.";

"6. Мемлекеттік реттеу мақсаттарына қол жеткізілмеген жағдайда рұқсат беру немесе хабарлама жасау тәртібінің күші жойылуға жатады.

Рұқсат беру немесе хабарлама жасау тәртібінің күшін жою осы Заңға 1, 2 және 3-қосымшаларда көзделген рұқсаттар мен хабарламалар тізбелерінен рұқсатты немесе хабарламаны алып тастау арқылы жүзеге асырылады және жеке немесе заңды тұлғаның қызметті немесе әрекетті (операцияны) рұқсаты болмай-ақ немесе хабарлама жібермей-ақ жүзеге асыру құқығына алып келеді.";

4) 19-бап алып тасталсын;

5) 22-баптың 2-тармағының 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) рұқсат беру кезінде конкурс немесе алқалы қарау рәсімдерінің қолдануға келетіні туралы;"

6) 32-баптың 1-тармағы бірінші бөлігінің 6) тармақшасындағы "тыйым салған жағдайларда жүзеге асырылады." деген сөздер "тыйым салған;" деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 7) тармақшамен толықтырылсын:

"7) өтініш беруші лицензия алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) анық еместігі анықталған жағдайларда жүзеге асырылады.";

7) 33-баптың 3-тармағының 3-1) тармақшасы алып тасталсын;

8) 35-бап мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

"4. Осы баптың 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның қолданысы тоқтатылған кезден бастап, лицензиялық қызмет тоқтатылатын жыл үшін лицензиялық алым төлеуді қоса алғанда, Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жыл сайынғы лицензиялық алым төлеу жөніндегі барлық міндеттемелер тоқтатылады.";

9) 45-бап мынадай мазмұндағы 1-1, 6, 7 және 8-тармақтармен толықтырылсын:

"1-1. Лицензиат немесе екінші санаттағы рұқсатты иеленуші болып табылатын жеке немесе заңды тұлғаның рұқсат беру органына ерікті түрде өтініш жасауы рұқсаттың және (немесе) рұқсатқа қосымшаның қолданысын тоқтата тұруға негіз бола алады.";

"6. Лицензиаттың, екінші санаттағы рұқсатты иеленушінің ерікті түрде өтініш жасауына байланысты рұқсаттың және (немесе) рұқсатқа қосымшаның қолданысы тоқтатыла тұрған кезден бастап Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жыл сайынғы лицензиялық алымды немесе төлемді төлеу жөніндегі барлық міндеттемелер тоқтатылады.

7. Осы баптың 1-1-тармағында көзделген негіз бойынша тоқтатыла тұрған рұқсаттың және (немесе) рұқсатқа қосымшаның қолданысын қайта бастау лицензиаттың немесе екінші санаттағы рұқсатты иеленушінің рұқсат беру органына өтініш жасауы бойынша жүзеге асырылады.

Рұқсат беру органы осы өтініштің негізінде үш жұмыс күні ішінде рұқсаттың және (немесе) рұқсатқа қосымшаның қолданысын қайта бастау туралы шешім қабылдайды.

8. Рұқсаттың және (немесе) рұқсатқа қосымшаның қолданысын қайта бастау туралы шешім қабылданған кезден бастап лицензиат, екінші санаттағы рұқсатты иеленуші үшін Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жыл сайынғы лицензиялық алымды немесе төлемді төлеу жөніндегі міндеттемелер қайта басталады.";

10) 51-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"51-бап. Хабарламалар бойынша бақылау және рұқсаттық бақылау

1. Рұқсаттық бақылау Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес тексеру және профилактикалық бақылау нысанында жүзеге асырылады.

2. Рұқсат және (немесе) рұқсатқа қосымша берілгенге дейін өтініш берушінің біліктілік немесе рұқсат беру талаптарына сәйкестігін рұқсаттық бақылау бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау тәртібімен жүзеге асырылады, оның нәтижелері бойынша өтініш берушінің біліктілік немесе рұқсат беру талаптарына сай келуі немесе сай келмеуі туралы шешім қабылданады (қорытынды жасалады).

3. Лицензиаттардың және екінші санаттағы рұқсаттарды иеленушілердің рұқсат және (немесе) рұқсатқа қосымша берілгеннен кейін (қызметті жүзеге асыру процесінде) Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасын сақтауын рұқсаттық бақылау Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне және "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес тексерулер және профилактикалық бақылау арқылы жүзеге асырылады.

4. Хабарламаны алғаннан кейін мемлекеттік орган Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне және "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес бақылау мен қадағалау қызметін жүзеге асыру процесінде өтініш берушінің Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтарында, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулыларында немесе Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілерінде қызметті жүзеге асыру үшін белгіленген талаптарды сақтауын дербес тексереді.";

11) 1-қосымшада:

17, 19, 20, 22, 23, 26 және 27-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"

| | | | | |
|-----|--|--|--|---|
| 17. | | Атом энергиясы пайдаланылатын объектілердің өмірлік цикл кезеңдеріне байланысты жұмыстарды орындауға арналған лицензия | 1. Ядролық қондырғыларды, радиоактивті қалдықтардың сақтау қоймаларын салу. | Иеліктен шығарылмайтын; лицензияның қолданылу мерзімі – 5 жыл; лицензия беру кезінде осы Заңның 25-бабы 3-тармағы бірінші бөлігінің және 26-бабы 1, 2-тармақтарының күші қолданылмайды; 1-сынып |
| | | | 2. Ядролық қондырғыларды, радиоактивті қалдықтардың сақтау қоймаларын пайдалану. | |
| | | | 3. Ядролық қондырғыларды, радиоактивті қалдықтардың сақтау қоймаларын пайдаланудан шығару. | |
| | | | 4. Ядролық қондырғыларды орналастыру, салу, пайдаланудан шығару кезінде жұмыстарды және жобаларды басқару. | |

".

"

| | | | |
|-----|--|--|---------------------------------|
| 19. | Ядролық және радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге жауапты персоналды арнайы даярлау жөніндегі қызметке арналған лицензия | | Иеліктен шығарылмайтын; 1-сынып |
| 20. | Бұрынғы ядролық сынақ полигондары аумақтарындағы және жүргізілген ядролық сынақтар салдарынан ластанған басқа да аумақтардағы қызметке арналған лицензия | | Иеліктен шығарылмайтын; 1-сынып |

".

"

| | | | |
|--|--|--|--|
| | | | |
|--|--|--|--|

22.

Иондандырушы сәулеленуді генерациялайтын аспаптармен және қондырғылармен жұмыс істеуге арналған лицензия

Иондандырушы сәулеленуді генерациялайтын аспаптарды және қондырғыларды дайындау.

2. Иондандырушы сәулеленуді генерациялайтын аспаптарды және қондырғыларды пайдалану.

"Иондандырушы сәулеленуді генерациялайтын аспаптарды және қондырғыларды дайындау" кіші түрі үшін , "иондандырушы сәулеленуді генерациялайтын аспаптарды және қондырғыларды пайдалану" (қол жүгі мен багажды жете тексеруге арналған рентген жабдықтары, рентгендік дифрактометрлерді, спектрометрлерді, талдағыштарды қоспағанда) кіші түрі үшін – иеліктен шығарылмайтын; лицензияның қолданылу мерзімі – 5 жыл; лицензия беру кезінде осы Заңның 25-бабы 3-тармағы бірінші бөлігінің және 26-бабы 1, 2-тармақтарының күші қолданылмайды; 1-сынып.
"Иондандырушы сәулеленуді генерациялайтын аспаптарды және қондырғыларды пайдалану" (қол жүгі мен багажды жете тексеруге арналған рентген жабдықтарын, рентгендік дифрактометрлерді, спектрометрлерді, талдағыштарды қоспағанда) кіші түрі үшін - иеліктен шығарылмайтын; 1-сынып

1. Радиоактивті заттарды, құрамында радиоактивті заттар бар аспаптарды және қондырғыларды дайындау

2. Радиоактивті заттарды, құрамында радиоактивті

| | | | |
|-----|---|---|---|
| 23. | Радиоактивті заттармен, құрамында радиоактивті заттар бар аспаптармен және қондырғылармен жұмыс істеуге арналған лицензия | заттар бар аспаптарды және қондырғыларды пайдалану. | Иеліктен шығарылмайтын; лицензияның қолданылу мерзімі 5 жыл; лицензия беру кезінде осы Заңның 25-бабы 3-тармағы бірінші бөлігінің және 26-бабы 1, 2-тармақтарының күші қолданылмайды; 1-сынып |
| | | 3. Радиоактивті заттарды, құрамында радиоактивті заттар бар аспаптарды және қондырғыларды сақтау. | |
| | | 4. Радиоактивті заттарды, құрамында радиоактивті заттар бар аспаптарды және қондырғыларды өткізу. | |
| | | 5. Табиғи уранды өндіру және қайта өңдеу. | |

"
,
"

| | | | |
|-----|---|-------------------------------------|---|
| 26. | Ядролық материалдармен жұмыс істеуге арналған лицензия | Ядролық материалдарды өткізу. | Иеліктен шығарылмайтын; лицензияның қолданылу мерзімі 5 жыл; лицензия беру кезінде осы Заңның 25-бабы 3-тармағы бірінші бөлігінің және 26-бабы 1, 2-тармақтарының күші қолданылмайды; 1-сынып |
| | | 2. Ядролық материалдарды пайдалану. | |
| 27. | Ақпаратты криптографиялық қорғау құралдарын әзірлеуге арналған лицензия | 3. Ядролық материалдарды сақтау. | Иеліктен шығарылмайтын; 1-сынып |
| | | | |

"
,

12) 2-қосымшада:

4, 5, 6 және 87-4-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"

| | | | |
|----|---|---|--|
| 4. | Нарық субъектісін бірігу немесе қосылу жолымен қайта ұйымдастыру бойынша экономикалық шоғырлануға келісу туралы өтінішхатты қарау | Нарық субъектісін бірігу немесе қосылу жолымен қайта ұйымдастыру бойынша экономикалық шоғырлануға келісу (тыйым салу) туралы монополияға қарсы органның бұйрығы | |
| | Егер сатып алуға дейін тұлға (тұлғалар тобы) нарық субъектісінің акцияларына (жарғылық капиталға қатысу | Егер сатып алғанға дейін тұлға (тұлғалар тобы) нарық субъектісінің акцияларына (жарғылық капиталға қатысу үлестеріне, пайларына) | |

| | | | |
|----|---|---|--|
| 5. | <p>үлестеріне, пайларына) билік етпесе немесе аталған нарық субъектісінің дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің, пайларының) жиырма бес немесе одан аз пайызына билік етсе, мұндай тұлға (тұлғалар тобы) көрсетілген акциялардың (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің, пайлардың) жиырма бес пайызынан астамына билік етуге құқық алатын мұндай тұлғаның (тұлғалар тобының) осы нарық субъектісінің дауыс беретін акцияларын (жарғылық капиталға қатысу үлестерін, пайларын) сатып алуы бойынша экономикалық шоғырлануға келісу туралы өтінішхатты қарау</p> | <p>билік етпесе немесе аталған нарық субъектісінің дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің, пайларының) жиырма бес немесе одан аз пайызына билік етсе, мұндай тұлға (тұлғалар тобы) көрсетілген акциялардың (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің, пайлардың) жиырма бес пайызынан астамына билік етуге құқық алатын мұндай тұлғаның (тұлғалар тобының) осы нарық субъектісінің дауыс беретін акцияларын (жарғылық капиталға қатысу үлестерін, пайларын) сатып алуы бойынша экономикалық шоғырлануға келісу (тыйым салу) туралы монополияға қарсы органның бұйрығы</p> | |
| 6. | <p>Егер мәміле (өзара байланысты мәмілелер) нысанасын құрайтын мүліктің баланстық құны мүлікті иеліктен шығаратын немесе беретін нарық субъектісінің негізгі өндірістік құралдарының және материалдық емес активтерінің баланстық құнының он пайызынан асып түссе, нарық субъектісінің (тұлғалар тобының) басқа нарық субъектісінің негізгі өндірістік құралдарын және (немесе) материалдық емес активтерін меншікке алуы, иеленуі және пайдалануы, оның ішінде жарғылық капиталды төлеу (беру) есебіне</p> | <p>Егер мәміле (өзара байланысты мәмілелер) нысанасын құрайтын мүліктің баланстық құны мүлікті иеліктен шығаратын немесе беретін нарық субъектісінің негізгі өндірістік құралдарының және материалдық емес активтерінің баланстық құнының он пайызынан асып түссе, нарық субъектісінің (тұлғалар тобының) басқа нарық субъектісінің негізгі өндірістік құралдарын және (немесе) материалдық емес активтерін меншікке алуы, иеленуі және пайдалануы, оның ішінде жарғылық капиталды төлеу (беру) есебіне меншікке алуы, иеленуі</p> | |

| | | | |
|--|---|--|--|
| | меншікке алуы, иеленуі және пайдалануы бойынша экономикалық шоғырлануға келісу туралы өтінішхатты қарау | және пайдалануы бойынша экономикалық шоғырлануға келісу (тыйым салу) туралы монополияға қарсы органның бұйрығы | |
|--|---|--|--|

"
,
"

| | | | |
|-------|--|---|---------------------------|
| 87-4. | Ядролық, радиациялық және ядролық физикалық қауіпсіздік сараптамасын жүзеге асыратын ұйымдарды аккредиттеу | Ядролық, радиациялық және ядролық физикалық қауіпсіздік сараптамасын жүзеге асыратын ұйымды аккредиттеу туралы куәлік | Қолданылу мерзімі – 3 жыл |
|-------|--|---|---------------------------|

"
,

мынадай мазмұндағы 87-11-жолмен толықтырылсын:

"

| | | | |
|--------|--|---|--|
| 87-11. | Ақпаратты криптографиялық қорғау құралдарын өткізуге (оның ішінде өзгеше беруге) рұқсат беру | Ақпаратты криптографиялық қорғау құралдарын өткізуге (оның ішінде өзгеше беруге) рұқсат | Ақпаратты криптографиялық қорғау құралдарын әзірлеу жөніндегі қызметке лицензиясы бар тұлғаларға ақпаратты криптографиялық қорғау құралдарын өткізуге (оның ішінде өзгеше беруге) рұқсат алу талап етілмейді. Еуразиялық экономикалық комиссияның ресми интернет-ресурсында орналастырылған нотификациялардың бірыңғай тізіліміне енгізілген ақпаратты криптографиялық қорғау құралдарын (тауарларды) өткізуге (оның ішінде өзгеше беруге) рұқсат алу талап етілмейді |
|--------|--|---|--|

"
,

140, 338 және 339-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"

| | | | |
|------|-----------------------------------|-----------------------------|--|
| 140. | Сәулет-жоспарлау тапсырмасын беру | Сәулет-жоспарлау тапсырмасы | |
|------|-----------------------------------|-----------------------------|--|

"
,
"

| | | | |
|--|--|--|--|
| | | | |
|--|--|--|--|

| | | | |
|------|---------------------------------|--|---|
| 338. | Сот сарапшысы біліктілігін беру | Сот сараптамасының белгілі бір түрін жүргізу құқығын беретін сот сарапшысының біліктілік куәлігі | Конкурс немесе алқалы қарау рәсімі қолдануға келеді |
| 339. | Сот сарапшысын аттестаттау | Аттестаттау комиссиясының қорытындысы | Конкурс немесе алқалы қарау рәсімі қолдануға келеді |

";

342-жолдың 4-бағанындағы "Конкурс рәсімі қолдануға келеді" деген сөздер "Конкурс немесе алқалы қарау рәсімі қолдануға келеді" деген сөздермен ауыстырылсын;

343, 345, 347, 347-1, 347-2, 347-3, 351, 352, 353, 362, 363, 364, 365 және 369-1-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"

| | | | |
|------|---|---|---|
| 343. | Кемелердің командалық құрамының адамдарын аттестаттау | Кемелердің командалық құрамының адамдары үшін аттестаттаудан өткені туралы анықтама | Конкурс немесе алқалы қарау рәсімі қолдануға келеді |
|------|---|---|---|

";

"

| | | | |
|------|--|---|---|
| 345. | Кеме жүргізушілерді өздігінен жүретін шағын көлемді кемеі басқару құқығына аттестаттау | Өздігінен жүретін шағын көлемді кемеі басқару құқығына куәлік | Конкурс немесе алқалы қарау рәсімі қолдануға келеді |
|------|--|---|---|

";

"

| | | | |
|--------|--|--|---|
| 347. | Сарапшыларды сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы сараптама жұмыстарын және инжинирингтік көрсетілетін қызметтерді жүзеге асыру құқығына аттестаттау | Сарапшының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы сараптама жұмыстарын және инжинирингтік көрсетілетін қызметтерді жүзеге асыру құқығына аттестаты | Конкурс немесе алқалы қарау рәсімі қолдануға келеді |
| 347-1. | Құрылыс және жобалау ұйымдарының инженер-техникалық жұмыскерлерін аттестаттау жөніндегі мемлекеттік емес аттестаттау орталықтарын аккредиттеу | Аккредиттеу туралы куәлік | Рұқсаттың қолданылу мерзімі 2 жыл; конкурс немесе алқалы қарау рәсімі қолдануға келеді |
| | Тапсырыс берушінің функцияларын жүзеге асыру және құрылыс объектілерін іске асыру | | Рұқсаттың қолданылу мерзімі 2 жыл; |

| | | | |
|--------|--|---------------------------|---|
| 347-2. | үшін құрылыс жобаларын басқару жөніндегі инжинирингтік компанияларды аккредиттеу | Аккредиттеу туралы куәлік | конкурс немесе алқалы қарау рәсімі қолдануға келеді |
| 347-3. | Ғимараттар мен құрылысжайлардың сенімділігін және орнықтылығын техникалық қадағалауды және техникалық зерттеп-қарауды жүзеге асыратын заңды тұлғаларды аккредиттеу | Аккредиттеу туралы куәлік | Рұқсаттың қолданылу мерзімі 2 жыл; конкурс немесе алқалы қарау рәсімі қолдануға келеді |

";
";
"

| | | | |
|------|---|--|---|
| 351. | Сот-медицина, сот-психиатрия, сот-наркологи́я сарапшыларын аттестаттау | Аттестаттау куәлігі | Конкурс немесе алқалы қарау рәсімі қолдануға келеді |
| 352. | Клиникалық практикаға жіберу үшін біліктілік санаты берілмеген маман сертификатын беру | Клиникалық практикаға жіберу үшін біліктілік санаты берілмеген маман сертификаты | Конкурс немесе алқалы қарау рәсімі қолдануға келеді |
| 353. | Сот-медицина, сот-психиатрия және сот-наркологи́я сараптамаларының белгілі бір түрін жүргізу құқығына біліктілік беру | Сот сараптамасының белгілі бір түрін жүргізу құқығына біліктілік куәлігі | Конкурс немесе алқалы қарау рәсімі қолдануға келеді |

";
";
"

| | | | |
|------|---|--|---|
| 362. | Мүлікті (зияткерлік меншік объектілерін, материалдық емес активтер құнын қоспағанда) бағалау жөніндегі қызметті жүзеге асыру құқығына біліктілік емтиханын өткізу | Мүлікті (зияткерлік меншік объектілерін, материалдық емес активтер құнын қоспағанда) бағалау жөніндегі қызметті жүзеге асыру құқығына біліктілік емтиханынан өткені туралы шешім | Конкурс немесе алқалы қарау рәсімі қолдануға келеді |
| 363. | Зияткерлік меншікті, материалдық емес активтер құнын бағалау жөніндегі қызметті жүзеге асыру құқығына біліктілік емтиханын өткізу | Зияткерлік меншікті, материалдық емес активтер құнын бағалау жөніндегі қызметті жүзеге асыру құқығына біліктілік емтиханынан өткені туралы шешім | Конкурс немесе алқалы қарау рәсімі қолдануға келеді |
| | | | |

| | | | |
|------|--|---|---|
| 364. | Адвокаттық қызметпен айналысуға үміткер адамдарға аттестаттау өткізу | Адвокаттық қызметпен айналысуға үміткер адамдардың аттестаттаудан өткені туралы шешім | Конкурс немесе алқалы қарау рәсімі қолдануға келеді |
| 365. | Нотариаттық қызметпен айналысу құқығына үміткер адамдарға аттестаттау өткізу | Нотариаттық қызметпен айналысу құқығына үміткер адамдардың аттестаттаудан өткені туралы шешім | Конкурс немесе алқалы қарау рәсімі қолдануға келеді |

"
,
"

| | | | |
|--------|--|--|---------------------------|
| 369-1. | Атом энергиясы пайдаланылатын объектілерде жұмыс істейтін персоналды аттестаттау | Атом энергиясы пайдаланылатын объектілерде жұмыс істейтін персоналды аттестаттау туралы куәлік | Қолданылу мерзімі – 3 жыл |
|--------|--|--|---------------------------|

"

108. "Дене шынықтыру және спорт туралы" 2014 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2014 ж., № 14, 85-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; 2015 ж., № 10, 50-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 22-I, 140-құжат; 2016 ж., № 2, 9-құжат; 2017 ж., № 10, 23-құжат; № 16, 56-құжат):

1) 7-баптың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) өз құзыреті шегінде дене шынықтыру және спорт саласында басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асырады;"

2) 56-бап алып тасталсын.

109. "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сауда қызметін реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2015 жылғы 27 қазандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2015 ж., № 19-I, 101-құжат):

1) 1-баптың 10-тармағы 8) тармақшасының жиырма төртінші, жиырма бесінші және жиырма алтыншы абзацтары мынадай редакцияда жазылсын:

"2-4. Әмбебап сауда базары сауда орындары түрлі сыныптағы тауарларды сатуды жүзеге асыруға арналған сауда базары болып табылады:

астананың, республикалық маңызы бар қаланың және халқының саны бір жүз мың адамнан асатын облыстық маңызы бар қаланың аумағында сауда базары, автодүкендерді қоспағанда, ішінде стационарлық емес сауда объектілері орналасуы мүмкін бір және одан да көп стационарлық сауда объектілерінен тұрады;

халқының саны бір жүз мың адамнан аз облыстық маңызы бар қаланың, аудандық маңызы бар қаланың, кенттің, ауылдың аумағында сауда базары стационарлық және (немесе) стационарлық емес сауда объектілерінен тұрады.";

2) 2-баптың 1-тармағының 4) тармақшасындағы және 3-тармағындағы "2020" деген цифрлар "2025" деген цифрлармен ауыстырылсын.

110. "Өзін-өзі реттеу туралы" 2015 жылғы 12 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2015 ж., № 21-І, 127-құжат):

1) 1-баптың 3) тармақшасы "қауымдастық (одақ)" деген сөздерден кейін ", қоғамдық бірлестік" деген сөздермен толықтырылсын;

2) 3-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Кәсіпкерлік немесе кәсіптік қызмет саласындағы міндетті мүшелікке (қатысуға) негізделген өзін-өзі реттеу осы Заңда айқындалатын тәртіппен Қазақстан Республикасының заңдары негізінде мемлекеттік функцияларды іске асырумен не мемлекеттік органдар орындайтын белгілі бір функцияларды беру қажеттігімен ұштасатын қызмет салаларына енгізіледі.

Кәсіпкерлік немесе кәсіптік қызмет саласына міндетті мүшелікке (қатысуға) негізделген өзін-өзі реттеу енгізілген жағдайда, ерікті мүшелікке (қатысуға) негізделген , қоғамдық бірлестік ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған өзін-өзі реттейтін ұйым үшін Қазақстан Республикасының заңдарымен өзге ұйымдық-құқықтық нысан белгіленеді.";

3) 6-баптың 3) және 4) тармақшалары алып тасталсын;

4) 9-бапта:

4-тармақ мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Хабарлама жіберілгеннен кейін екі ай ішінде өзін-өзі реттейтін ұйым реттеуші мемлекеттік органға мынадай құжаттарды ұсынады:

1) өзін-өзі реттейтін ұйымның осы Заңда көзделген мәліметтерді қамтитын жарғысы ;

2) өзін-өзі реттейтін ұйымның қағидалары мен стандарттары;

3) өзін-өзі реттейтін ұйымда өз мүшелері (қатысушылары) өндірген тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) тұтынушылар мен өзге де тұлғалар алдындағы мүліктік жауаптылықты қамтамасыз етудің бір немесе бірнеше тәсілдері бар екенін растайтын құжаттар.";

мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

"5. Өзін-өзі реттейтін ұйымдардың тізілімінен алып тастау:

1) өзін-өзі реттейтін ұйым мүшелерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының өзін-өзі реттейтін ұйымдар тізілімінен ерікті түрде алып тастау, өзін-өзі реттейтін ұйымды тарату немесе өзін-өзі реттейтін ұйымды бірігу, қосу, бөлу немесе бөліп шығару нысанында жүргізілген қайта ұйымдастыру туралы шешімдері;

2) міндетті мүшелікке (қатысуға) негізделген, бір өзін-өзі реттейтін ұйым әрекет ететін саладағы өзін-өзі реттеуді қайта қарайтын не оның күшін жоятын Қазақстан Республикасының заңын қабылдау;

3) осы баптың 4-тармағының үшінші бөлігінде көзделген құжаттардың екі ай мерзімде ұсынылмауы негізінде жүзеге асырылады.

Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, өзін-өзі реттейтін ұйымды өзге негіздер бойынша өзін-өзі реттейтін ұйымдардың тізілімінен алып тастауға жол берілмейді.";

5) 21-бап мынадай мазмұндағы 6-тармақпен толықтырылсын:

"6. Өзін-өзі реттейтін ұйымдардың құрылтайшылары мен мүшелері (қатысушылары) тең құқықтарға ие болады және бірдей міндеттерді атқарады.";

6) 25-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Өзін-өзі реттейтін ұйымның қағидаларында реттеуші мемлекеттік органға өзін-өзі реттейтін ұйымның атына оның мүшелеріне (қатысушыларына) келіп түскен шағымдар туралы ақпарат беру тәртібі көзделеді.";

7) 28-баптың 1-тармағының бірінші абзацындағы "Міндетті мүшелікке (қатысуға) негізделген өзін-өзі" деген сөздер "Өзін-өзі" деген сөздермен ауыстырылсын;

8) 29-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Өзін-өзі реттейтін ұйымдардың қызметіне мемлекеттік бақылау мен қадағалау Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес тексерулер және профилактикалық бақылау мен қадағалау жолымен жүзеге асырылады.";

9) 3-тарау мынадай мазмұндағы 29-1-баппен толықтырылсын:

"29-1-бап. Кәсіпкерлік және кәсіптік қызмет субъектілерін өзін-өзі реттеуге өтуге ынталандыру

1. Өзін-өзі реттейтін ұйымдардың стандарттары Қазақстан Республикасының стандарттау саласындағы заңнамасына сәйкес бюджет қаражаты және өзге де көздер есебінен әзірленуі мүмкін.

2. Реттеуші мемлекеттік органдар ерікті мүшелікке (қатысуға) негізделген және тиісті кәсіпкерлік және (немесе) кәсіптік қызмет түрі субъектілерінің көпшілігін біріктіретін өзін-өзі реттейтін ұйымдардың кәсіпкерлік немесе кәсіптік қызмет саласында жұмыс істеу кезінде мынадай шаралар кешенін жүзеге асырады:

1) міндетті мүшелікке (қатысуға) негізделген өзін-өзі реттеуді енгізу тұрғысынан реттеушілік әсерді талдау рәсімін Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес жүргізеді;

2) рұқсат беру немесе хабарлама жасау тәртібінің күшін жою тұрғысынан реттеушілік әсерді талдау рәсімін Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес жүргізеді.

3. Қазақстан Республикасының заңнамасында кәсіпкерлік және кәсіптік қызмет субъектілерін өзін-өзі реттеуге өтуге ынталандыру жөнінде өзге де шаралар белгіленуі мүмкін."

111. "Ақпараттандыру туралы" 2015 жылғы 24 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2015 ж.,

№ 22-V, 155-құжат; 2016 ж., № 24, 126-құжат; 2017 ж., № 20, 96-құжат; № 24, 115-құжат):

64-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"64-бап. Ақпараттандыру саласындағы мемлекеттік бақылау

Ақпараттандыру саласындағы мемлекеттік бақылау Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес тексерулер және профилактикалық бақылау нысанында жүзеге асырылады."

112. "Органикалық өнім өндіру туралы" 2015 жылғы 27 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2015 ж., № 22-VII, 160-құжат):

1) 7-баптың 2-тармағының 1) тармақшасы алып тасталсын;

2) 15-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"15-бап. Органикалық өнім өндіру саласындағы мемлекеттік бақылау

Органикалық өнім өндіру саласындағы мемлекеттік бақылау Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес тексерулер және профилактикалық бақылау нысанында жүзеге асырылады."

113. "Мемлекеттік сатып алу туралы" 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2015 ж., № 23-II, 171-құжат; 2016 ж., № 7-II, 55-құжат; № 8-II, 72-құжат; № 24, 126-құжат; 2017 ж., № 4, 7-құжат; № 9, 18-құжат; № 14, 51-құжат; № 23-III, 111-құжат; № 24, 115-құжат):

39-баптың 3-тармағының 27) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"27) мемлекеттік органның:

дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) бір жүз пайызы мемлекетке тиесілі, тиісті өкілеттіктері Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтарында белгіленген акционерлік қоғамдардан және шаруашылық серіктестіктерден;

өзі Қазақстан Республикасының мемлекеттік мүлік туралы заңнамасына сәйкес басқаруды жүзеге асыратын, тиісті өкілеттіктері Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтарында белгіленген мемлекеттік кәсіпорындардан тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуы;"

114. "Атом энергиясын пайдалану туралы" 2016 жылғы 12 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2016 ж., № 1, 1-құжат):

1) 1-баптың 7) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"7) атом энергиясын пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалау – атом энергиясын пайдалану саласындағы уәкілетті органның өз құзыреті шегінде жеке және заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасының атом энергиясын пайдалану

саласындағы заңнамасының талаптарын сақтауын қамтамасыз етуге бағытталған қызметі;";

2) 6-баптың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) атом энергиясын пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асырады;";

3) 7-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"7-бап. Атом энергиясын пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалау

1. Атом энергиясын пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалау тексеру және профилактикалық бақылау мен қадағалау нысанында жүзеге асырылады.

Қызметін ядролық қондырғылармен және ықтимал радиациялық қауіптілігі I және II санаттардағы объектілермен жүзеге асыратын субъектілерді тексеру осы Заңның 7-1-бабына сәйкес жүргізіледі.

Қызметін ядролық қондырғыларды қоспағанда, ықтимал радиациялық қауіптілігі III және IV санаттардағы объектілермен жүзеге асыратын субъектілерді тексеру Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес жүргізіледі.

Қызметін ықтимал радиациялық қауіптілігі I, II, III және IV санаттардағы объектілермен жүзеге асыратын субъектілерге бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалау Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес жүргізіледі.

Қызметін ықтимал радиациялық қауіптілігі I, II, III және IV санаттардағы объектілермен жүзеге асыратын субъектілерге бармай профилактикалық бақылау мен қадағалау Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне және осы баптың 3 – 11-тармақтарына сәйкес жүргізіледі.

2. Мемлекеттік бақылау мен қадағалау нәтижелері бойынша анықталған Қазақстан Республикасының атом энергиясын пайдалану саласындағы заңнамасының талаптарын бұзушылыққа қарай лауазымды адамдар мынадай актілер шығарады:

1) тексеру нәтижелері туралы акт – субъектінің Қазақстан Республикасының атом энергиясын пайдалану саласындағы заңнамасының талаптарына сәйкестігіне тексеру нәтижелері бойынша атом энергиясын пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асыратын лауазымды адам беретін құжат;

2) Қазақстан Республикасының атом энергиясын пайдалану саласындағы заңнамасының талаптарын бұзушылықты жою туралы нұсқама;

3) жекелеген қызмет түрлерін тоқтата тұру немесе оларға тыйым салу туралы нұсқама;

4) бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау мен қадағалау қорытындысы бойынша ұсыным.

3. Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау мен қадағалау алдын алу-профилактикалық сипатта болады.

4. Атом энергиясын пайдалану саласындағы бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау мен қадағалау:

1) Қазақстан Республикасының атом энергиясын пайдалану саласындағы заңнамасының талаптарына сәйкес жеке және заңды тұлғалар ұсынатын ақпарат пен есептілікті;

2) Қазақстан Республикасының атом энергиясын пайдалану саласындағы заңнамасын бұзушылық туралы ақпарат келіп түскен кезде өз құзыреті шегінде уәкілетті органның сұрау салуы бойынша алынған, осы заңнаманы сақтау мәселелері жөніндегі ақпаратты;

3) Қазақстан Республикасының атом энергиясын пайдалану саласындағы заңнамасын сақтау мәселелеріне қатысты үшінші тұлғалардан келіп түсетін ақпаратты талдау жолымен жүргізіледі.

5. Қызметін ықтимал радиациялық қауіптілігі I, II, III және IV санаттардағы объектілермен жүзеге асыратын субъектілер атом энергиясын пайдалану саласындағы бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау мен қадағалау жүргізу субъектілері болып табылады.

6. Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау мен қадағалау нәтижелері бойынша бақылау және қадағалау субъектісінің әрекеттерінде (әрекетсіздігінде) бұзушылықтар анықталған жағдайда, уәкілетті орган бұзушылықтар анықталған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде ұсыным ресімдейді және жібереді.

7. Төменде санамаланған тәсілдердің бірімен жіберілген ұсыным мынадай жағдайларда:

1) қолма-қол – алғаны туралы белгі қойылғаннан бастап;

2) поштамен – хабарламасы бар тапсырысты хат жіберу арқылы;

3) электрондық тәсілмен – бақылау және қадағалау субъектісі уәкілетті органға бұрын ұсынған құжаттарда көрсетілген бақылау және қадағалау субъектісінің электрондық мекенжайына уәкілетті орган жөнелту арқылы табыс етілді деп есептеледі

8. Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау мен қадағалау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы ұсынымды орындауға арналған мерзім ол табыс етілген күннен кейінгі күннен бастап кемінде он жұмыс күнін құрауға тиіс.

9. Бақылау және қадағалау субъектісі ұсынымда көрсетілген бұзушылықтармен келіспеген жағдайда, ұсынымды жіберген уәкілетті органға ұсыным табыс етілген күннен кейінгі күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қарсылық жіберуге құқылы.

10. Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау мен қадағалау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы ұсынымды белгіленген мерзімде орындамау бақылау және қадағалау субъектісін (

объектісін) ерекше тәртіп бойынша тексерулер жүргізудің жартыжылдық графигіне енгізуге алып келеді.

11. Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау мен қадағалау жүргізудің жиілігі қажеттілікке қарай, бірақ Қазақстан Республикасының атом энергиясын пайдалану саласындағы заңнамасында көзделген ақпарат пен есептілік беру кезеңділігінен жиілетпей айқындалады.";

4) 2-тарау мынадай мазмұндағы 7-1-баппен толықтырылсын:

"7-1-бап. Қызметін ядролық қондырғылармен және ықтимал радиациялық қауіптілігі I және II санаттардағы объектілермен жүзеге асыратын субъектілерді тексеруді жүзеге асыру тәртібі

1. Қызметін ядролық қондырғылармен және ықтимал радиациялық қауіптілігі I және II санаттардағы объектілермен жүзеге асыратын субъектілерді (бұдан әрі – қадағалау субъектілері) тексеруді уәкілетті орган кезеңділік негізінде, бірақ тоқсанына бір реттен жиілетпей және жоспардан тыс жүргізеді.

Адамның өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға, жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің заңды мүдделеріне төнетін тікелей қатердің алдын алу және (немесе) оны жою мақсатында уәкілетті орган қадағалау субъектісіне қатысты тағайындайтын тексеру кезеңділік негізіндегі тексеру болып табылады.

Адамның өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға, жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің заңды мүдделеріне төнетін тікелей қатердің алдын алу және (немесе) оны жою мақсатында нақты қадағалау субъектісіне қатысты тексеру тағайындауға негіз болған нақты фактілер мен мән-жайлар бойынша уәкілетті орган тағайындайтын тексеру жоспардан тыс тексеру болып табылады.

2. Мыналар жоспардан тыс тексерудің негіздері болып табылады:

1) ядролық қондырғы жүйелеріндегі, жабдықтарындағы, құжаттамасындағы ядролық, радиациялық немесе ядролық физикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қатысты өзгерістер туралы ақпарат;

2) ядролық, радиациялық және ядролық физикалық қауіпсіздікпен байланысты авариялар мен оқыс оқиғалар туралы ақпарат;

3) Қазақстан Республикасының атом энергиясын пайдалану саласындағы заңнамасын бұзу мәселелері бойынша жеке және заңды тұлғалардың өтініштері.

3. Тексеруді тағайындау туралы акт негізінде тексеру жүргізіледі, онда мыналар көрсетіледі:

1) актінің нөмірі мен күні;

2) уәкілетті органның атауы;

3) тексеру жүргізуге уәкілеттік берілген адамның тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса) және лауазымы;

4) тексеру жүргізу үшін тартылатын мамандар, консультанттар және сарапшылар туралы мәліметтер;

5) қадағалау субъектісінің атауы, оның өкілінің тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса), оның орналасқан жері, сәйкестендіру нөмірі және қадағалау объектісі;

6) тексеру нысанасы;

7) тексеру жүргізу мерзімі;

8) тексеру жүргізу негіздері;

9) актіге қол қоюға уәкілеттік берілген адамның қолтаңбасы және уәкілетті органның мөрі;

10) қадағалау субъектісі басшысының не оның уәкілетті адамының тексеруді тағайындау туралы актіні алғаны немесе алудан бас тартқаны туралы қолтаңбасы.

4. Тексеру қадағалау субъектісін алдын ала хабардар етпестен, бірақ тексеруді тағайындау туралы актіні құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы уәкілетті органда міндетті түрде тіркей отырып жүргізіледі.

5. Уәкілетті органның лауазымды адамдарының тексеру жүргізу кезінде:

1) осы баптың 6-тармағында көрсетілген құжаттарды көрсеткен кезде қадағалау субъектісінің аумағына және үй-жайына кедергісіз кіруге;

2) қағаз және электрондық жеткізгіштерде құжаттарды (мәліметтерді) не олардың көшірмелерін тексеру нәтижелері туралы актіге қосып тіркеу үшін алуға, сондай-ақ тексерудің міндеттері мен нысанасына сәйкес автоматтандырылған дерекқорға (ақпараттық жүйелерге) қолжетімділік алуға;

3) мемлекеттік органдардың және ведомстволық бағынысты ұйымдардың мамандарын, консультанттарын және сарапшыларын тартуға құқығы бар.

6. Лауазымды адамдар тексеру кезінде қызметтік куәлігін және тексеруді тағайындау туралы актіні көрсетуге міндетті.

7. Тексеруді тағайындау туралы акт қадағалау субъектісіне табыс етілген кез тексеру жүргізудің басталғаны деп есептеледі.

8. Тексеру жүргізу мерзімі алдағы жұмыстардың көлемі, сондай-ақ қойылған міндеттер ескеріле отырып белгіленеді және он бес жұмыс күнінен аспауға тиіс.

9. Тексеру жүргізу мерзімін уәкілетті органның басшысы (не оны алмастыратын адам):

1) Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары шеңберінде шетелдік мемлекеттік органдардан ақпарат алу;

2) күрделі және (немесе) ұзаққа созылатын сараптамалар (талдаулар, сынақтар) жүргізу;

3) өзіне қатысты тексеру жүргізілетін тұлғаның тұрған жерін анықтау қажет болған жағдайларда ғана осы баптың 8-тармағында айқындалған мерзімдерге бір рет қана ұзарта алады.

Тексеру жүргізу мерзімдерін ұзарту қадағалау субъектісін хабардар етіп және құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы уәкілетті органда тіркете

отырып, тексеруді ұзарту туралы қосымша актімен ресімделеді, онда тексеруді тағайындау туралы алдыңғы актінің тіркеу нөмірі мен күні және ұзарту себебі көрсетіледі.

10. Тексеруді тағайындау туралы актіні қабылдаудан бас тартылған немесе тексеруді жүзеге асыратын лауазымды адамдардың тексеру жүргізу үшін қажет субъектілерге (объектілерге) және (немесе) материалдарға қол жеткізуіне кедергі келтірілген жағдайларда хаттама жасалады, оған тексеруді жүзеге асырған лауазымды адамдар және қадағалау субъектісі не оның уәкілетті өкілі қол қояды.

11. Қадағалау субъектісі бас тарту себебі туралы жазбаша түсініктеме бере отырып, хаттамаға қол қоюдан бас тартуға құқылы. Тексеруді тағайындау туралы актіні алудан бас тарту тексеруді жүргізбеу үшін негіз болып табылмайды.

12. Тексеруді жүзеге асыратын лауазымды адамдар тексеру нәтижелері бойынша екі данада тексеру нәтижелері туралы акт жасайды.

Тексеру нәтижелері туралы актіде:

- 1) актінің нөмірі, жасалған күні, уақыты мен орны;
- 2) уәкілетті органның атауы;
- 3) тексеру жүргізуге негіз болған тексеруді тағайындау туралы актінің күні мен нөмірі;
- 4) тексеру жүргізген адамдардың тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса) және лауазымы;
- 5) тексеру жүргізу үшін тартылатын мамандар, консультанттар және сарапшылар туралы мәліметтер;
- 6) қадағалау субъектісінің атауы, оның өкілінің тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса), оның орналасқан жері, сәйкестендіру нөмірі және қадағалау объектісі;
- 7) тексеру жүргізілген күн, орын және кезең;
- 8) тексеру нәтижелері туралы, оның ішінде анықталған бұзушылықтар туралы мәліметтер;
- 9) қадағалау субъектісінің, сондай-ақ тексеру жүргізу кезінде қатысқан адамдардың тексеру нәтижелері туралы актімен танысуы немесе танысудан бас тартуы туралы мәліметтер, олардың қолтаңбалары немесе қол қоюдан бас тартуы туралы жазба;
- 10) тексеру жүргізген лауазымды адамның қолтаңбасы көрсетіледі.

13. Қадағалау субъектісі тексеру нәтижелеріне жоғары тұрған лауазымды адамға немесе сотқа Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен шағым жасауға құқылы.

14. Тексеру нәтижелері туралы актіге жүргізілген зерттеулердің (сынақтардың), сараптамалардың қорытындылары және тексеру нәтижелерімен байланысты басқа да құжаттар немесе олардың көшірмелері (олар болған кезде) қоса беріледі.

15. Тексеру нәтижелері бойынша ескертулер және (немесе) қарсылықтар болған жағдайда, қадағалау субъектісі оларды жазбаша түрде баяндайды.

Ескертулер және (немесе) қарсылықтар тексеру нәтижелері туралы актіге қоса тіркелуі мүмкін, бұл жөнінде тиісті белгі жасалады.

Қадағалау субъектісінде түпнұсқа түрінде болатын құжаттардың көшірмелерін қоспағанда, қосымшалардың көшірмелерімен бірге тексеру нәтижелері туралы актінің бір данасы танысу және анықталған бұзушылықтарды жою жөнінде шаралар қабылдау және басқа да әрекеттер үшін қадағалау субъектісіне не оның уәкілетті өкіліне табыс етіледі.

16. Тексеруді тағайындау туралы актіде көрсетілген тексеруді аяқтау мерзімінен кешіктірілмей тексеру нәтижелері туралы акт қадағалау субъектісіне табыс етілген күн тексеру мерзімінің аяқталуы деп есептеледі.

17. Тексеру нәтижелері туралы акт мынадай тәсілдермен:

- 1) қолма-қол – алғаны туралы белгі қойылғаннан бастап;
- 2) поштамен – хабарламасы бар тапсырысты хат жіберу арқылы табыс етіледі.

18. Тексеру жүргізілген кезде Қазақстан Республикасының атом энергиясын пайдалану саласындағы заңнамасының талаптарын бұзушылықтар болмаған жағдайда, тексеру нәтижелері туралы актіге тиісті жазба жасалады.

19. Тексеру қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасының атом энергиясын пайдалану саласындағы заңнамасының талаптарын бұзушылықтар анықталған жағдайда, лауазымды адамдар анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқама береді, сондай-ақ қадағалау субъектісінің жекелеген қызмет түрлерін тоқтата тұру немесе оларға тыйым салу түрінде жедел ден қою шараларын қабылдайды.

20. Анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқамада мыналар көрсетіледі:

1) нөмірі мен күні;

2) тексеру жүргізген адамдардың тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса) және лауазымы;

3) қадағалау субъектісінің атауы, оның өкілінің тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса), оның орналасқан жері, сәйкестендіру нөмірі және қадағалау объектісі;

4) тексеру нәтижелері туралы актінің нөмірі мен күні;

5) анықталған бұзушылықтар және оларды жою туралы талап;

6) нұсқаманы орындау мерзімдері;

7) шағым жасау тәртібі.

21. Адамдардың өмірі мен денсаулығына қатер төндіретін айрықша жағдайларда лауазымды адамның қадағалау субъектісінің жекелеген қызмет түрлерін соттың шешімінсіз үш тәуліктен аспайтын мерзімге тоқтата тұруға немесе оларға тыйым салуға құқығы бар. Көрсетілген мерзімде уәкілетті орган (лауазымды адам) әкімшілік құқық бұзушылық туралы материалдарды сотқа жіберуге міндетті.

Қадағалау субъектісінің жекелеген қызмет түрлерін тоқтата тұру немесе оларға тыйым салу туралы нұсқама сот қаулысы шығарылғанға дейін қолданылады.

22. Қадағалау субъектісінің жекелеген қызмет түрлерін тоқтата тұру немесе оларға тыйым салу туралы нұсқамада мыналар көрсетіледі:

1) нөмірі, жасалу күні мен орны;

2) осы нұсқаманы берген адамдардың тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса) және лауазымы;

3) қадағалау субъектісінің атауы, оның өкілінің тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса), оның орналасқан жері, сәйкестендіру нөмірі және қадағалау объектісі;

4) тексеру нәтижелері туралы актінің нөмірі мен күні;

5) осы шараны қолдану негізі;

6) қызметті жүзеге асыруы уақытша тоқтата тұруға немесе оған тыйым салуға жататын объект;

7) қызметтің іс жүзінде тоқтатыла тұру уақыты;

8) тұлғаның түсініктемелері;

9) істі дұрыс шешу үшін қажет өзге де деректер.

23. Анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқама және қадағалау субъектісінің жекелеген қызмет түрлерін тоқтата тұру немесе оларға тыйым салу туралы нұсқама қадағалау субъектісіне немесе оның өкіліне осы баптың 17-тармағында көрсетілген тәсілдердің бірімен табыс етіледі.

24. Нұсқамалар қадағалау субъектілерінің орындауы үшін міндетті болып табылады

25. Лауазымды адамдар беретін нұсқамаларға жоғары тұрған лауазымды адамға немесе сотқа Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен шағым жасалуы мүмкін."

115. "Бағалы металдар мен асыл тастар туралы" 2016 жылғы 14 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2016 ж., № 1, 3-құжат):

1) 6-бапта:

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Осы баптың 1-тармағының 4) тармақшасында көзделген мемлекеттік бақылау Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес тексеру және бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау және Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне және осы Заңға сәйкес бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нысанында жүзеге асырылады.";

мынадай мазмұндағы 5-1, 5-2, 5-3, 5-4, 5-5, 5-6, 5-7, 5-8 және 5-9-тармақтармен толықтырылсын:

"5-1. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылаудың мақсаттары бұзушылықтардың дер кезінде жолын кесу және оларға жол бермеу, зергерлік және басқа да бұйымдарды өндірушіге және (немесе) өткізушіге уәкілетті орган субъектіге (объектіге) бармай профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша анықтаған бұзушылықтарды өз бетінше жою құқығын беру, және зергерлік және басқа да бұйымдарды өндірушіге және (немесе) өткізушіге әкімшілік жүктемені азайту болып табылады.

5-2. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау уәкілетті органда бар деректерді:

- 1) уәкілетті органдардан алынған мәліметтерді;
- 2) өзге де уәкілетті мемлекеттік органдардың мәліметтерін;

3) зергерлік және басқа да бұйымдарды өндірушінің және (немесе) өткізушінің қызметі бойынша түрлі ақпарат көздерінен алынған мәліметтерді өзара салыстыру жолымен жүргізіледі.

5-3. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылауды уәкілетті орган тоқсан сайын есепті кезеңнен кейінгі айдың 25-күнінен кешіктірмей жүзеге асырады.

5-4. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша зергерлік және басқа да бұйымдарды өндірушінің және (немесе) өткізушінің әрекеттерінде (әрекетсіздігінде) бұзушылықтар анықталған жағдайда, уәкілетті орган бұзушылықтар анықталған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде анықталған бұзушылықтардың сипаттамасын қоса тіркей отырып, хабарлама ресімдейді және жібереді.

5-5. Хабарлама зергерлік және басқа да бұйымдарды өндірушіге және (немесе) өткізушіге қол қойғызып, жеке өзіне немесе жөнелту және алу фактілерін растайтын өзге тәсілмен табыс етілуге тиіс.

Бұл ретте төменде санамаланған тәсілдердің бірімен жіберілген хабарлама зергерлік және басқа да бұйымдарды өндірушіге және (немесе) өткізушіге мынадай жағдайларда:

1) қолма-қол – зергерлік және басқа да бұйымдарды өндіруші және (немесе) өткізуші хабарламаға алғаны туралы белгі қойған күннен бастап;

2) электрондық тәсілмен – зергерлік және басқа да бұйымды өндірушінің атаулы таңбасын уәкілетті ұйымда тіркеу кезінде өтініште көрсетілген зергерлік және басқа да бұйымдарды өндірушінің және (немесе) өткізушінің электрондық мекенжайына уәкілетті орган жөнелткен күннен бастап;

3) поштамен – тапсырысты хатпен табыс етілді деп есептеледі.

5-6. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаны зергерлік

және басқа да бұйымдарды өндіруші және (немесе) өткізуші, сұрау салудың өзінде орындаудың неғұрлым ұзақ мерзімі көрсетілген жағдайларды қоспағанда, ол табыс етілген (алынған) күннен кейінгі күннен бастап он жұмыс күні ішінде орындауға тиіс.

5-7. Зергерлік және басқа да бұйымдарды өндіруші және (немесе) өткізуші хабарламада көрсетілген бұзушылықтармен келіспеген жағдайда, хабарламаны жіберген уәкілетті органға хабарлама табыс етілген (алынған) күннен кейінгі күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қарсылық жіберуге құқылы.

5-8. Уәкілетті орган зергерлік және басқа да бұйымдарды өндіруші және (немесе) өткізуші ұсынған хабарламаның орындалуы туралы есепке талдау жүргізеді және уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды растау және (немесе) растамау туралы қорытынды жасайды.

Осы тармақта көрсетілген қорытынды зергерлік және басқа да бұйымдарды өндіруші және (немесе) өткізуші хабарламаның орындалуы туралы есепті ұсынған күннен кейінгі күннен бастап бес жұмыс күні ішінде жасалады.

5-9. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаны белгіленген мерзімде орындамау зергерлік және басқа да бұйымдарды өндірушіге және (немесе) өткізушіге қатысты бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды тағайындауға алып келеді.";

2) 13-баптың 2 және 3-тармақтары алып тасталсын.

116. "Құқықтық актілер туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2016 ж., № 7-І, 46-құжат; 2017 ж., № 14, 51-құжат; № 16, 56-құжат):

1) 1-баптың 26) тармақшасы алып тасталсын;

2) 18-баптың 2-тармағының төртінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің мүдделерін қозғайтын заң жобасының тұжырымдамасы осы Заңның 19-бабында көзделген тәртіппен сараптама қорытындысын алу үшін заң жобасының тұжырымдамасына сәйкес келетін, әзірлеуші мемлекеттік органның жанынан Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексiне сәйкес құрылған сараптама кеңесiне және Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасына жіберiлуге тиіс.";

3) 19-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"19-бап. Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің мүдделерін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу және қабылдау ерекшеліктері

1. Әзірлеуші органдар кәсіпкерлік субъектілерінің мүдделерін қозғайтын нормативтік құқықтық актінің тиісті жобасын сараптама қорытындыларын алу үшін, оның ішінде осы жобаны мүдделі мемлекеттік органдармен әрбір келесі келісу кезінде ашық нормативтік құқықтық актілер интернет-порталында орналастырғаны туралы

хабарламаны сараптама кеңестеріне және Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасына жібереді.

Сараптама кеңестерінің мүшелері және Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы сараптама қорытындысын белгіленген мерзімде ұсынбаған жағдайда, нормативтік құқықтық актінің жобасы ескертусіз келісілді деп есептеледі.

Бұл ретте тиісті жобаларды келісу кезінде мемлекеттік органдарға әзірлеуші мемлекеттік органдардан тиісті мемлекеттік орган айқындаған, бірақ сараптама кеңесінің мүшесі және Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы хабарламаларды алған күннен бастап он жұмыс күнінен аз емес мерзімдерде сараптама қорытындысын ұсынбаған сараптама кеңестерінің мүшелерінен және Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасынан сараптама қорытындыларын алуды талап етуге тыйым салынады.

2. Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің мүдделерін қозғайтын нормативтік құқықтық актілердің жобаларына қатысты Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінде белгіленген жағдайларда және тәртіппен реттеушілік әсерге талдау жүргізіледі.

3. Сараптама қорытындылары сараптама кеңесі мүшесінің немесе Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасының жазбаша ұстанымын білдіреді, ұсынымдық сипатта болады және заң жобасының тұжырымдамасына, нормативтік құқықтық актінің жобасына ол қабылданғанға дейін, оның ішінде осы жобаны мүдделі мемлекеттік органдармен әрбір келесі келісу кезінде міндетті қосымшалар болып табылады.

Сараптама қорытындылары қазақ және орыс тілдерінде ұсынылады.

4. Әзірлеуші органдар сараптама қорытындыларын қарауды Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес жүзеге асырады.

5. Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің мүдделерін қозғайтын нормативтік құқықтық актіні қолданысқа енгізу мерзімдері Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленетін талаптарға сәйкес қызметін жүзеге асыруға дайындалу үшін жеке кәсіпкерлік субъектілеріне қажетті мерзімдер негізге алынып белгіленуге тиіс.

Нормативтік құқықтық актілерді қолданысқа енгізу тәртібі мен мерзімдері жеке кәсіпкерлік субъектілеріне нұқсан келтірмеуге тиіс.

6. Осы бапта көзделген рәсімдер жеке кәсіпкерлік субъектілерінің мүдделерін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерді қабылдаудың міндетті шарттары болып табылады.

7. Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің мүдделерін қозғайтын нормативтік құқықтық актілердің жобалары оларды сараптама кеңесі және Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы қарағанға дейін, интернет-ресурстарда орналастыруды қоса алғанда, бұқаралық ақпарат құралдарында міндетті түрде жариялануға (таратылуға) жатады.";

4) 29-баптың 2-тармағының бірінші бөлігінде:

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"4) осы Заңның 30-бабына сәйкес ғылыми сараптама қорытындысы және олар болған кезде сараптама кеңесінің мүшелері мен Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасының өзге де сараптама қорытындылары;"

мынадай мазмұндағы б) тармақшамен толықтырылсын:

"б) жеке кәсіпкерлік субъектілерінің мүдделерін қозғайтын нормативтік құқықтық актілердің жобаларына қатысты Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінде көзделген жағдайларда реттеушілік әсерді талдау.";

5) 37-баптың 4-тармағы алып тасталсын;

б) 44-баптың 3-тармағы бірінші бөлігінің б) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"б) жеке кәсіпкерлік субъектілерінің мүдделерін қозғаса және Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінде белгіленген тиісті мемлекеттік органның сараптама кеңесімен және Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен келісу рәсімі сақталмай қабылданса;"

117. "Халықты жұмыспен қамту туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2016 ж., № 7-І, 48-құжат; 2017 ж., № 13, 45-құжат; № 22-ІІІ, 109-құжат; 2018 жылғы 18 сәуірде "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне халықтың жұмыспен қамтылуы және көші-қон мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2018 жылғы 16 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 1-баптың 35) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"35) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтерді, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға арналған техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерді және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтерін көрсету, "бір терезе" қағидаты бойынша мемлекеттік қызметтерді, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға арналған техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерді, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтерін көрсетуге өтініштер қабылдау және көрсетілетін қызметті алушыға олардың нәтижелерін беру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру, сондай-ақ электрондық нысанда мемлекеттік қызметтер көрсетуді қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған, орналасқан жері бойынша жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын заңды тұлға;"

2) 8-тараудың тақырыбы "саласындағы" деген сөзден кейін "Қазақстан Республикасының халықты жұмыспен қамту туралы заңнамасының сақталуын" деген сөздермен толықтырылсын;

3) 36-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"36-бап. Қазақстан Республикасының халықты жұмыспен қамту туралы заңнамасының сақталуын мемлекеттік бақылау

Қазақстан Республикасының халықты жұмыспен қамту туралы заңнамасының сақталуын мемлекеттік бақылауды халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті орган және жергілікті атқарушы органдар Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес тексеру және профилактикалық бақылау нысанында жүзеге асырады."

118. "Пошта туралы" 2016 жылғы 9 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2016 ж., № 8-І, 64-құжат; № 24, 124, 126-құжаттар; 2017 ж., № 24, 115-құжат):

23-баптың 2-тармағы 3) тармақшасының алтыншы абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды, оның ішінде бағалы металдарды, асыл тастарды және олардан жасалған бұйымдарды инкассациялауды;"

119. "Төлемдер және төлем жүйелері туралы" 2016 жылғы 26 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2016 ж., № 12, 86-құжат; № 23, 119-құжат; 2017 ж., № 12, 36-құжат; № 13, 45-құжат; № 14, 53-құжат; № 21, 98-құжат; № 22-ІІІ, 109-құжат):

1) 42-баптың 5-тармағының үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Электрондық ақшаның иесін сәйкестендіруді электрондық ақша эмитенті электрондық ақша иесінің өзі қатысқан және жеке басын куәландыратын құжатын көрсеткен кезде не банкаралық ақша аударымдары жүйесінің операциялық орталығынан қолжетімді дереккөздерден алынған мәліметтер негізінде қашықтан сәйкестендіру арқылы, сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына қайшы келмейтін өзге де тәсілмен жүргізеді.";

2) 45-баптың 1-тармағы екінші бөлігінің 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) бастамашының қолтаңбасы және Қазақстан Республикасының жеке кәсіпкерлік субъектілерін және заңды тұлғалар шыққан елдің заңнамасына сәйкес мөрі жоқ бейрезидент – заңды тұлғаларын қоспағанда, мөрінің бедері қамтылуға тиіс."

120. "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы" 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2017 ж., № 22-ІІІ, 108-құжат):

1) 2-баптың 6) тармақшасындағы "553-бабы 3-тармағы кестесінің 2-бағаны 14-жолының үшінші және алтыншы абзацтары," деген сөздер алып тасталсын;

2) 37-баптың он төртінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) жүктерді халықаралық тасымалдау қызметтері бойынша қосылған құн салығын төлеушілер.";

3) мынадай мазмұндағы 43-1 және 43-2-баптармен толықтырылсын:

"43-1-бап. Салық кодексінің 510-бабы 1-тармағы үшінші бөлігінің қолданысы 2018 жылғы 1 маусымға дейін тоқтатыла тұрсын, тоқтатыла тұру кезеңінде осы бөлік мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін:

"Жер салығының мөлшерлемелерін төмендету немесе жоғарылату туралы мұндай шешімді жергілікті өкілді орган 1 маусымнан кешіктірмей қабылдайды және ол қабылданған жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі."

43-2-бап. Салық кодексінің 529-бабы 6-тармағы бірінші бөлігінің қолданысы 2018 жылға 1 маусымға дейін тоқтатыла тұрсын, тоқтатыла тұру кезеңінде осы бөлік мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін:

"6. Салық салу объектісінің елді мекенде орналасқан жерін ескеретін аймаққа бөлу коэффициентін (К айм.) аймаққа бөлу коэффициентін есептеу әдістемесіне сәйкес жергілікті атқарушы органдар 1 маусымнан кешіктірілмейтін мерзімде бекітеді және ол бекітілген жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі."

121. "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жер қойнауын пайдалану мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2017 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2017 ж., № 23-V, 113-құжат):

1-бапта:

5-тармақта:

9) тармақшаның үшінші абзацында:

"344," деген цифрлар алып тасталсын;

", 392 (бірінші және екінші бөліктерінде), 393, 394, 395 (бірінші бөлігінде), 396 (бірінші бөлігінде)" деген сөздер алып тасталсын;

13) тармақшаның екінші абзацындағы "374, 377, 379, 391, 392 (бірінші бөлігінде), 393 (бірінші бөлігінде), 394, 395 (бірінші бөлігінде), 396 (бірінші бөлігінде)," деген сөздер "377 (бірінші бөлігінде)," деген сөздермен ауыстырылсын;

6-тармақтың 2), 4) және 5) тармақшалары алып тасталсын;

16-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) 1-қосымшаның тақырыбы мен 8-жолы мынадай редакцияда жазылсын:

"

| Көмірсутектер саласындағы қызметті лицензиялау | |
|--|---|
| | 1. Мұнайды, газды, мұнай-газ конденсатын өндіру. 2. Көмірсутектер кен орындарында технологиялық жұмыстарды жүргізу (|

8.

Көмірсутектер саласындағы тау-кен өндірістерін (көмірсутек-тер), мұнай-химия өндірістерін жобалауға (технология-лық) және (немесе) пайдалануға, магистральдық газ құбырларын, мұнай құбырларын, мұнай өнімдері құбырларын пайдалануға арналған лицензия

кәсіпшілік зерттеулер; сейсмикалық барлау жұмыстары; геофизикалық жұмыстар)

3. Мұнай; газ; газ конденсаты; қысыммен айдау ұңғымаларындағы атқылау-жару жұмыстары.

4. Құрлықтағы; теңіздегі; ішкі су айдындарындағы көмірсутектер кен орындарында ұңғымаларды бұрғылау.

5. Кен орындарында ұңғымаларды жерасты (жөндеу (ағымдағы; күрделі).

6. Көмірсутектер кен орындарында ұңғымаларды цементтеу; сынау; игеру; сынамалау.

7. Көмірсутектер кен орындарында ұңғымаларды консервациялау; жою.

8. Мұнай қабаттарының мұнай беруін арттыру және ұңғымалардың өнімділігін ұлғайту.

9. Құрлықтағы; теңіздегі көмірсутектер кен орындарында төгілуді болғызбау және жою жөніндегі жұмыстар.

10. Мұнай-химия өндірістерін пайдалану.

11. Көмірсутектер кен орындарына арналған жобалау құжаттарын; технологиялық регламенттерді; жобалардың техникалық-экономикалық негіздемесін жасау.

12. Магистральдық газ құбырларын, мұнай құбырларын, мұнай өнімдері құбырларын пайдалану.

Еліктен шығарылмайтын; 1-сынып

122. "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ақпарат және коммуникациялар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2017 жылғы 28 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2017 ж., № 24, 115-құжат):

1) 1-баптың 14-тармағы 3) тармақшасының он төртінші және он бесінші абзацтары алып тасталсын;

2) 2-баптың екінші абзацындағы "3) тармақшасының он төртінші және он бесінші абзацтарын," деген сөздер алып тасталсын.

123. "Қазақстан Республикасындағы бағалау қызметі туралы" 2018 жылғы 10 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2018 ж., № 1, 3-құжат):

29-бапта:

тақырыптағы "бақылау" деген сөз "мемлекеттік бақылау" деген сөздермен ауыстырылсын;

1-тармақтағы "бақылауды" деген сөз "мемлекеттік бақылауды" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақта:

бірінші бөлікте:

"бақылау" деген сөз "мемлекеттік бақылау" деген сөздермен ауыстырылсын;

"тексерулер және бақылаудың өзге нысандарын" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес тексерулер және профилактикалық бақылау" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөлік алып тасталсын.

2-бап.

1. Осы Заң:

1) 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 13-тармағының 9), 10), 11), 15), 16), 17), 18) және 22) тармақшаларын, 120-тармағын;

2) 2018 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 13-тармағының 19) және 20) тармақшаларын;

3) "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі және "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жер қойнауын пайдалану мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2017 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы қолданысқа енгізілген күннен бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 14 және 121-тармақтарын;

4) "Қазақстан Республикасындағы бағалау қызметі туралы" 2018 жылғы 10 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы қолданысқа енгізілген күннен бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 123-тармағын;

5) алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізілетін 1-баптың 10-тармағы 1) тармақшасының төртінші – сегізінші абзацтарын, 7) тармақшасының оныншы абзацын, 26) тармақшасын;

6) 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 10-тармағы 1) тармақшасының жиырма сегізінші абзацын, 10) тармақшасының бесінші абзацын, 15) тармақшасының бесінші абзацын, 50) тармақшасын және 13-тармағының 14) тармақшасын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

2. Мыналар:

1) осы Заңның 1-бабының 87-тармағы "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі қолданысқа енгізілген кезге дейін қолданылады;

2) осы Заңның 1-бабының 36-тармағы "Қазақстан Республикасындағы бағалау қызметі туралы" 2018 жылғы 10 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы қолданысқа енгізілген кезге дейін қолданылады деп белгіленсін.

3. Осы Заңның 1-бабы 97-тармағы 4) тармақшасының төртінші – тоғызыншы абзацтарының қолданысы 2020 жылғы 1 қаңтарға дейін тоқтатыла тұрсын, тоқтатыла тұру кезеңінде осы абзацтар мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін:

"2. Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі лауазымы бойынша Қордың директорлар кеңесінің төрағасы болып табылады.

Қордың директорлар кеңесінің құрамы мынадай адамдар қатарынан қалыптастырылады:

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі – Қордың жалғыз акционерінің өкілі;

мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органның бірінші басшысы;

Қазақстан Республикасы Президентінің көмекшісі;

төрт тәуелсіз директор;

Қордың басқарма төрағасы."

4. Осы Заң қолданысқа енгізілген күннен бастап алты ай ішінде мемлекеттік органдар осы Заңның 1-бабы 10-тармағы 39) тармақшасының он сегізінші, жиырма тоғызыншы және елуінші абзацтарында, 41) тармақшасында көрсетілген тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын, тексеру парақтарын әзірлеуге және бекітуге міндетті.

Мемлекеттік бақылау мен қадағалау органдарының осы Заң қолданысқа енгізілгенге дейін реттеуші мемлекеттік органдар бекіткен ішінара тексерулері тексеру аяқталғанға дейін жүргізілуі мүмкін.

Тексерілетін субъектілерге қатысты жоспардан тыс тексерулер осы тармақтың талаптары орындалғанға дейін жүргізілуі мүмкін.

5. Осы Заңның 1-бабы 10-тармағы 6) тармақшасы бірінші – он тоғызыншы абзацтарының нормалары осы Заң қолданысқа енгізілгенге дейін Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 63-бабына сәйкес берілген орталық мемлекеттік және (немесе) жергілікті атқарушы органдарда аккредиттелгені туралы қолданыстағы куәліктері бар жеке кәсіпкерлік субъектілерінің бірлестіктеріне қолданылады деп белгіленсін.

6. Осы Заң қолданысқа енгізілген күннен бастап 2020 жылғы 1 қаңтарға дейін "Сауда қызметін реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 2-3-тармағының қолданысы тоқтатыла тұрсын.

*Қазақстан Республикасының
Президенті*

Н. НАЗАРБАЕВ

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК